

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ



**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
АССАМБЛЕЯСЫ**



**АССАМБЛЕЯ НАРОДОВ
КАЗАХСТАНА**



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
АССАМБЛЕЯСЫ**

10 жыл
лет

**АССАМБЛЕЯ НАРОДОВ
КАЗАХСТАНА**

“Елорда”
Астана — 2005

ББК 66.3 (5 Қаз)
Н 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

НАЗАРБАЕВ Н.Ә. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы (қазақ және орыс тілдерінде).

Н 17 — Астана: Елорда, 2005. — 440 бет.

НАЗАРБАЕВ Н.А. Сборник докладов на 1-10 сессиях Ассамблеи народов Казахстана. (на казахском и русском языках).

— Астана: Елорда, 2005. — 440 стр.

ISBN 9965-06-225-0

Дайындаған: Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халықтары Ассамблеясы Хатшылығы.

Подготовлено: Секретариатом Ассамблеи народов Казахстана Администрации Президента Казахстана.

Н $\frac{0803010200-341}{450(05)-05}$

ББК 66.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-225-0

© Назарбаев Н., 2005
© “Елорда”, 2005

ОРТАҚ ҮЙІМІЗДЕ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ БОЛСЫН

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының бірінші сессиясындағы баяндамасы

1995 жылғы 24 наурыз

Ассамблеяның құрметті делегаттары!

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің тандаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғышына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта қалпына келуіне қол жеткізді.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының басқа да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларға жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр — балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекетімізді нығайту және өркениетті

дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек.

Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, болашаққа көз жүгіртуді, басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүруді, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын құрметтеуді білдіреді. Қазақтар “Береке басы — бірлікте” деп тегін айтпаса керек.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының делегаттарына, ал оларға 120 ұлттың мүдделерін білдіру жүктеліп отыр, әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жауапкершілік жүктеліп отыр.

Ассамблеяны құру бастамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туындап отыр. Соған сәйкес республикада үлкен дайындық жұмысы жүргізілді. Облыстарда кіші ассамблеялар құрылды, оған ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірінші сессиясы өткен жолға және болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылды. Бұл үшін республиканың барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кең сұхбат жасап, кеңесу қажет. Қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайту, келесі Парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізу, қоғамды реформалауды қалай тездету керек екені жөніндегі сұрақтарға жауап беру біздің алдымызда тұр. Халық бұл туралы күмәнді көздерден емес, мемлекеттік саясатты таңдап жасаумен және жүзеге асырумен тікелей айналысатын ең білікті көздерден, бүгінгі таңда сіздермен бірге жұмыс істеп отырған өкіметтен білуге тиіс.

Біз қазірдің өзінде жолдың екі қиын кезеңінен өтіп, дағдарысты жағдайды өзгертудің алдында, өрлеудің қарсаңында тұрмыз деп айта аламыз. Алайда, өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың бір-бірімен өзара байланысты және бір-бірінен туындап жататыны соншалықты өзіміздің тарихи

тәжірибемізді және басқа мемлекеттердің тәжірибесін ой елегінен өткізбейінше нақты оң өзгерістерге қол жеткізу өте қиын.

Қазіргі әлемнің этникалық проблемалары

Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы. Көбіне бұл процесс ғаламдық сипатқа ие болады. Тек XX ғасырдың өзінде ғана кем дегенде осындай маңызды оқиғалар үш рет болып өтті: ең алдымен бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Мұнда бірқатар империялардың күйреуінің нәтижесінде егемен мемлекеттер — Австрия, Чехословакия, Югославия, Венгрия, Польша, Финляндия және басқалары құрылды. Жаңа мемлекеттердің пайда болуының екінші толқыны ұлт-азаттық қозғалыспен және колониализмге қарсы күреспен байланысты. Сол кезеңде, 50-60-шы жылдардың шегінде кейбір бұрынғы колониялар сол кездегі шекараларды қайта қарауды талап етіп, күштеу тәсілдерін қолдануға әзір екені туралы ашық жариялады. Сөйтіп, Сомали мен Эфиопияның, Гана мен Тоганың, Үндістан мен Пәкістанның, Марокко мен Алжирдің және басқалардың арасында территориялық таластар пайда болды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін және 90-шы жылдарға дейінгі кезеңде елуден астам территориялық жанжалдар болып өтті, сөйтіп 15 миллион адам соның құрбанына айналды.

Көптеген елдерге тән этникалық сан алуандылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақыт пен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті.

Тәуелсіз мемлекеттердің шекаралары мен территориялық біртұтастығының мызғымастығы жөніндегі тұжырым біртіндеп белең ала бастады. Мұның өзі территориялық ста-

тус — қвоны, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, сақтау қантөгісті жанжалдардан гөрі жақсы екендігінен туындап отыр. Осы тәсілдің орнығуына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуге кірісу үшін мүмкіндік алып, алғашқы табыстарға қол жеткізді. Өткен кезеңде өздерінің өзара талаптарын жеңе алмаған басқа елдер осындай жанжалдарда күш-қуатын кемітіп, ұлттық ресурстарын азайтуда және сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтып отыр. Міне, сондықтан, егемендіктің сабақтастығы принципіне, яғни шекараларды сол күйінде қабылдау және оларды күштеп қайта бөлуден бас тарту принципіне ешқашан балама жоқ.

Қазір әлем социалистік системаның күйреуімен байланысты үшінші кезеңді бастан кешіріп отыр. Кеңес Одағының тарауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-теңсіздік пайда болып, ол ТМД-да ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне әкеп соқты.

Әр елдің өз болашағын тандауға деген құқығы даусыз. Алайда, осы құқықты жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар және кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің кейбір аймақтарындағы қасіретті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпулерге әкеліп соғатын, бірліктен айыратын, күйретуші тенденциялардың бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең шетін көрінісі этникалық және территориялық негіздегі үлкен және шағын соғыстардан байқалуда. Мұның өзі Әзірбайжан мен Арменияда, Босния мен Тәжікстанда, Грузия мен Молдовияда орын алып отыр.

Ұлтаралық шиеленіс пен түрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтан социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сөзсіз еді. Мұның өзі көптеген халықтардың өздерін бір-бірінен шеттетудің кезеңінен өтуіне байланысты. Мен осы қақтығыстардың бұл кезеңі де біраз уақыттан кейін тұрақтылықтың жаңа саласына әкелетініне — бір-

бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар бөлінудің пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына оралатынына сенемін.

Өкінішке орай, халықаралық қоғамдастық бүгінгі таңда шағын бөлектенуді жеңе алмай отыр. Ол бір сәтте өршіген проблемалардың тасқынын тоқтата алар емес. Бұл проблемалар кейде соғыстарға ұласуда. Барлық “ыстық” нүктелерде, қазір сөнген, сондай-ақ соғыс өрті өршіп жатқан нүктелерде нақ осылай болды. Қарабақтың, Тәжікстанның, Днестр өңірінің, Осетияның, Абхазияның және ақыр соңында Чеченстанның қасіреті бұларды мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге біздің де ортақ қасіретіміз. Таудағы Қарабақта босқындар мен еріксіз көшкен адамдардың саны бүкіл Әзірбайжан халқының кем дегенде 10 процентіне жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 миллион халқы бар Тәжікстан соғыс қимылдары кезінде 300 мыңнан астам адамынан айырылды. Мұнда да босқындар мен көшіп кеткен адамдардың жалпы саны кейбір бағалауларға қарағанда бір жарым миллионнан астам адамға жеткен. Олардың жартысы елден еріксіз кеткендер. Абхазиядағы жанжалдың нәтижесінде бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Биылғы қаңтардағы деректер бойынша Чеченстаннан қашып шыққан адамның саны 130 мың адамнан асып отыр. Ал құрбандардың санын айқындау өзiрге қиын.

Бүлдіргіш тенденциялар бұдан бұрын ешқашанда ұлт-аралық жанжалдарға байланысты болмаса керек. Африкада апатты ұлтаралық соғыстар болып өтті.

Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы қақтығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған жоғары дамыған елдер үшін де белгілі бір шиеленістер тән, мұнда да шетін жағдайлар жетіп жатыр. Бұл Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы Ольстер, Франциядағы Корсика, Испаниядағы Баск елдері, Канададағы Квебек пробеламалары және тағы да басқалары.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетеді. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен

ұлтаралық соғыстардың ащы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, біз нәзік те тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін қандай да көмектің еш қайраны болмайды. Сондықтан осындай қайшылықтарды жоюдың тұтқаларын өзіміз талдап жасауымыз қажет.

Д.И. Менделеев өз кезінде жердегі зұлымдыққа жауап беретін космостың, “әлемдік эфирдің” бар екені туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның айтқаны дұрыс. Өйткені, кінәсіз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде ең ауыр табиғат апаттары болып жатады.

Қазақстан тарихының тағылымдары

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеу және ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Егер бүгінгі таңда кеңестік заман біржолата өткенге айналып, біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз деп ойласақ — қателесер едік.

Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. Міне, осыдан барып тұжырымдаудағы ұшқарылықтар — “Ақтаңдақтарға” тек қана қара бояу жағудан бастап, таяудағы өткенді мінсіз етіп көрсетуге дейін орын алды. Осының екеуі де жаңарып жатқан қоғам үшін бірдей қауіпті, өйткені адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештеңе де бермей, олардың жауапты шешімдер қабылдауына бөгет жасап, неше түрлі саяси жалдаптықтың негізіне айналады. Оның үстіне демократиялық институттарды енгізудің өзі жағдайды өздігінен түзеп, ұлтаралық қатынастардың проблемаларын шешеді деп есептеу қате болар еді.

Бұрынғы системаның басты тарихи кемшілігі неде? Меніңше, оның себебі тоталитарлық мемлекеттің аясына, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында бүтіндей халықтардың күшпен көшірілуінде жатыр. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезімнің серпінін ширықтыруға әкеп соқты. Қоғам капиталистік немесе социалистік даму жолын тандап алса да, қорғау институттарын нығайту және ұлттық сана-сезімді дамытпайынша мемлекеттік құрылыстың сөзсіз жеңілетінін тарих көрсетіп отыр.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орын алғанын көрсетеді. Бұл миллиондаған азаматтар қаза тапқан 20-30-шы жылдардың аштығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айырылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең таңдаулы өкілдерін жаппай қуғынға салу мен ату болды. Бұл халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және “ғасырлар жобаларын” жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Мұның біз үшін Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды. Мұндай саясат кәдімгі қарсылықты туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игіліктің, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық теңдікке жету болатын.

80-ші жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленіскен ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар халықтардың сана-сезімін ұзақ жылдар бойы қанаудың нәтижесінен туған

болатын. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен проблемалардың бүкіл тереңдігін көрсеткен неғұрлым сезімтал барометр болып шықты. Мұның өзі бірқатар республикалардың тоталитарлық системаға ашық қарсы тұруына жағдай туғызды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік теңсіздігі аса үлкен мемлекеттік саяси бөлінуінің басты негізіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген етене ұмтылысына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алуымыз керек. **Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының ұлттық құрамын және жеңіл де оңай өте қоймаған оны құрудың процесін ескеруіміз керек.** Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруалық отарлау барысында революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 миллион 150 мың адам келген. Коллективтендіру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың конфискеленген шаруалар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық түкпірлерінен, әсіресе еуропалық бөлігінен 1 миллион 200 мың адам көшірілді.

Қазақстанға әр жылдарда 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілдері зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтардың өкілдері Қазақстанға өз еркімен келген жоқ.

Халықтарды күштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тынға 1,5 миллион адам келді, ал жабық әскери объектілер мұның үстіне 150 мың адамды қабылдады. Осының бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін “ұйымдастырып жинауын” және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде.

Соның нәтижесінде ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5 миллион 600 мың адам көшіріліп қондырылды, соның

ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегенде, 3,5 миллион адам соңғы 40-50 жылдың ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты коллективтендірудің қасіретті салдарынан бір жарым миллионға таяу қазақтар қаза тапты. 1930-32 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО-дан шет елдерге оралмастан көшіп кетті. Қазақстан халықтары үшін жаппай жазалау саясатының қасіретті сипатын көрсететін екі деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын. Сонша адам осында көшірілді. Ал 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адамға кеміп кетті.

Құрметті делегаттар!

XX ғасыр қазақтарды өзінің Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың ғасырғына айналғаны үшін қазақтардың еш кінәсі жоқ. Сондықтан бүгінгі таңда осы халықтың мемлекеттікке деген құқына күмән келтірушілер оның қасіретінің тереңдігін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттікке лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен көз жеткізіп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес. Сондықтан қазіргі көшіп-конудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге күштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және басқа халықтардың ұрпақтарының тарихи отанына оралуды қалайтынында, ұлттық мемлекеттік құрылысына қатысуға деген ынтасында жатыр.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (оның үстіне мұның негізінде көптеген халықтардың қасіреті жатыр). Қазақстан бірін-бірі қырып жатқан ТМД елдеріндегі біздің жақын көршілеріміздің қайғылы жағдайына жол берген жоқ. Сондықтан мен мемлекетте бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға сенімдімін.

Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар деп есептеймін. Біріншісі — кейбір елдер ұлты басқа халықты “күштеп

көшіру” саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туысқаншылықпен қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез келген талаптары еш мағынасыз және өзінің салдары бойынша қауіпті деп ойлаймын. Тайталасу жолы орасан зор сілкініске және сан мындаған адам құрбанына әкеліп соғады. Екіншісі — ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп, бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп сену. Бұл жайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл — түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқашан міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты бағытымыз мәмілеге келу және біріктіретін бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуге тиіс. Біздің қоғамды біріктіретін тұтқалардың бірі Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болуға тиіс.

Мен, еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Ол аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мені де, сіздер сияқты кейбір жауапсыз саясатшысымақтардың экономикалық қиындықтарды пайдалана отырып, қоғамды бөлуге тіпті ашықтан-ашық шақыратыны қынжылтады. Кейбіреулері тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек деп көпіреді. Иә, мен біздің жеріміздегі татулық пен тыныштықты жақтаймын. Және ең алдымен мұны миллиондаған қазақстандық отбасыларына керек екенін еске аламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, ал балалардың мүгедек болмауын, қарт адамдардың өзінің күйреген үйінің алдында жыламағанын қалаймын. Осы жасымда талайды көрген адам ретінде билікке ұмтылған саяси сұрқиялардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталатынын айтқанымда маған сеніңіздер. Ал оларды

адамның көз жасы да, не құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелеріне, республикамыздың барлық парасатты азаматтарына ақыр-соңында қоғамды ұлтаралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірлерін ашық айтуға шақырамын. Қолына қару алып, туысқанның туысқанға, көршінің көршісіне қарсы қол көтеретіні үшін халықтар емес, қайта нақ осындай “қайраткерлер” кінәлі.

Біз әрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымысқы әрекеттер ұлтаралық қана емес, сонымен қатар ішкі ұлттық жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек. Өйткені қазіргі қасіреттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты екенін көріп отырмыз.

Бұл халықтың бір ұлттық құрамының өзі барлық қырсықтан құтқармайтынын көрсетеді. Түрлі кландардың, аймақтық топтардың арасында күрес кейбір ұлттардың өзін-өзі қырып жатқан соғыстарға әкеліп отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстан, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып жатыр. Белгілі бір белгілері бойынша біздің халқымызды бөлгісі келетіндерге бүкіл халық сайлаған Президент ретінде мұндай әрекеттерге батыл да сенімді түрде тойтарыс беретінімді мәлімдеуге тиіспін.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықтың, чиновниктік мейірімсіздіктің, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұл жеке-жеке оқиғалар болып көрінуі мүмкін, бірақ ол ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін.

Біз өзіміздің күнделікті жұмысымызда сүйенуге тиісті тап-рихтың оң тағылымдарының даусыз басымдығын атап көрсеткім келеді. Мен бұдан бұрын өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін айтқан болатынмын. Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан тіпті сол жылдардың өзінде

экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін-бірі байыту процесі жүріп жатты. Біз халықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды әрқашан есте ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Прибалтикада білім алды.

Мен сондай-ақ, сталиндік жаппай күштеп көшіру жылдарында қазақ халқы қуғынға түскен орыстарға, украиндықтарға, немістерге, корейлерге, чешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын ұмытпайды деп сенемін.

50 жылдығын біз биыл атап өткелі отырған фашизмді тасталқан еткен Жеңіс халықтардың жанқиярлығы мен адамдар ерлігінің аса жарқын көрінісі болды. Олар өзінің бостандыққа және адами қадір-қасиетіне деген құқығын және елімізді қорғап қалды. ТМД мемлекеттері басшыларының соңғы кеңесінде осы данқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде соғыс ардагерлерін — Достастық азаматтарын Жуков орденімен және медалімен наградтау туралы шешім қабылданды. Мен ардагерлерге үкімет тарапынан өткен шайқастардың орындарына, полктастарымен кездесуге тегін барып-қайтуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгіздім. Сондай-ақ, ТМД-ға қатысушы елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің тобын 1995 жылғы мамырдың 9-ында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан біздің адамдарымызға құрмет көрсету үшін Германия Федеративтік Республикасына жіберу ұсынылды. Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл идеяны қолдады. Ортақ жеңісті бөлмей, ардагерлерге толығымен құрмет көрсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

Құрметті делегаттар!

Ішкі мәселелермен, соның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Басқа

мәселелермен қатар менің Еуразия одағын құру жөніндегі идеям ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Өрескелдікке жол бермеу керек. Және, меніңше, саясаткердің ең жоғары парызы өз еркінен тыс кенеттен түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін түсінуде деп ойлаймын.

Егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этникалық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі — Еуроазиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасаты және өркениетті жолы.

Еуроазиялық одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жандана түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасында ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар маңызды шешімдер қабылданғанын өздеріңіз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, біртұтас кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елде тұрақты тұратын біздің азаматтарымыздың құқықтық мәртебесі туралы, азаматтықты қабылдауды жеңілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдастықтың принциптеріне сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрған проблемаларды өркениетті жолмен шешеді. Енді қазір әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа жерге көшіп келгенде өз қалауы бойынша күрделі заңдық бұлталақсыз осы мемлекеттің азаматы бола алады.

Аймақ бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен бірігуді дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Біз олармен біртұтас экономикалық кеңістік құрып жатырмыз. Оның үстіне Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

Алматыда ТМД мемлекеттері басшыларының ақпандағы кездесуі барысында міндеттердің бүтіндей кешені шешілді.

Біздің республика ұсынған “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумның” қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе қантөгіспен, адамдардың қаза табуымен шаруашылықтың күйреуімен, бейбіт халықтың қасіретімен байланысты проблемалардан бойды аулаққа салмауға тиіспіз деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдар мен ықтимал жанжалдардың алдын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің территориялық біртұтастықты және шекаралардың бұлжымастығын, қазіргі қоғамдық-саяси құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез келген көріністерінің жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға деген ұмтылысын тағы да бір дәлелдеп отыр.

Біз бірігуге батыл барып отырмыз. Біздің мемлекеттігіміздің бұлжымастығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгінгі таңда кез келген экспансияға, тіпті ол әскери араласу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл-шовинизм болсын қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі тарихи фактіге айналып, халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқық актілермен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізді, территориялық біртұтастығымызды құрметтеп, оны қорғай аламыз.

Қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шаралар туралы

Құрметті делегаттар!

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздік алғаннан кейін өткен уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілетуге, экономикалық дағдарысты

жоюдың шебіне шығуға, дүниежүзілік қоғамдастықтың тануына кол жеткізуге мүмкіндік берген көптеген нақты істерге және оқиғаларға толы болды. Әрине, кейбір олқылықтардың да орын алғаны рас.

Бірақ ең бастысы біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастан-ақ ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтуды ерекше бөліп алдық. Бұл идеология саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптерін тұжырымдаған “қоғамның идеялық бірлігі — Қазақстан прогресінің шарты” концепциясында бекітілген.

Сол кезде менің баяндамада осы концепция бойынша қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілетті Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясы ұсынылған болатын. Бүгін міне ассамблея құрылды, сөйтіп ол барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саясатымызды одан әрі жетілдіруге, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де барынша белсенді қатысуға тиіс. Осыған байланысты Ассамблеяға Президенттің жанындағы, ал облыстық бөлімшелерінде әкімдердің жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің тереңдігін де сезіне білу керек.

Осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер ассамблеяның пікірлерін ескере отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып сараптан өткізілуі керек. Бұл орайда біздің республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл тұста осы құрылымның ұйытқысына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқаруға тиіс. Менің тарапымнан әкімдерге жергілікті жерлерде сіздердің қызметтеріңіздің проблемаларына жіті зер салу және осы қызметке тікелей қатысу жөнінде нақты тапсырма берілді.

Біздің жұмысымызды жетілдіруге жағдай туғызатын шаралардың арасында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Тіл жөніндегі комитет ұлт және тіл саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке айналдырған жөн болар деп есептеймін.

Ұлтаралық қатынас саласындағы кейбір нақты проблемалар және оларды шешуге сіздердің қатысуларыңыз туралы әңгіме қозғамастан бұрын, меніңше, маңызды екі жағдайды атап өтсем деп едім.

Біріншіден, көбіне екі ұлттың — қазақтар мен орыстардың, өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы орайда 20 процентке таяу қалған қазақстандықтардың мүдделері ұмыт қалады. Ал олардың да осы жағдайда өз мүдделеріне қысым жасалды деп сезінуге барлық негіздері бар емес пе?

Қазақстанның, осы сөздің толық мағынасында, көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етіліп қана қойылатын тұжырым емес, шындықтың өзі. Міне сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан — “кіші” немесе олар “үлкен” болсын — барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау біз үшін өте маңызды міндет. Олардың әрқайсысының өз түп-тамырлары, біз бағалауға тиісті өткеннің бай тарихы, ұлы бабалары бар.

Біз Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге ЮНЕСКО-ның аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор шабытпен қабылдадық. Сонымен бірге, біз пірәдарлар Кирилл мен Мефодидің еңбегінен туған славян жазуының 1100 жылдығын да атап өтеміз.

Осыған орай әрбір ұлттың дүниежүзілік өркениеттің қазынасына өзінің үлесін, оның рухани әлеуеті үшін ұлы үлесін қосқанын және мұны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да осы әлеуетті сақтау және көбейту жөніндегі республика халықтарының ұмтылысын қолдайтын боламыз.

Екіншіден, Қазақстанның тек көп ұлтты ғана емес, сонымен бірге көп дінді мемлекет екенінің де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, ал еліміздегі халықтардың 60 проценті өздерін соған қосады, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, дүниежүзілік басқа да діндердің өкілдері өмір сүреді.

Бұл қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені, барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей имандылық принциптері адамдарға деген сүйіспеншіліктері қылықтарды айыптап, жолдан тайғандарға кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей тең, иманды және бейітшілік сүйгіш жандар.

Жауыққан атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер бірдей жағдайда мемлекеттің қатаң қысымында болып келді. Сондықтан өз дінінің қағидаларына көз жеткізе, өз уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндердің құқықтарының кемсітілуіне және қудалануына соншалықты ішкі түсіністікпен қарап келді. Міне, өзіне жақын адамды қолдау, оның қиындықтарды жеңе білуіне көмектесу жөнінегі ұмтылыс осыдан туындап отыр.

Қазақстан басшылығы конфессиялардың жоғары басшыларымен ізгі өзара құрметке толы қатынасы қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық берместен, біз барлық дінге сенушілердің қажеттері мен талаптарына жауап беруге тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас аймақтық деңгейге де орнатылса жақсы болар еді.

Осының бәрін өз жұмысымызда ескеруіміз керек. Бұл жағдайларды Қазақстан халықтарының Ассамблеясы да ескеріп, қазіргі кезеңде аса маңызды міндеттерді шешуге барынша пәрменді қатысуға тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен кеңінен ынтымақтастық орнатуы қажет. Мұның өзі көптегеп мақсаттарға жетуге:

Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға;

ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;

бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;

ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан гөрі егжей-тегжейлі айтатын болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз. Бұл бағдарлама оқытындардың қабілеті мен ықтимал мүмкіндіктерін толық ескеруге, ойдан туған емес қайта нақты мақсаттарды алға қоюға, қомақты материалдық-техникалық базаға сүйенуге тиіс. Бұл орайда азаматтардың екі немесе бұдан көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.

Сондай-ақ, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұл салалар аса шетін бюджеттік тапшылық жағдайына тап болып, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отыр. Өйткені бұл экономика салалары емес, қайта азаматтардың тұрмысын қамтамасыз ету саласы болып табылады. Ал ол қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі заңдарға өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының нысандарын елеулі түрде жаңарту жұмысы алда тұр. Сіздер өз ұлттық мәдениеттеріңізді, дәстүрлеріңіз бен салттарыңызды насихаттай отырып жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз біріктіруші бастау қызметін атқаратыны сөзсіз. Алайда, қазір тек қана эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, бұл орайда ұлттық білім беруді, ұлттық бұқаралық, ақпарат құралдарын да, ұлттың жалпы интелектілік әлеуетін де түсіну керек.

Егер Ассамблея өздері үшін және өздерінің облыстық бөлімшелері үшін жоғары оқу орындарына түсу үшін квотаны қайта қарау керек деп ойлайтын болса, Министрлер кабинетіне және облыс әкімдеріне тиісті тапсырмалар берілетін болады.

Бізде Қазақстанда газеттер сегіз тілде шығатын, телерадио хабарлары жеті тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық теледидар ассамблеямен бірлесе отырып Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтқандайын, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің “Українські новини” — Украинадан шет жердегі украиндық емес үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ, біздің байырғы басылымымыз “Коре ильбо” туралы да осыны айтуға болады. Алматыдағы корей театры — корейлердің тарихи отанынан тысқары жерлерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен тарап жататын кез келген ізгі бастаманың мемлекеттік деңгейінде қолдау табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары Ассамблеясына қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Өкінішке орай, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде орын алып отырмаған ұлттық белгілері бойынша кемсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, оның үстіне ТМД-ның басқа да елдері бүгінгі таңда барлық көшіп барғандарды қабыл-

дауға экономикалық тұрғыдан әзір емес. Сөйтіп көшіп кеткендер ол жақта қиындықтарға тап болады. Ал бұл қиыншылықтарды олардың елеулі мемлекеттік қолдаусыз жеңуге жағдайлары келмейді.

Міне, нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс — қайтадан көшіп келу пайда болып отыр. Бұл орайда көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерде өмір сүруге үйрене алмай, Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған тандануға болмайды: біз ішкі азаматтық соғысқа жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сортты азаматтарға бөлетін қатаң заңдар, оппозицияны тұтқынға алу, цензура жасау жоқ. Парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адал екендігімізді тағы да бір дәлелдеп берді.

Біз тоталитарлық мұраны және оның жаппай жазалау идеологиясын жеңе отырып, демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та жеткілікті. Бірақ демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін тасаға айналмауға тиіс.

Ал таяудағы уақыттың өзінде-ақ бәрі де басқаша болатын. Көптеген белгілі ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері өз кінәсінен емес республиканы тастап шығып, одан тысқары жерлерде бағын сынауға мәжбүр болған еді. Системаның идеологиялық қарсы әрекеттерін бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін толық көрсетуге мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сөз шыққан емес. Қайта керісінше, жылы лебізбен және алғыс сезімімен республиканы еске ала отырып, олар өздерінің қазақстандық түп-тамырларын әрқашан атап отырады. Ал сонымен бірге біздің кейбір саудашысымақтарымыз, қолда өскен саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыны аяқ кофе үшін өзінің туған ана-

сын, бұл орайда біз Отанымызды да анамыз деп есептейтінімізді еске алсақ, сатып кетуге әзір.

Ал кең ауқымда айтатын болсақ, Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Қытайдағы, жақын және алыс басқа да шетелдердегі қазақ диаспорасымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарды қолдауы тиіс. Өйткені 12 миллион қазақтың 4 миллионнан астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері саясатқа ықпал жасай алмаса да, олар адами қызметтің ең сан алуан салаларында қолайлы табыстарға қол жеткізген адамдар. Сөйтіп, Қазақстанда оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылықтың алдындағы беделі де көп ретте соған байланысты болады.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отанына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанмен байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпарат және мәдени алмасуға ұмтылуда. Мұның өзі қуатты, бейнелеп айтқанда, тұрақтылықтың күшті белдеуін құрады. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ұмтылысты барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені біздің еліміз туралы шындықтың таяу және алыс шетелдерге тарауы Қазақстанның достарының, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушылардың қатарын объективті түрде көбейте бермек.

Бұл жұмысқа Сыртқы істер министрлігі біздің бүкіл дипломатиялық корпусымыз белсенді ат салысуға тиіс.

Қазір “Халықтық дипломатия” туралы да көп айтылып жүр.

Ассамблея мүшелерін ұлттық саясатты жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу үшін шетелдерге шығуын ұйымдастыруды, сондай-ақ, оларды Қазақстанның ресми делегацияларының құрамына қосуды өте пайдалы деп есептеймін.

Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңше ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің

бүгінгі таңдағы зерттеулеріңіздің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этникааралық қатынастардың қалыптасуының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізудің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет. Әзірге мұндай зерттеулер өте аз, ғылыми ой өткеннің таптаурында-рынан, бізді өміріміздің күрделі құбылыстарына үстіртін және жай ғана атап өтетін тәсілдерден әлі де арыла алмай отыр. Ал өмірдің өзі осындай ой-пікірлерге көптеген негіздер беріп отыр.

Ұлттық саясат проблемаларын қорытындылай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптерге құрылатынын айтпақпын. Олардың ішінде ең бастылары:

мәмілеге келу жолын іздестіру;

ұлттық мәселені әділетті шешудің базасы ретінде қоғамдық тұрақтылық;

заңның үстемдігі;

мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді бірігу саясаты.

Біздің қазіргі өмірімізде, бүгін жетіп отырған қоғамды реформалаудың қазіргі кезеңінде еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблемалар жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халықтарының Ассамблеясы тәрізді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін аса көкейкесті міндеттерді шешуге қатыса алады және қатысуға тиіс деп санаймын.

Реформаларды ілгерілету — ортақ міндет

Парламенттің жаңа құрамы сайланғанға дейін маған, сондай-ақ, облыс әкімдеріне заң қосымша өкілеттіктерді бергені белгілі. Мен бұл өкілеттікті ең алдымен эконо-

микалық проблемаларды шешу үшін, реформаларды ілгерілету және елді дағдарыстан шығару үшін пайдаланбақпын.

Қазақстанның барлық аймақтарына өкіл бола отырып, сіздер басқалардан гөрі жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы әлеуметтік-экономикалық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін жақсы білесіздер. Оның үстіне сіздер мемлекеттің жоғары өкімет құрылымдары мен халықтың арасындағы екі жақты байланыстың қазір өзіндік бір арнасына айналып отырсыздар. Сондықтан мен экономикалық саясатты жүзеге асыруға сіздердің тікелей ат салысатындарыңызға сенемін.

Біздің таяудағы міндетіміз — әрбір отбасына, республиканың барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін жеп, өзін толық көрсете білу үшін барлық жағдайларды туғызу керек. Біз осы жұмыспен айналыса отырып, отандастарымызға еңбек жолын таңдауға ерік береміз. Мұның өзі әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбеген қоғамда, кедейлер мен байлардың арасында тұңғық болмайтын, ал адамдардың басым көпшілігінің орташа игілігі бір-бірімен салыстыруға келетіндей қоғамда ғана мүмкін.

Біз реформалар жолын саналы түрде таңдап алдық. Мұның өзі біздің тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нарық әлеуметтік қиял емес, қайта нақты әрі пәрменді жүйе. Ол көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың тіпті шағын бөлігі де жоқ халықтарды өркендеуге жеткізді.

Бұл таңдауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертпеудің өзі біздің қоғамымызды тұралау мен құлдырауға әкеліп соғар еді. Орта ғасырлық философ Фома Аквинский дәл атап көрсеткеніндей: “Теңіз капитанының ең биік мақсаты кемеңі сақтап қалу болса, онда ол кемеңі айлақта мәңгі ұстар еді”.

Ал мемлекетті басқару менің мандайыма жазған болса, мен сенімді жолды басшылыққа аламын. Ал бұл жол кез келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Бұл орайда көш басшысының жүгі сырттан қарағандағыдай жеңіл емес екенін айтпақпын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан мен де батыл, тіпті қатаң шаралар қолданбақпын.

Мұндай айқындама өзін ақтап, қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр: жоғарыда айтып өткенімдей, Қазақстан түбегейлі реформалардың ең күрделі кезеңінен өтті, сөйтіп экономикада жанданудың алғашқы белгілері аңғарылып отыр.

Әділетті түрде прагматиктердің үкіметі деп аталып жүрген жаңа Министрлер Кабинеті істі сауатты жүргізе, оқиғалардың алдын ала жұмыс істеп отыр деп есептеймін. Мұны берілген өнім үшін селомен есеп айырысу, өнеркәсіп өндірісінің біраз өсімі, инфляция қарқынының төмендеуі көрсетіп отыр.

Үкімет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы кешенді саясаттың негіздерін талдап жасап, халық шаруашылығының осы аса маңызды салаларын басқарудың экономикалық тұтқаларын дәйекті түрде іске қосуда.

Таяу күндерде мен барлық тұтынушылар үшін **энергия шығынының тарифтерін едәуір төмендету** туралы тиісті құжатқа қол қоймақпын. Мұның өзі инфляцияны тежеп, экономиканың өрлеуіне жағдай жасайтын болады.

Біз салық жүйесін жетілдіруге тиіспіз. Ол әзірге тауар өндірушілерді ешқандай да ынталандыра алмай отыр. Салық

қысымын таяудағы уақыттың ішінде едәуір азайту көзделіп отыр.

Жеңілдіктер беруге аянбай-ақ, Қазақстан экономикасына инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін жағдай туып отыр. Оның үстіне күрделі қаржылар өзінің табиғаты бойынша инфляцияға түспейді. Ал әзірге капитал негізінен сауда-делдалдық салаға жинақталуда.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайы қазір жақсартуды қажеті жоқ. Және бұл қиындықтарды саяси проблемалардың шиеленісуі есебінен қолдан шиеленістірудің қажеті жоқ. Өйткені экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін бұл проблемалардың бірқатарын кейін де шешуге болады. Біз бүгінгі таңда айтысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыс пен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды шешетін болады.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалар процесі экономикалық істерден мұндай былық, өндірістің құлдырауы және жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды сөзсіз шетке шығаруға тиіс екенін атап өтпекпін. Егер реформа жасаушылардың маскасын бүркеніп олар үкімет басына келетін болса өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға келтірілетін зиян айқын жалдаптық тенденцияны күшейте түсетінін айтып түсіну керек. Ал мұның өзі барлық өзгерістерді толық тоқтатуға әкеліп соғумен бірдей.

Сессияға құрметті қатысушылар, мен сіздерді өзімнің одақтастарым деп санайтын болғандықтан барлық осы проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамын.

Конституциялық реформа жолында

Экономикалық өзгерістерді, сондай-ақ, саяси, әлеуметтік өзгерістерді жүргізуді бізде әлсіз заң шығарушылық база

жетілдірілмей сот жүйесін, аса өткір қылмыстық жағдай тежеп келгені және әлі күнге дейін тежеп отырғаны ешкімнен де құпия емес. Осы салалардың әрқайсысында жеке мәселелерді шешумен қаншалықты айналыссақ та, біз ең басты қадамды жасамасақ — конституциялық реформаны жүзеге асырмасақ — бәрібір қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Бұл шынында да біздің мемлекеттігімізді нығайтудың аса маңызды міндеттерінің бірі. Әлбетте, ең алдымен қазір парламенттің тағдыры жұртшылықты толғандырып отыр.

Тек екі палаталы жүйесі бар парламент қана заң шығару қызметімен білікті айналысуға, тыңғылықты сарап жасаудың және мәміле жолдарын іздестіруден кейін бәтуаға келуге қабілетті деп ойлаймын. Өкіметтің әрбір тармағы өз ісімен айналысып, бірін-бірі “қыспаққа” алмауға тиіс. Осының алдында шақырылған Жоғарғы Кеңестер туралы мұны айта алмайсың. Олар депутаттардың өзін-өзі көрсетуінің саяси аренасы болған тәрізді. Осы сөздің толық мағынасындағы заң шығарушы орган бола алған жоқ. Парламентшілердің күшқуаты заң жобаларымен күнделікті, дәйекті жұмысқа бағытталмай, атқарушы өкімет пен қарым-қатынасты айқындаудың ұсақ-түйек мәселелерінен аса алмады. Бұл кикілжіңдерді туғызып, ол үкіметтің парламентке деген қысымы ретінде көрсетілді. Шын мәнінде бәрі керісінше болды: атқару өкіметі заң шығарушы өкіметтің қол сұғуынан өзін қорғауға мәжбүр болды.

Соңғы жылдарда біздің Жоғарғы Кеңестерімізде жұмсартып айтқанның өзінде елдің мүдделерінен алыс, шамадан тыс шамшыл және аса сөзшең адамдар белең алғаны жұртшылыққа белгілі. Оның үстіне атқару өкіметіне қарсы тұруда парламенттік көпшілікке бүкіл оппозиция тұрақты түрде қосылып отырды. Ал бұл оппозиция саяси ағымның мүлдем қарама-қарсы жағында болатын. Бұдан оның ерекше қасиеті — бұлардың ұқсастығы және саяси одақты таңдай білмеуі айқын көрінді. Ұлтшыл-патриоттар, шовинистер мен коммунистер өздерінің топтық немесе жеке мүдделері тура-

лы әңгіме болған кезде бір одаққа бірігуде. Мұның өзі бізде демократизм мен парламенттік мәдениеттің мүлдем жоқтығынан ғана мүмкін болып отыр.

Шын мәнінде парламентарийлер атқару өкіметін таптап, оны өзіне бағындыруға, сөйтіп, осы нақты биік арқылы кредиттерді инвестицияларды, қаржыны, қысқасы ақшаны бөлуге зор ынтамен кірісіп кетті. Сонымен қатар, сот билігін де бағындыру басталды. Әрине, әңгіме барлық бұрынғы депутаттар туралы болып отырған жоқ. Қайта шағым жасауға жатпайтын Конституциялық соттың шешімімен де келіскісі келмейтін жанжалқұмарлар туралы болып отыр.

Егер өкілетті өкіметтің тікелей қызметі туралы айтатын болсақ, онда Францияның тәжірибесіне сілтеме жасаған жөн. Осы елдің Конституциясымен парламентік заң шығару қызметі айқын белгіленген. Ал бұдан тысқарының бәрі атқару өкіметінің нормативтік ерекше басымдығы болып табылады. Егер Қазақстанда осылай болатын болса, біздің қолымызда өскен сарапшылар бұдан демократиялық нормалардың бұзылуын табар еді. Ал олардан Франция туралы сұрайтын болсаң, осы Еуропа мемлекетіндегі демократияның салтанаты туралы өршелене айтар еді.

Сот реформасы конституциялық өзгерістердің маңызды бөлігі болып табылады. Еріктен тыс мәмілелердің жемісіне айналған біздің Конституциямыз сот билігін, Конституциялық сотты қоса алғанда, қоғам мен өкіметтің мемлекеттік институттарының, соның ішінде Президенттің де бақылауынан тысқары қойды. Әрине, билікті құрылымдардың сот ісіне араласуына жол беруге болмайды.

Конституцияда сондай-ақ, тежеу мен қарсы салмақ жүйесі жоқ, бірақ бұл принцип онда жарияланған. Әңгіме белгілі бір жағдайларда парламент мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатуға және керісінше Президент Жоғарғы Кеңесті тарата алатыны туралы болып отыр. Ата Заңды өзірлеу процесінде мен осы принциптерді кіргізуді талап еттім, бірақ XII-ші шақырылған парламент оны қабылдамай

тастады. Ал мен қазірдің өзінде мемлекет пен қоғамның мүдделері осындай тежеу мен қарсы салмақты талап етіп отырғанына сенімдімін.

Аймақтарда мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы әкімдер болып табылады. Бірақ олардың жағдайына толық айқындық енгізу керек. Олардың қазіргі мәртебесі Президент шын мәнінде атқару өкіметін де басқарған кездегі жағдайға сай келеді. Қазір бұл жағдай түбірінен өзгерді. Соның нәтижесінде облыс әкімдері құқықтық бос кеңістікте болып шықты: бір жағынан, олар Президенттік жоғарыдан төмен басқарудың жалғасы бола отырып, екінші жағынан, жергілікті жерлерде жоғары атқару билігінің өкілі емес.

Жергілікті мәслихаттарға деген көзқарасты да қайта қарау талап етіліп отыр. Қазақстан — біртұтас мемлекет, мұның өзі Конституциямен бекітілген. Демек, жергілікті өкілетті органдардың заң шығару өкілеттігі жоқ, сондықтан олар шын мәнінде атқару өкіметінің қызметін орындайды.

Сондықтан белгіленген процедура бойынша халық алдындағы бүкіл жауапкершілікті өкімге тапсырып, сонымен бір мезгілде мәслихат басшысы қызметін соған жүктеу қисынды болар еді.

Осы демократиялық норма қалыптасқан шындыққа сай келер еді. Халық жергілікті жердегі жағдай үшін жеке басымен кімнің жауап беретінін, аймақтық саясатты кімнің талдап жасайтынын және оны жүзеге асыруға кімнің жауап беретінін білуге тиіс. Айтқандайын, мұны азаматтардың өздері де талап етіп отыр.

Қысқасы, жергілікті жерлерде тәртіп орнату керек және оны тездеткен жөн. Өйткені күшті аймақтық билік болған жағдайда қазіргідегіден түрлі жылпостар мен қылмыскерлер өздерін еркін сезіне алмас еді. Ал қазір өкімет құрылымдарын бірін-бірі алмастырып, тіпті, кейде бір-бірімен келісе алмай жатады.

Жалпы алғанда Конституциялық реформалар орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де тұрақты

әрі теңдестірілген өкіметті құруға әкеліп жеткізуге тиіс. Қоғамның мүддесі үшін, атап айтамын, қазақстандық қоғамның мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек, ал басқа мемлекеттерде қолданылып жүрген бөтен, өздеріне ғана тән ерекше практиканы еш ойланбастан әрі көзсіз көшіріп алмауымыз керек.

Барлық осы проблемаларды ассамблеяның келесі сессиясы талқылайтын болар деп ойлаймын.

Оның үстіне жаңа парламентті сайлауға дейінгі кезенді мен мемлекетте құқық тәртібін нығайту, қылмыспен күресті күшейту үшін пайдаланбақпын.

Мен осы шараларды бұрынғы парламентке енгізбек болған едім. Ал бірақ оның сіздерге белгілі заң күшін “өнімділігі” кезінде оны қашан қабылдайтыны белгісіз еді. Және де өзінің баяулығымен және сөзбұйдаға салуымен қылмыстық жағдайды одан әрі шиеленістіре түсер еді. Енді құқық тәртібі Президенттің Жарлығымен бекітілетін болады және бұл жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті. Таяуда Жарлықтардың бірімен жемқорлықты жоюға бағытталған қазіргі заңға елеулі өзгерістер енгізілді.

Қылмыскерлікті ауыздықтау үшін мен қолымнан келгеннің бәрін жасауға сендіремін. Біз қоғамға қылмыстық дүниеден қорғау жөнінде кепілдік беруге тиіспіз. Ал бүгінгі таңда жағдай шегіне жетіп отыр. Сондықтан жағдайды жедел әрі батыл түрде өзгерту керек.

Кезінде византиялықтар былай деген: мақсатқа жетудің екі жолы бар: бірі — заң жолы, екіншісі — жыртықшылық жолы. Сіздер мен біздер және ең алдымен менің өзім алғашқы жолды — заңның салтанат құрып, басым түсуі жолын орнықтыруымыз керек. Азаматтар заңды құрметтемейінше ешқандай қоғам тұрақты болып, гүлдене алмайды. **Заңның жарияланған емес, қайта нақты басымдығы демократиялық қоғамның бұлжымас атрибуты болып табылады.**

Митингілік қызбалықтар мен тұрақсыздандырушы саяси ұрандар емес, билігі барлардың жеке еркі емес, қайта аза-

маттардың қоғам талдап жасаған және қабылдаған ережелерін қадағалау болып табылады.

Конституциялық соттың шешімдерімен байланысты соңғы оқиғаларға орай әр түрлі үндер естілуде: диктатура орнағалы жатыр дейді. Иә, диктатура, бірақ бұл Конституция мен заңның диктатурасы. Ал мұның өздеріне қатерлі салдары болатынын сезгендер байбалам салуда.

Егер жалған демократиялық ұрандармен елде былық басталып, қылмыстық жүгенсіздік белең алатын болса, шынында да диктатураның орнауы мүмкін.

Олар көбіне ұлттық мүдделерді қорғауды тілге тиек етеді.

Ұлттық идеяны бұрмалай, адамдардың ширыққан азаматтық сезімдерімен ойнай отырып, кейбір саясатшысымақтар мен көдімгі қылмыскерлер осы картаны өздерінің жымсықы мақсатында пайдаланғысы келеді. Жаңа Өзенде, Өскеменде, Есікте болып өткен нағыз қылмыстық әрекеттерді талдап жатпастан оған ұлтаралық жанжалдар бояуын жаққысы келген талпыныстар да болды.

Жаңадан пайда болған қазақтардың бірін “ұрлап кетумен” байланысты оқиға да солардың қатарынан. Қысқасы, қылмыстық әлемнің ұлтаралық жанжалдарды қолдан туғызғысы келетін әрекеттерін жоққа шығаруға болмайды.

Құқық қорғау органдарының назарын расизмнің, шовинизмнің, ұлтшылықтың, антисемитизмнің ең болымсыз деген көріністерінің өзіне бірден және ең қатаң түрде тыйым салу қажеттігіне аудармақпын. Соңғысын ерекше атап өтемін. Өйткені бірқатар басылымдар қазірдің өзінде антисемиттік өзара сөз сайысына түскен тәрізді. Қазақстанда ешқашан да мұндай болып көрген жоқ және болмайтынына сендіремін. Конституция мен Баспасөз туралы Заңның тиісті ережелері бар. Ендеше соны мүлтіксіз орындайтын болайық.

Осындай күйкі дүниетаным — тоталитаризмнің мұрасы. Ол өз халқын моральға жат тұрғыдан билеп-төстеп келген және дүннежүзілік тарихта кез келген басқа бір режимнен

гөрі өзінің халқын көп қырған система. Ол адамдардың ойын тізгіндеп ұстап, сауда-саттық жасау ұят, ал өз азаматтарын ату ұят емес, ұрлық жасау беделді іс дегенді сендіруге тырысып келді. Ол диссиденттікті қоғамдық құбылысқа айналдырып, өзгеше ойлайтын ерекше жандарды түрме торының ар жағында немесе психикалық ауруханада ұстап келді.

* * *

Құрметті делегаттар!

Сіздер Қазақстанның, оның ұлттық сан алуандығының, мәдениеттері байлығының, осы ассамблеяға — мемлекет басшысы жанындағы ресми органға өздеріңізді сайлаған азаматтардың сенімін арқалаған өкілсіздер.

Мен ыңғайы келгенде әрбір қазақстандықты соңғы он жылдың ішіндегі жағдайда біздің басты байлығымыз — бұл қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық алауыздықтың және осының негізінде қантөгістің жоқтығы екеніне сендіруге тырысамын.

Менің осы табандылығым үйдің есігін соғыс пен ажал қаққан кезде басқаның бәрі де — игілік пен шағын кикілжіндер, байлық пен ізгілік, адамның қоғамдағы жағдайы және басқалар өзінің құны мен мағынасынан айырылатынымен түсіндіріледі. Өйткені соғыс ең басты құндылықты — адамның өмірін үзіп түседі. Ал өмірден артық ештеңе жоқ. Сөйтіп соғыс адамдарды үйренген жерінен аяусыз қудалап, оларды күнәсіз босқындарға айналдырады.

Құдайдың шапағатымен бұл қырсық бізден аулақ болып отыр. Сол үшін де біздің азаматтарымызға мың алғыс айтамын. Алайда, сонымен бірге бұл өздігінен болып отырған жоқ. Мұның сыртында терең ойлардың, талдау мен салғастырудың, келісім мен өз тағдырын сенің қолыңа тапсырып берген көп ұлтты халық үшін орасан зор жеке жауапкершілік сезімнің талай тынымсыз күндері мен ұйқысыз түндері тұр.

Соғыс орасан зор орны қиындықпен толатын материалдық зиян алып келеді. Осы ғасырдың өзінде ғана жер бетіндегі

бүкіл халықты 50 жылдан астам тегін тамақтандыруға болатын немесе 500 миллионнан астам отбасын жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге болатын қаржыны соғыс жалмап кетті.

Чешенстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда және ТМД мен өлемнің басқа да ыстық нүктелерінде болып жатқан оқиғаларға көз салып көріңіздерші. Сонда сіздер біздің тұрақтылығымызды бағаламайтындар, өзінің жеке шамшылдығы немесе саяси адасуы арқасында біздің тыныштығымызды бұзуға тырысатындар өз халқының мүддесін сатқан ашық жау екенін түсінесіздер. Сондықтан адамдар қырағы болып, жеңіл өмірді тез орнатуға жалған уәде беретіндердің құрығына түспеуге тиіс.

ӨТКЕНДІ САРАЛАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫ ОДАН ӘРІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН РЕФОРМАЛАУ

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының екінші сессиясындағы баяндамасы**

1995 жылғы 30 маусым

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!

Сіздердің бастамаларыңыз бойынша биылғы сәуір айында республика тирихында бірінші рет референдум өткізілді. Мен Қазақстанның барлық көп ұлтты халқына және ассамблея мүшелеріне біздің түбегейлі түрде реформаланып жатқан қоғамның аса маңызды проблемаларын терең түсінгендеріңіз үшін шын көңілден алғысымды білдіремін.

Өз табиғатымнан реалист бола отырып, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанның 1-іне дейін ұзартуды қолдаған адамдардың тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Тұрақтылық пен келісімді біз Қазақстанда қантөгісті жанжалдарға жол бермей сақтап келеміз. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық бейбітшілікті сақтауға, демек, саяси-экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияны жалғастыруға кепілдік беретін, саяси бағытымызды қолдап дауыс берді.

Қайта құру ұранымен басталған өзгерістер бүкіл бір ұрпақтың мұраты мен тағдырын күйретіп, олардың өмір ырғағын біржола бұлдірді, экономиканы құлдыратты, соның сал-

дарынан жүздеген мың адамдардың әл-ауқаты төмендеп кетті. Қысқасы, шығын аз болған жоқ, бірақ соған қарамастан референдумға қатысушылардың басым көпшілігі бюллетеньде қойылған сұраққа “иә” деп жауап берді. Таңғаларлық жай ма? Жоқ дауыс берудің нәтижелерін шешкен қазақстандықтар біздің егемен республикамыздың болашағына деген сенімін танытты.

Сондықтан мен референдум өткізуге бастамашы болған ассамблеяға ризамын. Айтқандайын, іс жүзінде мәслихатты кеңесу органынан белсенді әрекет етуші қоғамдық институтқа айналып, ассамблеяның жоғары беделін көрсетті. Ол адамдардың шынайы мақсат-мұратын білдіретін, көпұлтты Қазақстан халқын бірлікке жұмылдыратын ұйым. Сондықтан ол туралы жаңа Конституцияда айта кеткен жөн болар.

Азаматтардың референдумға жаппай қатысуы, олардың көзқарастары мен пікірлерінің үйлесуі жаңа ғасыр басталғанға дейін елдегі саяси тұрақтылық үшін негіз жасап, мемлекет басшысының алдынан тактикалық қана емес, сонымен бірге белгілі дәрежеде стратегиялық кеңістік ашты, жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізуге және бұдан былайғы ілгерілеуіміздің бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

1992 жылы “Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында”, сондай-ақ 1993 жылғы “Қоғамның идеялық бірігуі — Қазақстан дамуының кепілі” деген еңбегімде жариялаған басты мақсаттарым өзгеріссіз қала бермек. Осы басым бағыттарды еске түсіре кетейін. Олар:

— реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың сөзсіз саяси шарты ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету;

— меншіктің мемлекеттік емес нысандарын қамтитын әлеуметтік рыноктық экономиканы қалыптастыру;

— адамның экономикалық еркіндігінің принципін жүзеге асыруға қажетті құқықтық шарттар мен практикалық база жасау;

— өзінің барлық азаматтарының жеткілікті әл-ауқат дәрежесін қамтамасыз етегін қоғам құру;

— Қазақстанның этникалық ерекшелігін дамыту мен ұлттық-мәдени сан алуандығын сақтау;

— демократиялық өзгерістерді тереңдету, саясатта алуан пікірлікті қамтамасыз ету;

— адамның еркіндігі мен құқықтарын сақтау, дүниежүзілік экономикада бекем шептерге ие болу негізінде Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы лайықты беделін қалыптастыру;

— Қазақстанның мемлекеттік құрылымын президенттік сипаттағы демократиялық республикаға айналдыру.

Біз осы бағытта жоспарлы түрде ілгерілеп келеміз. Мен осы жиында жағдайды өзімнің қалай көріп отырғанымды баяндап, қоғамдық өмірдің басты салаларында референдумның қорытындыларынан туындайтын саясатты дәлелдеп, республикада демократиялық құқықтық мемлекеттің берік іргетасын ең жақын арада қалап шығу үшін жүзеге асырылуға тиісті жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Әңгіме, ең алдымен, нарықтық даму мен мемлекеттік құрылыстың стратегиясы туралы болып отыр.

Мемлекеттілік: қалыптасу проблемалары

Қазақстан қазір ТМД-ның барлық елдеріне тән күрделі, өтпелі кезеңді бастан кешіп отыр. Бұл халықтардың біртұтас мемлекетте бірлесіп өмір сүруінің дәстүрлеріне, ортақ қасиет пен саяси мәдениетке, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді біртұтас халықшаруашылық кешені шеңберінде шешу дағдысына, еңбекті бөлу мен өндірісті мамандандырудың жаңа деңгейінің жоқтығына байланысты.

1991-1992 жылдарда, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанда, сондай-ақ, Достастықтың басқа да елдерінде жаңа жағдайға оп-оңай әрі тез өте қою жөніндегі қияли түсініктер басым түсті. Алда тұрған жұмыстың бүкіл

күрделілігін және оның нәтижелері жөніндегі жауапкершіліктің шараларын айқын жете бағаламау орын алды. Баспасөз еркіндігі, халықтың демократиялық жолмен еркін білдіруі, ар-ождан мен жиналыстар бостандығы, сондай-ақ демократиялық қоғамның басқа да атрибуттары тәрізді құбылыстармен алғаш кездесіп, адамдардың көпшілігі ада-сып қалды.

Сол кездегі кейбір саяси лидерлер, ашығын айтсам, жағдайды өз мүддесіне әдейі пайдаланып қалуға тырысты. Сол кезде Қазақстанды реформалаудың қаншалықты идеялары, бағдарламалары мен үлгілері ұсынылмады десеніңші! Бұларға ойша ғана теориялық болжамдар және негізінен арзан бедел алу сипатындағы қағидалар тән болатын.

Осының бәрі сол кездегі өкіметті көбіне әдепсіз сынаумен және тез арада игілікке жеткізетіні жөніндегі онды-солды берілген уәделермен ұштасып, адамдардың санасына құйылып жатты. Әрине мұның бәрі осы лидерлер мемлекеттегі түйінді қызметтерге орналасқанда ғана орындалмақ болатын. Бұл жерде Лев Троцкийдің Коминтерннің алтыншы конгресіндегі — социалистердің кейбір сөйлеген сөздеріне орай жазылған хатының бірнеше жолдарын еске түсірген де орынды. Ол конгрестің жұмысын Алматыда айдауда жүргенінде қадағалаған болатын. Ол достарына: “Көкжиектегі бұлтты түйеге немесе тіпті балыққа, ал ханзадаға (яғни кезекші көсемге) қажет болса оны жеке алынған бір елдегі социализмге және кез келген өзіндік бір құймаққа ұқсатып, теориялық дәлелдемелер ұсынуға болады” деп жазған. Бізде де шамамен нақ осылай болды, бірақ ол басқа бір тарихи жағдайда өтті.

Оппозициялықты адамдардың көпшілігі сол кезде елдің басшылығы мен саяси партиялар арасындағы қатаң егестің көрінісі ретінде, сөз бостандығын нені болса соны айтуға және жазуға болатын мүмкіндік ретінде түсінді, тіпті бұл ұлтара-лық және әлеуметтік қайшылықтардың отын өршітуге қауіп төндірсе де солай түсінді. Оппоненттің ар-намысы мен қадір-қасиетін аяққа басудан да тайынған жоқ. Сайламалылықты

шағын топтық мүдделер үшін “өз” кандидатурасын өткізуге деген құқық ретінде бағалады. Демократиялық принциптердің мұндай бұрмалануы қоғамның оларды қабылдауға дайын болмағандығынан, сондай-ақ демократияның маңдай тұсын ғана асығыс тұрғыздан туындады. Мұның өзі халықтың демократиялық еркіндіктер мен олардың келеңсіз жүзеге асырылуы туралы түсініктерінің алшақтығына әкеліп соқтырды. Бұл адамдардың терең түнілісін туғызды. Олар дәстүрлі мемлекеттік қамқорлықтан айырылудан, құқықтар мен міндеттердің қатаң қыспаққа түскенінен, өзінің тағдырын өзі шешу қажеттігінен қорқа бастады.

Осы кезеңде бәрі де іс жүзінде ескі қоғамды бүлдіруге тырысқан яacobиншілерге айналды. Кең қоғамдық бірлік, қордаланып қалған проблемаларды бірақ сілтеп шеше алатын демократиялық басшылар туралы қиял басым болатын. Толыққанды нарықты қиындықсыз-ақ қалыптастыру, халықтың тұрмыстық дәрежесін шапшаң көтеру, өте қысқа мерзім ішінде саяси бостандықтары дамыған құқықтық қоғам құру жөніндегі желікпе үміт көпшіліктің ойында басым түсті. Қаласаң болғаны бәрі де оң шешілетін сияқты көрінген.

Алайда, бұрынғы режим күйретілгеннен кейін азаматтық қоғам мен Батыстағы демократиялар тәрізді демократиялық мемлекет көп ұзамай орнайды деген барлық ТМД елдерінің үміті елес болып шықты.

Бүгінгі таңда бұған тоталитарлық қоғамның шығатын төте және қысқа жолдың жоқ екені белгілі болды, “Революциялық” шырқауда тарихтың объективті заңдары ұмыт қалдырылды. Батыс өркениетінің ғасырлар бойы құрылғаны ескерілген жоқ: онда ұлттық рынок талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқаны, демократиялық құқықтар жолында аса ауыр күрестер жүргізілгені, парламенттік жүйенің де оңай қалыптаса қоймағаны белгілі.

Нарыққа тез арада көшу дәмесі де елес болып шықты. Нарық көбіне алғашқы қауымдық жайма базарға айналып; меншікті жекешелеңдіру оның иесі болмағандықтан пәрменді

қызмет атқара алмады; мемлекеттік бюджет кредиттік алаяқтықтың көзіне айналды. Халық билігі ретіндегі демократия көбінесе әр түрлі ықпалды топтардың билік жолындағы күресімен, жершілдіктің күшеюімен алмасты.

Бостандықтың жемістерін көп ретте қатардағы азаматтар емес, неше түрлі қылмысты және бүлікшіл элементтер пайдаланып кетті. Бірақ “қысылтаян” кезеңдегі арсыздықпен баюдың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың, құқық қорғау органдарының, қаржы-банк, коммерциялық құрылымдардың жылпос өкілдері мен қылмыскер алпауыттарды біріктіріп жібергенін қиналсақ та, мойындауға тура келеді. Қазір нақ солармен ең қатал күрес жүргізіліп жатқаны сіздерге белгілі.

Бастан кешіп отырған әлеуметтік дағдарыстың себептері әзірше әлсіз саяси күштердің тайталасынан ғана емес, сонымен қатар бір жағынан, прогресшіл демократиялық процесс пен екінші жағынан, ескі сананың көрінісі болып табылатын консервативтік күштер арасындағы қайшылықтардан да туындап отыр.

Ахуалдың шиеленісуінің мәні мынада: адамдардың реформалар мен еркіндікке деген бастапқы ынта-ықыласы нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси тірек тауып, табандай алмауында. Біз әлі толық айқын емес қоғамда өмір сүріп жатырмыз, онда ескі мемлекеттік социализм жүйесінің қуатты блоктары мен демократиялық өмір салтының шашыранды элементтері әбден араласып кеткен.

Бұл проблемалар қайдан туындап отыр? Ең алдымен, қайта құрудың якобиндік кезеңі халықтың реформаларға, тіпті демократиялық ұғымға деген сенімін біржола үзді. Біздің бұрынғы жүйемізді көрегендікпен саралай білген шетелдік білгірлердің бірі сол кездегі ахуалды былайша дәл сипаттайды: “Бәрін де істеуге болады, бірақ жасалып жатқан ештеңе жоқ. Бәріне де рұқсат берілген, бірақ еш нәрсені де жүзеге асыруға болмайды”.

Гәп мынада: ол кезде Кеңес Одағы басшыларының сындарлы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің

ешқандай бағдарламасы болған емес. Кеңестік жүйенің іргелі негіздерінің бірде-біріне — КОКП-ның жетекші рөліне, мемлекеттік меншік монополиясына, идеологиялық өктемдікке — күдік келтірілген жоқ. Ал дәл осы ұстындар қайта құрудың басты объектілері болуға тиіс еді. Нәтижесінде жүйені реформалау жүзеге асырылмай, қайта ол күйреп тынды.

1991 жылғы тамыз айындағы белгілі оқиғалардан кейін жаңа Тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу және қазіргі таңдағы әрі болашақтағы проблемалардың бәрінен құтқаратын құдіретті күш ретінде жаппай егеменділік идеясына еліктеу кезеңі басталды. Ашық айтылмағанымен, тәуелсіздік туралы жариялап, демократия мен нарық бағытын белгілесе болғаны, барлық қиыншылықтар артта қалады деп түсіндіріліп келді. Қазақстанда да осындай пікірлер орын алды.

Ал шындық бұдан әлдеқайда қатал болып шықты. Ол жарияланған тәуелсіздікпен нақты егемендікке қол жеткізудің арасында ұзақ жол жатқанын көрсетіп берді. Демократия мен нарықты жариялаудан оларды нақты қалыптастыруға дейін дамудың күрделі кезеңінен өту керек. Бұл әсіресе 1993-1994 жылдары ерекше түсінікті болды. Бұл кезге дейін әлеуметтік топтардың арасы күрт ажырап кетті. Қоғам біртұтас емес, қайта онда оның болашақ құрылымы туралы өз мүдделері мен түсініктері басым мүлдем бөлек топтар бар болып шықты.

Осы кезең ішінде өздерін партия және қозғалыс деп дабырайта атап жүрген, шектен тыс өзімшіл және қоғамдық мүдделерді көздемейтін лидерлер бастаған толып жатқан ұсақ топтар пайда болды. Мемлекеттіліктің қалыптасуындағы осындай ауру екі бірдей парламенттік дағдарыстан, ал мұның немен біткені белгілі және үкіметтің екі рет отставкаға кетуінен көрініс тапты.

Иә, бұл адамдардың реформалардан көңілі қалған, терең қоғамдық саяси күйзелістің кезі болды. Бірақ бұл сауығу және реформаторлық жолдың барлық қиындықтарын біртіндеп сезіну кезеңі де болды.

Мұның бәрін мен тек атап өту үшін ғана емес, өзімнің де қателіктерімді сезіне отырып айтып тұрмын. Бұл жерде тек байқап көру және қателіктерден тағылым алу тәсілін пайдалана отырып, бұрын-соңды көріп-білмеген жолмен жүретініміз арқылы ғана ақталуға болады.

Осыны бәрі түсіне білгенін биылғы 29 сәуірдегі референдумда білдірген халыққа рақмет.

Сонымен қатар, 1991—1994 жылдары өмірдің барлық салаларында елеусіз болғанмен, іргелі сипат алған маңызды ілгерілеулер де болып жатты. Экономиканы алайық. Біздің өмірімізге әлі толыққанды болмағанымен, өз ережелерін әкелген, республика ішіндегі және мемлекетаралық шаруашылық қатынастарына өз түзетулерін енгізген нарық келіп енді. Мысалы, біз ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі бұрынғы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру туралы жиі айтамыз, олардың үзіліп қалуы өндіріс дағдарысының тереңдей түсуінің елеулі факторы болып отыр. Бұрын бұл байланыстарды мемлекет жоғарыдан реттеп отыратып, ал қазір олар нарықтық жүйе арқылы төменнен реттеле бастады. Тағы бір жайт: бәсекелестік пен оның салдары ретіндегі тауарлардың сапалылығы және олардың нақты бағасы тәрізді нарықтық атрибуттар пайда болды. Мен мұның игі іс екендігін атап өтпеймін. Сонымен қатар, нарықтық инфрақұрылымның жекелеген элементтері қалыптаса бастады, отандық кәсіпкерлер пайда болды. Меншік режимі белсенді түрде алмаса бастады, сыртқы сауда ырықсыздандырылып, ұлттық валюта нығая түсті.

Тек 1993 жылғы қараша айында теңге алғаш енгізілген сәттен бастап біз елдегі қаржы-экономикалық процестерін және реформалар барысын нақты басқара бастағанымызды естен шығармау қажет. Мемлекеттігіміздің нақты қалыптасуы да сол кезде басталды. Қазақстан дүние жүзіне танылды, оның бейбітшіл мемлекет ретіндегі беделі арта түсті. Шетелдік инвесторлар үшін біздегі саяси тұрақтылық басты кепіл болды: сондықтан да олар бізге сенім білдіріп, елімізге келе бастады.

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қоғамдық шырғаландардың бәрінен Конституция мен заңдардың негізінде өттік. Таяуда өткенмен салыстырғанда мұның маңызы аз емес: өзгеше ойлайтындар мен жеке адамды тұншықтырудың бұрынғы практикасының орнын проблемаларды шешудің саяси тәсілдерінен және өзгерістердің бейбіт, табиғи ағымына деген адалдық басты. Мен мұны жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудағы қазақстандық нұсқаның айрықша белгісі деп бағалар едім. Біз саяси тайталастың қантөгісті қақтығыстарға ұласуын болдырғанымыз жоқ, біздегі парламенттік дағдарыстар қалалардың көшелеріне танктерді шығарудан аулақ болды, біз азамат соғысына кіріскеніміз жоқ, жікшілдік пиғылдармен байланысты шиеленістің ушығуына жол бермедік.

Біздің үлесімізге тиген қиындықтар аз емес, бірақ басқа елдердің басынан кешіргенімен салыстырғанда өтпелі кезеңнің көптеген сұмдығынан біз аман қалдық және сол үшін мақтана аламыз. Сондықтан да мемлекетіміздегі татулық пен тұрақтылықты бағалап, көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз. Бүгінгі таңда бұрынғы режимге қайтып оралудың мүмкін еместігі баршаға аян деп ойлаймын — экономикалық жүйеде, адамдардың санасында және қоғамның әлеуметтік құрылымында өте көп нәрселер өзгеріп кетті. Міне сондықтан, үш-төрт жылда жүріп өткен жолымызға көз жүгірте отырып, мынаны ашып айтуға болады: ол халық пен мемлекет үшін тарихи жағынан ондаған жылдарға барабар.

Шынайы демократия, тұрақтылық, рухани жаңғыру жолында

Біздің қоғамымыз жаңа, шынайы демократиялық өзгерістердің табалдырығында тұр. Алайда, егер біз құқықтық мемлекет болуды шынымен қаласақ, онда Конституцияны мүлтіксіз сақтауға тиіспіз, өйткені ешқандай жағдай заңнан жоғары болуға тиіс емес. Өкінішке орай, біздің идеологиямыз

мемлекеттің қоғам мен жеке адамға қатысты құқықтық жүгенсіздігін олардың мүдделерін қорғаудың қажеттігімен өте ұзақ әрі жиі бүркемелеп келді. Ал сонау қайта өрлеу дәуірінің заңгері Гуго Гроций былай деп сақтандырған болатын: “қажеттілік дегеніміз адамның әлсіздігін кереметтей қорғап, кез келген заңды бүлдіреді”.

Қазір біз ұзақ мерзімге арналған іргелі құжатты қабылдау алдында тұрған кезде біз жағдайдың салдарларынан, күнделікті кездесетін қиындықтардан және неше түрлі “өтпелі кезеңнің қажеттіліктерінен” жоғары тұруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз күшті мемлекет құру болып табылады, бірақ ол бәрін жаныштайтын күш емес, барша жұрт мойындаған демократиялық бостандықтар мен мұраттардың негізінде азаматтарды қорғайтын құрал болуға тиіс. Бұл орайда жол біреу ғана — мемлекеттің меншікке деген монополиясын белгілі деңгейге дейін шектеу, оның басқа түрлерін дамыту және әрбір азаматқа кәсіпкерлік еркіндігін беру.

Осыған байланысты әлі күнге дейін “кеңестік күпіден” шыға алмай, мемлекеттік сектордың мүдделерін қорғайтын адвокаттар сияқты болып отырған үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға сын айтқан жөн. Олар меншіктің басқа түрлерімен тығыз айналысып, жеке бизнеске көмектесуі қажет. Заңдар бұған мүмкіндік беріп қоймай, соған ынталандырып та отыр.

Экономикадағы пайда болған жақсарудың жемістерін халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің, ең алдымен — табысы аз, еңбекте жарамсыз азаматтардың, зейнеткерлер мен оқушылардың көкейкесті мұқтаждарын қанағаттандыруға жұмсаған жөн. Ал басқаларына келетін болсақ, мұнда мемлекет еңбекке және шығармашылықта өзін-өзі көрсетуі үшін олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджетті жүйелі және сенімді түрде толықтырып отыру керек. Бұл

тұста барынша реттелген салық жүйесі шешуші рөл атқаруға тиіс. Біз салық қыспағының салмағы халықтың экономикалық белсенділігін түншықтырып, қазынаның кірісін қысқартатындай шектен асып кетпеуге тиіспіз. Мынадай асыл мәтел бар: салық төлеуші — ертең ауланатын аң емес, мемлекеттің серігі.

Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету және осының негізінде — халықтың жақсы тұрмысқа қол жеткізуі үшін мен үкіметке биылғы жылы қараша айына дейін 1996—2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативті жоспарының жобасын жасауды тапсырған едім. Көптеген егжей-тегжейлі жайттарды қозғал жатпай-ақ, ең бастысын айтайын: бұл құжат Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін кемінде екі есе көтеру, 1998 жылға қарай инфляцияның жыл сайынғы өсу қарқынын 10 процентке дейін азайту, 1996 жылға дейін өндірістің өрлеуін қалпына келтіру үшін қажетті шараларды айқындауға тиіс.

Жасалып жатқан осы бағдарламада шағын және орта бизнестің тиімділікпен жұмыс істеуі, жеке меншік кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыру белгіленді. Сондай-ақ, бұл жерде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін оңтайлы етуге, оған неғұрлым нақтылық беруге, соның ішінде мемлекеттік басқару органдары арасында міндеттемелерді айқын бөлуге және жергілікті органдарға халыққа қызмет көрсету міндеттерін беруге баса назар аударылатын болады, бұрын бұл кәсіпорындар мен шаруашылықтардың құзырына жатқызылып келген болатын.

Кеңірек айтсақ, жарияланған демократиямыз, еркін экономика болмаса, диктатура туындайтын негізге айналады. Бұл арада жеке тұлғаның, адамдар тобының немесе партияның диктатурасы болса да — бәрібір. Қоғамның құрылымы қалыптаспаған және тұрақтылығы жеткілікті болмаған жағдайда кез келген кездейсоқтық, оқиғалардың кез келген әрбірі орын алуы мүмкін.

Жақында біз Жеңістің 50 жылдығын мерекеледік. Әлем қазіргі өмір үшін кенес халқының мәңгілік ерлігіне

борыштар. Ал дүниежүзілік қырғынды өршіткен Гитлер де өкімет басына демократиялық сайлау арқылы келген жоқ па? Және де адамдардың мүдделерін бүркене отырып, қазір де алуан түрлі өрепкіген элементтер әр жерде билікке ұмтылып жүрген жоқ па? Біз өткеннен және осы бүгінгімізден тағылым алуға тиістіміз.

Қазақстанда демократияның қажетті саяси кепілдіктері бар. Мен өзіміздің дұрыс даму жолын таңдап алғанымызға сенімдімін. Біздегі көппартиялылыққа кепілдік жасалғанының, баспасөз еркіндігі қамтамасыз етілгеннің өзі осыны дәлелдейді ғой. Мемлекеттік өкіметтің саяси бағыты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге бағдарланған.

Өкінішке қарай, біздің адамдардың бәрі бірдей болып жатқан өзгерістердің қайта айналып соқпайтынын сезіне бермейді. Республикада қоғамда жеткілікті дәрежеде жаппай қолдауға ие болып отырған партиялар әлі қалыптаса қойған жоқ, ал бұл мемлекеттік өкіметтің қоғамдық көңіл-күйді объективті түрде біліп отыру мүмкіндігінен айыруда. Бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін өркениетті саяси құрылым қалыптасып, қоғамға ықпал ете алатын, бағдарламалары мазмұнды және елеулі кадрлар әлеуеті бар партиялар нығая түседі. Олардың өкімет басына келуі нормаға айналып, ең бастысы — бұл қоғам үшін пайдалы болмақ!

Демократиялық қоғам құрудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы бірер сөз айта кетейін. Бұдан бұрын да айтқанымдай Қазақстанда еркін де тәуелсіз баспасөздің болуы — біздің баға жеткісіз демократиялық табысымыз. Көп адамға бұл жайсыз да. Көбіне осыған байланысты мен түрлі топтардан қысымды да аңғарып жүрмін. Дегенмен, мына жайтты батыл түрде мәлімдеймін — біз алдағы уақытта да Қазақстанда еркін журналистика әрқашан орнығуы үшін жағдай жасай бермекпіз.

Ендеше мына жағдаймен де келісу керек: мемлекет баспасөз үшін қалыпты жұмыс жағдайын туғызатын болса, онда ол да заң мен журналистік этика шеңберінен шықпауға тиіс.

Өйткені абайсыз айтылған бір сөз болжап білуге болмайтын оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Кейбір басылымдар өз таралымын ұлғайту үшін ұлттық немесе діни наным-сенімдерді ашық немесе астыртын түрде пайдалануға әрекет жасауда. Өмірдің қиыншылықтарын құлшына жазып, оның тек көлеңкелі жақтарын көрсету жаппай орын алып отыр. Мұның өзі қоғамда тұйықтан шығар жол жоқ деген сезім мен әлеуметтік күйзеліс туғызатынын және адамның жаңа жағдайда өз орнын тауып, оған бейімделе білуіне зиянын тигізетінін журналистердің түсінбеуі мүмкін емес.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!

Мен түрлі аудиторияларда және сан алуан адамдармен әңгімелескен кезде жүргізіліп жатқан реформалар рухани азғындауға әкеледі, қаласақ та, қаламасақ та нарық психологиясы қара күшті, қандай жолмен болса да баюды, өзімшілдікті құрметтеу сезімін туғызады деген пікірді жиі естимін. Сіздер де жастарымыз адамгершілік бағдардан айырылып қалды, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінің бастауын құрметтемейді, үлкенді сыйлауды мүлдем қойдымыс, олар мөңгүрттер, жоғалған ұрпақ, бұдан басқа ештеңе емес, деген күңкілді талай естіген боларсыздар.

Үзілді-кесілді мұндай тұжырым жасау — ежелден келе жатқан “әкелер мен балалар” дау-таласында ең жақсы дәлел болмаса керек. Бұл проблемаға бұра тартпай қарайықшы: қазір жастардың басым көпшілігі шет тілдерін баса үйреніп, басқа елдердің мәдениетіне, салт-дәстүріне ықылас қойып жүр, өз халқының рухани тамырын зерттеп, маркетинг пен менеджменттің негіздерін, басқа да ілім-білімді үйренуде. Және мұның бәрін әбден саналы түрде, жаңа білім алдағы уақытта өздеріне міндетті түрде керек болатынын толық түсіне отырып істеуде. Мұның өзі шынайы рухани байлыққа, дүниежүзілік, яғни ұлттық мәдениеттің де бастауына жеткізер жол осы емес пе?

Екінші жағынан, меніңше, жас ұрпақтың рухани және адамгершілік саласындағы мұралардан толық қол үзіп қалуы-

ның қаупін де мүлдем жоққа шығару елеулі қате болар еді. Иә, ақпарат ағынына жол ашқаннан кейін біз шынайы адамгершілік қасиеттерді әсем де жылтыр қағазға оралған арзан да жасанды құндылықтармен алмастырып жүрген бұқаралық мәдениет деп аталатын коқыспен де кездесіп отырмыз. Әрине, жылдар өте келе жастар шынайы құндылықтарды жасандысынан ажырата білуді үйренетін болады. Ал оның күрделі әлемде бағдарын тауып, рухани бағытын анықтауына біз, аға ұрпақ өкілдері көмектесуге тиіспіз.

Біздің көп ұлтты қоғамымыздың адамгершілік негіздерін қалау мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін көтерілуге тиіс деп ойлаймын. Анығырақ айтқанда — бұл бағытта мемлекеттік саясат қажет, таяу және алыс болашақтағы іс-қимылдардың мұқият әзірленген бағдарламасы қажет. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өміріміздің қайтарымы ең көп “салалары” — білімнің, мәдениеттің, өнердің басым дамуы үшін Қазақстанда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс екеніне барша жұрт келіседі деп ойлаймын. Адам, оның білімімен мәдениеті үшін жұмсалған қаржы мемлекеттің болашағына жұмсалғаны. Сондықтан жаңа Конституцияның жобасы адамға барынша бағытталған, оның рухани және адамгершілік мұқтаждарының қанағаттандырылуына кепілдік береді.

Негізгі принциптер

Қазіргі уақыт өткенді өзгерте алмайды, бірақ одан тағылым ала алады. 1993 жылғы Конституциядағы ағаттықтар мен шалағайлықтар, еріксіз жол берілген мәмілелер кейіннен бірқатар жағдайларда елді құқықтық және саяси тұйыққа әкеліп соқтырды.

Қысқа мерзім ішінде парламенттің екі рет тарағанын еске алайықшы. Мұның әрқайсысында ол белгілі бір дағдарысты жағдайда өтті. Ал мұндай жағдай Конституцияда көзделмеген. Оның үстіне өкіметті тежейтін және оған қарсы салмақ бола

алатын жүйесін сөз жүзінде жариялағанымен, іс жүзінде Конституцияда бұлар жоқ болып шықты. Социалистік өткеніміз бен нарықтық болашақ арасындағы қыспақта қалған әр алуан түрлі және өзара үйлеспейтін ережелердің берекесіз жиынтығына айналды да бұл оны дәйектілік пен біртұтастықтан айырды.

Алғашында қолданылып келген Конституцияға мейлі көп болса да, тек түзетулер енгізумен шектелу керек деген нұсқаның ұсынылғанын көпшілік біледі. Бірақ одан соң Негізгі Заңның құрылымын ауыстыру, аса принципті ережелерді өзгерту қажеттігі айқын болды, ал бұл ережелер көптеген басқа баптардың түзетілуін керек ететін, ал бәрін бірдей біртұтас және өзара байланысты құжатқа жинақтаудың мүмкін еместігі анықталды.

Соның нәтижесінде сапасы өзгеше Конституцияның жобасы сіздердің қолдарыңызда, онымен соңғы жарты жыл бойы белсене жұмыс істедім. Маған отандық заң ғылымының үздік өкілдері көмектесті. Жоба отандық және шетелдік сарапшылардың тәуелсіз талдауынан өтті.

Жекелеген ережелер қоғамдық пікірді зерттеу жолымен тексерілді. Менің ойымша, барлық бұлтарыстар мүмкіндігінше ескерілді. Ұсынылып отырған тұжырымдардағы ең өткір мәселелердің құқықтық реттелуі — аса қиын толғаныстардың нәтижесі және оның мақсаты — баршаны біріктіру, біздің қоғамымызда белгілі бір жақтардың тайталасын тудырмау. Жаңа Конституция “халықтың өкіметпен” біртұтас, анық әрі нақты шарты ретінде ойластырылып, ұсынылуы арқылы ерекше болып отыр. Ол адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің, қоғамды ұйымдастырудың, мемлекеттік жүйе құрудың және оның жұмыс істеуінің әркімге аян іргелі жүйе түзетін басым элементтерін тағайындайды. Және бұдан басқа ештеңе де емес. Қалған жекеше сипаттағы жайттар кәдімгі немесе Конституциялық заңдарда өз алдына реттелуге тиіс.

Бұл Конституцияны халық қолдайды деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекеттің өзіндік сипаты бар, “халық еркіндігінің ұлы хартиясына” айналады деп сенемін. Онда тәуелсіз мемлекет ретінде, дүниежүзілік қоғамдастыққа толық құқығы бар мүше болып енген Қазақстанның өмір сүруі мен дамуының бес негізгі принципі тұжырымдалған деп есептеймін.

Сонымен, біздің конституциялық басым бағыттарымыз мыналар болып табылады:

1. Мемлекетте оның барлық азаматтарының құқық теңдігі негізіндегі ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылық.

2. Республиканың бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму.

3. Елдің тұтастығы мен оның көп ұлтты халқының бірлігі.

4. Мемлекеттің бірінші кезекте Қазақстан азаматтары туралы жан-жақты қамқорлығына негізделген қазақстандық патриотизм.

5. Мемлекеттік маңызды мәселелердің бәрін референдумда немесе парламентте дауыс беру жолымен бейбіт әрі демократиялық жолмен шешу.

Жобада бұл принциптер келтірілмеген. Бірақ мен олар Конституцияның I-бабында жазылуға тиіс деп есептеймін.

Сіздер жаңа Конституция жобасымен танысқан болар деп пайымдай отырып, оның тек өзекті ережелеріне ғана тоқталмақпын. Қазақстан мемлекеттігінің табиғаты, оның мәні туралы мәселеден бастайын. Бұл орайда Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы идеясы басым болып табылады, ол елдің жаңа Конституциясында көрініс табуға тиіс.

Өзінің қай ұлтқа жататынына карамастан, әрбір қазақстандық азамат Қазақстан — өзінің жан-тәнімен біте қайнасқан туған мемлекеті екенін, жер шарының қай түкпірінде жүрсе де ол әрқалай өзіне көмекке келуге, оның құқықтары мен бостандығын қорғауға дайын екенін сезінуге тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін өркендету және тәрбиелеу үшін түбірлі негіз пайда болады. Тек осы жағдайда ғана біздің азаматтарымыз қазір бүкіл дүние жүзі

Қазақстан ретінде біліп отырған мемлекеттің азаматы болғаны үшін мақтаныш сезіміне бөленетін болады.

Дәл осыған байланысты жобада бұл мәселені шешудің тұтас екі жолы көзделген. Бір жағынан, біздің елімізді Қазақ Республикасы деп атау ұсынылып отыр. Ол ондаған жылдар бойы Қазақ КСР-і деп аталып келді және бұл ешкімді шамдандыра қоймаған болатын. Бұл орайда екінші бапта “Қазақ Республикасы” және “Қазақстан” деген түсініктердің тең дәрежелі екендігі көзделген.

Сонымен бірге, қазір күшіндегі Конституциядағы Қазақстанның өзін-өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеті болып табылатыны туралы жазба біздің кейбір отандастарымыздың алаңдаушылығын туғызды.

Менің өзім үшін Қазақстан — бір ғана қазақтардың емес, елімізді мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің мемлекеттік өзін-өзі билеуінің нәтижесі.

Жобада Президенттік басқару нысанындағы республика ұсынылады. Мұндай мемлекеттік құрылым бүгінгі мемлекет басшысының әлдебір мүдделері мен жеке ниетінен емес, қайта объективті факторлардан туындап отыр. Және де бұл біздің еліміз үшін айтарлықтай ұзақ келешекке қажет.

Парламенттік республика кезінде үкімет басшысы мен үкімет құрамын парламент белгілейді және олар парламенттің алдында саяси жауапты болады. Оның үстіне үкімет құрамы парламентте көпшілік орынға ие болып партияның лидерлерінен құрылады. Парламент сайлаған Президенттің мемлекеттік өкіметтің жұмысына ықпалы аз болады және оның шешімдері тек парламент пен үкімет мақұлдағаннан кейін ғана күшіне енеді.

Бұл жолмен жүру үшін елде парламентаризмнің жетілген дәстүрі мен мәдениеті, көппартиялылықтың дамыған жүйесі және ең бастысы — осының бәрін ой елегінен өткізе алатын халықтың сан алуан жіктерінің түсінігі болуға тиіс. Қазір бізде бұл жоқ.

Президенттік республика түріндегі мемлекеттік құрылыс — барынша икемді нысан. Ол Президенттің, парламент пен

үкіметтің өкілеттіктерін нақты үйлестіруді көздейді, іс жүзінде билікті заң шығарушы, атқарушы және сот салаларына бөлетін классикалық қағиданы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл орайда бүкіл халық сайлаған Президент Конституцияны сақтаудың кепілі бола отырып, сондай-ақ биліктің барлық салаларының және халық алдындағы олардың жауапкершілігінің ұйымдастырушысы әрі төрешісі бола алады. Ол мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекет басшысының рөлін және Конституцияны, адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндігін сақтаудың кепілді рөлін атқаруына, биліктің барлық салаларының және бүкіл мемлекеттік организмнің үйлесімді және жемісті міндет атқаруын қамтамасыз етуге көмектесетін органдар құрады. Демократиялық елде “бәрін бірдей шешетін” адам да, орган да болмауға тиіс.

Әрине, президенттік республиканың нысаны өкімет билігін дербестендіруге бейім келеді, бірақ демократиялық тежеулер бар болған кезде мұның өзі белгілі жағдайда тіпті қажет те. Мұндай басқару реформалар кезеңінде және ахуал тұрақсыз жағдайда басқа қоғамдық жүйеге көшу кезінде, сондай-ақ аумағы кең-байтақ елдер мен көпұлтты мемлекеттерде ерекше тиімді. Қазақстанда және бұрынғы одақтың басқа республикаларында болып жатқан саясаттағы түбегейлі бетбұрыстар мемлекет басшысының басқаруы арқылы мемлекеттің бақылауымен жүргізілуге тиіс, өйтпесе бәрін түгелдей сыбайласқан жемқор әрі қылмысты топтар билеп алады.

Бұрынғы одақтың аумағында мұндай тенденцияның сорақы мысалдары толып жатыр. Демек, бүкіл реформалар процесінің түпкілікті табысы үшін мұндай бақылаудың маңызы айрықша.

Президенттік республикадағы Президент қалай көрінбек? Оны бүкіл халық сайлайды, ал ол Премьер-министрді және оның ұсынысымен үкіметтің мүшелерін тағайындайды. Оларды қызметтен, Президенттің өзі ала алады немесе

үкіметке парламенттік сенім көрсетілмеген жағдайда осылай істейді. Парламент белгілі жағдайда президенттік өкілеттікті мерзімнен бұрын тоқтата алады, бірақ Президент те, Конституцияда көрсетілген жағдайда парламентті де таратуға құқықты. Конституциялық сот Президенттің қол қойған заңдарын немесе оның жарлықтарын, егер бұлар Конституцияға қайшы келетін болса, заң күшінен айыруға құқықты.

Көріп отырғандарыңыздай, президенттік биліктің арбитраж билікке айналуына жол бермейтін тежеулер мен жақсы салмақтар жүйесі бар. Мен жеке-дара билікті жақтамаймын. Бірақ, сонымен бірге мен Қазақстанда биліктің және мемлекеттік институттардың барлық салаларынан — жас мемлекетті дағдарыстан алып шығуға, оның аяғынан нық тұруына, шынайы демократиялық қоғам құруға қабілетті күшті өкімет құруды жақтаймын. Мұндай қоғамда азаматтар демократияны елдің заңдарына қатаң бағынудың өзін бостандық ретінде бағалауға тиіс. Және ең бастысы барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі негізінде саяси және ұлысаралық тұрақтылықты сақтау. Күшті Президенттік өкімет билігі әрбір жеке азамат пен тұтас алғанда бүкіл қоғамды қорғау мүддесі жолында барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың өктемдігін шектеуге және оның жолын кесуге тиіс.

Оркестрде бір дирижер болуға тиіс, сонымен бірге ол әрбір сазгердің абыройы мен міндетін төмендетпеуі керек. Өткен жылдардың тәжірибесін талдай келіп, басқаша жолды көре алмай отырмын. Өзіміздің жаңа тарихымызда біз алғашқы қадамдар жасаудамыз және олардың былықтың күшеюіне немесе жаңа қоғамдық тығырыққа тірелмеуі өте-мөте қажет. Дүниежүзілік ахуал, сайып келгенде, бүкіл әлем тек демократия тілімен сөйлейтіндей кезеңге қарай ілгерілеп барады дегенге сенетін ел басшыларына қосыламын. Біздің де осы бағытта жүруге тиіс екеніміз даусыз.

Мен демократияға терең берілгенмін, сондықтан осынау биік мінберден өзімнің жүрек жарды сөзімді мына-

дай тұжырыммен аяқтағым келеді: “Демократияға байыпты қарайтын адамға алынбайтын бөгет қойылады, ал оны жек көретіндерге — шексіз мүмкіндіктер беріледі”.

Әлем алуан қырлы, оның тартымдылығы да осында: ішкі мәні бірдей бола тұрғанымен демократияның бірдей нысандары жоқ, әр ел міндетті түрде өзіне тән бір ерекшелік қосады.

Бұрын айтылғанындай, біз үшін демократияны құрудың басты шарты бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, реформаларды тереңдете түсу, жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысты жою болып табылады. Әлсіз өкімет елде ең қарапайым тәртіптің өзін орната алмайды, тіпті соншалықты қымбатқа түскен реформаларды орға жығады. Бұл менің ойымнан шығарғаным емес, объективті шындық. Шешуші сөзді Қазақстан халқы айтады.

Жұртшылықты толғандырған жерге жеке меншік енгізу және азаматтық проблемалары, менің пікірімше, Конституция жобасында оңтайлы шешімін тапқан. Жердің мемлекеттің меншігінде де, жеке меншікте де бола алатыны Конституциялық жолмен тұңғыш рет айқындалып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында жер сату — сатып алу объектісі болуға тиіс. Бірақ, біздің шындыққа келейікші. Қазір ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді осында жұмыс істеп жүрген біздің азаматтарымыздың қолында қаражаты болмай тұрған кезде сату мен қайтадан сатудың жаппай процесін енгізу бұл адамдарды тонап алуды, олардың еріксіз жатақ болуына әкеліп соғар еді.

Біздің қоғамымыз жерге жаппай жеке меншік енгізуге әлі дайын емес. Жер — кез келген мемлекеттің басты байлығы болып табылады. Конституцияны жасау жұмысы процесінде көптеген елдердің жер қатынасы саласындағы практикасы зерттелді. Барлық елдерде де өз ерекшеліктері ескеріле отырып, бұл мәселе көптеген түсінік-ескертпелерді алға тарту арқылы аса мұқият та сақтықпен шешілген. Иә, оларда жер сатылады және қайта сатылады, бірақ бұл процестер өмірлік

маңызды ұлттық мүдделерге қысым жасауға мүмкіндік бермейтіндей шеңберде және тиісті процедуралар арқылы жүргізіледі. Біздің қоғамымыз оның басқарушы органдарымен шаруашылық субъектілері осы проблеманы білу мен түсінудің мұндай деңгейіне әлі жете қойған жоқ. Сондықтан біз тек өзімізге ғана емес, еліміз азаматтарының келесі ұрпақтарының да меншігі болып табылатын өзіміздің басты байлығымыздан бір-ақ сәтте айрылып қалу қаупіне душар болуымыз мүмкін.

Сондықтан біздің Конституциямыз “жай жүріп жалпак бас” принципі бойынша “жүріп келеді” және бұл мәселелердің болашақта шешілуін көздейді. Ал қазір жердің жеке меншікке тек заң бойынша белгіленген негізде, шартта және шекте болуы ықтималдығы қарастырылған. Осы ережеге сүйене отырып, бау-бақшаға және үй жанындағы учаскеге, сондай-ақ кәсіпорынның технологиялық жұмысы үшін қажетті жерге ғана жеке меншік енгізілетін болады.

Бұлардың соңғысы отандық және шетелдік инвестордың біздің елімізде өз кәсіпорнын батыл ашуына мүмкіндік береді. Өндірістік аумаққа жеке меншік құқығының болуы оны жергілікті өкімет орындарының өктемдігі мен неше түрлі қоқан-лоққы жасаушылардан қорғайды. Жерге жеке меншік енгізу туралы мәселеге тым саяси мән беріліп жүргенін ескерте кетейін. Қазір күшіндегі жерді 99 жылға мұрагерлікпен пайдалануға болатындай етіп, ұзақ мерзімге жалға берудің “толық” жеке меншікке беруден айырмашылығы аз. Тек бұл құқықты жалға берушінің өз бетімен мерзімін қысқарта алмайтындай және әлдебір ойдан шығарылған талаптар қоя алмайтындай нысанға енгізу керек.

Азаматтыққа келер болсақ, Конституция ешкімді де шет қалдырмай тек Қазақстан азаматтығын ғана бекітеді. Бізде Ресеймен азаматтық берудің өзара жеңілдетілген нысаны туралы келісімге қол қойылғанын білесіздер. Таяуда мен бұл тәртіпті бүкіл ТМД кеңістігіне тарату туралы мәселе қойдым. Қазір біз азаматтық берудің жеңілдетілген нысаны жөніндегі

концепцияның жобасын дайындап жатырмыз және оның ТМД басшыларының келесі кездесуіне қарауға ұсынбақпыз.

Реформалау процесін бастан кешіп жатқан және ішінара өзара сенімсіздікке ұшыраған қоғам жағдайында тек біртұтас азаматтық қана айқындық енгізіп, адамдардың санасындағы екіұдайлықты жояды. Екі тұғырға сүйену ешқашан да жемісті болып, абырой әперген емес. Негізгі принциптерде айтылғанындай, біз тек Қазақстан азаматының жағдайы басқаның бөрінен басым болатынын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Тіл жөнінде айқындалу бөрінен қиын болды. Түрлі ықтимал нұсқалар қаралды. Талай рет жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар мен ұзақ айтыстардан соң қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қалдырылсын деген бір тұжырымға келдік. Оған мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады деген мазмұндағы маңызды ереже қосылды. Бүгінгі таңда бұл проблеманың ең онтайлы шешімі деп ойлаймын. Бұған қоса белгілі бір тілді білмегендігі үшін азаматтардың құқығын кемсітуге тыйым салатын арнайы ереже енгізілді. Тиісті баптың орындалуына қатаң мемлекеттік бақылау жасалды.

Бірден айтайын, қос мемлекеттік тіл енгізу туралы ұсыныстар болды, олар барынша мұқият және жан-жақты талқыланды.

Халықтың әр түрлі топтарында қоғамдық пікірді зерттеу жүргізілді. Ақырында көптеген себептер бойынша мұның жарамсыздығы туралы пікір басым түсті. Мұндай жағдайда азаматтардың барлығы үшін екі мемлекеттік тілді білу міндетке айналатыны — маңызды дәлелдердің бірі бола алады. Қазір бұл мүмкін емес, сонымен қатар осының салдарынан шиеленістер мен қақтығыстардың туып кетуі ықтимал екені өздеріңізге де түсінікті.

Қазақ тілінің мемлекеттілігі ең алдымен оны қазақтардың өздері меңгеруі үшін қажет. Бұрын оның әдейі аз талап етілуі салдарынан, көптеген қазақтар қазір ана тілін нашар біледі,

бірталайы мүлдем білмейді. Бұған олар кінәлі емес. Ал тағы да екінші мемлекеттік тілді енгізу қазақ тілін тұйықтап, іс жүзінде теңсіз жағдайын тереңдете түсер еді. Мұның өзі қазақтарға жасалған тарихи қылмыс болар еді және бұрынғы империялық саясаттың салдарын жоюдағы біздің дәрменсіздігімізді көрсетер еді.

Біздің тағы бір маңызды нәрсені ескермеуімізге болмайды. Кейбіреулердің ұсынғанындай, мемлекеттік қазақ тілін сақтамау қазақтарды мемлекеттік тілі сақталған Орта Азиядағы көршілерінің алдында ғана емес, сонымен бірге ТМД-ның басқа да елдерінің алдында кемшін жағдайға қояр еді. Бұл өсіре ұлтшыл топтардың пайдаланып кетуі мүмкін ұдайы тұрақсыздандыру факторына айналар еді.

Тіпті Кеңес өкіметінің кезінде де бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Егер Қазақстан егемен ел болмаса да, қазақ тілін қайта өркендету мәселесі көтерілетінін түсінген абзал. Өзіне тән мәдениеті бар, әлемдегі 1113 халық пен ұлттың арасында саны жағынан 80-ші орын алатын, миллиондаған өкілі бар өмір сүріп отырған халық тапа-тал түсте өзінің тарихи Отанында ана тілінен айырылып, басқа бір ұлысқа сіңіп кетуіне ешкім де бұдан былай төзбес еді. Ал бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл аумағында осындай, шын мәніндегі арсыздық әрекет белсенді түрде жүргізіліп келді және ол барлық халықтарға қатысты болды.

Егер орыс тілі туралы айтар болсақ, оның қазіргі бекем жағдайы сол қалпында сақталады, өйткені ол қоғамда мемлекеттік тілмен қатар ресми түрде қолданылады деп көзделген. Басқаша айтқанда, Қазақстанда орыс тілінде алынған оқу мен білімнің қажеттілігі, аттестаттар мен дипломдардың басқалармен тең бағаланатындығы сақталады. Бұл біздің ұлты орыс азаматтарымыздың өз келешегі және өз балалары мен немерелерінің тағдыры үшін аландауын тылоға тиіс.

Орыс тіліне нақты мәртебе беруге қарсы шығып жүргендерге ашық айтқым келеді: оның ресми тіл ретіндегі

мәртебесі елдің орысша сөйлейтін азаматтарының тең құқығын қамтамасыз етеді. Тек бұл ғана емес. Мұның өзі біздің білім алуымызға, дамуымызға қажетті ақпараттарды алып жүрген тілге деген құрметіміз. Бұл — қазақтарға жан дүниесі жақын орыс халқына және бұдан былай да бауырластық сенімді қатынастарды сақтап, дамыта бергіміз келетін Ресейге деген сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі құрметіміздің көрінісі.

Орыс тілі бұрынғысынша білім берудегі басты тіл және алуан түрлі ақпараттар алудың негізгі көзі екендігі аян. Көптеген қазақтар осы тілде жоғары білім алуда. Ұлы Абайдың өсиетін еске түсіріп көрейікші: “Орыс тілін білсең, көкірек-көзің ашылады... орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті...” Республиканың барлық тұрғындары дерлік орыс тілінде сөйлейді. Сондықтан орыс тілі төмендетіліп отыр деуге еш негізі жоқ.

Мәселе мынада, бұрынғы абсолютті түрдегі этникалық жайлы жағдай мен орыс тілінің бәрін де қамтитын монополиясында кейбір өзгерістер болды.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы — орыс тілінің қолданылу аясын тарылту мақсатымен оған ор қазу емес, қайта қазақ тілінің жоғалып кетуін болдырмауға және оны Қазақстандағы орыс тілінің деңгейіне дейін көтеруге деген ұмтылыс екендігін баршаның түсінуі және қабылдауы қажет. Тіл төңірегіндегі айтыстар кезінде орыс тілінің шектес жатқан Ресей тәрізді қуатты да мәңгілік бесігі тұрғаны тәрізді маңызды жайт назардан сырт қала береді.

Осылардың бәрін қоса алғанда, “таяу болашақ ішінде осы ұлы тілге төніп тұрған қауіп бар ма?” деген сұрақ туады.

Ал сонымен қатар лингвист-ғалымдардың пайымдауы бойынша, қазақ тіліне төнген қауіп қазірдің өзінде аса зор болып отыр. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне бес жыл өтсе де, оның қоғамдағы жағдайының өзгере қоймағанына өкінемін. Сондықтан басқа тілдердің кемсітілуіне жол берместен қазақ тілін сауықтыру жөніндегі

арнаулы Заң мен әбден ойластырылғаң, салмақты шаралар қабылдау талап етіледі. Бұл Конституцияның өтпелі кезең ережелерінде жазылған.

Жобада құқықтар мен бостандықтар туралы нормалар жанаша ұсынылған. Олар өкіметтің қоғамға “барқыт қолғап киген темір қолын” көтеруі мүмкіндігінің жолын кеседі.

Бұл бөлімге тек азаматтың ғана емес, сонымен қатар адамның да құқықтарына қатысты нормалар алғаш рет енгізілген. Онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын өктемдікпен шектеудің кез келген түріне қатаң Конституциялық кедергілер қойылған.

Өзінің социалистік мазмұны бойынша сан алуан, әсем сөзбен өрнектелген және шексіз құқықтар мен бостандықтардың орнына Конституциялық жаңартылған бөлімінде күнделікті өмірде нақты қажет және іс жүзінде асырылатындары ғана келтірілген. Әңгіме әр адамның қажетті қорғанысты қоса алғанда заңға қайшы келмейтін барлық әдістер арқылы өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сот арқылы қорғамау, заңмен сот алдында барша адамның теңдігі, кез келген белгілері бойынша цензура мен құқықтарын кемсітуді болдырмау құқығы, сондай-ақ, басқа да нормалар туралы болып отыр.

Жобаға адам мен азаматтың жеке бостандығының классикалық элементтерін құрайтын төмендегідей қосымша конституциялық құқықтары енгізілген жеке басының бостандығы, құқығы және оған ешкімнің қол сұға алмауы; жеке басының және отбасылық құпиясы, өзінің абыройы мен жақсы атын қорғауы; жеке салымдары мен жинақтарының, жазған хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөзінің, почта, телеграф арқылы жолдаған және басқа хабарларының құпиялығы; өзінің қай ұлтқа жататынын көрсетуді немесе көрсетпеуді таңдай алу құқы; өз ана тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиесін, оқуын және шығармашылығын еркін таңдау құқығы.

Жобада адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін көбірек айтылып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір конституциялық шектеулер де қойылғанын ескерте кетуге тиіспін. Бірақ бұл конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілік мұраттарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, соншалықты деңгейде ғана болмақ. Біздің еліміздегі ұлтаралық келісімді бұза алатындай кез келген әрекет Конституцияға жатпайды деп танылатыны айрықша атап көрсетілген.

Азаматтардың бірлестіктеріне келетін болсақ, мұнда мақсаттар мен іс-әрекеттері конституциялық құрылысты өзгертуге, мемлекетіміздің тұтастығы мен оның қауіпсіздігіне қатер төндіруіне, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, сословиелік және рулық араздықты қоздыруға, сондай-ақ заңда көрсетілмеген әскерилендірілген құрамалар құруға бағытталған бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Демократияның үлгісі ретінде саналатын көптеген елдерде мұндай шектеулердің бар екенін ашық көрсеткім келеді. Біз енгізіп отырған құқықтар мен бостандыққа қатысты конституциялық нормаларда, сондай-ақ шектеулерде Франция, Германия сияқты басқа да елдер конституцияларының тәжірибесі толық ескерілген.

Азаматтардың конституциялық міндеттерін қайта қарау барысында біз бұл міндеттерді қабаттастыра беру олардың орындалуына кепілдік бермейді деген тұжырымды ескердік. Қайта керісінше — жүзеге аспайтын қағидалардың көптігі кереғар пікір туғызады. Сондықтан азаматтық міндеттердің тізімі ішінара ғана жаңартылды, ол тарих пен мәдениетті сақтау, табиғатқа, табиғи байлық пен қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау туралы қамқорлықты қамтиды. Бұл дұрыс істелді деп ойлаймын.

Парламент туралы конституциялық ережелер неғұрлым түпкілікті өзгерістерге ұшырады. Біздің әлемдік тәжірибеге

қарай, оны реформалау жөніндегі бұрынғы әрекетіміз жартыкеш шаралар болып шықты.

Президенттік республика жағдайындағы парламент дегеніміз — құзыры айқын белгіленген, халықтың қамын шынымен ойлайтын және оның мүдделерін қорғаушы демократияшыл және баршаға түсінікті заңдарды қабылдайтын, таза заң шығарушы орган.

Сондықтан біз көптеген елдерде тексерілген, екі палаталы парламент құру жолына түстік. Бұрын бұл идеяны депутаттар қабылдамаған болатын.

Қазір елде байыпты да жемісті түрде заңдарды әзірлеумен айналысатын, сан жағынан ықшам, екі палаталы заң шығарушы орган құру көзделіп отыр. Биліктің басқа салаларына парламенттің бұрынғыдай, көбінесе негізсіз қысым жасауына жол бермес үшін, оның заң шығару қызметінің ауқымы Конституцияда егжей-тегжейлі белгілеп берілген. Өкімет билігінің әрқайсысы басқасы таласпайтын өз шаңырағына ие болады.

Біріншіден, бұл орган баршаға түсінікті “парламент” деген сөзбен аталады. Жоғарғы палата — сенат (аудармасыз) — әрбір облыс пен астанадан екі адам қатысатын барлық облыстық мәслихаттар депутаттарының жиналысында жанама түрде сайланады. Төменгі палата тікелей сайлау жолымен 55 депутаттан құрылады. Ол мәжіліс (бұл да аудармасыз) деп аталады.

Ал Президенттің сенатқа жеті депутатты тағайындауы белгілі бір күдік туғызуы мүмкін. Мұндай практика Азия мен Латын Америкасы елдері үшін әбден үйреншікті. Ал оның мәнісі заң шығарушы органда әлде бір “президенттік қосын” құру ниетінде емес. Бұл депутаттардың кәсіпкерлік, тіпті ұлттық десек те болатын құрамын нығайту құралдарының бірі. Қиялға берілмей-ақ қояйық — депутаттар корпусының тиімді жұмысын қалыптастыру ісі ұзаққа созылады, сондықтан оны мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын жігерлі, лайықты адамдармен ұдайы толықтырып отыру әбден орынды.

Мұнымен қоса жеті адам сенаттың шешімдерін қабылдауда басым ықпал жасай алмайды.

Сіздердің назарларыңызды тағы бір елеулі екі нәрсеге аударғым келеді.

Біріншіден, екі палаталы парламент жұмысының конституциялық тұтқасы палаталардың бірлескен мәжілістері едәуір сирек құбылыс болатындай етіп жобаланған. Ал негізгі тынымсыз заң шығарушылық жұмысы палаталарда тікелей жүргізілетін болады.

Екіншіден, жинақталған келеңсіз тәжірибені ескере отырып, депутаттың конституциялық мәртебесі айтарлықтай өзгертілді. Ол өзін-өзі айрықша тұлға ретінде сезінетіндей емес, қайта халықтың шын мәніндегі қызметшісі дәрежесіне қойылады. Ол өзінің жұмысы үшін нақты жауап беруге тиіс және салақсып өз міндеттеріне немқұрайды қараған жағдайда парламент палаталарының өзінде жазалау шараларына ұшырауы мүмкін. “Депутаттық мерзімін өтегендер” үшін бұрынғыдай қамқоршылық болмайды: олардың бұрынғы қызметіне ешкім кепілдік бермейді. Айтқандайын барлық өркениетті елдерде осылай қабылданған. Өйткені, бұл кәсіптік парламент қой. Ал оны парламенттің мүшесі рөліндегі қызметті өзінің өмірлік жолына айналдыруды көздеген адамдар баруға тиіс.

Оның үстіне мемлекет басшысының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату тетігіне қарсы парламенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздері мен тәртібі тұжырымдалған. Бұл әдепті түрде, елді сайлаудың әуресінен сақтай отырып, парламенттің тұрақтылығына нұқсан келтірмейтіндей етіп жасалды.

Үкіметтің мәртебесі де жаңартылады. Министрлер кабинеті туралы конституциялық заңның жоқтығы оның практикалық жұмысында, оның Президентпен, парламентпен, жергілікті органдармен өзара іс-қимылында көптеген проблемалар туғызып отыр. Сондықтан осының бәрін айқын конституциялық негізге қою қажет екені түсінікті.

Жаңа Конституция жоғары мемлекеттік органдардың жүйесінде үкіметтің тиісті орнын нақты айқындайды. Сөйтіп,

Министрлер кабинетінің мүшелері бірде Президентке, бірде парламентке ұдайы жалтақтап, іс жүзінде екі әміршінің қызметшісі болып келген екіұдайлықты жояды.

Қазіргі Конституциядан айырмашылығы, мұнда үкіметтің негізгі функциялары нақты тұжырымдалған, ел Президентінің жаңа мәртебесін ескере отырып, үкімет қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын және оның нәтижелері үшін жеке жауап беретін Премьер-министрдің өкілеттігі кеңейтілген.

Парламент пен үкіметтің өзара қарым-қатынасында ұстамдылық пен қарсы салмақтың аса елеулі тетігі енгізіледі.

Біріншіден, Президент Премьер-министрді парламенттің келісімінен тағайындайды. Бұл болашақта парламент сайлауында жеңіп шыққан партияның пікірін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл Президенттің үкімет мүшелерін тағайындауы кезінде де ескерілетін болады. Екіншіден, Министрлер кабинеті өзінің заң жобаларының парламентте өтуіне белсенді түрде ықпал етуге және айталық, елдің қаржы жағдайы көтермейтін заңдардың қабылдануына кедергі жасауға мүмкіндік алады. Парламент үкіметтің қызметіне бақылау жасау мүмкіндігіне және үкіметтің бүкіл құрамына немесе оның кез келген мүшесіне сенімсіздік білдіру құқығына ие, сенім білдірілмеген адамдар осыдан кейін қызметінен кететіні туралы Президентке арыз беруге тиіс.

Ақыр аяғында, үкімет мүшесінің конституциялық мәртебесі, оның жауапкершілігінің негіздері мен процедурасы алғаш рет белгіленіп отыр.

Конституцияны жасау процесінде өкімет билігін оның тармақтары арасында бөлу ғана емес, сонымен қатар оның ақылға сыйымды дәрежеде тепе-тең болуын қамтамасыз ету міндеті де тұрды. Атап айтқанда, Конституцияның үкіметшіл болып шығуынан іргені аулақ салу керек болды. Өкімет билігі де сынаптай сусыма болып келеді. Оның бір тармағының әлсіреуі екіншісінің күшеюіне әкеліп соқтырады және бұл міндетті түрде елеулі проблемаларды алға тартады. Үкіметтің бір жақты түрде күшеюі парламентті ғана әлсіретіп қоймай,

сонымен қатар белгілі бір жағдайда Президентті де бейнелі тұлғаға айналдырып жіберуі мүмкін, бұл орайда сырт қарағанда бәрі де бабында тәрізді көрінетін болады. Мұндай сөт те ескерілді.

Енді, сот билігі туралы. Конституцияның сот жүйесін реформалау туралы ережелері асқан қиындықпен және пікірлердің тым алшақтығы жағдайында өтті.

Басқа тармақтардың бір де бірінде адам табиғатында қарсы тұру әу бастан-ақ бар екендігі дәл анық көрінген емес. Бірақ сот құрылысы мен қарау принциптерін бұрынғыдан ұйымдастыруға деген түбегейлі бетбұрыстың мүмкіндігі бұдан кейін болмайтынын және қалмау қажеттігін бәрі де түсінді. Жобада соттардың қызметіне заңда көрсетілген формаларына қадағалауды жүзеге асыратын қылмыстық, өкімшілік және басқа соттарға жөніндегі жоғары сот органы ретінде қалыптастыру көзделген. Оған сот практикасының мәселелері бойынша міндетті түрде түсінік беру құқығы беріледі. Шет елдердегі сот билігін ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу мен соттарды біріктіру едәуір нақты іс екендігі және бұдан олардың жұмысындағы тұрақтылықтың бұзылмайтындығы туралы сандарлы қорытынды шығарылуы итермеледі.

Конституция сот жүйесін қалыптастыру тәртібін түбірінен өзгертеді.

Бірінші кезекте әңгіме сот жүйесінің жоғары буынын Президенттің ұсынысы бойынша парламенттің сайлап қоюының принциптері туралы да, сондай-ақ одан төмен тұратын барлық судьяларды мемлекет басшысының тағайындайтыны туралы да болып отыр. Мұндай жағдайда судьяның өз қызметі үшін ешкімнің алдында жауап бермейтін бұрынғы практика тоқтатылып, мемлекет атынан сот жүргізу үшін судья мантиясын кимек болған адамдардың даярлық деңгейін тексеру мүмкіндігі пайда болады.

Әр судья тәуелсіз де білікті әділет алқасындағы аттестациядан өтуге тиіс болады.

Судьяларды тағайындау екі бірдей мүлдем жаңа органның Жоғарғы сот кеңесі мен білікті әділет алқасының барынша белсенді рөлі аясында жүргізілетін болады, бұл органдарға парламент палаталары өз өкілдерін тағайындайды. Мұның өзі судья өкілеттігін беруді әлдебір құпия әрекетке емес, мөлдір де демократиялық процеске айналдырады. Бұл орайда неше түрлі айла-шарғылардың жүзеге асуы мүмкін емес. Сонымен қатар Конституцияда судьялардың тұрақты түрде жұмыс істейтіні атап көрсетілген, олардың тәуелсіздігі заң арқылы қорғалады.

Жобада Конституциялық сот түрінде Конституцияның дербес сот қорғауы институты сақталып қалады. Сонымен қатар бұрын ол өзінің заңгерлік қызметіне зияны тиетіндей, белгілі бір саяси қызмет міндеттеріне ие болуға ұмтылғанын да ескеру қажет. Бұл осы органның тұтас алғанда құқықтық мәртебесінің пысықталмағанын білдіреді. Бұған қоса тіпті оның үстінен кассациялық шағым жасайтын орган да жоқ. Бір топ адам бәрін өздері шешіп, оларға ешкім қарсылық білдіре алмайтынына жол берілмегені жөн. Бұл жерде ойланарлық себеп бар.

Прокуратура туралы нормаларға жеке тоқталғым келеді. Әділ соттың бұл органына қатысты бастапқы нүкте ретінде біз қоғамды реформалаудың қазір жүргізіліп жатқан процестері табысқа жетуі үшін біртұтас құқық қолдану практикасы мен заң бұзушылықтың жолын шұғыл кесуді қамтамасыз ету және нығайта түсу талап етілетінін ескердік. Сондықтан Конституция прокуратураның жұмыс аясын нақтылап, бақылау қызметі саласында оның міндеттерін кеңейте түседі, прокуратураның өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға тәуелді еместігі қуатталады және оның Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретіндегі Президент алдында ғана есеп беруін енгізеді.

Жобада прокуратураға қылмыстық қудалау қызметін беру көзделмеген. Мұндай шешімнің пайдасына дәлелдер бар.

Өйткені қазір прокуратура өзі қылмыстық іс қозғап, оларды өзі тергейді және сотта осы істер бойынша өзі айыптайды, бұл, әрине, дұрыс емес. Бірақ, сонымен қатар, белгілі бір күдіктер де бар. Осы мәселе бойынша сіздердің пікірлеріңізді білген жөн болар еді.

Енді жергілікті өкіметті ұйымдастыру проблемалары туралы. Біріншіден, жергілікті басқару туралы ережелерге айрықша өзгерістер енгізілген жоқ.

Олар мемлекеттік құрылыстың осы саласын реттейтін заңдарда толық дамытылатын болады. Екіншіден, бұл орайда шын мәнісінде көптеген нұсқалар бар, сондықтан тәжірибені жете талдамай тұрып және біздің жағдайымызға сай келетін жаңа тәсілдерді ғылыми тұрғыдан негіздей алмайынша олардың біреуін таңдап алуға болмайды. Осы заң жобасы өзінің еліміз бен реформалар тағдыры үшін маңызы жағынан Конституциядан кейін екінші орын алуға лайық.

Бұл бөлімде алғаш рет жергілікті өзін-өзі басқару туралы нормалар пайда болғанын атап өтпекпін. Біздің ұлаң-ғайыр өрі аймақтарының даму деңгейі жөнінен алуан түрлі болып келетін елімізде осындай маңызды саяси және қоғамдық институтсыз алға басу мүмкін емес. Бәрін де және барлығын да тек астанадан немесе жергілікті орталықтан реттеп отыруға және проблемаларды шешуге болады деп ойлау шындыққа сай келмейді. Адамдардың өз аумағындағы парасаттылық көрсетіп өз еркімен бастама көтеруі жемісін молынан береді және бұл бүкіл дүние жүзінде жоғары бағаланады.

Енді жаңа Конституцияны қалай қабылдау керектігі туралы. Қазір күшіндегі Негізгі Заң парламенттік жолмен қабылданғаны, яғни оны республиканың Жоғарғы Кеңесі қабылдағаны баршаға белгілі. Бұдан бұрын да айтып өткенімдей, осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын тыныштықпен қоғамдық келісімді сақтау үшін депутаттар корпусымен белгілі бір мәмілеге келуге мәжбүр болдық. Алайда, уақыт көрсеткеніндей, бұл мәміле бізге тым қымбатқа түсті, осының нәтижесінде біз қазір бәрін жан-жақты қамтитын конституциялық реформа алдында тұрмыз.

Салдарына баға беру қиынға түсетін осы жылғы ең маңызды саяси оқиға туралы әңгіме болып отырғанын сезінгендіктен, мен жаңа Конституцияны қабылдау мәселесінде біздің тек бір ғана дауымыз — халыққа, оның өз ерік-жігерін білдіруіне ғана жүгінуіміз қалды деген бір мәнді қорытындыға келдім.

Конституция жобасын референдумға ұсыну табиғи заңды шешім. Мұндай жеңіл жол жоқ.

Мен 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде өзіме көрсетілген сенімді есімде сақтап, оны бағалаймын. Сондықтан оны ақтау үшін барлық тайталасқан күштер мен факторларға қарамастан бәрін де істеуге тырысамын. Бұған сіздердің сенулеріңізге болады.

Сіздерді және өзімнің барлық отандастарымды осындай жауапкершілікті түсінуге шақырамын, өйткені ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар, тарихи да мәні бар. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні біздің балаларымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны өзімізге байланысты болмақ, өйткені тек халық қана мемлекеттік өкімет билігінің бірден-бір қайнар көзі және егемендіктің иесі болып табылады. Енді референдумда Қазақстан Конституциясының қандай болғанын қалайтынын азаматтардың өздері шешсін. Тек осы жағдайда ғана ол шынайы халықтық болмақ, тек осы жағдайда ғана біздің жаңа Конституциямыз — өкімет билігі үшін іс-әрекеттің қоғам белгілеген ережелері деп айтуымызға болады.

Жаңа Конституцияны референдум арқылы қабылдау барлық қазақстандықтарды аса маңызды саяси шешімнің қабылдануына қатысушы етеді. Олар бұдан былай сырт бақылаушы емес, елдің Негізгі Заңының ережелерін сақтауға және оны мүлтіксіз орындауға жауапты және мүдделі адамдар ретінде болады.

Нак осы бүкілхалықтық дауыс беру окшауланудың, топшылық пен жершілдік мүдделердің ықпал етуінің, неше түрлі басқаның сойылын соғудың орын алуына ешқандай мүмкін қалдырмайды. Егер біз конституциялық реформаны жүзеге асырудың парламенттік немесе басқа жолымен жүрген болсақ, мұндай келеңсіз құбылыстар сөзсіз ұшырасқан болар еді. Оның үстіне жұрттың бәрі сілтеме жасауды ұнататын әлемдік тәжірибе де Конституцияны референдум арқылы қабылдау — шынайы демократиялық және ең кеңінен таралған жол екендігін көрсетеді.

Сонымен, Қазақстанның жаңа Конституциясын референдумда қабылдау — бірден-бір сенімді де ықтимал жалғыз жол екендігіне өз басымның ешқандай күмәнім жоқ.

Біздің еліміз бүкіл адамзат баласы келе жатқан жолға түпкілікті және біржолата бет бұрды. Сондықтан жаңа Конституция қоғамдық келісімнің аясын кеңейте түсуге жағдай жасап, Қазақстан халқының жалпы адамзат өркениетінің дамуына өзіндік үлесін қосуға деген шешімін нығайта түседі.

Еліміздің Конституциясы мен заңдарын қатаң ұстана отырып, қазіргі және келер ұрпақ үшін талмастан еңбек ету арқылы біз өзіміз гүлденген Қазақстанды мұра етіп қалдыратын болашақ ұрпақтың алғысына лайық болатынымызға сенімдімін.

* * *

Жаңа Конституцияның негізгі белгілері осындай. Ол біздің көпұлтты мемлекетіміздің стратегиялық мүдделеріне сәйкес келетін біртұтас та толыққанды құжат ретінде жасалды.

Конституцияның осы жобасының көптеген ережелері қазіргі күрделі де қиын уақытта қоғамға дұрыс бағдар беруге арналған. Бірақ оның негізіне демократиялық құқықтық мемлекеттің мәңгі жасайтын іргелі қазыналары мен өлшемдері алынған. Бұл болашақта өмірге жаңа көзқараспен қарайтын адамдар келетінін, жаңа сипаттағы жағдайлар туаты-

нын жөне осыған байланысты жаңа заңдар пайда болатынын теріске шығармайды.

Қорытындыда өзім аса маңызды деп санайтын бірнеше тұжырымды бөліп атағым келеді.

Біріншіден, қоғамды реформалаумен айналысып жатқан мемлекет азаматтық тыныштық пен саяси тұрақтылық жағдайында өтпелі кезеңнен өтуге тиіс.

Осы ереже сақталмаған жерде қоғамның өтпелі жағдайы ондаған азапты жылдарға созылып, адамдар реформалар туралы емес, тірі қалудың көкейкесті мәселелерін шешумен айналысатын болады.

Екіншіден, этникалық төзімділікті сақтаудың қоғамдық татулық үшін орасан зор маңызы бар екендігі сөз болғанда, адамдардың әлеуметтік араздық пен өшпенділік сезімінің құлына айналуына жол беруге болмайтынын ескерген жөн. Мұның одан да зор бүлдіруші салдары болуы мүмкін. Міне, осы арада мұның қоғамдық қақтығыстарға айналуына жол бермеуге тиісті партиялар мен қозғалыстардың рөлі аса маңызды болмақ.

Үшіншіден, орташа жіктің қалыптасуы тек адал еңбекке, қабілетке, адамгершілік пен өнегелілікке ғана негізделуі тиіс. Осындай жағдайда ғана ол жүргізілетін реформалардың әлеуметтік ұйтқысы болатындай құқыққа ие болмақ.

Төртіншіден, біздің табысқа жетуіміздің негізгі қайнары — табиғи ресурстар мен геосаяси жағдайымыз ғана емес, шетелдік несиелер немесе реформалардың өзгеше үлгілері ғана емес, сонымен бірге өзіміздің орнықтылығымыз бен өз күшімізге деген сеніміміз болып табылатынын бәріміз түсінуге тиіспіз.

Бесіншіден, Қазақстанда тұлғаландырылған демократияны емес, тұрақты саяси жүйеге шынайы көппартиялылыққа, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігіне, адам мен азамат құқықтарының сақталуына негізделген демократияны құру керек.

Сіздерге көңіл қойып тыңдағандарыңызға алғыс айтамын және баяндама мен Конституцияның жобасын сындарлы түрде талқылауға шақырамын.

Ассамблея мүшелерінен Конституцияның жобасын ассамблеяда және бүкілхалықтық талқылаудан кейін оны республикалық референдумға жіберу жөніндегі менің ұсынысымды қолдауын өтінемін.

**МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫ
ТЕРЕҢДЕТУ,
ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының үшінші сессиясындағы баяндамасы**

1996 жылғы 29 сәуір

Сәуірдің 29-ында Президенттің өкілеттігін ұзарту жөнінде жалпы халықтық референдум өткеніне тура бір жыл болды. Ал одан төрт айдан кейін еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде референдум өтті. Осы екі тарихи оқиғаны Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өз шешімдерімен қолдады.

Сондықтан бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерін талқыламастан бұрын мен барлық қазақстандықтарды осы сессияға қатысып отырған, сондай-ақ республиканың барлық өңірінде жұмыс істеп жүрген Қазақстан халықтары Ассамблеясының барлық өкілдеріне біздің еліміздегі саяси және құқықтық жағдайды өзгерткен 1995 жылғы тағдырлы да талайлы күндерде қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді.

Әдетте біз қолымыздан шығып кеткен нәрсені ғана бағалаймыз. Әрине, саясат ымыраны жиі тани бермейді, бірақ Қазақстанда осыдан бір жыл бұрын алғашқы референдум өткізілмесе, бүгін не болатынын көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Біріншіден, біздің екі жылғы сайлау алдындағы тайталастар және оның үстіне Парламент жоқ кездегі тайталастар алдымыздан шығар еді. Сөйтіп, біз экономикалық реформалар мен әлеуметтік проблемаларға ден қоя алмас едік. Еліміз ұзақ мерзімді сайлау алдындағы аламанға қосылып, оның барысында орындалмайтын уәделер үйіліп-төгілер еді.

Екіншіден, біз жаңа Конституцияны қабылдай алмас едік, өйткені Президенттің бағытын бүкіл халық қолдамайынша, бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйеде іргелі өзгерістерді ұсыну саяси тұрғыдан дұрыс болмас еді.

Үшіншіден, Қазақстанның айқын әрі дәйекті интеграциялық бастамалары іске аспас еді.

Біздің интеграция проблемалары жөніндегі берік айқындамамыз елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болып отыр. Міне, сондықтан да Қазақстан интеграциялық қиялға да немесе интеграциялық шамшылдыққа да бой алдырмай, керісінше байыпты да нақты тұрғыдан кез келген келісімге көзқарасын білдіруде.

Ақыр соңында, сыртқы жағдайды да ескерген жөн. Әр түрлі себептерге байланысты Ресейдегі сайлау алдындағы тайталастар, жоғары деңгейде, соның ішінде Мемлекеттік Дума деңгейінде қабылданылып жатқан президенттік сайлауға бағытталған шешімдер Қазақстандағы қоғамдық көңіл-күйге де әсер етуде. Егер біздің республика сайлау аламанының қызған шағында болатын болса, онда КСРО-ны қалпына келтіруге жанталасып жүргендер көңіл-күйді барынша ушықтыра түсу үшін осы жағдайды толығымен пайдаланып қалар еді.

Сондықтан мен осы шешім қабылданған кезде өзімнің жеке басымның қамын ойламағанымды батыл мәлімдеймін. Қазір енді, мұның өзі жұртқа түсінікті.

Конституция жөніндегі референдумға келетін болсақ — оның еліміз үшін іргелі салдарлары болды. Бұрынғы конституция аса қарама-қайшылықта еді. Бірқатар әп-әжептеуір өркениетті принциптерді жариялай отырып, ол сонымен бірге кеңестік экономикалық және саяси қатынас-

тардың түзілісін шын мәнінде сақтап келді. Ал жаңа Конституция өзінің мәні бойынша бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйені оның түбегейлі өлшемдерімен бірге қоғамның нақты жағдайына сәйкес етті. Бүгінгі таңда біз мемлекеттік биліктің құрылымдарындағы кез келген қайшылықты шешу жөнінде нақты процедураларға ие болып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы төрт жылында қоғам тіл, мемлекеттің сипаты, жерге деген меншік мәселелері бойынша жікке бөлінгенін ұмытпағанымыз жөн. Еліміздің жаңа Негізгі Заңында барлық осы мәселелер барынша ретімен шешілген және осының арқасында аталған проблемалар бойынша шиеленіс жойылды.

Конституция биліктің барлық тарамдарының, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының қарым-қатынастарының қазіргі заманғы негізін шын мәнінде қалады.

Осының бәрі зор маңызы бар мәселелер, ал ең бастысы біздер кезінде нарықтық және ұлттық мемлекет құрылысы үшін құқықтық іргетасты қалай білгенімізге байланысты. Мемлекеттік-құқықтық реформа бойынша осы ілгерілеуде қарқынды жоғалтып алсақ, ол бүгіндері аса қиын іске айналар еді, егер құқықтық саладағы өзгерістер жанамалай және бірден ықпал етпейтін болса, ал экономикадағы жағдай миллиондаған біздің отандастарымыздың тұрмысынан бірден көрінеді.

Қазір социализмге оралу туралы соны аңсаған дауыстар жиі естіліп жатады. Ендеше өзіміздің егемендігімізді жана ғана алған 1990 жылдардың басында біздің неге ие болғанымызды еске алып көрелік. Салыстыруымыз әбден түсінікті болу үшін экономикада, сол кезде “бос сөрелер экономикасы” деп сипатталғанындай, 1991 жылдың соңында, 1992 жылдың басында не болғанын еске түсірейік.

Мұның өзі созылмалы ауруға ұрынған, әбден қиюы кеткен, тіпті ақшаның өзі шын мәнінде ешқандай құны болмаған экономика еді. Инфляция жабық нысанынан ашық нысанға көшіп, баға барлық қолданылып жатқан шараларға қарамас-

тан, әкімшілік бақылаудан шығып кеткен болатын. Ақшасы бола отырып, халық та, кәсіпорындар да қажетті тауарлары мен өнімдерін сатып ала алмайтын. Өмірлік маңызы бар тауарларды алу үшін ұзыннан-ұзақ адамдар кезегі күнделікті және барлық жерде де үйреншікті жағдайға айналды. Бұл кезектерді милиция топтары үнемі оқшаулайтын. “Қара” базар, тауарларды жабық бөлу жүйесі мүлдем өршіп кетті.

Өнімдерді қор арқылы бөлудің бұрынғы тұтқалары ұдайы іске жарамай, тауарлар халықтың көптеген топтарына жетпей жатты. Ақша және тауар массалары арасындағы сәйкессіздік экономиканы бұрқ еткізіп, қопару қаупін туғызды. Ендеше осының бәрін неге тез ұмытамыз?

Ал қазір жағдай бұдан мүлдем басқаша, нарық алуан түрлі тауарларға толы. Магазиндердің желісі күрт өсіп, кезектер мүлдем жойылды. Азық-түлік пен киім-кешекті, электроника мен жиһазды шын мәнінде дүние жүзінің кез келген нүктесінен сатып алу қазір қиын емес.

Ақшаның болғаны жақсы, ал қазір оған байланысты шындығында да проблема бар. Мемлекет бюджеттен алынуға тиіс төлемдерді, еңбекақыны және зейнетақыны тиісті адамдарға берумен байланысты мәселелерді шешеді. Бұған аздаған уақыт керек.

Ал басқалар үшін бұл енді принципті түрде жаңа сападағы экономикаға, нарықтық экономикаға тән проблема болмақ. Бұл кезде әрбір адам өзінің тұтыну қабілеті оның қаржы таба ала білу қабілетіне, кәсіпкерлігіне, біліктілігі мен еңбексүйгіштігіне байланысты екенін жақсы түсінуге тиіс.

Еліміздің соңғы жылдары макроэкономикалық тұрақтандыру процесінде қол жеткен жетістіктерін айтпай кеткен жөн болмас. Бұл орайда Қазақстан реформаны шын мәнінде үш жылға жетпейтін уақыт ішінде, яғни теңгенің айналымға енгізілген күнінен — 1993 жылғы қарашадан бастап жүргізіп келе жатқанын есте ұстағаны жөн.

Өткен жылы инфляцияның деңгейін едәуір төмендетіп, біз оны үстіміздегі жылда табысты түрде кемітуді жалғастырып

келеміз. Биылғы I тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстанда ол ТМД елдерінің ішіндегі ең аз мөлшері болып отыр. Инфляцияның қарқынын тежеп, біз ең бастысы тұрақты табысы бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың негізгі тұтқасын іске қостық. Ал осы категорияға негізінен халықтың аз қамтылған топтары: зейнеткерлер, студенттер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері қатысты. Ең алдымен инфляциядан зиян шеккен кімдер? Нақ осы адамдар, өйткені олардың табыстары инфляция өскен қарқынымен бірдей өсе алған жоқ.

Оның үстіне, үстіміздегі жылы бюджетке байланысты жағдайдың бүкіл шетіндігіне қарамастан, біз бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбекақыны және әлеуметтік жәрдемақыны төлеуді екі еседей арттыруға бардық. Ал мұның өзі болжанбалы инфляцияны ескергенде тұрақты табысы бар адамдардың нақты еңбекақысы мен табыстарын 50-60 процентке өсіру дегенді білдіреді.

Қаншама қиын болғанымен, біз осыдан бастап ақшалай салымдар мен жинақтарды индексациялауға кірістік. Мұны халқымыздың ең кедей және жұмысқа қабілетсіз топтары — соғыс мүгедектері мен оған қатысқандардан бастадық. Үкіметтің алдында зейнетақыны төлеу проблемасын шешу және келесі жылдан бастап зейнеткерлердің басқа категорияларына салымдардан шеккен зиянының орнын толтыру міндеті тұр.

Ұлттық валютамыздың белгілі бола бастаған құнын тұрақтандыру кезінде еліміз бойынша нақты орташа еңбекақы доллармен есептегенде ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінде сенімді түрде алғашқы орындардың бірінде келе жатыр. Және Үкіметтің жоспары бойынша бұл көрсеткіш ұдайы өсе түспек. Мұның өзі жұмыс күшінің біздің республикадан басқа аймақтарға, ең алдымен Ресейге көшіп кетуін азайтып, шекаралас облыстардағы көптеген кәсіпорындардың жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Алғаш рет саудадағы оң балансқа қол жеткізу, экспорттың күрт өсуі экономикадағы қуанышты оқиға болып отыр. Экспорт 1995 жылы импорттан бір миллиард 250 миллион АҚШ долларына асып түсіп, 64 пайызға өсті. Оның үстіне экспортты арттыруда агроөнеркәсіп кешені елеулі рөл атқарғанын атап өткен маңызды. Бұл салада өткен жылы ішкі және сыртқы сауданы күрт жандандыруға көмектесетін түбегейлі реформалар жүзеге асырылды. Доллармен есептегенде агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспорты 1995 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті. Сөйтіп ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. Осының бәрі ұлттық валютаның құнын тұрақтандыруға, экономикадағы қаржы жағдайын жақсартуға жұмыс істеп келеді.

Инфляцияның төмендеуімен қоса алғанда мұның өзі халықтың банктердегі салымдарының өсуіне, жинақ ақша процесінің басталуына, демек, өндіріске инвестиция салудың алғышарттарын жасауға, “инфляциялық” экономикадан инвестициялық экономикаға көшу процесіне жеткізеді. Тек 1995 жылы ғана халықтың салымдары 5,4 миллиард теңгеден 12,7 миллиард теңгеге артты, яғни бір жылдың ішінде екі еседен астам өсті.

Осы әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуге өндірістегі белең алған тұрақтандыру процесі, экономиканың барлық салаларындағы қаржы тәртібін күрт қатайтуға жәрдемдесті.

Кәсіпорындарды реформалау, жекешелендіру жөніндегі батыл шаралар бірқатар енді тіршіліксіз қалды дейтін учаскелерді өндірісті жандандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпорындарды жандандырудың осындай әдеттен тыс нысанасы, сондай-ақ, оларды кейіннен жекешелендіру арқылы трасталық басқаруға беру шетелдік инвестициялар мен жұмыс капиталын тартуға ғана емес, сонымен бірге жұмыспен қамтылу, еңбекақыны көтеру, өндірістің және өнім экспортының көлемін көбейту мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Өткізіліп жатқан реформалар саясаты арқасында соңғы бірнеше жылдың ішінде ғана Қазақстан экономикасына шетелдік компаниялар екі миллиард

доллардан астам қаржы берді. Мұның өзі биылғы және келесі жылдарда өзінің жемісін беретіні сөзсіз. Мұның үстіне бірқатар ірі кәсіпорындардағы жүзеге асырылған реформа саясаты еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайға игі ықпалын тигізді.

Әлеуметтік-экономикалық саладағы күрделі, әрі бір мәнді емес проблемаларды, жіберілген қателіктер мен субъективті кемшіліктерді, халық алдындағы зейнетақыға, еңбекақыға байланысты қарыздар, қылмысқа қарсы күрес және басқа да проблемаларды жоққа шығару жөн болмас еді. Бірқатар қол жеткенді жоққа шығарып, экономиканы басқарудың Мемлекеттік жоспарлау және Мемлекеттік жабдықтау комитеттерін қайта құру арқылы басқарудың күні өткен тәсілдеріне шақыру қазіргі заманғы дүниеде болып жатқан құбылыстарды мүлдем түсінбеу деген сөз.

Осыны мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының біздің аса жаңа саяси тарихымыздағы тұрақтандырушы және жұмылдырушы рөлінің айқын екеніне байланысты айтып отырмын. Сондықтан зор қоғамдық маңызы бар проблемалар — Еуразиялық интеграцияны дамыту, қоғамды демократияландыру және жаңа азаматтық тепе-тең қоғамды құру — осы қазіргі жоғары форумда талқылануға тиіс.

Тоқсаныншы жылдардың басында Достастық мемлекеттерінің көпшілігінде үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға тезірек ену мүмкіндігі туралы көзқарас басым түсіп жатты. ТМД-ның кейбір елдерінде Батысқа немесе Шығысқа тезірек бірігу ұмтылысы, шетелдік көмекке деген үміт пен сенім қазірдің өзінде қолда бар және ондаған жылдар бойы пысықталған шаруашылық байланыстарды сақтаудың қажеттігін көлегейлей берді. Мұндай тәсіл достастықтың өзіндегі интеграциялық процестерді тежеп, экономикалық проблемаларды тереңдете түсті.

Нақ осыған байланысты 1994 жылғы көктемде Еуразиялық одақты құру идеясы пайда болды. Түрлі күштердің — кеңестік кезеңнен кейінгі кезеңдегі тезірек ажырауды жақтаушылардан бастап, КСРО-ны қалпына келтіру

жөніндегі қызба мінезді жақтаушыларға дейін осы идеяға ашықтан-ашық қарсы әрекет көрсетілуіне қарамастан, ол Еуразияның орасан зор кеңістігіндегі интеграциялық процестердің неғұрлым шынайы үлгісі болып табылды.

Бүгінгі таңда жаңа интеграцияның өзі Еуразия одағы атымен дамытыны немесе дамымайтынына саюдың қажеті жоқ. Ең бастысы оның аты емес, заты, процестің мәні мен мағынасы болса керек.

Қазір біз Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей шартына ие болып отырмыз. Мен мұны қысқа болу үшін 4+Н деп атадым. Бізде Орталық Азия одағы, Кедендік одақ, Беларусь пен Ресейдің екі жақты қоғамдастығы бар. Ал енді мұның өзі интеграцияның көп қабаттылығын, көп деңгейлілігін білдірмей ме?

Біздің түсінігіміздегі интеграцияның басқа бір шарты — бұл тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы. Мен түрлі деңгейлерде Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігін қозғамайтын интеграцияның кез келген нысанына өзір екенін талай рет мәлімдегенмін. Бұрынғы кеңістік біртұтас мемлекеттік қандай да болмасын бір нысанда, ең алдымен еліміздің Конституциясын басшылыққа ала отырып, біздің республика ешқашан да оны қайта құруға бармайды. Әңгіме мемлекеттердегі адамдар өмірінің барлық салаларындағы жақын, достастық интеграциялық байланыстар туралы ғана болуы мүмкін. Ал мұның өзі қайдағы белгісіз және қиялдағы федерацияның бөлшегі емес, тәуелсіз мемлекеттердің қарым-қатынасы болмақ.

КСРО-ны қалпына келтіру немесе Қазақстанды басқа бір мемлекетке қосу жөніндегі кез келген жауапсыз сөздер мен пікірлер, бұл қазақтардың мемлекеттігін жоюға шақыру деген сөз. Мұның өзі халықтың әділетті ашу-ызасын туғызып, елеулі тайталасқа өкеліп соғары анық.

Мұндай әрекеттер Конституцияға және заңға жат. Неге екені белгісіз ешкім де Ресейді Қазақстанға қосылуға шақырмайды. Бұл түсінікті де. Ендеше қазақ халқын және оның мемлекеттілігін осындай менсінбеу және құрметтемеу қай-

дан туындап отыр. Мен мұны баршамыздың есте сақтауымызды қалар едім.

Төрт елдің Мәскеуде наурыздың 29-ында келісімге қол қойылғаннан кейін жұртшылықтың көбі осы жағдайға орай алаңдаушылық білдіріп, бұл Қазақстанның Мемлекеттік егемендігін кемсітпей ме деген ой салады. Бұл орайда олай емес деп айқын айта аламын.

Әңгіме интеграцияның жаңа сапасы туралы болып отыр. Одан басқа ештеңе де емес. Біз экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету тұтқаларының негізін қаладық, менінше интеграцияның жаңа неғұрлым сындарлы нысандары мен органдарын қалыптастырдық.

Ал көзқарастың мәні де осында. Интеграцияның өзі зор күнделікті жұмыс, мұны көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар бойы жүргізу қажет. Және оның нәтижесі адамдар өмірінен ертең көріне қоймайды. Осындай ойластырылған және келісілген интеграцияның өнегесін бізге Еуропа беріп отыр. Сондықтан интеграциялық құжаттарға қол коюдан бізде ешқандай токмейлсу жоқ. Иә, бастама жасалды, бірақ негізгі және неғұрлым елеулі жұмыс өлі де алда.

Интеграция туралы айта келіп, біз тек экономикалық жағын ғана ескеріп қоймауымыз керек, интеграцияның адами өлшемдері де бар. Иә, интеграция бүкіл Қазақстан халқының мүддесіне жауап береді, бірақ оның психологиялық, сезімдік қырларын да түсінген абзал. Халықтың үштен бірін орыстар құрап отырған еліміздің Президенті ретінде мен үшін Ресеймен мәдени, ақпарат, гуманитарлық байланыстарды ұстап тұру және сақтаудың маңызы аз емес. Бүгінгі таңда интеграция процесін жеделдеткім келген кезде өзіміздің осы азаматтарымыз туралы ең алдымен қамқорлық жасайтынымды барынша ашық айтпақпын.

Қазақстан басшылығы өз елі азаматтарының елеулі бөлігінің мүдделерін ескере келіп, Ресеймен байланыстарды сақтау үшін шын мәнінде мүмкін болғанның бәрін жасады. Мәскеудегі наурыз келісімдері білім беру, ғылым және мәдени ынтымақтастықтың нақты тұтқаларын көздейді. Онда

шартқа қол қойған барлық мемлекеттерде кедергісіз азаматтықты алу туралы біздің ұсынысымыз қабылданды. Айтқандайын, оны Ресей Думасы бекітті.

Өткен сенбіде Ресей Президенті Борис Николаевич Ельциннің Қазақстанға жасаған жұмыс сапары біздің Каспий аймағындағы ынтымақтастығымыз, мұнай-газ кешеніндегі, Байқоңыр ғарыш айлағындағы бірлескен қызметіміз туралы аса маңызды шешімдерді қабылдаумен аталып өтті.

Тағы да бір сөзсіз тарихи сипаты бар оқиға туралы — өткен аптада Шанхайда Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылғаны туралы айта кеткенім артық болмас. Бұл Азия — Тынық мұхит аймағында осындай орасан зор саяси ауқымдағы жасалған алғашқы қадам. Мұның өзі бейбітшілікті, аймақтағы, сондай-ақ бүкіл планетадағы тұрақтылықты қолдау және нығайту ісіне оң ықпалын жасары сөзсіз.

Осындай сыртқы саяси іс-қимылдарды, біздің көрші Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Қытаймен, басқа елдермен жақындасу жөніндегі интеграциялық шараларымызды лайықты бағалауымыз қажет. Біз халықтардың жақындасуы үшін ештеңе істемей, дүдәмал істермен баспасөздің және теледидардың кенет қаһарманы бола қалатын шала сауатты қайраткерлердің арандатуына жол бермеуіміз керек.

Қазір интеграцияны қайта өңдеу үлгісі ерекше қауіп туғызады. Мұны байыпты түрде есепке алудың қажеттігі болжауға келмейтін саяси салдарларға апарып соғатындығынан ғана емес, сонымен бірге қайта қалпына келтіру белгілі бір мөлшерде халықтың кейбір топтарының арасында белгілі болып отырғанына да байланысты.

ТМД елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі түрлі деңгейдегі халықаралық құқықтық құжаттарда белгіленген саяси-құқықтық шындық болып отырғанын түсінген абзал. Қазір олар енді — дербес мемлекеттер.

Бірақ осының бәрінің сыртында: “сонда шынтуайтына келгенде нені қайта қалпына келтіру ұсынылып отыр?” деген тарихи сұрақ келіп туады. Проблеманың тереңіне бойламай-ақ мынаны ғана айтпақпын: КСРО-ның ыдырауы белгілі бір басшылардың ынтасымен ғана емес, талай себептердің ілесуімен айқындалады. Мен ығыр қылатын деректерді келтіріп жатпайын, 1980-ші жылдардың басында-ақ барлық парасатты адамдарға біз Батыс елдермен техникалық және экономикалық жағынан бәсекелестікке шыдай алмайтынымыз белгілі болатын. Тек орасан зор күш-жігердің арқасында стратегиялық-әскери тепе-теңдікті ұстап тұруға ғана әліміз жетті. Қарулану жарысына орасан зор ресурстар жұмсалды, мұны экономиканы жаңғыртуға жұмсауға әбден болатын еді.

Қазір мынадай қарапайым нәрсені — жүйені түбегейлі қайта құру идеясы 1986 жылдан бұрын басталғанын көптеген адамдар ұмыта береді. Оны Хрущевтің бастағысы және Брежнев тұсында Косыгиннің де жүргізгісі келген. Сол кезде жүйенің әлсіздігін байыпты бағалай білу бұған тежеу салған еді.

Басқа себептің бірі — ұлттық мәселені шешуге мүлдем қабілетсіздік болатын. Бізде ұлттық мәселе түпкілікті шешілгені және бір ғана кеңес халқы құрылғаны туралы пікір жалған болып шықты.

Және де КСРО бар кезде оның аумағында қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың болып өткені және ұлтаралық шиеленістердің өрши түскені ұмытыла береді. Бұл орайда кеңес тарихының бастапқы кезеңіндегі барлық халықтардың тағдырына қасіретті ықпал еткен этникалық геноцид те естен шығып кете береді. КСРО-ның соңғы жылдардағы экономикалық тарихындағы шетін жайларды білмейтін адамдар елде өткен және қазіргі онжылдықтардың тоғысында қалыптасқан берекесіздік пен қырсыздықты көз алдына келтіре алмайды.

Жоспарлардың жыл сайынғы орындалмауы, экономика-ның құлдырауы, жабдықтардың, құрылыс материалдарының,

азық-түліктің тапшылығы, шығынды ауыл шаруашылығы, экономикалық байланыстардың күйреуі және біртұтас экономикалық кеңістіктің ыдырауы орын алып келді. Және бұл біздің бәріміздің де есімізде.

Елдің саяси жүйесі көз алдымызда күйреп, аумақтардың егемендік алу процесі қауіпті шекке жетті. 1991 жылғы тамызда күш арқылы қайта біріктіру әрекеті осы ыдырау процесін жеделдете түсті. Ең бастысы елдің тарап кетуі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір жүйенің күйреуі орын алғанында болып отыр.

Социализмді дәріптеп жүрген қайсыбір зиялы қауым өкілдерінің тарихты есте сақтай алмайтын ұмытшақтығы қайран қалдырады. Бұл — саяси аңғалдық, иә, саяси арсыздық.

Қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы кезеңді қалайша тез ұмытуға болады? XX ғасырдағы тоталитарлық жүйеден көрген ауыр соққыны қазақ халқы XVIII ғасырдағы “Ақтабан шұбырынды” кезінде де көрген жоқ.

Алдымызда тұрған қасіретті тарихи даталарға көз салайықшы: 1986 жыл — бұрынғы КСРО-да орталықтың зорлықшыл билеп-төстеуіне қарсы шыққан қазақ жастарының тұңғыш демократиялық қозғалысы айуандықпен басып-жаншылғандығына 10 жыл, 1997 жыл — халықтың бетке ұстар зиялы қауымының түгелге жуық атылғанына — 60 жыл. 1998 жылы басталған — XX ғасырда ел басына түскен ең үлкен трагедия — қазақ халқын қынадай қырған шектен тыс революцияшыл “отырықшылдандыру” мен күштеп коллективтендіру саясатының басталғанына — 70 жыл. Қалайша осылардың бәрі оңай жадымыздан шығып қалады.

Қиын да күрделі XX ғасырдағы ең үлкен ұлттық апат деп қазақ пен Компучия халықтарының трагедиясын айтуға болады. Басқа ешбір халық дәл мұндай адам санының осынша процентінен айырылып көрген жоқ. Егер Пол Поттың қанды режимінен Компучия тұрғындарының үштен бірі қырылғанда дүние жүзінің төбе шашы тік тұрса, Голощекиннің “Кіші

октябрі” тұсында әр үш қазақтың біреуі аштық пен айдаудың құрбаны болды.

Енді бүгін сол саяси жүйені ақтағысы келгендер — қайдан большевик болғысы келгендер, ең алдымен өз елінің қасіретін еске алып, туған халқын жер бетінен құртып жібере жаздаған жүйені ақтау ең алдымен өзі үшін қаншалықты қорлық екенін ойлансын дер едім. Баска ешбір қоғамдық құрылыста мемлекеттік мәшине біздің халқымызды дәл осынша қатыгездікпен миллиондап құрта алмас еді.

Біз бүгін мемлекеттік деңгейде ойлай алатын азаматтар жетпей жатыр деп, ұлттың таңдаулы топтары әлі де тым шағын деп шағым айтамыз. Қандай болады — оның бәрі социализмнің жеңісі тұсында ұлттың асылын құрту дәстүрі қазақтың зиялы қауымын неше дүркін темір табанына салып таптап өтсе, бар шындық, өткен режимнің ұлттық емес, қайта нақ әлеуметтік-тоталитарлық табиғаты болғанында жатыр. Режимнің орыс құрбандарының жалпы саны өлденеше миллионға жетіп жатыр.

Еуропадағы аса ұлы мәдениеттердің бірі — орыс мәдениеті — неғұрлым білімді адамдардың талай жүз мыңдағанының көзін құртудың барысында орны толмас шығынға тура келді.

Олардың бірнеше миллион таңдаулы өкілдері Ресейден шетке кетуіне, тіпті анығын айтсақ, қашып шығуына тура келді.

Нақ солар кейіннен Батыстың, бірақ Ресейдің емес, ғылымына, мәдениетіне және экономикасына зор үлес қосты. Қулақ деп аталған миллиондаған таңдаулы шаруалардың көзін құртқан орыс ұлтындағы этнодемографиялық күйзеліс орыс халқына тіпті дүниежүзілік соғыстармен салыстыруға келмейтін зиян шектірді.

Әлеуметтік өзгерістер кезіндегі ашаршылық Украинада, мамандардың бағалауы бойынша, 3-тен 5 миллионға дейін украиндықтардың өмірін қиды, ал Ресейде құрбандықтар бұдан да көп болды.

Сіздердің бәріңіз өлім өкімін шығару құқығы берілген “ерекше үштіктер” деп аталғандардың қызметі туралы жа-

рияланған қасіретті құжаттарды оқыған боларсыздар. Мұның өзі қуғын-сүргінге түсірілгендерді азапқа салу жөніндегі өзіндік бір жарыс іспетті болды. Мысалы, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің өзі бірінші категория бойынша қуғындалатын адамдардың санын 600 адамға (сотсыз және өкімге шағым жасау құқығынсыз ату) және екінші категория бойынша (концлагерь) — 1000 адамға көбейтуді сұраған. Мұның өзі бір айдың ішінде ғана! Ал тарихта саяси партияның аймақтық бөлімшесі өзінің штабынан бекітіліп берілген адамдардың мөлшерінен 600 адамды артық өлтіруге рұқсат сұрағанын қашан және кім көрген. Міне, осындай лимитті бұл жүйе белгілеп беріп келген. Бұл орайда әңгіме тірі адамдар — отандастарымыз, қандастарымыз туралы емес, қайта саны шектен асып кеткен жануарларды атып алу туралы болған сыңайлы. Тірі қалу үшін баласы әкесіне, ағасы інісіне, інісі ағасына жала жабуға мәжбүр болған. Сөйтіп, бұл жүйе ғасырлар бойы орныққан адамгершілік принциптерін құлталқан етті.

Осы залда социалистік заманда Қазақстанға жер аударылған барлық халықтардың өкілдері отыр. Осында отырған адамдардың бабалары мен әкелерін бір кезде туған жерінен айырып, мал сияқты тауар вагондарымен біздің елімізге әкеліп, 24 сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды көшіріп үлгіргенін неге айтпасқа.

Республиканың Ішкі істер министрлігі маған берген деректер бойынша, тек соғыс жылдарында ғана Қазақстанға 393 мың неміс, 403 мың чехен мен ингуш, 45 мың қарашай, 37 мың грек, 21 мың балгар, ондаған мың кәріс көшірілген. Осынау қасіретті тізбені одан әрі ұзақ жалғастыра беруге болар еді.

Дінді қадір тұтатын мұсылмандар мен христиандар шайқасушы атеизм жылдарында мыңдаған мешіттер мен шіркеулердің тартып алынғанын, тартып алынып қана қоймай, сонымен бірге халықтың рухани дүниесі ретінде масқараланып, жойылғанын қалайша ұмыта алар. Тіпті ең қарапайым есепке қарағанда, КСРО аумағында ғасырдың басында

болған 25 мың мешіттің 1986 жылы 376-сы ғана қалғаны, ал 25 мың христиан шіркеулері мен соборларының үйіндіге айналып, 500 монастырдың жойылғаны анық. Меніңше, бағзы заманда құдай біреуді жазалаймын десе оның ақылы мен есін алдымен алады деген рас болса керек. Бабаларымыздың тағдыры туралы естелікті жадымызда сақтаудың өзі өткен кездің төтті ертегілерімен бізді сақтандыруға тиіс.

Ал қазақтың жері сан жылдар бойында тоталитарлық эксперименттер жасалатын орасан зор концлагерьге айналғанын қалай ұмытуға болады. Степлаг, Карлаг, Ақмоладағы әйелдер лагерінің орны әлі күнге тұр, соны неге елге айтпаймыз?

Біз бүгін дамыған әлемнің экологиялық қоқысына айналуымыз мүмкін деген пікірлер айтылып жүр. Әбден мүмкін еді, бірақ біз болдырмау үшін барынша әрекет жасаудамыз. Ал Қазақстанды экологиялық қоқысқа айналдырған да сол “түбегейлі жеңген” әрі “дамыған” социализм емес пе еді.

Арал мен Семейді жер бетінде бәрі біледі. Білерін біледі-ау, бірақ мұнда тұратын біз ғой.

Тек Семей полигонының өзінде — 459 ядролық жарылыс, оның 113-і ашық атмосферада жасалған. Ал Қазақстанның басқа жерлерінде жасалған ядролық жарылыс қаншама?

Құпия деректер бойынша бірнеше жүз мың адам сол сынақтың құрбаны болды. Оны қалай ұмытамыз.

Табиғатты талқандап, халықты демографиялық апатқа ұшыратып, ұлттың таңдаулы өкілдерін неше дүркін жойып, оның генетикалық әлеуетіне өлшеусіз зиян келтірген, мемлекеттігімізді ұлттық-демократиялық даму мүмкіндігінен айырған кеңестік тоталитаризм қазақ халқына басқа қоғамдық құрылыстардың қай-қайсынан да бақытсыздықты көп әкелді.

Ендеше өз халқын артта қалған қайырсыз жолға қайта шақырамын деп саяси мөнгүрт болудың қажеті жоқ.

Демократиялық мемлекетті дамыту — қазақстандық тұтастықты қалыптастыратын жол. Мемлекет дегеніміз — аумақ пен қоғамдық құрылыс, заңдар мен экономикалық құрылым

ғана емес, мемлекет өздерін оның азаматымыз деп сезінетін адамдардың белгілігі бір саяси ортақтастығы.

Егер мемлекеттіліктің саяси, құқықтық және экономикалық негіздері қалыптастырумен байланысты мәселелерді жеткілікті түрде өз алдына келтіруге болатын болса, ал азаматтың өзін-өзі айқындауы, азаматтық тұрғыдан саралануы өте күрделі әрі елеулі бір уақытты талап ететін дүние. Азамат осы мемлекетке деген өзінің қатыстылығын саналы түрде сезініп, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін ұдайы түсінуге тиіс. Нақ осының өзі әр адамның игілігі бүкіл елдің игілігімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге тиіс.

Бірақ ТМД халықтары біркелкіліктің бір сәттік және бұрын болып көрмеген дағдарысын бастан өткерді. Олар өздерінің бұрынғы мемлекеттігінен бір сәтте айырылып қалды. Осы дағдарыстың күшті болғаны сонша, олардың көпшілігі қазір мұны жеңіп шықса да, әлі күнге дейін есін жинай алмай келеді. Түрлі әлеуметтік зерттеулердің деректері еліміз халқының басым көпшілігі өздерін Қазақстанның азаматы ретінде танытынын айқын көрсетіп отыр. Медицинада “сырқат сыры” деген ұғым бар. Бұл кесілген қол мен аяқ баяғыда жоқ болса да, оның орны қашан да ауыратынын білдіреді. Ал енді мемлекет ретінде КСРО бес жылдан бері жоқ болса да, адамдардың кейбір бөлігі өздерін осы елдің азаматымын деп санап келеді.

Міне, нақ сондықтан жекелеген экстремистік тұрғыдағы саясатшылар өздерінің тарихи Отаны Қазақстаннан шетте қалған адамдардың сезімінде ойнап, түрлі қитұрқыға баруда. Осынау саяси “сырқат сыры” саясатшылар ашық болған сайын ертерек, әрі кінәратсыз өтіп кетері анық. Жұртшылықтың бәріне жағымды болмағанымен, бірақ ең адал қорытынды мынау: КСРО белгілі бір қоғамдық үлгідегі және белгілі бір географиялық аумақтағы мемлекет ретінде мәңгілікке өткенге кетті. Оның үстіне әрбір адам осы тарихи оқиғаны тезірек қабылдап, өзін-өзі айқындай алса, соғұрлым оның өзі үшін де, ел үшін де жақсы болмақ.

Бүгінгі таңда адамдардың санасынан сығалатып саңылау табу жүріп жатыр, сондықтан кенезесі көгерген өткеннің белгілеріне деген іштей аңсаудың мән-мағынасы бізге белгілі. Сондықтан жаңа біркелкілікті құру демократия, бостандық, пікірлердің сан алуандығы, адам құқығы, азаматтық қоғам идеялары жалпы ұлттық идеяларымен үйлесіп жатқанда ғана табысты болмақ. Мұның өзі Президенттің көміл сенімі бойынша, екі үлкен идеологиялық тақырыптардың тоғысында — Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен ішкі демократияландыру түйіскенде ғана мүмкін болмақ.

Жаңа біркелкілікті іздестірудің, біздің халқымыздың жана өзін-өзі айқындаудың тұжырымдамасы былай қарағанда оңай болғанымен, жүзеге асыру тұрғысынан ерекше күрделі. Оның тұжырымдамасы мынадай: тек демократиялық Қазақстан ғана тәуелсіз болуға тиіс. Өз кезегінде саяси тәуелдіксіз Қазақстанда нақты демократия болмақ емес. Осы тұжырымдаманың үшінші қосымшасы республикадағы азаматтық қауымдастықты қалыптастыру бола алады. Әлде бір аңыздағы әсіре этнос емес, нақ азаматтық қауымдастық болуға тиіс. Осы маңызды мәселеде біздің де айқындалатын кезіміз жетті.

Қазақстан халқы жаңа бір этникалық қауымдастық емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде қаралады. Біздің дауымыздың осы кезеңінде мәселені нақ осылай қою бірден-бір шынайы көзқарас болмақ. Айтқандайын, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі түрлі этностар өкілдерін азаматтық тұрғыдан біріктіру құралдарының бірі болып табылады.

Жаңадан өзін-өзі айқындауды, адамдардың жаңа біркелкілігін қалыптастыру үшін бүгінгі таңда көптеген нұсқауларды саналы түрде тандап алу қажет. Жалпы ұлттық идеяларды іздестіру барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отыр. Ол, әрине, жанжалдасушы сипатта емес, қайта біріктіруші сипатта болуға тиіс. Мен бұдан үш жыл бұрын осыған қатысты пікірімді білдірген едім.

Бірігудің идеялық негізі ретінде тұрақтылыққа, жаңғыруға, тәуелсіздік пен прагматизмге сүйену өте дұрыс. Алай-

да, бүгінгі таңда осы негіз қалаушы принциптерді нақтылай түсу қажет. Ең алдымен халықтың тарихи санасын жаңғырту керек. Тоталитарлық режим жағдайында халықтар тек КСРО тарихын білуге тиіс болатын. Бұл әсіресе саны аз ұлттарға қатысты еді. Сондықтан қазақтардың өздері де, оның үстіне қазақстандықтар да біздің жеріміздің тарихын білген емес. Және бұған олар кінәлі де емес. Бұқаралық деңгейде ұлттық мемлекеттіліктің талай ғасырлар бойындағы үздіксіз тарихи байланысы, қазақтардың талай ұрпақтарының тәуелсіздік жолдарындағы күресі ой елегінен өткізілуге тиіс. Ал олар болса — қазіргі Қазақстан тұрғындарының ата-бабалары. Осы елдің ХХ ғасырдың аяғында мемлекеттіліктің барлық нышандарына ие болғанын да ескерген жоқ.

Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттілігі болмағаны туралы алуан түрлі сыпсың пікірлерге елеулі түрде тосқауыл қою қажет. Осыған байланысты “мемлекеттілік” пен “мемлекет” деген ұғымдар бір мағынаны білдірмейтініне көңіл аударар едім. Біз мемлекеттілік туралы айтқанымызда, ең алдымен жер аумағына ғана емес, қайта саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың бүкіл кешенін ескереміз. Міне, осылардың негізінде қоғам тұтас жүйе ретінде тіршілік ете алады. Бұл мағынада алғанда қазақтардың мемлекеттілігі ежелден орныққан. Қазақ мемлекетін саяси-құқықтық құрылым ретінде хаттауға келсек, бұл басқа іс. Мұның өзі XV ғасырда болғаны белгілі. Алайда, зерттеушілердің арасында Қазақ мемлекетін құрудың нақты датасы бойынша бір көзқарастың жоқ екені өкінішті. Ал осы тұста идеологиялық жұмыстың орасан зор бағыты тұр. Өйткені өз мемлекетіміздің бастауын іздеуде жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айта алмақпыз? Міне, тарихи ғылымның кезек күттірмес міндетінің өзі осында.

1996 жылғы сәуірдің 2-інде мен “Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы” Жарлыққа қол қойдым.

Адамдарға ғасырлар бойғы ұлттық дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беру өте маңызды. Қазір жаңа “Тіл туралы” Заң әзірленіп жатыр. Тілді, ең алдымен мемлекеттік тілді оқып-үйренуге өзгерістер енгізу және нақты тұтқаларын жасау қажет.

Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге және оны оқып-үйренуге және білуге тиіс. Бұл орайда бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды.

Бұл орайда қазақтың жазуын кириллицаның шалғайдағы бір нұсқасы ретінде қабылдаудан бас тартқан жөн. Өйткені мұның өзі осы тілге деген лайықты сыйластығына мүмкіндік бермейді. Ал латын қарпіне ұсынылып отырған көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне енуіне, технологиялық тұрғыдан әлеуетін бейімдеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді.

Мұның өзі қазақ азаматтарының басқа елдер халықтарының тілдеріне деген құрметін арттыра түсер еді. Біздің айқындамамыз — ортақ пікір, өзара құрмет. Бұдан басқадай болуға тиіс емес.

Біздің жағдайымызда этникааралық интеграцияның негізі Қазақстан мемлекеттілігіне жалпы азаматтық қатыстылығы, адамдардың саяси өзіндік айқындалуы негіз болуға тиіс.

Қысқасын айтқанда, идеологиялық жұмыс негіздерінің бірі — азаматтардың этникалық қана емес, сонымен бірге азаматтық тұрғыдан өзін-өзі айқындау принципі болуға тиіс.

Біздің саясат нақ осындай көзқарасқа — адамдардың өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге, сонымен бірге азаматтық қауымдастық сезімін, Қазақстан халқының тұтастай бірлік сезімін дамытуға көмектеседі. Қазақстан нарықтық әлеуметтік мемлекет деп анықталған республика. Конституциясында бұл жай сөз емес, әлеуметтік-экономикалық үлгілермен бірге

идеологиялық үлгіні де таңдап алу деген сөз. Мемлекет мол табыстан салықты да молырақ төлеу керек деген кезде, Үкіметті дұрыс түсіну қажет. Біз адамдардың әлеуметтік тұрғыда да бірігуіне жағдай жасауға тиіспіз.

Өзіміз өмір сүрген социализм кезінде жұмыс істегендерге ай сайын еңбекақысының үштен бірінен астамын төлемей келді (бұл тек ресми мәліметтер бойынша, іс жүзінде бұдан көп). Мемлекет бұл ақшаны жинақтап, зейнетақыға, тегін пәтерлерге, денсаулық сақтауға, білімге, жеңілдіктерге жұмсады. Бөліп беру деп аталған мұндай жүйені жасау адамдарды толық тәуелділікте ұстауға және оларды бақылап отыруға мүмкіндік берді. Осылайша зейнеткерлерден алып қойған ақша экономикада әлі де бар. Сол себепті біз оларға: “Бұл біздің ісіміз емес, енді нарықтық экономика келді, өз қалауларыңша өмір сүре беріңдер” деп айта алмаймыз.

Бұлар қазір жоқ мемлекеттің қарыздары болғанымен, біз аға ұрпаққа оны беруге тиіспіз. Ол үшін жекешелендіруден түскен қаржыларды жұмсау, мүлікке салынатын салықтан алынған сомаларды аудару қажет. Осының есебінен халықтық жинақ кассаларындағы шығындарын өтеу, пайданың есебінен қаржы аудару жолымен тұрғын үй салуға қажетті жеңілдетілген кредиттер үшін арнайы қор жасау қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды — Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың жинақ ақшаларының шығынын өтеу қолға алынды.

Өздеріңіз білесіздер, мен “ИЗМ” атаулыға қарсымын. Дүниені көп аралаған кезде капитализм деп аталатын системаның да шегіне жеткен өзіншілдіктен бастап, миллиондаған адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлығына дейінгі көптеген өз проблемалары мен аурулары бар екеніне көзім жетті. Сондықтан ешқандай идеяландыру болмауға тиіс. Біздің көзқарасымыз идеологиялық айтысқа емес, халықтың әлеуметтік мүдделерін мейлінше ескеруге құрылған.

Алайда, бұл үшін алдын ала елеулі экономикалық ресурстар жинақтау қажет. Олар тек біздің әрқайсысымыз

жұмыс істеген, өзіне және мемлекетке игілік жасаған кезде ғана болады. Сондықтан бүкіл нарықтық реформалар — жекедара көзделген мақсат емес, нақты әлеуметтік бағыты бар тиімді экономика құрудың құралы.

Әлеуметтік бірдейліктің дағдарысы туралы айтқанда, біз әлеуметтік құрылымның мейлінше сырқаулы өзгерісін, түрлі топтардың әлеуметтік статусының өзгеруін ескеруге тиіспіз. Бұл дағдарыстың күрделілігі мен қоғамдық маңыздылығы оның зиялы қауымның бет қаймағының мүдделеріне тиетінімен анықталды. Әлемдік тәжірибе бұл проблеманы шешудің екі ғана сыпайы тәсілін біледі.

Біріншісі — мәдени, ғылыми, білімді таңдаулы топ қалай дегенмен де нарықтық жүйенің қисынына бейімделуі, демек, өз еңбегімен тапқанына өмір сүруі керек деген сөз.

Екіншісі — ұлттың бетке ұстар топтарына демеушілік жасау. Жебеу немесе оларды мемлекеттің пәрменді қамқорлығына алу. Бірінші тәсілдің ауыртпалығы мәдениет жаратушыларды сөзбен емес, іс жүзінде қолдаумен жойылуға тиіс. Мен бұл жерде ғылым мен мәдениеттің нағыз жасампаздары мен талантты өкілдері туралы айтып отырмын.

Бұл орайда өзара кінәласу мен қарсыласу емес, Үкіметпен және Парламентпен бірге осы мәселені шешудің біртұтас бағдарламасын жасау үшін бірлесіп жұмыс істеу қажет. Мәдениеттің таңдаулы өкілдерін тікелей қолдаудың бағдарламасын Үкімет 1996 жылдың өзінде жасап, жүзеге асыруға тиіс.

Мына мәселені де атап өткім келеді. Біздің егеменді республикамыздың аса маңызды ресурстары — ғылым болып табылады. Оның үстіне бұл ресурс өзіне тән ерекшелігімен және бұл сөздің дұрыс мағынасында алғанда, ғылым деп аталатын аса күрделі организмнің консервативтілігіне орай, мемлекет тарапынан ерекше көзқарасты талап етеді. Оның біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу мен нығаюындағы, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеру процестеріндегі, елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптас-

тырудағы, экономиканы дамытудағы рөлі мен маңызын түсіну ғылымды басқару құрылымын жетілдіру және оны нығайту жөніндегі шешімдер қабылдауға алып келді.

Осы шешімді жүзеге асыру тетіктерін жасау мақсатымен биылғы мамыр айында Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуы проблемалары бойынша республикалық кеңес өткізіледі. Оған жетекші ғалымдар мен мамандар, министрліктер мен ведомстволардың, аса ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен компаниялардың, сондай-ақ облыстардың басшылары қатысады.

Қазақстандағы саяси қалыпқа келудің жалпы қисынын да ескеру қажет. Өтпелі кезеңдегі елдердің қазіргі міндеті шынында да бірегей — мемлекеттік құрылыстың тоталитарлық жүйесінен кейінгі нысандарды мұра етіп алған олар, дамымаған азаматтық қоғамның негізінде демократиялық процестерді қалыптастыруға тиіс. Біз үшін бұл міндет оны көп ұлтты және көп дінді елде шешуге тура келетінімен де қиындай түседі.

Күрделіліктің бұл деңгейін түсінетіндер аз, ал оны түсінетіндердің өзі мәселені шешудің ең қарапайым екі тәсілін іздестіреді. Біріншісі — белді тас буынып, ешқандай “демократиялық ойындарсыз” классикалық авторитарлық тәртіпке “өріс беру” болып табылады. Мен бұл көзқарасты екі принципті себеп тұрғысынан теріске шығарамын.

Біріншіден, ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрған кезде тұйық авторитарлық тәртіп орнату дегеніңіз экономикалық, коммуникациялық, ақпараттық қана емес, геосаяси себептерге де байналысты ерте ме, кеш пе бір күйреуге алып келеді. Өзінің геосаяси жағдайына орай, бұған балама орынды авторитарлық емес, тек демократиялық Қазақстан ғана таба алатынына терең сенімдімін.

Екінші себеп мұнан да елеулі. Мен авторитарлық билік технологиясының тәжірибесін жақсы игергенімізді, сол арқылы оппозицияның кез келген өскіндерін ө дегенше-ақ көктей солдырудың қиын еместігін талай рет атап көрсеткенмін. Бірақ біздің алдымызда экономиканы, саясат-

ты, ғылым мен мәдениетті шыңдап жетілдіру міндеті тұр. Адамдарды қай жерде болса да өкіметтің бақылауынан, ең алдымен жеке өміріндегі, рухани саладағы бақылаудан азат етпейінше және қоғамдағы жариялылықсыз ешқандай жаңғыртулар жүзеге аспайды. Халықтың көптеген ұрпақтары бостандықты тәуелсіз мемлекеттегі авторитаризм деген сияқты әдемі сөзбен ауыстыру үшін қан төккен жоқ. Бұл сөздің астарында тек өзінің ұлттық киімін кигізген еріксіздік жасырынып жатыр.

Аталған міндетті шешудің тағы бір қарапайым әдісі — өкіметпен қарсылыққа келу. Иә, жиырмасыншы ғасырдың тарихында өкіметті басып алудың жанжалды үлгісі әлденеше рет жүзеге асырылды. Барлық саяси революциялар осы үлгіде құрылды.

Соңғы бес жылдың ішінде ТМД елдерінде де әлденеше рет осындай оқиғалар болды. Мұның бәрі де қантөгіспен, күш қолданумен және мейлінше дөрекі популизммен жүргізілуде. Ал ең бастысы — бұл еш жерде де жаңа билеушілердің әдемі уәделерінің орындалуына және адамдар тұрмысының жақсаруына жеткізген жоқ. Әдетте, басқалардың қатесінен үйренбейді деседі. Алайда, саясатшы үйренуге міндетті, өйткені оның жеке қателері миллиондардың қасіретіне айналады.

Мен көп реттерде “алғашқы қолдардан” дәл ақпараттар ала отырып, ТМД-ның түрлі аймақтарындағы қантөгісті саяси жанжалдардың болмысы туралы көп ойландым. Менің берік сенімім мынадай: жекелеген топтардың саяси және экономикалық мүддесі халықтың мүдделерін қорғаумен бүркемеленген жерде, этникалық немесе діни белгілері бойынша бұқаралық толқуларға бағыт берілген, халықты саяси агрессияға итермелеген жерде, ерте ме, кеш пе, қан төгіледі.

Мұнан алынатын екінші сабақ — жанжал отын тұтатушылар, әдетте, судан таза, сүттен ақ болып шығады. Алайда, нақ солар алдымен қантөгіске жол ашады. Сондықтан да мен қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған қауіпсіздігі тура-

лы Заңның жобасын Парламенттің карауына енгізуді Үкіметке тапсырып отырмын. Ассамблея бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін. Біз экономиканы түзетуді енді ғана бастадық, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға кірістік. Бізге бос саясатшылдық емес, халықтың бірлігі, достығы, тұрақтылық қажет.

Мен Қазақстандағы партиялық плюрализмді жақтаймын. Бүгінгі таңда бізде іс жүзінде саяси бірлестіктердің күллі шоғыры бар. Алайда, Конституция мен заңда тыйым салынған қауымдық, діни, рулық, тағы басқа кез келген партияларға Қазақстанда жол берілмейді.

Біз өзіміз жинақтаған көп емес болса да, төтенше маңызды демократиялық өзгерістердің тәжірибесін сақтауға және өкімет пен саяси қозғалыстардың пікір алысуларын іс жүзінде дамытуға тиіспіз.

Саяси қозғалыстардың өз арасында тұрақтылық шартын жасасып, барлығы бірге өкіметпен шарт бекітуі ең байыпты іс болған болар еді. Бір кезде либералдық ойдың классиктерінің бірі Джон Стюарт Милль құқық жүйесін халыққа да, Үкіметке де бірдей дәрежеде жүген салу ретінде анықтаған болатын. Егер бюрократия заңды ашық бұзатын болса, адамдардың жаңаша азаматтық құқықтық санасы туындайды деп ойлау байыптылыққа жатпайды. Бұл қарапайым ғана тұжырым, алайда бүгінгі таңда ол біз үшін, өкінішке орай, өте маңызды болып отыр.

Сіздерге жақсы мәлім, Қазақстанның көптеген аймақтарында кадр жөніндегі бірқатар шешімдер негізінен қолданылып жүрген заңдардың, Президенттің актілерінің орындалмауы себепті қабылданды. Осы орайда барлық дәрежедегі басшыларға заңдарды сақтау үшін бақылаудың одан әрі қатаңдай түсетінін ескертемін. Бұл ел заңдарын бұзғандардың бөріне де қолданылады.

Алайда, ең іргелі және күрделі міндет — азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгерту. Мемлекеттік жазалауларға арқа сүйеген заңдардан қорқу және заңнан жеңіл құтылып кетуге мүмкіндік беретін екіжүзді мораль — өткендегі

құқықтық жалған сана-сезімнің екі жағы, міне, осындай. Мемлекеттің адамның жеке өміріне билеп-төстеушілікпен араласуы жағдайында заңды жаппай құрметтемеу де содан қалған мұра.

Бұл қондырғыны бірер жылда өзгерту де мүмкін емес. Иә, біз прогресшіл заң базасын құрдық, алайда оны жүзеге асырудағы бұрмалаушылық, чиновниктердің жемқорлығы мен түрлі деңгейдегі өкімет орындарында қызмет бабын пайдаланушылық, кез келген тоталитаризмнің бұлжымас серігіне айналатын, халыққа мұра болып қалған құқықтық нигилизмге қосыла келе, реформаларға деген сенімді азайтуда. Проблеманы анық көре білу қажет, одан түйеқұс секілді “құтылуға” болмайды. Әңгіме халықтың өз мемлекеттігіміздің тағдырына сенімі туралы да болып отыр.

Қандай лауазымда отырған чиновник болса да, жемқорлыққа араласса, заңдарды бұзса, сеніп тапсырылған билікті жеке басының қамы үшін пайдаланса, халықтың мүддесін ойламаса, онда ол жүргізіліп жатқан реформаларға қарсы жұмыс істейді, елді бүлдіреді, мемлекеттің мүдделерін сатып кетеді. Сондықтан да одан тиісінше қатаң талап етіледі.

Өзіміздің зиялы қауым туралы әңгімеге айрықша тоқталғым келеді. Өтіп бара жатқан ғасырдың 90-шы жылдары Еуразия кеңістігіндегі зиялы қауымның атқарған қызметінің тек жақсы жағын ғана емес, нашар жағын да көрсетті. Біз бәріміз де Кеңес өкіметінен кейінгі бірнеше елде жалаң қылыш зиялы қауымдардың өз халқын өздері қасіретке ұшыратқанына куә болдық.

Бақытымызға қарай, біздің зиялы қауым әр түрлі ат шығарғыштардың алдауына көнбей, өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Олардың бұл еңбегін халық дұрыс бағалады, Үкімет те бағалауға тиісті.

Қоғамда тарихи, рухани және мәдени байланысты қамтамасыз ететін басқа топ жоқ. Мәдениет — ең алдымен жәдігерлік, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші — біздің зиялы қауым.

Айтыла беретін екі тақырып бар: ол — “Зиялы қауым мен халық”, “Зиялы қауым мен Үкімет”. Зиялы қауым мен Үкімет арасындағы қарым-қатынас жайында мен барлық деңгейдегі чиновниктерге мынаны айтқым келеді. Қоғамдық ой-пікірдегі сыншылдық, оппозициялық бағыт, негізінен, зиялы қауымға тән нәрсе.

Француз Президенті де Голль туралы мына бір оқиғаны естеріңізге сала кетейін. Париждегі жаппай наразылық-толқу кезінде француздың ұлы философы Сартр тұтқынға алынғанда, де Голль “зиялы қауымның мұраты — билік ашындырған халық арасынан табылу” деп, өзіне қарсы шыққан философты дереу босату туралы бұйрық берген.

Егер демократиялық негізде, заңды түрде болса, зиялы қауымның саяси ұйымдастыру ісіндегі әр түрлі тәсілдерін тек қолдау керек. Осы залда отырғандардың ішінде, тіпті бүкіл Қазақстанда бізде саяси өзгеше көзқарас үшін қудалау бар деп ешкім Үкіметті жазғыра алмас деп ойлаймын. Үкіметтің міндеті — демократияның құқықтық институттарын жасау және соңғы жылдары біздің қоғамымыздағы саяси-құқықтық реформа бойынша жасалған қыруар жұмыс, шынын айту керек, сыннан көз ашпайтын мемлекеттік бюрократияның еңбегі.

Біз бүгін кез келген диалогқа дайынбыз, зиялы қауым құрып жатқан қоғамдық-саяси қозғалыстарды көргенде зәрулері ұшатын кейбір жоғары қызметтегі мемлекеттік чиновниктер секілді мен олардан ат-тонымды ала қашпаймын. Егер ұйымдастырушылардың көкейінде жалған намыстың шамшылдығы емес жалпы ұлттық болашақтың ұтымды ізденістері болса, онда бұл әдеттегі қалыпты процесс. Біздің интеллигенцияға халықты отансүйгіштікке, жалпы патриотизмге бағыттайтын уақыт жетті.

Алайда, екінші бір айтылатын нәрсе — “зиялы қауым мен халықтың арасындағы қарым-қатынас”. Бұл арада зиялы қауымның жауапкершілігі жоғарырақ болуға тиісті.

Бұл жауапкершілік жұртқа білім беру міндетімен шектелмейді. Қазақстан секілді бүгінгі өтпелі қоғамда зия-

лы қауымның міндеті әлдеқайда үлкен. Олардың бірлескен жұмысы, атап айтқанда, жалпыұлттық идеяны — тарихтағы өз орнын жаңаша белгілеудің негізін, барлық қазақстандықтардың соған сәйкес болуын тұжырымдау. Біздің көп этникалық қоғам үшін мәні өте зор міндет — ұлтаралық сананы қалыптастыру. Кез келген елде ұлтаралық қарым-қатынас сипаты, сол зиялы қауым қалыптастыратын ұлттық мүддені айту мен оны іске асырудың тәсілдеріне тікелей байланысты.

Біздің зиялы қауым жеке кездесу кездерінде ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті қалпына келтіру мәселесін жиі қояды. Өте дұрыс. Бірақ бұл тек Үкімет алдында ғана тұрған міндет емес қой. Біздің ақын-жазушыларымыз, композиторларымыз, суретшілеріміз қайда?

Неге көптеген азиялық, еуропалық елдердегі жазушылар, ғалымдар, композиторлар мектептерде жұмыс жүргізу, кездесулер өткізуді өздеріне міндет етіп санайды. Біз төрт жылдың ішінде жүздеген қазақ мектептерін аштық, қазір олар 4200, бұрын 1800 болған, бірақ олардағы сабақ беру сапасының қандай екенін көрдіңіздер ме? Егемен Қазақстанда өмір сүргенімізге бес жыл болды, ал біздің балаларымыз большевик көсемдер мен бұрынғы Үкімет туралы өлеңдерді жаттап жүр.

Білім беру жүйесі барлық пәндер бойынша қазақ тілінде оқытатын мамандарды жеткілікті дайындауға үлгере алмайды. Ал сонда біздің зиялы қауымымыз қайда? Мереке мен мерейтойлардан басқа кезде мектепке баратын ақын-жазушыларымыз қанша? Жазушылар одағының астанада тұратын төрт жүзден астам мүшесі, ең болмаса, Алматыдағы мектептерде әдеби-тәрбие жұмысын жүргізуді неге мойындарына алмайды?

Әрі қуанатын, әрі ренжітетін бір фактіні мысалға келтірейін. Музыкатанушы Юрий Петрович Аравин радио мен теледидардан қазақ музыкасы, халық композиторлары мен ақындары туралы тамаша хабарлар жүргізеді. Ал қазақ музыкатанушыларының осындай хабарлар циклы неге жоқ?

Қайсы бір рулық психологияның да бой көрсетіп жүргенін жасыра алмаймыз.

Бүгінгі қазақ баспасөзінің бетінен қазақ халқының тарихынан айрықша орын алатын, айрықша міндет атқаратын елдебір рулар туралы әр түрлі толғаныстарды кездестіруге болады. Және мұны жазып жүргендер жұмысшы, шаруа, чиновник, іскерлер емес, кәдімгі дардай атақ-дәрежесі бар өзіміздің зиялы қауым өкілдері. Тарихтың талқысымен ХХ ғасырда әлемдік технологиялық, информациялық дамудан шеткерілеу қалған, өз дәрежесінде өсе алмаған халқымызды енді қазір ортағасырлық жікке бөлу кімге болса да, әсіресе көзі ашық азаматтарға кешірілмейтін нәрсе. Бұл өз халқын жарға итерумен бірдей.

Тағы бір мәселе туралы айтқым келеді. Кеңестік кезеңнің өн бойында ұлттарды әр түрлі экономикалық орындарға бөлу саясаты жүргізілді, тәуелсіздік алған сәтке дейін қазақ халқының шамамен 70 проценті аграрлық салада болды. Нарықтық өзгерістер әсіресе аграрлық секторда ауыр жағдайда өтіп жатыр. Бұл жағдай зиялы қауым тарапынан әр түрлі реніштер тудыруда. Мұның бәрін түсіне отырып, біз мынадай сұрақ қоюға тиістіміз: “Нарықты мүлде қабылдамайтын халық бар ма?” Ондай халық жоқ және соңғы жылдары ондаған халықтар нарық жағдайына тәп-тәуір бейімделіп келеді. Ендеше неге біздің зиялы қауымның бір бөлігі болашақты нарықпен байланыстырады да, екінші бөлігі оны жокқа шығарады? Сонда олар өз халқына бұдан басқа қандай жол сілтейді? Оңай сауал емес. Және бұл сауал ұлттық дәстүр мен нарықтық психологияның үйлесіміне тікелей байланысты. Сондықтан зиялы қауым үшін ең үлкен мәселе бәрі құрыды, бәрі қирады дейтін, ешкімге пайдасы жоқ әрі елді мезі қылған жылап-сықтауда емес, кертартпалықта емес, әлгі айтылған қайшылықтарды үйлестірудің жолын табуда, елді алға ұмтылдыруда.

Мәселе өте қатты қойылып отыр: біз не бүкіл әлемдік үрдіске қалыптасамыз немесе басы бүтін халықтық сипатымыздан айырыламыз. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын-

да тұрған уақыт өте қатал заман, ол ешкімнің көз жасына қарамайды, бұл дәл әрі шынайы жол таңдайтын кез. Ал мұндай таңдау біздің зиялы қауым ұстанар бағытқа тікелей байланысты. Осыдан бір ғана жыл бұрын ұлтаралық келісімге жетудің бірегей институты — Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бұл уақытта ол қоғамдағы саяси және этникалық тұрақтылық факторларының бірі ретіндегі өзінің мәніс-маңызын нақты істерімен қуаттады.

Республика халықтары мәдениетінің қайта өркендеуі мен дамуына елеулі үлес қосылды, ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениеттерінің фестивалдары, татардың сабантойы бүкілхалықтық мерекелерге айналып, дүнгендер мен курдтардың той-жиындары тұңғыш рет республикалық деңгейде өтті. Сөз орайы келгенде айта кетейін, былтыр қазан айының соңында Алматыда өткізілген ұйғыр жастарының дүниежүзілік фестивалі де, Ақмолада ұйымдастырылған неміс балалары шығармашылығының республикалық фестивалі де, Қазақстан түріктерінің өмірі туралы әңгімелейтін “Халық жадының кітабы” да, тағы басқа көптеген мәдени шаралар да алғаш рет өткізілді.

Этностардың мәдени тұрмысы толымды болып, ұлттық-мәдени орталықтардың бастамалары шын мәнінде барлық жерлерде мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Мәселен, Павлодарда, Семейде, Жамбылда, Өскеменде, Петропавлда, Көкшетауда және басқа қалаларда шағын ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар үшін ғимараттар бөлінген.

Менің пікірім бойынша, ассамблея диаспоралармен жұмысты ұйымдастырудың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мемлекеттік мәртебе берудің арқасында ұлттық-мәдени орталықтардың проблемалары жедел шешіліп, бұлардың бірқатары бойынша үкіметтік деңгейде шешімдер қабылданды.

Президент ассамблея мүшелерінің, армян және дүнген мәдени орталықтары төрағаларының қазақстандық көрнекті

мемлекет және қоғам қайраткерлері Левон Мирзоян мен Мағазы Масанчидің есімімен байланысты мерейтойлық күндерді атап өту туралы ұсынысын қолдады. Ассамблея кеңесінің шешімімен оның республикалық қоры құрылғаны белгілі. Бұл қор ұлттық-мәдени орталықтарға қаржы және ұйымдық көмек көрсетуге арналған. Оның филиалдары барлық облыстарда бар.

Осы қор республикалық мәдени орталықтарға алғашқы қаржы көмегін көрсетті. Осындай жұмыстың облыстарда да атқарылатынына сенімдімін. Алматыда ассамблеяның бас шаңырағына айналатын Қазақстан халықтары Ассамблеясының үйін ашу туралы мәселе шешілді. Мұнда барлық республикалық ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтар жұмыс істейтін болады.

Ассамблея іс жүзінде халықтық елшіліктің органына айналды. Мұның өзі Алматыдағы елшіліктермен нығайып келе жатқан байланыстың ғана емес, сонымен бірге диаспоралардың тарихи отанымен түрлі байланыстарының да көрінісі. Осы күш-жігердің арқасында қазақстандық студенттердің Ресей мен Беларусьсиядағы саны көбейеді, Астанада корей театрының жаңа ғимаратын салу үшін жер бөлінді.

Біздің нығая түскен байланыстарымыздың тағы бір ескерткіші Көкшетау облысында тұрғызылмақ. Мұнда поляктардың Қазақстанға алғаш рет еріксіз көшірілуінің 60 жылдығын мәңгі есте қалдыруға орай жұмысшы тәрбиесін беру орталығының құрылысы басталады.

Ассамблея мүшелері — мәдени орталықтардың басшылары осы мәселелерде белсенді рөл атқаратынын атап көрсетпекпін. Ассамблеяның көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отанымен байланыстарын қалпына келтіруде. Мәселен, таяуда “Қазақстан — Украина” ұйымы құрылды, Қазақстан мен Ресей Достық және ынтымақтастық қоғамы өзінің жұмысын бастайды. Біздің ассамблея көрші мемлекеттің қоғамдық ұйымымен — Қырғызстан халықтары ассамблеясымен тығыз байланыс орнатты. Таяуда ғана

ассамблея “Ақиқат” және “Мысль” республикалық журналдарының тең құрылтайшысы болды. Оның кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтардың ұсынысы бойынша осы басылымдардың редакциялық алқаларының құрамына белгілі саяси және қоғамдық қайраткерлер енетін болады. Олар жарияланымдардың тақырыптық бағытын бірлесіп айқындайды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып ассамблея Алматыда біздің республикада тұратын диаспоралардың тілінде шығатын әдебиеттер сату жөнінде “Отан” кітап магазинінің жұмысын қайта бастау мәселесін шешті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы облыс әкімдері жанындағы шағын ассамблеяларымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ұлттық диаспоралар туралы кең-байтақ материал жинақтады.

Осындай жұмыстың нәтижесі бірегей басылымды — Қазақстан халықтарының энциклопедиясын шығару болмақ. Ассамблея сондай-ақ, ұлтаралық қатынастар проблемалары бойынша бірқатар халықаралық конференциялардың жұмысына қатысты және өзі де жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі (Қазақстан мысалы бойынша) этникааралық қатынастарды үйлесімді ету проблемалары бойынша халықаралық конференцияны ұйымдастырды. Бұл конференция биылғы жылы ақпан айында Алматыда Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйыммен бірлесіп өткізілді.

Біздің елімізде ғана кеңестік кезеңнен кейін жоғары оқу орындарына аз ұлттардың өкілдерін жіберу туралы ассамблеяға квота беру жөніндегі бірегей идея жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында 2682 адам бірінші курс студенті атанды. Олардың бәрі де ассамблеяның квотасы бойынша оқуға түсті. Саны аз ұлттардың жастарына деген осындай ілтипат бұдан әрі де жалғасатын болады. Менің тарапымнан Үкіметке оқу орны ретінде ғана емес, сондай-ақ ұлтаралық проблемаларды, адамдарды жақындастыру мәселелерін зерттеу жөніндегі Қазақстан халықтары Ассамблеясының

орталығы ретінде Еуразиялық университет ашу туралы тапсырма берілді.

Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындай алды деп айтуға болады. Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда ассамблея қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Оның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқын азаматтық біріктірудің түйінді құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекеттігіміздің және біздің балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

Биыл тұңғыш рет мамырдың 1-ін Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі ретінде атап өтпекпіз. Бұл орайда да ассамблея көп іс тындырды, өйткені осы мерекенің идеясы ассамблеяда туған болатын. Ал мереке тартусыз болмақ емес. Мен, ассамблеяның төрағасы ретінде осы жарқын азаматтық мерекемен баршаңызды құттықтап, бәріңізге “Ғасырлар тоғысында” деген өз кітабымды сыйға ұсынбақпын. Онда менің таяудағы өткен жылдар мен болашақ туралы ой-пікірлерім айтылған.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТАҢДАУЫ — ТАРИХИ ЗЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының төртінші сессиясындағы баяндамасы**

1997 жылғы 6 маусым

Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!

Ежелгі әрі мәңгі жас Ақмола жерінде өздеріңізбен қауышу мүмкіндігі туғанына шын жүректен қуаныштымын.

Сірә, оның тарихында тұңғыш рет осындай басалқалы басқосу өткізіліп отырған болар, оған қатысушылар елімізді мекендеген барлық ұлттардың, демек, көп ұлтты Қазақстанның күллі халқының мүддесін білдіреді. Осы жағдаят жаңа астана республиканың қоғамдық-саяси өмірінің шынайы факторына, ал бұл ретте ұлтаралық қатынастарды одан әрі тұрақтандырудың өзіндік құралына айналуының айқын куәсі.

Ең алдымен сіздерге аса маңызды әрі уақтылы бастамаларыңыз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер, соған сәйкес Қазақстанда ынтымақтастық жайлы келісім жасалды. Осы құжатқа қол қойған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық татулықты сақтау кепілдері рөлін мойнына алды, ал Ассамблеяның өзі Қазақстан қоғамында айрықша сындарлы рөл атқарып отырған белсенді қоғамдық институт мәртебесін қуаттап берді.

Ынтымақтастық туралы келісім менің Жарлығыммен Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған тұтас 1997 жылға саяси реңк береді. Мұның өзі әсіресе өзіміз саяси қуғын-сүргін

құрбандарын еске түсірген 31 мамыр күні жарқырап көрінді. Барлық қазақстандықтар тарихымыздың қайғылы беттері қайталанбауға тиіс деген бір тоқтамға келді.

Алайда, Жыл идеясын талқылаудың өзі кейде біздің тоталитарлық өткенімізді пайымдау қажеттігін түсінбеушілік бар екенін көрсетті. Осы орайда тарих сабақтарын ұдайы, ұрпақтан-ұрпаққа игере беру керек екеніне менің иманым кәміл. Әсіресе біздің Қазақстан бүгінде басынан кешіп отырған қоғамдық және экономикалық дамудың өтпелі кезеңінде бұл өте қажет.

I. Тоталитаризм сабақтары

Өткен дәуірдің аса ұлы философтарының бірі Иммануил Кант болмыстың кез келген азды-көпті маңызды мәселесінің жақсы, жаман жақтарын мұқият талдап отыратындығымен мәшһүр болған екен. Біздің Ассамблеямызда да Қазақстанның саяси, экономикалық және мейлінше ашық қарайтын жақсы дәстүр қалыптасқаны белгілі. Осы дәстүрді бүгін де сақталық.

Сонымен, Еске алу және татулық жылы жөнінде кереғар екі пікір бар. Олар мынаған саяды: біріншіден, өткенге жүгіне отырып, біз кінәлілерді, соның ішінде кінәлі ұлттарды іздей бастауымыз жөн секілді; ал екіншіден, біздің артымызда тек сыни көзқарас тұрғысынан ғана саралауға келмейтін даңқты жол жатыр.

Алдымен осы екі айқындаманың басын ашып алғым келеді.

Әуелі мынадан бастайық, тоталитаризм жойқын соққы бермеген, әрі өкінішке қарай, кей ретте орны толмас залалы тимеген бірде-бір ұлт, бірде-бір халық жоқ.

Егер әңгіме біздің көлгір оппоненттеріміз ашып айта алмай жүрген мәселе жайында, атап айтқанда, осы қанқұйлы қуғын-сүргіндегі орыс халқының рөлі жайында болса, онда жиырмасыншы ғасырдың ашы шындығының бірі — бұрынғы империяның және КСРО-ның ең саны көп халқы ретінде нақ осы орыс халқының өзінің мыңжылдық тарихындағы аса зор

этностық қасіретті басынан кешіргенінде жатыр. Дәл сол сияқты қазақ халқы да тікелей және жанама түрде өзінің тең жартысына жуығынан айырылды. Қоныс аударылған халықтарды этностық қырып-жоюдың адам айтқысыз зор ауқымы мен тағылық сипаты жайындағы мәліметтерді қайталап жатпайын. Осы жылдың шараларын өткізе отырып, біз әр нәрсені өз атымен атауға тиіспіз. Сонда ғана күллі тарихи шындық толығымен ашылмақ: өтіп бара жатқан ғасырдың осынау этностық ақырзаманы үшін бірде-бір халық кінәлі емес. Бұл — жүйенің кінәсі.

Екінші жағынан, битке өкпелеп, тонынды отқа салуға болмайды. Барлық халықтардың, соның ішінде қазақ халқының күні кешегі тарихындағы сындарлы сәттерге көз жұма карау аңғалдық болар еді. Шын мәнінде мейлінше қысқа мерзімде жетпіс жылдан сәл ғана астам уақыт ішінде, экономикада және бір кездегі патриархтық өмір салтында орасан зор жаңғыртулар жүргізілгені даусыз. Ал бұл табыстарға қол жеткізген өзге планеталықтар емес, сіздер мен біз, әкелеріміз бен аталарымыз. Өткен жолымыз — жеңістері мен жеңілістері, қуанышы мен қасіреті қатар өрілген ортақ өткеніміз. Ендеше, басқа пікірдегі адам аға ұрпақтың істері мен әрекетін тарихи мәнсіздік пен ұсақтық деп кінәлар болса, мұнысы кісілікке жатпайтынын ұғып алсын.

Менің әрдайым тарихқа деген салиқалы көзқарасты жақтайтынымды өздеріңіз білесіздер. Бұл жалғандықта, өңін айналдыруға төзбейтін ғылым. Біз дәнді қауызынан арши білу өнері өткендегі қателіктерді қайталамаудың бірден-бір кепілі екенін әрдайым жадымызда ұстауға тиіспіз. Сондықтан Еске алу және татулық жылын өткенге топырақ шашу жарысына айналдырып жібермеу керек. Оның мүлде өзге мазмұны және мүлде өзге тағылымы бар. Мен мұны тоталитаризмнің қарабет сабақтары дер едім.

Бірінші сабақ. Біздің бәріміздің өзімізге дейін өмір сүрген ұрпақтар алдында адамгершілік парызымыз бар. Саяси қуғын-сүргіннің сан миллион құрбандарының тағдырын ешкім ойдан шығарған жоқ. Бұл қатал шындық және ол өткенде қалғанмен,

одан кеудедегі қайғы-шер азаймақ емес. Қазақ жері тоталитаризмнің ең бір жан түршігерлік туындыларының бірі — қаптаған концентрациялық лагерлер өңіріне айналды.

Фашистік Германия концлагерьлерінен көп бұрын Қазақстан, соның ішінде сіздер мен біз қазір қиналып отырған облыс аумағында, ауқымы және қанқұйлылығы жөнінен ондағыдан бір де кем түспейтін “адам материалын сұрыптау” жүргізілгенін ой сарабынан толық өткізіп болдық па? Кеңестік тоталитаризм тіректерінің бірі, “Көсемдер санатында” өте жиі жұмсағы саналатын Бухарин мырза шімірікпестен дәл солай деген болатын.

Осы залда дінге құлай сенгендер де, атеистер де отыр. Демократиялық мемлекетте ұждан бостандығы дегеніміз — шынында да, әркімнің мейлінше өз мәселесі. Бірақ адам ойының кемеңгер ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпыадамзаттық қағидалар бар. Олардың бірі былай сөйлейді: “тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бәрінен бейхабар, оларға арнап дұға да оқылмайды, өйткені олардың есімдері зердеден өшкен”. Еске алу мен татулық жылының міндеті — осы қайғылы сөздер арқылы өз парызымызды еске салу. Нақақтан опат болған жандарды еске алып қайғырғанда біз адамзат заңына да, Киелі кітапқа да толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір фактілерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жек басы және “кулак отбасылары” делінетіндердің құрамында, шамамен, 25-27 миллион адам қуғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 миллионнан астамын “кулак” деген айдар тағылған, мал-мүлкі тәркіленген, шын мәнісінде “тап ретінде жойылған” шаруалар құрайды. Төңкеріс пен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 миллионға жуық адам тастап кетті. 1954 жылдың ақпанында Н.С. Хрущевке 1921-1954 жылдар ішінде “контрреволюциялық қылмыстары үшін сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама әзірлеп берілді. Сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 777 мың адам, соның ішінде ең ауыр жазаға

кесілгендер 642 мың адам болды. Қазақстанда осы кезең ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан аса адам атылды.

Саяси қуғын-сүргіннің ауқымы жан түршіктіреді. Ең бір сорақысы Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары, бір ғана 1931 жылы Орталық Қазақстан аудандарына Ресейдің ішкі аудандарынан 150 мыңнан астам арнайы қоныс аударушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының арақатынасын ажырату қиын, алайда, осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 миллион 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұрғындарының 42 проценті.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 миллион 200 мың адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда қырқыншы жылдары 1 миллион 200 мыңнан астам адам арнайы қоныстанушылар болған.

Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша 1927-1953 жылдары КСРО-да 40 миллиондай адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Өзге зерттеушілердің пікіріне сайсақ, бұл статистика одан да сұмдық. Дегенмен, саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрын-соңды білген емес және бұдан былай ешқашан білмес деген үмітім бар.

Проблема осы қасіреттің орасан зор этностық зардабына ғана емес, оның аса бір келеңсіз әлеуметтік салдарына тіреледі. Әңгіме тұтас таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуы және тепе-тең әлеуметтік құрылымның орнына еңбек пен адам өмірінің мүлде бұрмаланған өлшемдеріне негізделген барынша қисық-қыңыр қоғамдық жүйенің пайда болғанында. Сыртында миллиондардың қасіреті

тұрғанымен, қорқыныштысы сандар ғана емес. Қорқынышты нәрсе басқала — тұтас алғанда тоталитаризмнің дерттілігін түсінбеуде.

Екінші сабақ. Біз тоталитарлық режимнің қандай тарихи “таңдауды тықсырып тастағанын, егер тарих көшіне аса ауқымды әрі қатыгез әлеуметтік утопия араласпағанда, қандай жолмен дамуымыз мүмкін екенін пайымдауға тиіспіз.

Таяуда ғана Қазақстан азаматтары өз мемлекетіміздің тәуелсіздігінің бес жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл халықтың бостандық пен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі ғана емес, мұның өзі ұлттық зиялы тектілеріміздің ешқашан да толастамаған қызметінің қорытындысы. Ғасырымыздың басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және олардың серіктері “Алаш” партиясын құрды, оның бағдарламасы біздің бүгінгі күні жүзеге асырған ісіміздің көбісін көздеген еді. Осыдан 92 жыл бұрын Оралда бес облыс делегаттарының съезі болып өтті, онда Конституциялық-демократиялық партия құрылған болатын.

Іс жүзінде ол сонымен бір мезгілде өзін Ресей Конституциялық-демократиялық партиясының Қазақстандағы филиалы деп жариялады, ал оның басшысы Әлихан Бөкейханов осы партияның Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қазақ конституциялық демократтары — кадеттер өз бағдарламасында заң шығару билігін Дума арқылы жүзеге асыруды және елде президенттік институт енгізуді ұсынғанын білгендеріңіз сіздерге, сірә, артық болмас. Сайлауға қатысу құқығы тегіне, ұлтына, діни нанымына және жынысына қарамастан барлық азаматтарға беріледі. Делегаттарды сайлау төте, тең және жабық дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс еді.

Ғажайып көрегендік! Бірақ қай жағынан алғанда да осынау ардақты адамдарға кеңес тарихнамасынан бар бұйырғаны — “ұлтшылдар” деген айдар ғана.

Осы фактінің сырына тереңірек үңілейікші. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақстан аумағында жиырмасыншы ғасырдың бірінші ширегінде демократиялық мемлекет құру мүмкіндігі бар еді. Ресейдің де даму тағдыры қалыпты эволюциялық дамудың осы жолымен келе жатты. Әр түрлі себептердің салдарынан осы қалыпты әрі өркениетті жол кесіліп қалды. Демократиялық өзгерістер бағытына бұдан сексен-тоқсан жыл бұрын түссек, біз бүгін ең болмағанда Оңтүстік-Шығыс “жолбарыстары” немесе “аждаһалары” аталатындардың соңынан еріп, қуып жетушілердің күйін кешер ме едік? Бұл үлкен сұрақ.

Осы проблеманың келесі бір қырының маңызы да бұдан кем емес. Егер Ресейде сол кезде қалыпты эволюциялық процестер бел алғанда, онда Еуразия кеңістігінің барлық елдерінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы жарты ғасыр ертерек басталатын еді. Өзіміз тап болған тарихи артта қалушылық кезеңі — уысымыздан шығып кеткен ұлттық мүмкіндіктің тікелей салдары екенін біздің айқын түсінуіміз керек. Режимнің кесірінен қолымыздан шығып кеткен мүмкіндік. Бұған кәсіпқой тарихшылар жақсы қанық. Бірақ осы қарапайым ақиқаттың байыпты бағамы бұқара санасына сіңуге тиіс.

Қазақтар да, орыстар да, украиндар да, өзбектер де, қай жағынан болсын, анау индонезиялықтардан немесе филиппиндіктерден кем түспейді. Олай болса, күллі Оңтүстік-Шығыс Азияда немесе сонау Мексикада орын алған соңғы жылдардың ғажап жетістіктерін немен түсіндіруге болады? Ұлттық психологияның тылсым сырына сілтейміз бе? Жоқ, тіпті де олай емес. Ақылды немесе ақымақ халық болмайды. Біздің артта қалуымызды жалғыз ғана коммунистік идеологиясы бар тоталитарлық режимнің саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттамасымен түсіндіруге болады.

Ендеше, екінші сабақтың айтары — өткендегі тоталитарлық режим бізді бүгінгі күні өміріміздің барлық салаларын жедел қарқынмен реформалауға мәжбүр етті. Бұл

реформаларды неге мүмкіндігінше шапшаң жүргізу қажет болып отыр? Өйткені өзге елдер ілгері ұмтылуға арнаған уақытты тоталитаризм тоғышарлықпен қолдан шығарып алды. Мұны баршаның түсінетін кезі жетті.

Үшінші сабақ. Өткенді естен шығармау бізге режим құрбандарының алдындағы парызымызды өтеу үшін және жеделдетілген реформа жүргізудің неліктен соншама күрделі екенін түсіну үшін ғана қажет емес. Мұның өзі қателіктерді қайталамау үшін де қажет.

“Ақиқат маңдайыңа тимей, санаңа сіңбейді” деген сөз бар. Ал бұл ақиқат маңдайымызға тиді. Бүгінде саяси басқарудың қатаң әдістеріне қайтып оралуға үндеген сөздер де естіліп жатады. Сонда тәртіп мықты болады деседі. Оған мүлде қарсымын. Ондай көзқарас жеке басымның түсінігіне сай келмегендіктен ғана емес, жуан жұдырықтың ығытымен тәртіп орнату тарихи тұрғыдан мүлде кері нәтижелер беретіндіктен де қарсымын. Оның үстіне халық әрең жеткен өз бостандығын қолдан бермек емес және ешкімге сыйлай салмайды.

Қарабайыр шешімдердің жаңсақ келетін кездері жиі. Бір партия, бір идеология, бір ойлау жүйесіне тән тоталитарлық саяси машинаның қарапайымдығы жалған болып шықты, өйткені соның арқасында “жарқын болашаққа” жетіп бару әрекетінің арты күйреп түсу болды. Бұл қарабайырлық әсіресе, ұлттық қатынастар саласында айрықша зұлматты болып шықты. Зорлық-зомбылық пен идеологиялық жылмитуды астастыруға негізделген кеңес кезеңінің ұлттық саясаты адамдардың санасы мен рухани дүниесінің адам айтқысыз жұтандануына әкеліп тіреді. Әлі күнге дейін кеңестен кейінгі кеңістіктің әр түрлі аймақтарында бықсып жатқан ұлтаралық қақтығыстар мен ағайынаралық қантөгістердің бастау-қайнарларын жекелеген халықтардың бойындағы туа біткен егесқұмарлықтан емес, нақ сол қарабайырлықтың соқтықпалы зардаптарынан іздеу қажет.

Бір ғана қарапайым мәселе төңірегінде: “Неліктен тоталитарлық жүйе алдымен зиялылардың көзін

жойды?” деген сауалдың айналасында ойлану артық болмас еді. Мұның да қисыны қарапайым: халықтың ұлттық намысы мен ұлттық қадір-қасиетінен айыру үшін оны зердесінен айырып, мәдениетін, парасатын жою керек. Нақ сол Ресейдің өзінде алдымен орыстың зиялылық дәстүрінің даңқын шығарған және халықтың мақтанышы болып танылатын философтар, әдебиетшілер, ойшылдар қуылғаны кездейсоқ емес қой. Ал елде қалғандардың тағдыры талқыға түсті. Осы жүйенің өмірінің соңғы сағатына дейін Әлихан Бөкейханов пен оның серіктерінің ізіне түсуі де кездейсоқ емес, тіпті жүйенің өзі қолдап С. Сейфуллиннің, О. Жандосовтың, Қ. Сәтбаевтың, М. Әуезовтің және еуропаша білімдар әрі демократиялық бағдар ұстанған ондаған өзге де қазақ зиялыларының тағдыр тақсіретін тартуы да кездейсоқ емес.

Бүгінде бұрынғы одақта ұлттық мәселенің шешілгендігі жайлы айтылған кезде, белгілі бір мағынада оның шешілгендігімен келісуге болады. Бірақ бұл шешімнің мәнісі ұлттық болмыстық жүйенің саяси мүддесі үшін құрбандыққа шалынуында жатыр. Мұның өзі неден көрініс тапты? Бұл — біреулердің тыныштығы өзгелерді езгіге салу, туысқан республикаларды әбден ресми түрде “үлкен”, “кіші” деп бөлу, тұтас бір халықты бір түн ішінде қарудың күшімен мал таситын вагондарға тоғытып туған жерінен жыраққа айдап әкету арқылы көрініс тапты. Әрине, бұл әдіс билеушілер үшін оп-оңай, ал халық үшін сұмдық қайғы-қасірет.

Нақ сондықтан да, ұлттық татулық жайын айтқанда, біз ұлттық мәселені “шешудің” өткеннен өзімізге мәлім жолын қайталауға ешбір жағдайда жол беруге болмайтыны жөнінде өзімізге өзіміз есеп беруге тиіспіз. Ал ол үшін шындықтың бетіне тура қарау керек.

Ең маңыздысы сол, табиғатта осынау проблемаларды шешудің даяр нұсқалары жоқ, әр ел ұлтаралық қатынастар саласын өзінше дамытады. Мұның өте күрделі проблема

екеніне кемелденген демократиялық жүйесі мен қолайлы экономикалық ахуалы бар елдердің өзінің тәжірибесі айғақ.

Сонымен, тоталитаризмнің бізге берген үшінші тағылымы — ұлт мәселесін шешудің тұйыққа тірейтін және мүлде келешегі жоқ амалы. Осынау ескі негізде қазіргі заманғы Қазақстанда ұлтаралық татулыққа қол жеткізу мүмкін емес.

II. “Социалистік сырқат сызын” енсеру: психологиялық астар

Осы сессияда біз тарихи зерде мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырып отырғандықтан төтен құбылыстың психологиялық жағын да қарастырған жөн, мен оны “социалистік сырқат сызы” дер едім. Бір жақсысы өлі алыста қала қоймаған өткеніміздің тағылымы талдап-саралауға мол материал береді. Мұның өзі халық өмірі үшін қайсысы қалаулырақ — тоталитарлық социализм бе, әлде нарықтық демократия ма деген сұрақ бүгінде күнделікті тіршілік күйбеңі барысында қызу талқыланып жүргендіктен маңызды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын қақырап кеткен кеңестік жүйе жетпіс жылдан астам уақыт қаланғанын еске түсірейікші. Ал біздің тәуелсіздігімізге бар болғаны алтыншы жыл. Бірақ, мұның өзі, былайша айтқанда, “заң жүзінде”. Ал істің мән-жайына объективті тұрғыда қарайтын болсақ, шын мәніндегі дербес саясатты біз тек 1993 жылдың соңынан бастап қана жүргізе бастадық.

Жоғарыда елдегі тоталитарлық, жоспарлы жүйенің ондаған миллион адамдардың азап шегуі, біздің әкелеріміз бен бабаларымыздың төккен қаны мен тері арқылы құрылғаны айтылып өтті. “Төңкерістің жалынды жаршысы” Владимир Маяковский сталиндік казармалық құрылыстың іргесі қалана бастаған кезде өз ұрпағынын поэтикалық арманын — “шайқаста құрылған социализмді” көру арманын паш етті.

Бұл шайқастар аймақтық, бір демде өтетін шайқастардай көрінген-ді. Бірақ олар жетпіс жылға созылған ұдайы, бірде-бір минутқа толастамаған күреске айналды. Осы уақыт ішінде Кеңес Одағында бірнеше ұрпақ алмасты, бірақ олардың бірде-біріне тоқжарау молшылықта да өмір сүрудің реті ақыры келмеді. Мен билеуші топ ұдайы жариялап келген, бірақ миллиондаған қарапайым адамдар үшін қол жетпес арман болып қала берген құт-береке жайында, тіпті, сөз етпей-ақ қояйын. 30-шы жылдары тұрмыс қиын болды, ол кезде Қазақстанның өзінде ғана ашаршылықтан халықтың жартысы қырылып қалды, кейінгі — соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда да, дүкен сөрелері қаңырап бос қалған, рухани жұтандық билеген “кемелденген социализм” делінетін дәуірде де солай болды. Орасан зор былыққа батып, жүйенің түпкілікті күйреуіне әкеліп соққан горбачевтік “қайта құру” жылдарында да молшылықтың ауылы алыс болды. Шын мәнісінде, кеңестік дәуірдің күллі тарихының өзі — бұл халықтардың орасан әрі шексіз кезегі болып табылады. Концентрациялық лагерьлерге және шетелге қоныс аударуға, азық-түлік пен пәтерлерге, машиналар мен басқа да ұдайы және еш таптырмайтын тапшы заттарға кезек.

Көпшілігіміздің есімізде жүрген сол жылдар аужайында қоғам, бөрінен бұрын, рухани бостандыққа ұмтылды. Бұл жайында ас үйлер мен “шылым шегетін жерлерде”, ең жақын достар арасында біз бүгін “электорат” деген сәнді сөзбен атайтын адамдардың баршасы дерлік ұдайы, бұқпалап болса да сөз ететін. Олар “қолбаспа” қолжазбаларын құныға оқып, цензураның барлық түрлерімен тыйым салынған магнитофон жазбаларын тыңдайтын, шынайы ақпаратты шетелдік “радиодауыстардың” түнгі хабарларынан алатын.

Соңғы онжылдықта шықпа жаным — шықпамен әрең жан сақтап келген әкімшілдік-өміршілдік жүйе күйреді де, аңсаған бостандық, былайша айтқанда, барлық арна атаулыдан саулап қоя берді, ал жариялылық барлық мүмкін болған және салиқалы шектердің бөрінен кемерінен аса тез толтырды. Бірақ

бостандықтың алғашқы селіне шомып масаттану өткен кезде, белгісіздіктің қысқа кезеңі артта қалған шақта ғана біз болашаққа ұмтылыс жасау сәресіне қадам баса алдық. Нақ сол кезде жаңа қоғам құрылысы, қазіргі заманғы нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекет құру ісі басталды.

Әуел бастан-ақ және қазіргі кездің өзінде бізге саясаттың, экономиканың, қорғаныстың, әлеуметтік саланың, ішкі өмірдің, халықаралық қатынастардың барша қырларында түбегейлі жаңа міндеттер мен проблемалардың орасан зор ауқымын кешенді түрде шеше отырып, бәрін де бір мезгілде игеруге тура келіп отыр.

Бұл — біз ойлап тапқан жол емес, бүгінгі таңда барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер осы жолмен жүріп келеді. Әрі олардың бірде-бірі өткен жүйені сақтап қалуға немесе бұрынғы “социализмді” қалпына келтіруге талпынып отырған жоқ. Өйткені тарих тегершігін ешкім кері бұра алмақ емес. Біз осы жолға түскенде, алдымызда тосып тұрған күйзелістердің қаншалықты күшті боларын, қаншалықты терең экономикалық және әлеуметтік сынақтың ныққа түсерін ғана елестете алдық.

Адам зердесі әрдайым аса талғампаз және белгілі бір дәрежеде тіпті өзімізді категория болатын-ды. Әлбетте, әркімнің де тегін білім алу мен денсаулық сақтауды, тұрақты жалақы алып, зейнеткерлікке дейін отыруға болатын орнықты және жайлы жұмысы болғанын есте тұтқысы келеді. Бірақ осы ретте, неліктен екенін қайдам, мына жайт еске түспейді: егер сіз жоғары білікті маман болсаңыз, сіздің білім-білігіңіз бен қабілетіңіз сол тұста қаншалықты әділ бағаланатын еді? Немесе керісінше, мынадай сұрақ неге туындамайды: сіздің еңбегіңіз, тіпті өзіңіз жұмыс істейтін ұйымыңыз жалпы біреуге керек пе еді?

Иә, бұрынғы жалған социализмнің көптеген елестері сейілді. Бірақ әлі де өткенді марапаттауға, теңгермешілікті әлеуметтік әділеттіліктің жоғары көрінісі ретінде аңсауға бейіл адамдар бар. Психологиялық тұрғыдан мұның өзі ұғынықты да түсінікті: уақыт кері қайтып келер болса, шіркін!

Бірақ оларға іргетасы қираған үйдің қабырғасын сақтаудың мүмкін еместігі беймәлім. Сол сияқты күйреп кеткен, жұлым-жұлымы шыққан экономика тұсында да бұрынғы бүкіл әлеуметтік қондырманы сақтап қалу мүмкін емес.

Негізгі тауарларды бөлудің атышулы карточкалық-талондық жүйесін еске түсірейікші. Сұрапыл соғыс жылдары емес, берекелі делінетін алпысыншы, жетпісінші және сексенінші жылдары ел түштеп келгенде барлық заттың тапшылығын басынан кешті. Сатуда ең қарапайым заттар, тіпті сабын, сіріңке, электр лампочкалары, тұз, қант, кір жуатын ұнтақ және күнделікті тұтынылатын көптеген басқа заттар болған жоқ. Адамдар жартылай бос тұрған сөрелерде ілуде бір көрінген нәрсенің бәрінен қор жинайтын. Қазақстан астанасында 1988 жылдың маусым айы күндерінде ас тұзының жарты жылдық қоры сатылып кетті. Республика үкіметі орасан зор күш-жігер жұмсай отырып, егін орағына қатысатын комбайншылар мен механизаторларды тамақ және темекі өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қор құру үшін Мәскеудің қисапсыз кабинеттеріне алақан жаятын.

Осының бәрін — жаппай теңгермешілік пен бәрібір көрініп тұратын кедейшілік, диктатураның шексіз билігі мен жеке басымыздың қажетсіздігі, насихаттың аярлығы мен өз өмірімізді жақсы жағына қарай өзгерту мүмкін емес-тің жайын еске түсірейікші. Еске түсірейік те өзімізге сауал қоялықшы: өзінің күллі “сәнімен” социализмнің құрдымға кеткеніне өкіну қажет пе?

Ашығын айтайық: Қазақстан бұрынғы “КСРО халық шаруашылығы кешенінің” ықпалынан айырыла алмай әлектенген тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары да басымыздан көп қиындықтарды өткеруге тура келді. Мұның үстіне әңгіме біздің толық экономикалық дербестігіміз, қалыптасқан әрі салықалы, экономикалық жағынан тиімді шаруашылық байланыстарды түпкілікті үзу жайында болған жоқ еді ғой. Қазақстан мәселені ешқашан бұлай қойған емес және мұндай бастамалар жасаған емес. Керісінше, сол кездің өзінде-ақ біз

экономикалық интеграцияның қажеттігі туралы бар дауыспен жар салдық. Кейіннен өмірдің өзі біздің сол айқындамамыздың дұрыстығы мен көшелілігін толығымен қуаттады.

Бірақ біз Мәскеу жүргізіп отырған, әлсін-әлсін дағдарыстың кезекті құрдымына итермелеген саясаттың ала-сапыран толқынында қалт-құлт етіп кете бардық. Баға бірден босатылып, барлық бұрынғы кеңестік республикалар есенгірерлік соққы алып, орны толмас күйзеліске ұшыраған 1992 жылдың қаңтарына дейін солай болып келді.

Тек өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ғана біз осы бір қауіпті кеселді өз бетімізбен емдеуді қолға алып, тәуелсіз экономикалық бағыт жүргізе бастадық. Сондықтан инфляцияны ауыздықтауға бізге екі жылдан астам уақыт керек болды. Тек өткен жылы ғана бізге оның деңгейін қауіпсіз шекке дейін төмендетудің сәті түсті.

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық және экономикалық өміріне барған сайын сенімдірек қадам басқан мектеп оқушылары, әлбетте, біздің жеті-сегіз жыл бұрынғы болмысымыздың салты мен психологиясын білмейді. Бірақ бұл олардың ата-анасының есінде жақсы сақталған. Олар балаларына сол уақыт туралы шындықты айтып берсін. Жастар, ертеңгі басшылар, менеджерлер, бизнесмендер, мемлекеттік қызметшілер, бір сөзбен айтқанда, еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің белсенді қатысушылары болып шығатын, оның өндірістік және рухани әулетін дамытатын адамдар өз халқының мешеу күй кешуінің қайталануына жол бермеу үшін тарихтың ешбір боямасы жоқ күллі шындығын білуге тиіс.

Маған адамдардың бүгінгі өмірінің кешегі немесе арғы күнгіден несі артық деп дау айтылуы мүмкін. Иә, бізде, әсіресе әлеуметтік салада проблемалардың әлі көп екенін мен білемін. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны бойы менің мейлінше көкейкесті және толғағы жеткен мәселелерді

шешумен тікелей айналысқаным өздеріңізге жақсы мәлім. Жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге байланысты берешекті жою, жекешелендіру, шағын және орташа бизнесті дамыту мәселесінің басты түйіні болғанын естеріңізге сала кетейін.

Барлық деңгейдегі атқарушы органдардың қызметі жайындағы менің тұжырымдарым мен оларға берген бағам туралы, сондай-ақ, қолданылған шаралар мен алғашқы онды ілгерілеушіліктер туралы да білесіздер. Үкімет пен әкімдердің, министрліктер мен комитеттер басшыларының қызметіне қатаң талаптар қойылды. Олардың алдына экономиканың барлық бағыттарында жұмысты жақсарту, реформалардың тиімділігін арттыру, осы істе тәртіп орнату және әлеуметтік ағаттықтарды азайту жөнінде нақты міндеттер қойылды.

Президенттің қысымымен жасалған іс барлық деңгейдегі басшылар үшін күнделікті нормаға айналуға тиіс. Мен мұны қатаң қадағалап отырмын. Бұрынырақ бұл жайында айтқан болатынмын, ал қазір әдейі қайталайын: егер үкімет қойылған міндеттерді белгіленген мерзімде толық көлемінде атқара алмаса, әрі халық реформалардың өз игілігі үшін іске асырылып жатқанын нақты сезінбейтін болса, менің тарапымнан басқа шаралар қолданылатын болады. Бірақ қойылған мақсатқа қалай да қол жеткізілуге тиіс.

Ал бүгінгі таңда біздің бәрімізге күш қосу, елде береке-сіздікке, қоғамның қарама-қарсы блоктар мен қозғалыстарға бөлшектелуіне жол бермеу, қиындықтарды еңсеру үшін күш-жігерімізді топтастыру қажет. Кей сәтте дегенмен төзу де керек.

Уақыт өте келе біздің барлық қателіктеріміз бен кемшіліктеріміз айқын көрініп келеді. Таяудағы өткенімізге талдау жасай отырып, олардың көпшілігінен айналып өтудің қиын болғанын, алайда, алдын алуға болатындары да орын алғанын түсінеміз. Сондықтан да кемістіктерімізді түзей отырып, баршамызға жұмыс істеп, реформаларды ілгері қарай жылжыту қажет. Қайткенде де саяси еркімізді сақтап

қалу, өзіміз таңдап алған стратегиялық желіні жүзеге асыруда іркілістер мен бұраландарға жол бермеу қажет. Сонда кешелергі өткеніміз халықтың бір бөлігіне тек мамыражай заман сияқты болып көрінбейді.

III. Ұлттық татулық — саяси тұрақтылық негізі

Ұлттық келісім дегеніміз — тегінде теориялық пікір-сайыс мәселесінен гөрі көбінесе практиканың, мемлекет күнбе-күн іске асыратын саясаттың мәселесі. Әлбетте, біз Қазақстанда бұл саясат негізінен дәйекті де салиқалы жүргізіліп келеді деп айта аламыз.

Егер Ленинмен бір нәрсе жөнінде келісуге болады десек, онда практика дегеніміз шын мәнінде ақиқаттың өлшемі деген тұжырымына келісуіміз керек. Ал ақиқат мынада: біздің ұлттық саясатымыздың практикалық нәтижелері көз алдымызда.

Осыдан үш-төрт жыл бұрынғы азаматтық мәселесі төңірегіндегі қатаң пікірсайыстарды немесе Конституция жөніндегі 1995 жылғы референдум қарсаңындағы тіл туралы пікірсайыстарды естеріңізге түсіріңіздерші. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда қақтығыстар ықтималдығы күшті болғанын жасырмаймыз. 1992-1993 жылдары әрбір төртінші қазақстандықты ұлтаралық қатынастардың ушығу катері қатты мазалаған еді. Бүгінгі таңда, әр түрлі деректерге қарағанда, осы проблемаға байланысты біршама алаңдаушылық білдіретін қазақстандықтардың саны 5-6 процентке дейін төмендеді.

Бұқаралық сананың жай-күйі — сезімтал барометр. Дәл осы барометр қоғамның ұлтаралық қатынастар саласындағы ахуалына алаңдаушылығының ұдайы төмендеп келе жатқанын көрсетсе, мұның өзі ұлттық саясат бағдарының дұрыс таңдап алынғанының куәсі. Яғни уақыттың өзі бәрін орын-орнына қойып, біздің орын ал-

ған проблемаларды шешуге деген көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Біздің саясатымыздың ұтымдылығының басқа да бұлтартпас куәсі бар. Бұл — көші-қон деңгейінің едәуір төмендеуі. Атап өтетін бір жайт, бұл проблема әрдайым бірдей сыпайы қойыла бермейді. Көші-қон туралы айтқанда, кейбір байқаушылар мен сарапшылар мынадай қарапайым фактіні — 1980 жылдардың өзінде-ақ Қазақстаннан тысқары жерлерге көшудің орын алғанын, әрі көп мөлшерде орын алғанын көргісі келмейді. Мұның көптеген себептері бар еді. Ең алдымен, бұл адамдардың тұтас бір ұрпағының белгілі бір ғұмыр өрісінің аяқталуына байланысты болды. Тың игеруге келгендердің және Қазақстанның өнеркәсіп алыптарына ұйымдасқан түрдегі іріктеу бойынша жұмысқа келгендердің көпшілігі мерзімді жұмысын атқарып, үйлеріне қайта оралып жатты. Ал мұның өзі ешқандай саяси қыбыр-жыбыр туғызған емес.

Алайда, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көші-қон ағысына жиі-жиі саяси мән беріле бастағаны түсінікті. Мұның ішінара шындыққа сәйкестігі де бар. Тек ішінара ғана.

Біріншіден, қоныс аударушылардың едәуір бөлігі бұрынғы жылдардағылар қатарына жататын адамдар еді, олар өз отанына оралып жатты.

Екіншіден, бірталай әскерилер мен олардың отбасы мүшелері көшіп кетті. Мұның да қарапайым себебі бар, өйткені ыдыраған мемлекеттің әскери инфрақұрылымы бұрынғы мемлекеттің өзі болмаған соң тұрақтап қала алмайтын еді. Сондықтан, бұл жерде Қазақстанға ешқандай кінә қойылуға тиіс емес.

Үшіншіден, жаңа бір құбылыс пайда болды — көптеген адамдар белгілі бір қолайсыздықты сезініп, өз келешегін ойлап қауіптенді, жаңа жағдайда әрбір адамның бойында әрқашан пайда болатын сенімсіздікті бастан кешірді. Бұған миллиондаған адамдардың, былайша айтқанда, жеке өмірбаяндық сипаты бар өзгерістермен ғана емес, мемлекеттік құры-

лыстары, қоғамның әлеуметтік экономикалық ұйымдастырылуындағы орасан зор жаңғырулар туындатқан әлеуметтік қиыншылықтарға ұшырасқан кездегі көңіл-күйін қосыңыз. Мұндай құбылыстар әр кезде, планетаның әр бөлігінде бір кездегі тұтас мемлекеттер саликалы жолмен ыдыраған сәттердің өзінде де орын алып келген еді. Айталық, осындай жағдай қазір Оңтүстік-Шығыс Азияда да, Африка құрлығында да орын алып отыр.

Төртіншіден, осыдан он жыл бұрын, мәселен, жүздеген мың немістерге заңды түрде және орасан зор ауқымда этностық отанына, онымен қоса дүние жүзінің барынша дамыған әрі орнықты мемлекеттерінің бірі — Германия Федерациялық Республикасы сияқты отанына қайтып оралатын мүмкіндік туады-ау деп кім ойлай алар еді? Егер осындай құқық 1970-1980 жылдары берілген болса, онда, бөлкім, көші-қон ағыны бұдан кем емес, тіпті ауқымдырақ болар еді. Әрірек барайық. Гректердің Грекияға, поляктардың Польшаға және тағы басқалардың басқа елдерге еш кедергісіз еркін қоныс аудару мүмкіндігі болды ма? Жок, бұрын ондай мүмкіндік болған жоқ. Кеңес өкіметі тұсында әдетте шетелге кетуге тыйым салынды немесе оған саяси астар берілді. Бұл орайда еврейлердің Израильге көшуі кеңес үкіметі мен батыстың арасында шиеленісті саяси қажасу туғызғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Сондықтан әділ болайық және бұл процесте мемлекеттің қайдағы бір кемсіту саясаты емес, тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін берген еліміз заңдарының, күллі саяси саланы ырықтандырудың шешуші рөл атқарғанын мойындайық.

Ақырында, ТМД-ның көптеген халықтарының өз тәуелсіз мемлекеттерін құра отырып, өз елдерінде, құқық терминдерінің тілімен айтқанда, басты ұлтқа айналу фактісімен санаспауға болмайды. Демек, бұл халықтардың мемлекеттікті нығайтуға, өз ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін сақтауға, тарихи мұраны қалпына келтіруге деген ұмтылысы заңды. Мұның өзі қуатты әрі әбден түсінікті сезім.

Көші-қонның шарықтау шыңы 1992-1994 жылдардың үлесіне тиеді. Бүгінгі күні ахуал бірсыдырғы тұрақтанып отыр. Таяуда маған берілген статистика мәліметтеріне қарағанда, 1996 жылы елден кетуші орыстардың саны 1994 жылмен салыстырғанда 3,2 есе қысқарған. Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударумен бірге, кері процесс — қайтып оралу, яғни бұрынырақ Қазақстаннан кеткендердің кері қайтып келу процесі де жүріп жатыр. Мұның, айтпақшы, халықтың барлық ұлттары мен топтарына қатысы бар. Мәселен, Германиядағы Қазақстан елшілігінің деректері бойынша, ұлты неміс біздің бұрынғы мыңдаған азаматтарымыз Қазақстанға қайтып келуге тілек білдіруде. Сөйтіп қоныс аударудың негізгі себебі не, экономикалық, әлде саяси тұрғыдағы факторлар ма деген пікірталасқа нүкте қойылған тәрізді. Басқандай болуы мүмкін де емес еді. Ірі өнеркәсіп орындарының жұмыс істей бастауы мұң екен, біз қоныс аудару қарқынының едәуір мөлшерде қысқарғанын байқай бастадық.

Тұтас алғанда, мамандардың есептеулері бойынша, көші-қон процесінің айтарлықтай тұрақтанатынын болжауға болады. Статистика қоғамдық процестер, әсіресе көші-қон процестерінің бағытын бұлжытпай тіркейді. Бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар тұрақтылығының сыртқы көріністерінің бірін тіркеп отыр.

* * *

Біз жаңа жағдайларда ұлттық саясатты іске асырудың бірегей қоғамдық институты болып табылатын Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Бұл институт тоталитарлық қоғам жағдайында мүмкін емес, әрі турасын айтсақ, керексіз еді. Өйткені ол кезде ұлттық саясат өзгеше құралдармен және өзгеше нысандарда жүзеге асырылғанын білеміз.

Ассамблея қызметінің нәтижелері тек Қазақстанда ғана танылып қойған жоқ. Бүкіл өлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың өкілдері Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жарасымды ету тәжірибесін зерделей келіп, оның зейін қоюға лайық екенін атап көрсетті.

Мәселен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) үш конференциясына қатысушылар осы ұйымның аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары Ван дер Стул мырза бас болып осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың желтоқсан айында оның төрағалық етуімен Швейцарияда Қазақстандағы ұлттық саясат мәселелері бойынша “дөңгелек үстел” өткізілді. ЕҚЫҰ-да таратылған төрағаның ресми мәлімдемесі “Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этностық топтардың мүдделерін іске асыру және ұлысаралық қатынастарды одан әрі жарасымды ету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүргізіп отыр. Азаматтық институттар мен азаматтардың көпшілігінің қолдауы және ЕҚЫҰ-ны қоса алғанда, халықаралық қоғамдастықтың жәрдем жасауы жағдайында осындай саясатқа адалдың елде ұлысаралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін берік негіз болып табылады”, — деп жариялады.

Осынау халықаралық жоғары баға тектен-тек берілмейді және оның астарында ауқымды да тынымсыз жұмыс жатыр. Бұл мұның ішінде осы залда қатысып отырған адамдардың баршасының жұмысы. Осы орайда сіздердің барлығыңызға тағы да алғыс айтқым келеді.

Ассамблеяның кейбір мүшелерін ЕҚЫҰ ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі халықаралық сарапшылар қатарына енгізді. Сіздердің тәжірибенізді ТМД-ның көптеген елдері зерделеуде. Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннің жарлығының бірінде біздің Ассамблеямыз тәрізді институт құру туралы мәселе қарау міндеті қойылған. Осындай құрылым Қырғызстанда да құрылуда.

Сіздердің қызметіңіз туралы айтқанда, Ассамблея ұлтара-лық бірлік пен татулықты сақтауға және нығайтуға зор үлес қосып отырғанын мойындаған жөн. Мұның ішінде ұлттық саясат саласында жана заң жобаларына қоғамдық сараптама жасауға қатысу да бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын жаңғыртудың басты тетіктері ретінде республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жүргізілетін ауқымды жұмыс та бар. Мұның ішінде ұлыстардың съездерін, фестивальдерін өткізу де, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастыру да, Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиет шығару да бар. Мұның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасымен және біздің этностық топтарымыз өкілдерінің тарихи отанымен байланыстарын нығайту жөніндегі жұмыс та бар. Мұның ішінде аз ұлттарға білім беру саласындағы оң ілгерілеулер де бар.

Бүгінгі таңда республикада 2 ұлт тілінде газет шығарылады. Телестудиялар Қазақстан халықтарының 12 тілінде және радиостанциялар 6 тілінде хабар береді. Мұның өзі ұлттың өзін-өзі көрсетуі мен өркендеуінің ақпараттық кеңістігін құру үшін салмақты негіз болып табылады.

Сондай-ақ, ұлттық балабақшалар, мектептер ашылуда. Республикада мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінде 7 ана тілінде 426 мың, ал жалпы білім беретін мектептерде — 3 миллионнан аса бала оқытылып, тәрбиеленеді. Аз ұлт өкілдерінің 106 мың баласы өз ана тілін дербес пән ретінде оқып үйренеді. Павлодарлықтардың ізгі де пайдалы бастамасын атап көрсеткім келеді. Мұнда 500 оқушыға арналған ұлттық жаңғыру мектебі ашылған, онда оқу және тәрбие беру ісі этностық топтардың 9 тілінде жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарына түсу кезінде Ассамблея квоталары енгізілді. 1996 жылы қазақстандық студенттердің 9 проценттен астамы немесе 2000-ға жуық адам нақ осындай квотамен оқуға түсті. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарының бірінші курстарындағы аз ұлт өкілдерінің үлесі

12 проценттен 17,7 процентке дейін артты. Барлығы 1995 жылдан бастап республика жоғары оқу орындарына аз ұлттардың 4600 өкілі түсті. Бұл өте қажетті де маңызды жұмыс, әрі оған уақытша науқан деп қарамау керек.

Осы сессиямызға өзiрлiк кезiнде мен мемлекеттiк органдар қызметшiлерiнiң ұлттық құрамы туралы статистиканы арнайы өзiрлеудi өтiндiм. Деректер қызғылықты болып шықты. Мәселен, Президент әкiмшiлiгiнде қазақтар мен орыстар, украиндар мен беларусьтар, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен болгарлар жұмыс iстейдi. Үкiмет құрамы бүгiнгi таңда мынадай: онда сегiз қазақ, осыншама орыс, украин және бiр татар бар. Әрине, бұл арақатынастың өзгеруi де ықтимал. Бірақ ондай өзгерiстерге тек адамның iскерлiк сипаттары ғана негiз болады. Барлық деңгейдегi сот жүйесiнде қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, корейлер, немістер, ингуштар, армяндар, өзбектер, поляктар, беларусьтар, молдавандар, еврейлер, ұйғырлар, өзiрбайжандар, чешендер, башқұрттар, чуваштар, осетиндер, қырғыздар бар. Айтыңыздаршы — қайда, ТМД-ның қай елiнде осындай жағдай бар? Бірақ осыған қарамастан, Рим папасынан да әулие болып көрiнгiсi келетiн әр қилы қамқоршылар әр жерде бiр қылаң берiп, Қазақстандағы ұлттық қысымшылық жайында топшылау жасауын әлi де қояр емес. Бұл жөнiнде бiр ғана қарапайым жайды айтайын. Егер өз ағайындарыңыздың тағдырына шынымен алаңдайды екенсiз, ендеше олардың мәдениетiн, тiлiн дамытуға iс жүзiнде қаржылай, экономикалық қолдау жасаңыз, өз отандастарыңыздың арасында бизнестiң қалыптасуына көмек көрсетiңiз. Күллi әлемде көптеген өркениеттi елдер осындай үлгi көрсетiп отыр. Егер тозығы жеткен ұрандардан өзге берер ештеңесiз жоқ болса, онда өзiнiң жаңа мемлекетiн, жаңа азаматтығын жан жүйесiмен және ақыл-санасымен қабылдаған адамдардың мазасын алмаңыз. Өйткенi шетелдегi өз диаспораларына өркениеттi қолдау көрсетудiң нақты тетiктерi жоқ мұндай саяси сөзуарлықтың ұлтаралық шиеленiстi ушықтырудан өзге ештеңе бермесi анық.

Жаңа қазақстандық азаматтықты қалыптастыру біздің мемлекетіміздің негіздеріне қатысы бар көкейкесті саяси проблемалардың біріне айналып отыр. Біз саяси, азаматтық бірлікке ұмтылып отырмыз және де Қазақстан халқы қайдағы бір жаңа этностық қауымдастық ретінде емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде көрінуге тиіс.

Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі — қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде килы кезенді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуге тиіс.

Бұрынғы КСРО-да қазақтар саны жағынан бесінші ұлт болғанына қарамастан, олар туған жерінде аз ұлтқа айналды, олардың ана тілі де жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Мұның өзі де сол баяғы жүйенің кінәсі. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық төлтума болмысын жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстанның басқа ұлттары азаматтарының тарапынан құрметпен қарау елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі және адамдар арасындағы сенімнің факторы болып табылады.

Біріншіден, Қазақстанның қазіргі аумағы — қазақ халқының осы шекарада өз мемлекеттігі жөніндегі сан ғасырлық арманын іске асыруына тарихи және саяси тұрғыда шынайы мүмкіндік беретін планетамыздағы бірден-бір кеңістік.

Екіншіден, осы мемлекеттікті құра отырып, қазақтар өздеріне тән даналық пен әділеттілікті тағы да паш етуде. Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте ғана емес, біздің көзіміз жетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттіктің түлеуіне байланысты өзгерістер кезеңін басынан кешіріп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл қоғамда татулық пен ауызбіршілікке алып келетін салиқалы да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ. Бұл ретте аталған осы санаттағы елдер арасында халқының этностық құрылымының

күрделілігі жөнінен Қазақстанмен салыстыруға келетіндер бірен-саран ғана.

Үшіншіден, өзгеге талап қою үшін ең алдымен өзіне нақ сондай талап қоюын керек. Мыңдаған жылдар өресінде адамдар арасында қалыптасқан мынадай алтын қағида бар: “Өзіңе тілеместі өзгеге істеме”. Мұндай қағиданың кез келген мәдениетті адамға да, сондай-ақ тұтас халыққа да қатысы бар. Әсіресе мұның көпұлтты қоғам халықтарына қатысы ерекше.

Қазақ халқының диаспоралары күллі әлемде осы талаптарға сай келеді. Біздің сырттағы отандастарымыздың саны 5 миллион адамдай, олар негізінен Ресейде, Орталық Азияда, ондаған өзге елдерде тұрады. Олардың бәрі де осы елдердің сан жағынан негізгі болып табылатын халықтарының тілін тамаша меңгерген. Олардың салттары мен дәстүрлерін құрметтейді, басқа ұлт өкілдерімен де тату-төтті тұрады. Ешбір жерде қазақ ұлттық факторына саяси реңк беретін қозғалыстар мен партиялар құрылмаған.

Сіздер қазақтардың елден тыс жерлерге негізінен шарасыздан — тоталитарлық жүйенің немесе аштықтың қысымымен көшіп кетуге мәжбүр болғанын жақсы білесіздер. Шетелдерде жүруге амалсыздан мәжбүр болған барлық жылдар ішінде қазақтардың байырғы халыққа қарсы ұлттық, саяси немесе діни себептермен дәлелсіз ірі немесе кішігірім бірде-бір бой көрсетуінің орын алғаны бізге мәлім емес. Бұл ретте осы елдердің бәрінде де қазақ тіліне қандай да бір институциялық мәртебе берілмесе де, қазақтар бүгінгі күні де ұлттық болмысын сақтап қалуға тырысып бағуда.

Шетелдерде болып, отандастарыммен, қазақ диаспорасының өкілдерімен кездескенімде, мен әрқашан оларды өздері тұрып жатқан елдердің мемлекеттігіне, жергілікті мәдениетіне, тіліне, салттарына құрметпен қарауға шақырамын. Мен бұл адамдарды заңды құрметтейтін азаматтар болуына, осы елдердің халықтары жасаған саяси, құқықтық тандауды тануға, олардың егемендігі мен аумақ-

тық тұтастығына құрметпен карауға шақырамын. Бұл орайда Қазақстан өз кезегінде қазақтар тұратын елдермен достық және тату көршілік қарым-қатынастар орната отырып, күллі оңтайлы саяси және экономикалық тәсілдермен бүкіл әлемдегі қазақ диаспораларын қолдайтынын атап көрсетемін.

* * *

Қазақстан тарихының едәуір бөлігі — оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы, ол барлық салада дерлік — тілімізде, мінез-құлық дағдымызда, дүниетанымымызда, ділімізде терең тамыр жайып отыр. Міне, қазір де біздің жас мемлекетіміз тоталитаризмнің жалған принциптерін лақтырып тастап, шын мәніндегі бірегей функцияны атқаруда — **барлық ұлттық мәдениеттердің тең құқылы, толыққанды дамуын қамтамасыз етуде.** Олар жалпы қазақстандық мәдениеттің жаңа сапасын айқындайды. Басым рөлі өзін толық ауқымында әрі ең алдымен мемлекеттік тілді жаңғырту жөніндегі тарихи міндетпен айқындалатын қазақ мәдениеті біздің еліміздің барлық халықтарының мәдениетінің дамуына ешқандай да кедергі келтірмейді.

Біз мәдениетті қоғамның қазақстандық үлгісі бір жағынан — өз жағдайымызға сәйкес келуіне, екінші жағынан — қазіргі дәуірдің едәуір күрделі талаптарына сай келуіне ұмтылып отырмыз. Яғни мемлекет шығармашылық процестерге қысым жасаудың кез келген идеологиялық нысандарынан бас тартады. Мәдениеттің дамуы ендігі жерде әлемдік мәдениеттің даму заңдылықтары жүйесіне кірігуімен, бүгінгі әлемнің жаңа мағыналық және сезімдік-пайымдық астарларына бойлап енуімен айқындалады. Шын мәніне келгенде, еуразиялық идеяның көрінісі нақ осы.

Біздің мәдениетімізді әлемдік мәдениеттен оқшаулап тұрған “темір перде” енді жоқ. Қазіргі ахуалдың принципті жаңа тұрпаты Қазақстанның барлық этностық

топтары мәдениеттерінің мазмұндық өлшеулерінің сапалық өзгерісімен айқындалады. Шығармашылық біте қайнасу, принципті түрдегі ашықтық, басқа да дүниежүзілік мәдениет үрдістеріне үндесу бағыты олардың негізгі сипаттамаларының біріне айналады. Келешекке көз салсақ, диаспоралар мәдениеттің құрлықтың аймақтарының бөліктері ретінде ғана көрініп қоймайды, сайып келгенде, бүкіл көп ұлыстың қазақстандық мәдени өркениет кешенінің “өкілетті өкілдері” болып шығады. Яғни, олар біздің басқа ұлттық-ұлыстық жүйелермен өзара қимылымыздың бір арнасы мен тетігіне айналады.

Осылайша біздің еліміздің ұлттық мәдениетінің бірлігі кіндіктік Азия кеңістігінде қалыптасып келе жатқан жаңа мәдени құбылыстың негізі және Еуразия құрлығының осы заманғы мәдениетінің төлғума және сүбелі болып табылады. Бұл орасан зор байлық, біз оны сақтап, ұрпақтарымызға табыс етуге тиіспіз.

Кез келген елдің өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігі және соған сәйкес келетін құқықтық негізімен бірге рухани тәуелсіздігі де болуы керек. Ал бұл өз кезегінде осы мемлекет азаматтарының өзінің мәдени-өркениет саласымен сәйкестігін сақтау мен дамыту талаптарының күрделі қосындысын қамтиды. Осыдан бес жыл бұрын ғана дербес мәдениетін құруға мүмкіндік алған еліміз жалпыұлттық мәдени кеңістік қалыптастырудың бастапқы кезеңінде тұр.

Бұл ұзақ мерзімдік және өзінің мәні жағынан стратегиялық міндет. Біздің мемлекетіміздің саясаты болып жатқан өзгерістерді ескеруге және алдағы ғасыр құндылықтарының алға қояр талаптарының аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы — өзінің сәйкестілігін сақтау. Әңгіме халықтың мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде өзін сақтап қалу қабілеті төңірегінде болып отыр. Ендігі жерде біздің бәріміз қазақстандықтар екенімізді, бір әлеуметтік-саяси,

экономикалық, құқықтық және сайып келгенде, бір мәдени кеңістікте тұрғанымызды түсінуіміз қажет. Біз — тарихқа айналған кенестік мәдениеттің мұрагерлері ғана емес, дәл сол тарихи қажеттілік тұрғысынан алғанда — сапалық жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз. Қазірдің өзінде бұл біздің өміріміздің ішкі мәні, мазмұны болып отыр. Қазақстан біздің елдегі кез келген ұлттық мәдениет үшін жалпы мемлекеттік, азаматтық-саяси “үй” ғана емес, дәл сондай дәрежеде мәдениет “үйі” де.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуге негізделуі керек.

Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез-құлқына жаңа нақыш енгізеді және олардың арасында жаңа қарым-қатынастар орнықтырады. Бұл өзгерістер ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындайтын болсақ, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарға оңды әсерін тигізді деп айтуға негіз бар (әйтсе де, ол барлық жерде бірдей іске аспағанын мойындау керек).

Екіншіден, біз ашық қоғам орнатып жатырмыз. Президенттік басқару нысаны, азаматтардың еркін ерік-жігерін білдіруі негізінде қалыптасқан кәсіби Парламенті бар қоғам орнатып жатырмыз. Сондықтан практикада жүзеге асырып отырғанда ұлттық қарым-қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттеуге болмайды. Иә, жабық қоғамда кез келген ұлттық проблеманы “адам жоқ екен, проблеманың да болуы мүмкін емес” деген принциппен шеше беруге болады. Бұл орайда кез келген, тіпті ең қатыгез деген әрекеттің өзі ақпараттық жағынан әйгіленбейді немесе бір ғана көзқарас тұрғысынан түсіндіріледі. Мен қылмыстық кодекске бұқаралық ақпарат құралдарын қорғауға бағытталған баптың енгізілуін саналы түрде талап еттім. Ал мұның өзі тіпті де жай ғана ишарат емес, принципті айқындама, өйткені тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз ашық қоғам орнатуға

болмайды. Өз кезегінде ұлтаралық қарым-қатынастардағы проблемалар ашық талқылануға тиіс, әрі жабық және сапер күректерінің көмегімен жасалатын қанды “қажасудың” арқауы емес, қоғамдық татулықтың негізі болуға тиіс.

Үшіншіден, XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы Қазақстанның дамуы ұлтаралық шиеленіс сілкіністеріне сырғитындай ешқандай да тақсиретті әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп отыр. Босния мен Қарабақтың, Днепр өңірі мен Абхазияның, Тәжікстан мен Чешенстанның ащы тәжірибесі бұған мүлдем кереғар пікірдің негізі бола алмайды. Аса күрделі өтпелі кезеңді Қазақстан да бастан кешіп отырғой, алайда, біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық. Бүгінгі таңда бізде қалтарыс-қатпары көп қанқұйлы өткеннің, ғасырлар бойы қордаланып қалған жаман әдеттердің проблемаларына байланысты мәселелерді шешуден сапалық жағынан басқа, өзекті міндеті — осы заманғы Қазақстанның барлық ұлттық топтарының жаңа азаматтық үлес мәселелерін шешуге қосатын мүмкіндік бар. Саяси тұрақтылық та, экономикалық өрлеу де, мәдениеттің жай-күйі де біздің осы міндетті қалай шеше алатынымызға байланысты. Біздің балаларымыздың болашағы да соған байланысты.

IV. Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы

Әлеуметтік-экономикалық даму тақырыбына ойысқанда, біз реформаның Қазақстанның таяудағы 20-30 жылға арналған даму бағдарламасын жасау үшін нақты мүмкіндік туған кезеңіне аяқ басқанымызды бірден атап көрсеткім келеді. Менің тапсырмам бойынша ең тәжірибелі деген мамандарды, соның ішінде басқа мемлекеттердің мамандарын да қатыстыра отырып осы құжатты әзірлеу жұмысы қызу басталып кетті. Бұл жұмыспен менің Жарлығыммен құрылған Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік шұғылдануда.

Мен бұл жайында халыққа кейінірек егжей-тегжейлі айтпақпын. Ал қазір бұл мәселеге қысқаша тоқтала кетейін.

Сіздер білесіздер, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу күні кешегі кезеңнің алдыңғы міндеті болды. Арындап кеткен инфляция және ұзақ уақыт дел-сал болған экономика жағдайында қандай да бір байыпты болжамдар жайын сөз ету мүмкін болмағаны әбден түсінікті. Базалық көрсеткіштер сіңіріне ілініп қана тұрған-ды, сол себептен олардың негізінде қандай да бір нақты мерзімдік жоспарлар жасай алмадық. Сондықтан барлық күш пен қаражат экономиканы құлдырау “қысталаңынан” шығаруға бағытталды.

Бізге толық үйлестікке қол жеткіздік деп айту әлі ертерек. Себебі, қол жеткен тепе-теңдік әлі тым әлжуаз. Алайда, 1993 жылы ұлттық валютаны енгізу сәтінен басталған дәйекті реформалар, мен бұл жайында жоғарыда айтып өттім, сондай-ақ, макротұрақтылықтың батыл және мүлтіксіз жүргізіліп жатқан саясаты, еліміз “қайтып оралу нүктесінен” өтті, енді біз шаруашылық организмінің тұрақты дамуын және экономикалық көрсеткіштердің өсуін еселеумен мықтап шұғылдана аламыз деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда біздің қолымызда не бар? Экономиканы тұрақтандырудың бекем тенденциясы бар. Экономикалық құлдырау “процесін кері бұра” алдық, аздаған өсуге қол жеткіздік, ал оны келесі екі-үш жылдың ішінде 2-3 процент деңгейінде ұстап тұруды көздеп отырмыз.

Мемлекеттік шығыстар мен кірістердің қатаң саясаты бюджет тапшылығын соңғы жылдары ішкі жалпы өнімнің оңтайлы 2-4 проценті деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Айта кеткен жөн, бюджет тапшылығының үш процент деңгейі Батыс Еуропаның дамыған елдері үшін Еуропалық одаққа енудің шарты ретінде қабылданған.

Сыртқы берешегінің деңгейі жағынан Қазақстан бұл жөніндегі көрсеткіштері қанағаттандырарлық елдер

қатарына жатады. Республиканың орасан зор экспорт әлеуетін ескергенде, бұл көрсеткіш тіпті жақсара түсуге тиіс, мұның өзі елдің жалпы кредиттік қабілетіне игі ықпалын тигізбек.

Жан басына шаққанда шетелдік тікелей инвестицияларды тарту деңгейі жағынан Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ, ТМД елдерінің алғашқы бестігіне сенімді түрде кіреді. Тұтас алғанда бізде макроэкономикалық көрсеткіштер қалыпты, әрине, қолымызда оларды жақсартудың үлкен әлеуеті де бар.

Тағы бір фактор — ұлттық нарықты дамытуға жәрдемдесетін құрылымдық реформалар. Сөреде кідіріп қалғанмен, біз өзгерістердің барабар жүруін қамтамасыз ететін қарқын таба білдік. Біздің жоспарларымыз бойынша барлық реформалар таяудағы жыл ішінде аяқталуға тиіс. Қазақстан экономикасының өкімгершіліктен нарықтыққа қарай ойысқан өткіншілік мәртебесі анағұрлым тұрақтана түседі. Бұған барлық жағдай бар.

Бірақ ең бастысы, біз қол жеткізген экономикалық өрістермен бірге Қазақстанның қуатты әлеуеті де бар, мұның өзі болашаққа сеніммен қарауға және ең батыл деген жоспарлардың сөзсіз іске асатынына үміт артуға мүмкіндік береді.

Бұл әлеует неден құралады?

Біріншіден, біздің мемлекетіміз мұнайдың, газдың, көмір мен уран кенінің дүниежүзілік қорларын иеленушілер ішінде алдыңғылардың бірі болып отыр. Бұл салаларды дамыту және оларды тиімді басқару мәселесі мемлекеттің ерекше назарын талап етеді.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың Қазақстанды ХХІ ғасырдағы негізгі энергия көздерін берушілердің бірі деп білуі орынды. Біздің алдымызда келесі он-он бес жылдың бедерінде мұнайды ірі экспорттаушылардың бірі болу жөнінде нақты міндет тұр.

Басқа да көптеген пайдалы қазбалардың қолдағы қорлары кәсіпорындарымыздың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда мыстың қоры әлемдік мыс қорының 10 пайызын, қорғасынның — 19, мырыштың — 13, темірдің — 10, марганецтің — 25, хромит кендерінің 30 пайызын құрайды. Барит пен вольфрамның анықталып бекітілген қорлары да дүниежүзілік көрсеткіштерден асып түседі. Осының бәрі біздің металл өндіретін елдердің арасында лайықты орынға шығуымызға мүмкіндік береді.

Республика қойнауында өндірілетін минералдық шикізаттың әлеуметтік құндылығы 8,7 триллион, соның ішінде барланған қорлар 3,3 триллион доллармен бағаланады, болжанған ресурстар 5,4 триллион доллар. Республика үшін минералды шикізат кешенінде қатты қазба байлықтар жөнінен темір, марганец, хром, уран, полиметалдар, мыс, алтын — басым бағыттар. Осы кешенді реформалау тиісті заңдар, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалануды және жер қойнауын қорғауды басқару мен реттеу тұжырымдамасы негізінде жүргізіліп жатыр.

Екіншіден, Қазақстан орасан зор ауылшаруашылық жеріне ие. Қазірдің өзінде біз ауылшаруашылық өнімдерімен өзімізді толығымен қамтамасыз етіп, оның өндірілген көлемінің үштен біріне жуығын экспортқа шығарып отырмыз. Бұдан былай да стратегиялық мақсатымыз агроөнеркәсіп кешенінің өнімін, ең алдымен дәнді дақылдарды өткізудің Орталық Азия базарына қазақстандық экспортты сақтап қалып, ұлғайта беру болуға тиіс. Бұл орайда таяу жылдар ҚХР мен Үндістанда тамақ өнімдерін тұтынудың өсе түсетіні жөніндегі болжам ескеріліп отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін негізгі және жақын жердегі өткізу рыногы қатарына Ресей де жатады. Экспорттық әлуетіміз орасан зор екені осыдан-ақ түсінікті.

Үшіншіден, республиканың дүниежүзілік сауда арналарынан қазіргі кезде жырақ жатқанына қарамастан, біздің транзиттік әлеуетімізді пайдаланушы салалар елдің болашақ дамуының қуатты қайнарына айналады. Бұл әлеуеттің стратегиялық бағыттар қатарына енгізілуі бірнеше

объективті жағдайларға байланысты туды. Олардың ең бастысы — шапшаң дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай, Үндістан мен Ежелгі құрлық елдерінің бұдан былайғы дүниежүзілік сауда алмасу барысында көлік шығындарын төмендету қажеттігі. Сонан соң таяу келешектегі Қазақстанның дүниежүзілік мұнай өндірудегі үлесінің артуына байланысты оның экспорты үшін жаңа көлік қуаттарының қажет болатыны да өте-өте маңызды. Қазақстанның географиялық жағдайы мен құрлықтағы ұлан-ғайыр аумағы бізге бүгінгі таңда және келешекте кейбір басқа елдерден табиғи артықшылық береді.

Сөйтіп, Қазақстанның дамуының ұзақ мерзімді даму стратегиясының бір басым саласы көлік инфрақұрылымын дамыту болуы керек. Ол — мұнай құбырларын, магистральдық даңғылдар, темір жолдар, айлақтар мен өзен терминалдарын, әуежайлар салу. Біз дамыған коммуникациялар жүйесін сала отырып, экспорттық әлеуетті едәуір арттырып қана қоймай, Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдың мүмкіндіктерін де ұлғайтамыз.

Проблема мынада: коммуникациялық жобалар өте қымбатқа түседі және өзін-өзі ақтау мерзімі ұзаққа созылады. Басқа елдердің тәжірибесі нарық тетіктері инфрақұрылымның дамуына ықпал етпейтінін көрсетіп отыр, демек, бұл жерде негізгі рөлді мемлекет өзіне алуы керек. Біз Ақмола мен Қарағандыдағы аса ірі әуежай, Трансазия темір жолындағы Достық стансасы, Каспийдегі Ақтау порты, Алматы—Ақмола автоданғылы, біздің телекоммуникацияларымыз және т. б. құрылысы кезінде осылай істедік. Алдағы уақытта да солай істемекпіз.

Айтпақшы, өндірістік инфрақұрылым туралы сөз қозғағанда, Қазақстанға экспорттық мүмкіндіктерін елеулі түрде арттыруға мүмкіндік беретін алғашқы ірі жоба жайында үндемей қалуға болмайды. Биыл Каспий құбыр арнасы консорциумының (КҚК) мұнай құбырының құрылысы бас-

талады. 1999 жылға жоспарланған оны пайдалануға беру мұнайдың жыл сайынғы экспортын 67 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда ХХІ ғасырдың басында-ақ Қазақстанда мұнай өндіруді 100 миллион тоннаға, ал 2010-2015 жылдың бедерінде 170 миллион тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Әрине, сол кезде КҚК-нің қуаттары бізді қанағаттандыра алмайтыны аян. Мұның үстіне біз өзіміздің алдымызға мұнай экспорттауды 100 және одан да көп миллион тоннаға дейін жеткізу міндетін қойып отырмыз. Сондықтан қазірдің өзінде маршруттары Қара теңізге ғана емес, басқа бағыттарға да созылған осындай мұнай арналарының құрылысы туралы ойлауымыз керек. Сонымен бірге біз мұнай өнімдерін жол және теңіз көлігімен тасымалдау көлемін арттыруды көздеп отырмыз.

Төртіншіден, егер біз өз адамдарымызға қаржы жұмсамайтын болсақ, онда отандық экономиканы өркендету жөніндегі барлық ұмтылысымыздан ештеңе шықпасы анық. Мен өткен жүйенің ілуде бір артықшылықтарының бірі баршаның қолы жетерлік білім алу болғанын айтып өттім.

Білімді халқымыздың болуы біздің орасан зор артықшылығымыз, ондай жағдай Оңтүстік Кореяда да, Малайзияда да, Индонезияда да болған емес. Біздің орта біліміміздің бәсекеге барынша қабілетті екенін көп нәрсе көрсетеді. Сол себепті де экономикалық құлдыраудың салдарынан алдымен жоғары және орта мектеп оқытушыларының, студенттердің зардап шеккеніне өкпеміз қара қазандай. Қолымыздағы мұрадан айырылып қалу күпірлік болар еді. Бұған біз жол бермейміз. Ол ол ма, біздің өсуімізге де қажет резерв бар, яғни ағылшын тілін, экономика және қаржы пәндерін, құқықты, ақпараттаманы оқыту деңгейін арттыру керек.

Азия елдерінің экономикалық өсуіне ықпалын тигізген факторлардың бірі АҚШ-тың, Еуропаның дүниежүзілік ғылым мен оқу орталықтарына мыңдаған студенттерін оқуға жіберуі болды. “Болашақ” бағдарламасын жүзеге асыруда жол берілген белгілі бір ауытқуларға қарамастан, біз алдағы уақытта да білім саласына мемлекеттік қолдау көрсетеміз,

қазақстандықтардың қазір де, болашақта да қажетті білімі мен дағдыларын арттыруға жәрдемдесе береміз. Студенттеріміздің шетел университеттерінде оқуын қаржыландыра отырып, біз тек осылай ғана күрделі міндеттерді шешетін кадрлар даярлайтынымызды жақсы білеміз. Қытайдың, Кореяның, Жапонияның тәжірибесі соның айқын дәлелі. Ал енді отандық білім беруді дамытуға келсек, мұнда оны компьютерлендіру бағдарламасы шешуші рөл атқарады. Бұл іске әлемдік жетекші оқу орталықтарына жақындастырылған өз білім беру құрылымдарымызды қалыптастыру қызмет ететін болады. Ондай жоғары мектеп көшбасшылары қазірдің өзінде бізде бар. Олар Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, Ұлттық мемлекеттік басқару жоғары мектебі және басқалары.

Бесіншіден, әлгінде айтқанымдай, кез келген стратегия табиғи және сiңiрiлген артықшылықты дамыта беруге құрылады. Әлбетте, бiздiң стратегиямыз да оны айналып өте алмайды.

Алайда, бүгiнгi әлемде мұнай, металл және ауылшаруашылық өнiмдерi экспорттына тәуелдi болып қалу дегенiмiз — осы артықшылықтарымыздан айрылып қалу деген сөз. Бұл проблеманың шешiмi — экспортты диверсификациялауда. Осы жол әлемдiк конъюнктура өзгерген жағдайда шығасымызды төмендетiп қана қоймай, сонымен бiрге өнеркәсiбiздiң одан әрi технологиялық дамуына жәрдемдеседi. Уақыт өте келе Қазақстан өнделмеген мұнай мен кендi экспортқа шығарумен бiрге мұнай өнiмдерiн, химия мен машина жасау өнiмдерiн экспортқа шығарары сөзсiз. Әрине, технологиялық даму кезеңдерiнен ешкiм “көктеп өте” алған емес. Бiз де бұл жолмен жүрмеймiз. Мiндет басқада — негiзiнен ұқсатушы салаларды, мұнай-химия, машина жасауда, жеңiл өнеркәсiпте, құрылыс материалдары индустриясында, тамақ өнiмдерiнде және тағы басқаларында қолда бар салаларды дамытып, жана салалар құрумен сындарлы ұштастыруда. Осы

міндеттердің бәрін біз қазірдің өзінде басымдықтар санатына қосып отырмыз.

* * *

Әлбетте кез келген стратегияның құндылығы ойластырылуында емес, ойдағыдай жүзеге асырылуында. Ал біздің жағдайымызда белсенді түрде шетел инвестицияларын тарту мен инвесторларға саяси кепілдіктер бергенде ғана табысқа жетеміз. Өкінішке қарай, таяу болашақта ішкі ресурстарға арқа сүйей алмаймыз. Көптеген мамандар халық екі миллиардқа жуық долларды “жамбасына басып” отыр деген пікірде болғанымен, сенімді қаржы жүйесін қалыптастырып, қазақстандықтардың сеніміне қайта ие болғанға дейін біраз уақыт керек екенін мен жақсы түсінемін. Әлбетте, қазірдің өзінде бұл қаражатты банктерде сақтау тиімді екенін адамдарға түсіндіру қажет. Қысқасы, өздері инвестор болсын, елдің экономикасына жәрдемдессін, өзінің игілігіне қызмет етсін.

Әзірге отандық өнеркәсіпті аяғынан тік тұрғызу үшін шетел инвестициялары керек. Озық тәжірибе, жаңа технологиялар мен ноухау, басқару және маркетинг дағдылары қажет.

Міне, сондықтан да біз елде қолайлы инвестициялық ахуал жасауға көп күш-жігер жұмсап келеміз. Сол үшін Меминвестком құрылды, “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Заң әзірленді. Біздің қазіргі міндетіміз — капитал ағысын реттеудің дәйекті де баршаға түсінікті ережелерін жасау, инвесторлар үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар берудің жүйесін әзірлеу, әлеуметтік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Басқаша айтқанда, әлемнің іскер топтары үшін Қазақстан беделін арттыру керек. Біз қолында елеулі ресурстары, озық технологиясы, өнім бөлудің ғаламдық арналары бар әлемнің аса ірі ұлтаралық корпорацияларының капиталын солай ғана тарта аламыз.

Бұл күндері Алматыда аса ірі инвестициялық басқосу өтіп жатыр, оған аса ірі әлемдік компаниялардың басшылары қатысуда. Кеше осы басқосуда өзім де сөйледім, оған қатысушылардың сөздерін де тыңдадым, елімізге шетел капиталының келуін ұлғайту жолдары туралы мүдделі де келелі әңгіме қозғалғанына көзім жетті. Көптеген бизнесмендердің Қазақстанға көзін ашу керек, әлеуетіміздің мүмкіндігінен, даму келешегінен хабардар ету керек. Басқосудың біздің әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуімізге қуатты серпін береріне күмәнім жоқ.

Бұл үшін, басқасын айтпағанның өзінде, экономиканы инвестицияларға бейім қалыпта тұратындай жағдайда ұстау жөніндегі тыңғылықты жұмыс қажет. Демек, экономикалық реформаларды жүзеге асырудың серпінді де қатаң ырғағы керек. Нарықтың өзіне де экономиканы “қыздыратын” бірталай уақыт керек екенін ескеру қажет. Сондықтан бүгінгі таңда нарықтық реформаларды көп ретте мемлекеттің өзі ынталандырып келеді. Мемлекеттің экономикаға бұлайша араласуына сын айтылатын кездер де сирек емес. Бірақ бұл араласудың әміршілдік-әкімшілдік араласумен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын ұмытпайық. Біз реформалардың бағыты нарықтық күштермен астасуы үшін бәрін істеуге ұмтылудамыз. Мұндай шаралар аса әсерлі нәтижелер береді. Бұл ретте “Азия жолбарыстары” деп аталатындардың тәжірибесі үлгі аларлық.

Біз қысқа мерзім ішінде жекешелендіру арқылы жеке меншік иелері табын қалыптастырып, ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін оны бөлу тетіктерін жолға қоюымыз, әлеуметтік-экономикалық дамуды заңдық және реттеуші негіздермен ұдайы “жетелеп” отыруымыз керек.

Әкімшілік жүйемізді сауықтыруымыз қажет. Шенеуніктердің далиған штаты қазірдің өзінде біздің даму жолымыздағы елеулі тежегішке айналып отыр. Кейде тіпті оғаштыққа ұрына бастадық. Мемлекеттік қызметшілер санын бүкіл халыққа шаққанда, Қазақстан Батыс Еуропаның

неғұрлым дамыған елдерімен бір қатарда тұр. Алайда, біздің аппараттың жұмыс сапасы ешқандай сын көтермейді. Өздеріңіз білесіздер, еуропалық қалыптың ауылы әлі алыс.

Әлбетте, бюджеттегілердің қалың қосынын дәулеті шағын мемлекет есебінен ұстау ауыр міндет. Демек, егер біз экономикалық өсуді жеделдетуге бекем бел байлаған екенбіз, онда мемлекеттік басқару органдарын реформалауды белсенді іске асыруымыз қажет. Бұл процесс осы жылдың наурызында басталды, біз онда министрліктер мен ведомстволар санының тең жартысын қысқарттық, басқару органдарының құрылымы мен санын оңтайландырдық. Бес облыс пен ондаған ауданның басқару аппараттары қысқартылды. Нәтижесінде біз барынша іскер, икемді басқару органдарын сомдайтын боламыз. Тұтас үкіметтің және әрбір министрдің алдына нақты міндет қойдым, оны жүзеге асыру мерзімін белгіледім. Жаңа астанаға ұйымшылдықпен, беріле істейтін, осы заманғы өлшемдермен пайымдай білетін кадрларды топтастыруды көздеп отырмын.

Сонымен бірге бір миллион бюджетшілер туралы айтқанда, мемлекеттік қызметте тұратындардың бәрінің 70 проценті дәрігерлер мен мұғалімдер екенін естен шығармауға тиіспіз. Бір жағынан, қызмет сапасын арттыру үшін, екінші жағынан, республикалық бюджет иығынан ауыр жүкті алу үшін біз білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін кең көлемде реформалауды жоспарлап отырмыз. Мұғалімдер мен дәрігерлерге түсетін салмақ, мектептер мен ауруханалар саны оңтайландыруға, ел қажетіне сай болуға, ал қызметшілердің осы санатының еңбегіне төленетін ақы әжептәуір жоғары болуға тиіс. Айтып өткенімдей, мемлекет алдағы уақытта да білім беруді тағдырдың тәлкегіне тастамайтын болады, бірақ оны қолдау міндеті білім беру жүйесі, гранттар мен шәкіртақылар арқылы жүзеге асырылады. Мен жеке меншік мектептердің, бірақ лицензияланған әрі мемлекеттік талаптарға сай келетін мектептердің, университеттердің, ауруханалардың көп болғанын қалаймын.

Медициналық сақтандыру жүйесіне де баса назар аударылатын болады.

Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!

Соңғы жылдары біз реформалардың жасампаз кезеңінен өттік, Қазақстанның мемлекеттігін нығайту, әлемдік қауымдастыққа кірігуі үшін көп іс тындырдық. Әлбетте, біздің алдымызда әр жолы жаңа ауқымды міндеттер тұрды және тұратын болады. Бірақ ендігі жерде олар жан қорғалау қиындығы емес, өсу қиындықтары болады.

Қалай болғанда да, біз көп этностық мемлекеттің тоталитаризмнің ауыр мұрасына қарамастан, барлық ұлттар адамдарының сенімі мен татулығы, адам құқығына құрмет ахуалында, халықтың барлық топтарының, барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің әлеуметтік әріптестігі мен ынтымақтас-тығы жағдайында бейбіт жолмен дами алатынын және дамуы керектігін дәлелдеп бердік.

Біздің еліміз алдағы уақытта да ілгерішіл ұлттық саясат жүргізетін, болашақ ұрпақтардың бейбіт өміріне, әр адамның еркін дамуына және барлық этностарымыздың арасындағы үйлесімге кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің заңдары бойынша өмір сүреді. Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көп ұлтты Қазақстан халқын асырап-сақтаған, баулып-түлеткен, мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз.

Байыппен тыңдағандарыңызға рақмет!

ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ — ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының бесінші сессиясындағы баяндамасы

*Астана қаласы, Парламент Үйі,
1999 жылғы 21 қаңтар*

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясына қатысушылар! Құрметті меймандар!

Бүгін мен бұл мінбеден айрықша тебіреніс үстінде сөйлеп тұрмын. Бұрынғылар: “Көпірге жетпей жатып, одан өттім деме” деген екен. Осыдан 11 күн бұрын еліміздегі тұңғыш баламалы Президент сайлауында — біз осындай көпірден өттік. Сонымен, 1999 жыл — менің жеті жылдық президенттік мерзімім басталған жыл болып отыр.

Сайлау алдындағы бәсекенің бірер айы ішінде орасан зор интеллектуалдық және ұйымдастырушылық қолдау көрсеткені үшін осы залда отырғандардың көпшілігіне шын жүректен алғыс айтқым келеді. Сіздерге деген ілтипатым мен ризашылығымды қабыл алыңыздар.

Бұл ретте саяси іштарту жасалды деген кінә тағылмауы үшін сайлау өткенге дейін Ассамблея сессиясының әдейі шақырылмағанын айрықша атап айтқым келеді.

Ассамблеяның рөлі, ең алдымен, көп ұлтты елімізде бейбітшілік пен татулықты сақтауға саяды. Биылғы жылдың және мемлекет басында болатын алдағы жылдарымның алғашқы саяси шарасын сіздермен кездесуден бастап отырғаным кездейсоқтық емес.

Бұрын айтуға болмай келген жайттарды бүгін айту қажет болып тұр. Өткен сайлауда ел үшін екі ұлттық қатер болды.

Біріншісі — ұлттар арасына жік түсу қатері. Мұндай әрекеттерді бәз біреулердің жасағаны сіздерге мәлім.

Екіншісі — ұлттың өз ішіне жік түсу қатері. Бисмарктың “жеңілгендерге жыласын деп, көз жасын ғана қалдырамыз” деген қанқұмар қағидасын ұстанудан біз аулақпыз.

Мен өзіме қарсы дауыс берген қазақстандықтардың таңдауына да құрметпен қараймын, өйткені олар да біздің мемлекетіміздің азаматтары, сондықтан мен олардың мүдделерін де қорғауға міндеттімін. Бұл арада әңгіме ұлттық мәселені конъюнктуралық саяси мақсаттарға жету үшін пайдалануға тырысу әрекеттері туралы болып отыр. Мұндай саясаткерлерге біздің қоғамымызда орын жоқ. Бұл — өте қауіпті.

XX ғасырда көптеген тәуелсіз мемлекеттердің егемендік алғаннан кейін кенеттен өзара соғыс бастағанын немесе қол жеткен бостандығынан айырылып қалғанға дейін, тіпті ағайын арасындағы қантөгіске жеткенге дейін бөлшектеніп кеткенін біз тарихтан жақсы білеміз.

Арабтардың 1948 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін өзара соғыс бастауы, өз ішінде бөлшектенуі бұған мысал бола алады. Тарихтан тағылым алмағандар өтемін өз қанымен төлейді.

Барлық азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін тәуелсіздік пен қуатты мемлекетті сақтап қалу ұлттық татулықты сақтап қалу арқылы ғана мүмкін болатынын біз айдай ақиқат деп тануға тиіспіз. Сондықтан да біздің бүгінгі сессиямыздың арқауы: “Ұлттық келісім — Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі”. Бұл әлдебір тылсым формула немесе саяси қалып емес, бұл шын мәнінде біздің ішкі саясатымыздың өзегі. Бірақ ол күн сайын нақты да көрнекі әрекеттермен толығып отыруға тиіс.

Осыған орай мен барлық ұлттық қауымдастықтарға өзіміз көптен бері айтып жүрген “Ұлттық-мәдени ұйымдар туралы” Заңның әзірленген жобасын талқылауды ұсынар едім. Бұл

құжат, әрине, барлық проблемаларды шешіп бермейді, дегенмен, бұл ТМД аумағындағы ешбір елде жоқ бірегей құжат. Сондықтан сіздердің ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңыздың негізінде біз осындай бір ірге тартар құжат әзірлеп, талқылап, қабылдау үшін Парламентке бергеніміз жөн болар еді. Бұл — Ассамблея 1999 жылы жүзеге асыруға тиісті ауқымды да маңызды заң шығарушылық жұмыс болар еді.

Бүгін мен осы мінбеден бір саяси мәлімдеме жасамақпын. Мен бұл сөзімді КСРО ыдырағаннан кейін түрлі себептер мен жағдайларға байланысты Қазақстаннан көшіп кеткен адамдарға арнап отырмын. Ортақ Отанымызға қайтып оралыңыздар! Есігіміз әрқашан ашық, бірлігіміз артқан сайын күш-қуатымыздың да арта түсері анық.

Қазақтардың ішкі ұлттық тұтастығының маңыздылығы тарих сабақтарынан ғана туындап отырған жоқ. Мен халықтың даналығына тағы да көз жеткіздім. Өйткені адамдардың нақты таңдауы, нақты мінез-құлқы кез келген теориялық үлгіден әлдеқайда маңызды да нанымды. Мұның өзі кейбір кертартпа кесірлерді қатты мазалайтын, алайда олардың не экономикада, не саясатта терең негізі жоқ, қазақтың рулық жікшілдігі, жеңістік бермес кереғарлығы мен басқа да этнографиялық ерекшеліктері жайлы қайдағы бір өмір шындығына жанаспайтын толғаныстарынан әлдеқайда маңызды.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байыпты талдау жасаудан гөрі кімнің ата-бабасының қай жерде туғанын есептеп шығару, әрине, әлдеқайда оңай.

Егер бұл таяз ойлы адамдардың әбестігі болса бір сәрі, онда күні өткен мұндай әуестікке тек таңданып қана қояр едік. Ал егер бұл қандай да бір түрде саясатқа киліктірілетін принцип болса, онда мұндай қайраткерлерге Қазақстанда мемлекеттік қызметте орын жоқ.

Біздің Конституциямызда сословиелік және рулық жікшілдікті насихаттауға тыйым салынған. Президенттеріңізді аңқау адам деп санамаңыздар, мұндай ұғымды өрбітушілер жайында мен жақсы хабардармын. Мен тиісті

шаралар қолданып келгенмін және алдағы уақытта да қолдана беремін.

Сайлау барысында халық жалпыұлттық міндеттерді түсінуі мен ХХІ ғасырда ұйыған ұлт құруға өзiрлiгi жағынан кейбiр кертартпа шенеунiктерден әлдеқайда асқақ тұрғанын айқын аңғартты.

Мәселе сайлау алдындағы тартысқа ғана тiрелiп тұрған жоқ. Өтпелi кезеңнiң осы он жылы iшiнде жас мемлекеттiң ұлттық саясатының тағы да бiр тұйыққа тiрер жолға түсу қаупiнiң зор болғаны да рас.

Бiрiншi. Мұның ұлттық өзiмшiлдiк болуы мүмкiн едi. Мәселен, Қазақстан — қазақтар үшiн, халық жоқ екен — проблема да жоқ дейтiн принцип бойынша (бұрынырақта осындай жағдай да орын алған) тұрғылықты емес ұлт өкiлдерiнiң көшiп кетуiне ықпал жасау жолын ұстану мүмкiндiгiмiз бола тұра, бiз бiрұлттық мемлекет құру жолын қабылдамай тастадық. Неге мен бұл жол тұйыққа тiрейдi деп есептеймiн?

Ұлттық өзiмшiлдiк саясатын жүргiзбеген күннiң өзiнде эмиграция салдарынан бiз халықтың экономикалық тұрғыдан белсендi бөлiгiнiң кемiп кетуiне ұшырап отырмыз. Бiрұлтты мемлекет құру елiмiзге үлкен шабыт келтiрер едi, өйткенi Қазақстанды тұрағы ретiнде тандап алған орасан көп қазақ еместер сайып келгенде, қоныс аударуға мәжбүр болар едi.

Мәселенiң басқа да қырлары бар. Мысалы, көшiп келушiлердi қабылдауға мүлде дайын емес мемлекеттерге халықтың жаппай қоныс аударуы бiздiң геосаяси айналамыздағы тұрақсыздық деңгейiн күрт көтерiп жiберер едi, ал мұның өзi бiздiң елiмiзге де тиiмсiз. Бұған қоса, егер империялардың күйреуi тән болған ХХ ғасырдың бiрiншi жартысы үшiн ұлттық оқшаулану табиғи құбылыс болып келсе, кiрiгу процесi күшейiп, мемлекеттен жоғары құрылымдар белсене жасақталып жатқан қазiргi жағдайда ұлттық оқшауланудың тарихи болашағы мүлде жоқ.

Біз тұтастырып жіберуге, бір ұлттың екінші ұлтқа, бір мәдениеттің екінші бір мәдениетке сіңіп кетуіне қарсымыз.

Иә, біз қазақ тіліне мемлекеттік мәртебесін қайтарып бердік. Алайда, біздің байыз таппас сыншыларымыз бұл ретте басқа ұлттар мен олардың тілдерінің құқықтары мен мүдделеріне қысым жасалмағанын байқамай ма, әлде байқағысы келмей ме екен?

Оны айтасыз, бүгінгі таңда орыс тілі Қазақстанда кеңінен қолданылып отыр ғой. Бізді қазақ емес халықтардың бөрінің мүдделеріне қысым көрсетудің тікелей немесе жасырын саясатын жүргізіп отыр деп айыптаушылардың парасаты “ақымақтан құтылғаның ақылдымен қауышқанға тең” деп Пайғамбардың күйеу баласы Әли имам мензеген адамдарды еске салғандай.

Ендеше, ақымақтардың ықпалынан арылып, “Қазақстан — халықтар достығының зертханасы” деген сөздің шын сырына қайта оралып, қуанышқа неге кенелмейміз.

Екінші тұйық жол. Бұл — мемлекеттің ұлтаралық проблемаларды шешуден мүлде бас тартуы. Біздің мемлекеттікті дамытудың ұлттан тыс үлгісін тандап алуымызға да болатын еді. Біз үшін бұл нені білдіретін еді?

Біріншіден, бұл мемлекет тұрғылықты этностың ұлттық біртектілігі міндетін ғана шешуге қарай ойысады деген сөз. Мұндай алшақтау көбінесе біздің егемендігіміздің мән-мағынасын жоққа шығарады. Онда біз бұрынғы отарлаушы ел қажет етпегендіктен ғана дербестік алған, ыдыраған империяның өзіндік бет-бітімі жоқ жұрнағы ғана болып қалар едік.

Екіншіден, мұның өзі мемлекет этностар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуден бойын аулақ салады деген сөз. Мұндай жағдайда ұлттар томаға-тұйықталып, бір-бірінен қашықтай түсер еді, әрі өмірдің барлық салаларында бір-бірімен бәсеке бақталастыққа барар еді. Іс жүзінде бұл өзінің ұлттық бірегейлігін қорғаудың әр түрлі тетіктерін күшейтуге бағытталған стихиялы процестердің дамуына әкеп соқтыруы мүмкін. Мемлекет бәрібір осындай қарым-қаты-

настарға араласпай тұра алмайды. Өйткені, бұл процестер қоғамды өзара тайталасқа ұрындырып, оларды бейбіт жолмен шешу әлдеқайда қиындап кеткен жағдайда, әлбетте мұндай араласу кеш болар еді деген ойдамын.

Үшіншіден, теңдік іс жүзінде болмаған соң, қоғамдық өмірдің барлық саласында саны неғұрлым көп этностың ықпалы күшейе береді. Бұл нақты болмыста аз ұлттар құқықтарының бұзылуына апарып тірейді. Осы орайда екі мемлекеттің арасында әйгілі бір флотты бөліскені жайлы әзіл бар. Бір Президент екіншісіне: “кел, флотты ағайындарша бөлісейік” деген көрінеді. Сонда екіншісі “жоқ, тепе-тең бөлісейік” деп жауап қайтарған екен.

Үшінші ықтимал тұйық жол — қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тарту. Тарихта еш халық ешқашан өз тәуелсіздігінен ерікті түрде бас тартқан емес. Қазақтардың да басқалардан айырмашылығы жоқ. Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздікке деген ұмтылысына баға берудің өзі қиын. Қазақтар бүгін ел халқының басым көпшілігін құрайды және өзінің бірден-бір тарихи-этникалық топырағында тұрып жатыр. Өзінің бірден-бір тарихи атамекенін қашан да қорғай білген қазақ халқының арқасында бүгін әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған қазақстандықтар — аумағының көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекетте өмір сүріп отыр.

Тумысынан осы топырақта қалыптасқан қазақ мәдениетінің қазіргі кезде толыққанды дамуы үшін қажетті құралдарының бәрі бар және ол дүниежүзілік мәдени процестерге барған сайын белсене араласуда. Ел халқының басым көпшілігін құрайтын қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғаудан бас тартуы мүмкін емес, бұл шүбәсіз жайт.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан шығатын бірден-бір қорытындының мынадай болары айқын: әлгінде аталған тұйыққа тірейтін үш нұсқаның кез келгенін іске асыру бір ғана нәтижеге ішкі және сыртқы тұрақсыздыққа және осылардың салдарынан болмай қоймайтын елдегі ұлтара-

лық қақтығыстарға әкеп соғар еді. Ертеде бір ағылшын жазушысы: “Мәселе дүниенің жаман болып кеткенінде емес, болып жатқан оқиғаларды бейнелеудің әлдеқайда жақсарғанында жатыр” деген екен. Шынында да, жер серігі арқылы таратылатын телехабарлар, Интернет, жүріп-тұру еркіндігі, жастар мәдениеті, жарнамалардың әлемдік стандарттары, бірыңғай тұрмыс салты ұлттық ерекшеліктер мен айырмашылықтарды бұрынғы өткен соғыстар мен бір халықты екіншісінің бағындыруынан келетін кептен де мың есе тез құртатын себептерге айналып отыр. Бұл локомотивтің жолында тұру мағынасыз өрі қауіпті, жаншып өтеді.

Осыдан сегіз жыл бұрын бұрынғы мемлекеттігіміздің қолайсыз, қолапайсыз ыдырағанын басымыздан кешкен біз үшін бұл құбылыстар әбден түсінікті. Құндылықтардың күйреуінің қашан да ауыр тиетіні белгілі, әсіресе ол адамдардың ұлттық сезімін қозғаған кезде қиын. Бірақ осының бәрінің астарында дұшпанның тіміскі әрекеті емес, қазіргі заман аталатын аса күрделі себептер мен жағдайлар жатыр. Ғасырлар мен мың жылдықтардың тоғысында тұрған біз осы тұста қандай шаралар қолдана аламыз? Бүгінгі уақытқа ілесемін деп өзіміздің ұлттық “мен” дегізерлік бітімімізді жоғалтып алмау, қазақ — қазақ болып, орыс — орыс, татар — татар қалпында қалуы үшін не істеу керек? Бұл үшін бірнеше жайт керек және оларды бәріміз жеке зерделеп алуымыз керек. Олар заңда жазуға, қолмен ұстап көруге болмайтын дүниелер, бірақ олар жаңа мың жылдыққа дейін 709 күн ғана қалғаны сияқты анық дүниелер.

Бірінші. Ұлттық рухты сақтап қалу үшін ең бастысы, сырттан жау іздемей, өзіндік ұлттық мазмұныңды дамыту екенін пайымдау қажет.

Екінші. Біз өзгелерден оқшау емес екенімізді, орасан зор ғаламдық қоғамда өмір сүріп отырғанымызды түсінуіміз, ондаған жыл бұрынғы сіреспе қағидаларға малданбауға тиіс екенімізді түсінуіміз қажет. Ұлттық сана үшін негізгі қауіп-

қатердің барлығы түсі басқа, көз қиығы өзге көршімізден емес, нақ сол ғаламдық қоғам тарапынан туындайды.

Үшінші. Жаңа ақпараттық технологиялармен және басқа да қазіргі заманның белгілеріне қарсы күресудің пайдасы жоқ. Оларға бейімделу керек. Бұл Қазақстанның ішкі саясатында, оның ішінде ұлттық саясатында басқарудың жаңа технологияларының болуын талап етеді.

Төртінші. Сайып келгенде, біздегі ішкі ұлттық келісімімізде қазақстандықтардың өздерінен басқа ешкімнің шаруасы жоқ. Соңғы 10 жыл ішінде біз планетамыздағы алуан түрлі бітімгершілік миссиялар тиімділігінің қаншалықты болатынын байқадық, оны өздеріңіз білесіздер.

Өкінішке қарай, әлдінің проблеманы күшпен шешу ниеті жиі ұшырасып жүр. Бұл әлбетте шешім емес, елес қана. Күл астында қашанда осы жолы күші басым түскен тарапқа деген өшпенділік қоздап жатады. Біз мұны тарихтан білеміз.

Біз жағымсыз әрі қатал, алайда, әділ әрі ақиқат сабақты айқын түсінуге тиіспіз. Егер Қазақстанда ұлтаралық қақтығыс болып, қан төгілсе, оны Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы да, тағы басқалар да ұзақ уақытқа дейін тоқтата алмайды. Желік қиялдан бас тартатын, істің мән-жайын тереңінен түсінетін кез жетті. Құдайға шүкір, осы жылдар бойы мұндай түсінушілік болды және Ассамблеяның ондағы үлесі аз емес. Біздің міндетіміз — жағдайды осындай қалпында сақтап қалу.

Осы залда отырған сіздер мен біздер және біздің сонымыздан ерген, қоғамымыздың салауатты күштері қырағылықты бір сәтке де жоғалтпауға тиіспіз. Нақ сіздердің және сіздерді қолдаушылардың күш-жігері арқылы елімізде тұрақтылық сақталып отыр. Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге және бүкіл халқыма шын жүректен ризамын.

Осының бәрінен қорытынды жасау керек. Өзінің ұлттық ерекшелігін, ұлттық мұраттарын сақтап қалу тек қазақтардың ғана проблемасы емес, бұл — елімізді мекендейтін барлық ұлттық топтардың проблемасы. Сондықтан мемлекеттік ұлт саясаты туралы айтқан кезде біз халықтар арасындағы

бейбіт және тұрақты қарым-қатынастарды сақтап қалуды ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттерді сақтау мен дамытуды да айтамыз.

Мынадай формула ұсынамын. Ең алдымен біздің бөріміз — қазақстандықтармыз, осында тұрып жатқандар — Қазақстан азаматтары, бөрі де — қазақстандықтар. Әңгіме тұтас алғанда, ел туралы болғанда және елден тысқары жерде жүргенімізде, біз — қазақстандықтармыз. Ал ұлттың ішкі өмірі туралы әңгіме болған кезде, әрбір ұлттық топ өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін аялауға құқылы және бұған ешкім де кедергі келтірмеуге тиіс. Осындай формуланы қабылдаймыз ба?

Американдық деген ұлт жоқ кой. Бұл географиялық аумақ. Ал онда қаншама ұлттар мен ұлыстар тұрады? Немесе австралиялықтарды алайық. Австралия — құрлық, материк.

Батысқа барсақ біз “Чайна таун” дейтін қытай қалашықтары, жапон, корей қалашықтары бар екенін көреміз. Олар өз мәдениеттерін сақтайды. Олардың мұнысы дұрыс. Ұлттық тілді, мәдениетті, салт-дәстүрді аялау, сақтау сол ұлттың міндеті, ал заң мен мемлекет бұған бөгет жасамауға, кедергі келтірмеуге тиіс. Міне, әңгіменің мәнісі осында.

Қазақстанда тұрады екенбіз, оның азаматы екенбіз, яғни біз — қазақстандықтармыз. Ендеше осыған тоқтайық, әрі бұл пікір бізден тарасын.

Біз үшін мұның маңыздылығы Қазақстан шын мәнісінде біздің ортақ Отанымыз екендігінен туындайды. “Мен — қазақстандықпын” деген сөзді әркім де мақтанышпен айтуы үшін біздің бөріміз де аянбай еңбек етуге тиіспіз.

1999 жыл — Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланғаны белгілі. Әлеуметтік міндеттермен, қазақстандықтардың аға ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеумен қатар мұнда өзгеше бір стратегиялық идея жатыр. Кез келген ұлт мәдениетінің ұйытқысы, ұлт рухының өзегі — халықтың салт-дәстүрі. Әрбір ұрпақ осындай салт-дәстүрдің иесі, кейінгіге жеткізуші. Бірақ уақыт пен ұрпақ байланысы үзілсе, ұлт мәдениеті мен адамның өзіндік ұлттық бітімі де құрдымға кетеді.

Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы — ұлттық негізді әмбебап ұлттық нигилизмнен қорғау тәсілі. Ұрпақтар тұтастығы мен жалғастығы — салт-дәстүрді келешек ұрпаққа жеткізу әдісі. Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы — іштей ширығу мен мазмұн қайшылықтарына толы әлемде өз қалпынан айнымау, өзінің ұлттық жаны мен мінезін сақтап қалу тәсілі. Сондықтан осы жылдың басты идеясы — аға ұрпақ жинақтаған адамгершілік және әлеуметтік тәжірибені аялау.

Бұл — мемлекет пен дәулетті азаматтардың шаруасына жататын белгілі бір қаржы көздерін ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар, қоғамда белгілі бір адамгершілік ахуал қалыптастыруды да талап етеді.

Осы ғасырдың соңғы жылын кейінгі ауыр жылдары ұмыт болып бара жатқан аға ұрпаққа деген қамқорлық пен сабақтастық ұранымен өткізуге тиіс екенімізді мен, әлбетте, теріске шығармаймын. Бүгінгі жастар да есейіп ертең аға ұрпақ қатарына өтеді. Ендеше балалардың әкесіне, атасына деген ілтипаты мен қамқорлығын қалыптастыру ізгілікті саясат деп есептеймін, бұл — барлық өркениетті елдерде қолдау жасалып отырған саясат.

Полиэтникалық мемлекеттің қазақстандық үлгісіне тән сипаты қандай?

Біріншіден, ұлт саясатының негізгі элементтерінің бірі басқа ұлттардың дамуы үшін барлық жағдайды жасай отырып, қазақ ұлтының мәдениетін нысаналы түрде дамыту екенін мемлекет басшылығы айқын түсініп отыр. Небір қатал сындарды бастан кешкен қазақтар бұл үшін басқа халықтарға кінә таққан жоқ, әрі өзінің ұлттық кеңпейілділігін, сенімі мен достыққа адалдығын да сақтап қалды. Бұл еліміздегі ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығының негізі болып отыр.

Өзге халықтардың өкілдері өз ана тілінде сөйлеу және өзгеге түсінікті болу құқығын әрқашан сақтап қалады. Бірақ қазақ тілін Қазақстандағы ұлттық топтардың барлығы да үйренетін болуға тиіс. Дегенмен, біз оны күштемей, біртіндеп енгізу саясатын ұстанатын боламыз. Қайталап айтамын, бұл

ретте күштеуге немесе асықтыруға бармаймыз, ондай бұра тартушылар да бар.

Қалай дегенде де ақпараттық саясатымызда, өзіміздің білім беру бағдарламаларымызда әдептіліктен аспаймыз, бірақ бағытымызды бұлжытпай ұстайтын боламыз. Нақ қазақ этносының өзін-өзі бағамдауы процестеріне қолдау көрсетуге баса назар аударған сәтте, мені қазақтардың ғана емес, сонымен қатар барлық өзге халықтар өкілдерінің де дұрыс түсінуін қалар едім.

Орыстардан, немістерден, украиндардан, татарлардан, корейлерден және басқа ұлт өкілдерінен қазақтардың бір айырмашылығы: олар басқа мемлекеттің өздері үшін осындай міндет қойып, оны шешіп беретініне үміт арта алмайды. Сонымен қатар бұл мәселені ойдағыдай шешудің кепілі мен шарты — көп этносты Қазақстандағы барлық өзге ұлттардың нақты тең құқылығының заң жүзінде бекітілуінде жатыр.

Екіншіден, біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыздың маңызды ерекшелігі — оның саналы түрде қостілді саясат жүргізіп отыруында.

Қазақстанда біз мейлінше кең тараған екі тілдің — қазақ және орыс тілдерінің лайықты орындарын дәл тауып, дұрыс істегенімізді уақыт көрсетіп отыр.

Сонын нәтижесінде бізде сол тілдерде сөйлейтін адамдардың арасында саяси шиеленіс туған жоқ, өйткені біз бұл екі тілдің өзімізде тұрып жатқан барлық халықтардың өмірінде қаншалықты маңызды екенін айқын сезіндік.

Дәл осылайша өзге халықтардың тілдері де біздің көпұлтты елімізде өгейшілік күйкі халге душар болмағанын және душар болмайтынын ерекше атап көрсеткім келеді.

Біз бұрынғысынша халықтарымыздың ұлттық тілдерін сақтау мен қайта түрлету саясатын жалғастыра беретін боламыз. Бұл ретте сіздер, Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрметті мүшелері, елеулі рөл атқардыңыздар және алдағы уақытта да атқара берерсіздер деп үміттенем. Өйткені, Ассамблея қызметінің арқасында бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың жүздеген мекемелері жұмыс істейді, оларда

Қазақстанда тұратын ондаған халықтың тілінде білім мен тәрбие берілуде.

Сонымен бірге, елімізде неміс, корей, ұйғыр, поляк, түрік, өзбек және Қазақстанның басқа да халықтары тілдерінің оқытушылары даярлануда.

Үшіншіден, Қазақстан зайырлы мемлекет принциптеріне адал болып қала береді. Біз бір мемлекеттің шеңберінде әр түрлі конфессиялардың болуы онда тұратын халықтардың рухани баюына жәрдемдесетінін де жақсы білеміз.

Діннің қандай да бір этностың өміріне тарихи қалыптасқан дәстүрлі ықпалын ескермейінше, қоғамда татулық пен бейбіт өмірге қол жеткізудің мүмкін емес екені кез келген парасатты саясаткер үшін айдан анық болуға тиіс.

Менің ойымша, республикада мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастардың алтын өзегі табылған тәрізді. Мұның өзі ортақ тіл табысып, республиканың конфессионалдық ортасында болып жатқан процестерді түсінуге мүмкіндік беріп отыр.

Қазіргі кезде мемлекет пен діни қауымдастықтардың ынтымақтастығының екі ортақ нүктесі бар. Соның біріншісі — ең жоғары рухани қазына болып табылатын және біздің күнделікті өміріміздің жалпы сипаттамасына айналған бейбіт өмір мен азаматтық келісімді уағыздау.

Екіншісі — мәдениеттің дамуы мен қайта өрлеуі. Ұлттық және діни мәдениетті бір-бірінен айыру оңай емес. Бүгінгі таңда халықтарымыз мерекелеп жүрген Рамазан немесе Наурыз, Пасха мен Рождество мерекелерінің қайсысы ұлттық немесе діни мереке екенін ажырату қай-қайсымызға да оңай емес.

Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде дін атаулының қай-қайсысы да ұлттық мәдениеттерді сақтап қалудың нақты тетігіне айналды. Ұлттық және діни құндылықтардың бір-бірімен қайшылыққа түсетін уақыты әлдеқашан өткен. Біз зайырлы мемлекет бола отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуындағы осындай жаңа бағыттарды ескеруге тиіспіз.

Біз Қазақстанды зайырлы мемлекет деп жарияладық, сондықтан да діни артықшылық идеологиясын насихаттау-

дың кез келген әрекеттеріне қарсы күресіп келеміз және күресе береміз. Әр азаматтың өзіндік діни нанымды еркін таңдау құқығы бар. Бірақ бұл ретте мемлекет діни экстремизмнің кез келген түріне қарсы қатал күрес жүргізетін болады.

Төртіншіден, біздің моделіміздің ерекшелігі — нысаналы түрде Қазақстан халықтарының ұлттық-мәдени орталықтарын құру және диаспоралардың өз тарихи отандарымен байланыс жасауына, сондай-ақ Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сияқты органның жұмысына қолдау көрсету.

Этностар өмірінің алуан қырларын көрсету жолында 11 ұлттық газет, белгілі бір ұлттың жинақы тұратын аймақтарында 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар тарататын радиостудия жұмыс істейді. Мұндай жағдай ТМД-ның ешбір елінде жоқ. Француздың ұлы жазушысы Виктор Гюго айтқандай, халықтың ұлылығы оның санымен өлшенбейді, үлкен немесе кіші халықтар деген ұғым жоқ.

Тәуелсіз Қазақстанда барлық халықтардың өз құқықтары мен мүмкіндіктері тұрғысынан терезесі тең жатыр. Біздің ұлттық саясатымыздың ең басты принципі, міне, осындай.

Осы орайда мен мынаны мәлімдегім келеді: мен елімізде саяси мақсаттарына жету үшін русофобиялық, антисемиттік немесе антиисламдық әрекеттерге барушыларға ешқашан да жол бермеймін. Бұл біздің принципімізге айналуға тиіс. Бұл біздің Конституциямызда жазылған.

Мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде, ұлттық мәдениеттердің қайта өрлеуі мен дамуында атқарып отырған рөлін жоғары бағалаймын. Бүгінгі Ассамблея республикамызда тұрып жатқан барлық этностар мен ұлттық топтарды білдіретін ондаған қоғамдық бірлестіктер. Ол — өткізілген жүздеген конференциялар, “дөңгелек үстелдер”, фестивальдер, байқаулар, қайырымдылық шаралары, ағарту бағдарламалары.

Атап айтсақ, өткен мерзім ішінде этникалық топтар жастарының Ассамблея берген квота бойынша жоғары оқу

орындарына түсу практикасы кең тарады. Төрт жылда этностық шағын топтардың осындай квотамен жоғары оқу орындарына түскен өкілдерінің саны 8 мыңдай адамға жетті.

Жергілікті жерлерде Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеялары үлкен жұмыс атқарып отыр, олар өз қызметін жергілікті ерекшеліктер мен айырмашылықтарды ескере отырып жүргізеді.

Бүгін Ассамблея — мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган бола білді деп айтуға хақылымыз. Ол тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындады және жаңа қоғам орнату ісіне лайықты үлес қоса білді. Ассамблея Қазақстанның көпұлтты халқын топтастырудың нақты институтына айналды.

Мен Ассамблея үшін мәдени орталықтардың бір жерге орналасатын жақсы ортақ үй салатын немесе сондай бір ғимарат беретін уақыт жетті деп ойлаймын.

Алматыдағы Достық Үйі бұған өте лайықты деп санаймын.

Бұл өзі жақсы нышаны бар ишарат.

Құрметті достар! Мен президенттік қызметімді атқаратын алдағы 7 жыл ішінде біздің ұлттық саясатымыздың сара бағыты бұрынғысынша мызғымай қала беретініне кепілдік беремін.

Біз сіздермен бірге, өзіміздің көпұлтты Отанымыздың саяси тұрақтылығы, ұлттық татулықты ұлтына, діні мен нанымына қарамастан, барлық азаматтарымыздың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін сақтап қалу жолында орасан зор жұмыс жүргізетін боламыз.

Біздің болашағымызға мен сеніммен қараймын. Біздің Шығыстағы көршілеріміздің ата-бабалары: “Жүзінде күлкі ізі жоқ адамның сауда дүкенін ашуға құқығы жоқ” дейді екен. Бұл орайда әңгіме біздің қандай мемлекеттік саясатты таңдауымыз қажет екеніне саяды.

Еліміздің ұлы болашағына деген менің зор сенімім өзіміздің адамдарымызға, көпұлтты Қазақстан халқына деген сенімге негізделеді. Назар қойып, тыңдағандарыңызға рақмет.

XXI ҒАСЫРҒА ДОСТЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАДАМ БАСАЙЫҚ

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының алтыншы сессиясындағы баяндамасы**

*Алматы қаласы,
1999 жылғы 10 желтоқсан*

**Ардақты әлеумет!
Қадірлі достар!**

Қазақстан келер ғасыр, келер мыңжылдыққа қандай мұрамен қадам баскалы отыр? Осы орайда біз бұл межеден адамзат үшін ең қымбат қазына — ұлтаралық татулықты, өзара түсіністік пен құрмет сезімін, жарастық пен келісімді қастерлеп сақтап, аттағалы отырғанымызды мақтаныш етеміз.

Бұл тұрғыдан біз әл-Фараби бабамыздың “алуан түрлі қала тұрғындары (мұны сан ұлтты адамдар қауымдастығы деп ұғыңыз) бірінін жақсысын бірі үйреніп, асқақ адамгершілік пен қалтқысыз қайырымдылыққа жетеді” дейтін пікірін дәлелдеп отырмыз.

Біздің стратегиялық мақсатымызда ұлтаралық татулықтың, халықтардың өзара түсіністігі мен келісімін нығайта берудің, оларды алдағы уақытта да топтастыра, жарастыра берудің айрықша орын алатыны өздеріңізге жақсы мәлім. Бүгінгі күні қоғамымыздағы ауызбірлік, тұрақтылық пен туысқандық қарым-қатынас соның нәтижесі деуімізге толық негіз бар.

Бұл біздің келесі ғасырдағы да айрықша басымдығымыз, ерекше назарда ұстайтын өмір болып қала береді.

Біздің бұл жетістігіміз — Қазақстан халықтары Ассамблеясының нысаналы, сан қырлы қызметінің нәтижесі деп айтуға болады. Оның Қазақстан халықтарын достық пен бауырмалдық рухында, отаншылдық пен ортақ мақсат жолында, бірлік пен топтасқандық рухында тәрбиелеу саласындағы еңбегі үлкен.

Қай заманда да елінің мүддеден бәрінен жоғары қоятын адамдар болған, ондай адамдар бүгінгі күні де арамызда жоқ емес. Сайып келгенде, елдегі ахуал осындай адамдардың әрине, ерік-жігеріне байланысты болады. Нағыз отаншылдықтың басты өлшемі де біздің зиялыларымыздың адалдығы мен әділдігінде, елі мен халқының алдындағы парызын терең түсінуінде екені аян.

Ассамблеяның үлкен міндеті де, міне осындай, еліне жан-тәнімен берілген адамгершілік мұраты асқақ азаматтар тәрбиелеуде жатыр. Мен Сіздердің осы биік мұрат үдесінен көрінетіндеріңізге көміл сенемін.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Құрметті меймандар! Қадірлі отандастар!

Қазақстан өтіп бара жатқан XX ғасырдың соңғы он жылдығында егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз тарихындағы жаңа кезенді ашты.

Өзіміз бастан кешірген осы соңғы он жыл жайлы қазірдің өзінде аз айтылған жоқ, ал болашақта бұдан да көп айтылары анық. Алып көзге алыстан шалынады деген сөз бар. Жылдар өтер, біздің бүгінгі ісіміздің әділ де байыпты бағасын сонда уақыттың өзі береді.

Алайда, орасан зор империяның дәл бір он жылға созылған ыдырауы, көптеген мемлекеттердің өздігінен еркін даму жолына түсуі, әлемдік қауымдастық өміріндегі саяси бағдарлар үшін күштердің арасалмағының өзгеруі халыққа бостандық және тәуелсіздікпен бірге игілік алып келмегені де аян.

Тәуелсіз мемлекеттердің талайы соғысты да, қақтығысты да бастан кешірді, дау-дамайдың да, алауыздықтың да ащы

дәмін татып, құлдырауды бастан өткізді. Осы жылдардың ішінде талай халық соғыстың не екенін, аштық пен күйзелістің не екенін, босқындар мен жетімдердің не екенін тағы да көріп білді.

Ал біз тарихтың осы қатаң сынына төтеп бердік. Шүкіршілік, бірде-бір қазақстандық ұлтаралық жанжалдың құрбаны болған жоқ. Жерімізде жарылыс болған жоқ. Қақтығыс пен қатыгездікті де, шүкіршілік, көргеміз жоқ.

Біз тұрақтылықты сақтап қалдық, алуан кейіпті экстремистердің адамдарымыздың санасын улауына жол бергеміз жоқ, олардың жүз отыз ұлттар мен ұлыстар мекендеген Қазақстанды іштен ірітудің оңайға түсеріне үміт артқаны да, сірә, дау туғызбаса керек. Олай болған жоқ, ешқашан олай болмасына да сенімім кәміл.

Егер біз, ең алдымен, Қазақстанда тұратын барлық халықтың парасат-пайымынан арна тартқан ұлттық саясатымызды сақтай білсек, олай болуға тиіс емес. Сайып келгенде, бізде қақтығыстардың болмауының басты себебі — біз тәуелсіз даму жолына түскен алғашқы күннен-ақ адамдарды затына қарай бөлудің қаншалықты қауіпті екенін бірден аңдадық. Мемлекеттік құрылыстың түп-тамыры ретінде тұтастық принципін жария етіп, іске асыру арқылы біз тұрақсыздықтың аса қатерлі өткелдерінен абыроймен өте білдік.

Көптеген халықтар мен мемлекеттердің өткен жылдар ішінде нақ осынау себептен опық жегені белгілі. Дәл осы негізде тайталасты ушықтырудың талай сойқан түрлерінің де әлемде көрініс бергені аян. Сіздер мен біздерге бұл жақсы мәлім.

Біртұтас мемлекеттердің де ұлттық саясатты сан тұрғыдан топшылағаны белгілі. Бір мемлекеттер кірме жұрттарды тықсыру бағытын ұстанса, келесілері бұл мәселені тіпті көзге ілмеуге тырысты. Қақтығыстар есебінде мұндай елдер де аз емес. Біздің бағытымыз — табысар тұстарымызды табу, келісер мен сенісер кеңістігімізді кеңейту, ұлттық саясатымызды Қазақстанның ұлттық құрамын ескере келе

қалыптастыру. Бұл таңдауымыздың дұрыстығына уақыт куә.

Қазақстан дегеніміз — этностардың жаңа қауымдастығы емес, алуан ұлттар азаматтарының қауымдастығы. Халықтарымыздың қауышуы еліміздің этникалық төлтума табиғатын сақтауға негізделіп отыр.

Руханияттық біте қайнасу Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың мәдениетін байытып, көз алдымызда адамдардың жаңа тұрпатты әлеуметтік-мәдени қауымдастығын дүниеге әкелді.

Қазақстанда көп этносты қоғам тұрақтылығының жаңа қағидасы қалыптасты деп нық сеніммен айтуға болады. Бұл — барлық этностардың мүддесін үйлестіру нәтижесінде қол жеткен тұрақтылық.

Ал мұның өзі — мемлекетімізді демократиялық жолмен сенімді ілгерілетуді, қазақстандықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуді, экономиканың серпінді дамуын қамтамасыз ететін экономикалық, сондай-ақ саяси реформаларды жүргізудің қуатты тетігі.

Қазақстанда тоталитарлық жүйе қан қақсатпаған бірде-бір халық, бірде-бір ұлт жоқ. Сондықтан да біз халықтардың ұлттық түлеуі мен дамуы үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз. Біз үшін қазақстандықтардың ұлттық қана емес, сондай-ақ азаматтық таңдауы да аса маңызды.

Біз адамдардың өздерінің ұлттық мүддесін еркін іске асыруына, сонымен қатар олардың бойында, біртұтас Қазақстан жұртының санасында азаматтық ортақтастық, біртұтастық сезімінің орнығуына жағдай жасауымыз керек.

Біз ұлттық рухты сақтап қалудың қажетті шарты — сырттан жау іздемей, өзіміздің ұлттық табиғатымызды орнықтыру мен байыту деп білеміз.

Біз кірме ұлттардың өздерінің тарихи отанымен байланысын қалпына келтіріп қана қоймай, Қазақстанның сыртқы саясатын осыған үйлестіре құрамыз, сонда көрші

мемлекеттермен арадағы достық пен бауырластық қатынастар тұрақтылықтың тағы да бір тұтқасына айналады, еліміздегі ұлтаралық үйлесімге жәрдемдеседі.

Ең бастысы сол, осы жылдардың ішінде ұлттық мәселелерімізді тек өзіміздің ғана шеше алатынымызға көзіміз жеткен үстіне жете түсті. Жанжал туып кетсе, оны өзімізден басқа ешкім де тоқтата алмайды.

Мен осы бір алмағайып жылдары Қазақстанда тұратын жұрттардың ең бір беделді де белсенді өкілдері — сіздердің мені сөздеріңізбен де, істеріңізбен де қолдағандарыңыз үшін өздеріңізге ризамын. Біз мемлекеттің осы кездегі саясатын бірлесе жүргіздік.

Жаңа дәуірдің он ғасырын артта қалдырған адамзат іс жүзінде уақытты жаңаша санауға көшіп отыр, міне, нақ осы тарихи кезеңде жаңа тәуелсіз мемлекет орнатуды тағдыр біздің пешенемізге жазған екен, ал өткен тарихымызда объективті себептердің ығытымен еркін дамуымызға қажетті шарттар мен жағдайлардың болмағанын да білесіздер. Біздің мемлекеттігіміздің байырғы қазақ жерінде қаланып жатқанын ашықтан-ашық айтуымыз керек.

Қазақ халқы тоталитарлық жүйе құрсауының барлық ауыртпалығын басынан кешірді. Аштық пен қуғын-сүргіннен жаппай қырылғаны да, атамекенінде қазақтардың азшылыққа айналғаны да өздеріңізге аян. Қазақтардың ана тілінен, төл дәстүрі мен тарихынан айырылып қала жаздағаны да баршаныңызға мәлім. Мұндайды бастан кешірген біз ғана емес. Бүгін қазақ ұлты өз елінде көпшілікке айналып, тамырын қайта таба бастады. Барлық халықтардың осы табиғи ұмтылысты ұғынып, қолдағаны ләзім. Дегенмен, көп екенмін деп, қазақ халқы басқа ұлттар хақында өзі басынан кешірген әділетсіздікке баспауға тиіс, қайта елімізде тұратын барлық халықтар мен ұлттардың тыныштығы мен тең құқылығы үшін жауапкершіліктің басым бөлігін нақ қазақ халқы өзіне алуға тиіс дер едім.

Осындай бір-біріне деген құрмет, бір-біріне деген сенім арқылы туған Отанымыз, еліміз халықтарының ойдағыдай дамитыны анық.

Жаңа мыңжылдықтың қарсаңында біз баға жетпес байлыққа ие болдық. Бұл қазына — тәуелсіздік, дербес таңдау еркіндігі, ғаламның тағдырына емін-еркін қатысу мүмкіндігі. Біздің бәріміз де осы ұлы жетістіктерімізді бақиға озғандардың рухы алдында, келер ұрпақтың бақыты жолында қастерлеп сақтауға міндеттіміз.

Туындап жатқан жаңа оқшау проблемалардың өзі интернационалдық сипат ала бастаған, халықтардың арасындағы шекара шартты белгіге ғана айналған бүгінгі таңда біздің тек өз еліміздегі ағымдық ахуалмен ғана тұйықталып қалуға хақымыз жоқ.

Халықтар арасындағы шынайы достықты, өзара түсіністік пен ынтымақты өз жерімізде қалыптастыра отырып, біз келер ғасырда барлық халықтар мен мемлекеттер үшін соғыс пен қақтығысты білмейтін дүниенің, демократия мен өркендеуге ғана табынатын дүниенің ең жоғары басымдыққа айналуын мұрат тұтамыз.

Қазақстан — сіздер мен біздердің туған топырағымыз, ортақ Отанымыз, қасиетті мекеніміз. Мұны мен өзін өзгелерден оқшау қою үшін ғана өзінің де, өзгенің де тамырын қазбалауға ден қойғандардың қаперіне салғым келер еді.

Бүгін бәріміз де алды-артымызды айқындап алған сияқтымыз. Яғни өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келген барша жан үшін мемлекет әр ұлттың өзіміз іргесін көтерген интернационализмнің құндылықтарына қайшы келмейтіндей үйлесіммен түлеуіне барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Сонда бұл әр ұлттың әлеуеті мен үлесі айрықша қажет болатын, әрі жоғары бағаланатын нағыз жаңа интернационализм болады.

Біздің жерімізде тұрып жатқан барлық халықтардың көкірегіндегі асқақ арманы мен ақ тілеуіне жетуі үшін

осындай қолайлы сөт ешқашан болған емес. Олардың Қазақстанның болашағы кемел екеніне, өздерінің дарыны мен ортақ дамуға қосқан үлестері нақ Қазақстанда лайықты баға алатынына, сондықтан да елдің келешегі — өздерінің кемел келешегі екеніне әбден сенуіне болады.

Нақ осындай сана мен өздік сананы қалыптастыру арқылы ғана біз қазақстандық ортақ патриотизмнің берік іргетасын сомдап, шыңдайтын боламыз. Сондықтан да біз өзіміз таңдаған жолдан таймайтын боламыз.

Біздің, әйтеуір, өркендеуді көз етпек болып, көліктің алдына түсіп жүгіре жөнелмегеніміз де, бастан аяқ бәрін тез ырықтандырамыз деген желеумен желігуге жол бермегеніміз де мәлім. Абайламай жасалған әр қадам мен асығыстықтың қымбатқа түсерін, еліміздегі тыныштық пен тұрақтылықтың шырқын кетіретінін біз ешқашан естен шығармаймыз.

Біз еркіндік алған адамның белсенділігі мен ыждағаты тізгін бермес күшке айналмай, ұйымдасқан жасампаз қуатқа ұласуына қамқор бола білдік.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы онжылдығында біз үшін аса мәнді оқиғалардың бірі — Қазақстан халықтары Ассамблеясының дүниеге келуі. Нақ осы Ассамблея арқылы, барлық мәдени-ұлттық орталықтардың күш-жігерін біріктіру арқылы біз Қазақстанның барлық көп ұлтты халқымен сындарлы тіл табысуды қамтамасыз еткен, олардың мүддесін, арман-мұратын біліп, ескеріп отыруға мүмкіндік берген ұйым құруға қол жеткіздік.

Менің ойымша, бүгінгі таңда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы — ұйымдық құрылым ғана емес, ол — біздің өміріміздің ажырамас бір бөлігі, біздің тыныштығымыз бен бірлігіміздің белгісі десек асыра айтқандық емес.

Алуан сипатты демократияның сан тарау саяси тарихының беттерінен мұндай өнеге таппаған талай кертартпалар халықтың өз көкірегінен шыққан осынау бастаманы бай-

ызсыз әрі баянсыз санап, оны ұзаққа бармайдыға балағаны да жасырын емес.

Алайда, өмір дегеніміз — ережесі өзгермейтін ойын емес. Оның басқаның тәжірибесін қайталап жатуы да шарт емес. Өмір кез келген теориялық сызбалардан да, принциптерден де әлдеқайда бай.

Біз үшін ең бастысы — өзіміздің қайталанбас тарихи жолымызды жалғастыра беру, қоғамдық өзін-өзі ұйымдастырудың өзімізге ғана тән нысандарын дамыта беру.

Ассамблея қоғамның ілгерілеуіне қол жеткізуде маңызды да сындарлы рөл атқарып келді және әлі де атқара береді. Өткен жылдың өзінде тындырылған іс көп. “Қазақстандық Артекті” ұйымдастырған да Ассамблея. Биыл “Оқжетпес” балалар лагерінде 50 ұлттың 300-ден аса балалары жиналды. Олардың алған әсерін менің қолыма тиген көптеген балалар хаттарының біріндегі мынадай жолдар айқын аңғартып тұр. “Маған түрлі ұлттардың адамдарымен араласып тұру қатты ұнайды. Мұндай достық бар жерде, ХХІ ғасырға да мақтанышпен именбей енуге болады”, — бұл балалардың жазғаны.

Алматы қаласындағы Достық үйін Қазақстан халықтарының Ассамблеясына беру жайлы ұсыныс іске асты. Қазір ондағы жұмыс қыза түсті.

Біздің аса маңызды шаруаларымыздың бірі — “Қазақстан Республикасындағы этномәдени бірлестіктер туралы” Заңының жобасын әзірлеу. Бұл өте көкейкесті мәселе, өйткені ұлттық мүдделер мен әлеуметтік мұраттарды, олардың сипатын, барлық қазақстандықтардың парызы мен өзара жауапкершілігін жете парықтамайынша, көп ұлтты қоғамның оңтайлы мемлекеттік саяси нұсқасын орнықтыру мүмкін емес.

Ассамблея мен Ассамблея мүшелері еліміздің қоғамдық саяси өміріне, барлық деңгейдегі депутаттар сайлауына, адамдар арасында сенім ахуалын туғызу,

Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілін дамыту жолындағы жұмысқа белсене қатысып жүр.

Бүгін сіздердің Парламент арқылы өз мүдделеріңізді білдіруге нақты мүмкіндіктеріңіз бар. Сіздердің басшыларыңыз Павел Александрович Атрушқевич — Қазақстан халықтары Ассамблеясынан сайланған бірінші сенатор. Мен уәдемде тұрдым. Біз Қазақстан жоғары өкімет органдарының бөріңде ұлттық өкілдікті кеңейту саясатын одан әрі жалғастыра береміз.

Ассамблеяның барлық сындарлы істері мен бастамаларын тізіп жатпайын. Оны біздің бөріміз жақсы білеміз. Менің ойымша, мұндағы ең бастысы, Ассамблея біздің ортақ үйіміздің мықты шаңырағына, тұрақтылық, тыныштық пен ұлтаралық татулықтың негізіне айналып отыр. Бұл біздің ортақ келешегіміздің, Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық жаңғыру мен гүлденіп-көркеюге деген сенімі мен үмітінің шайқалмас шаңырағы.

Бұл өзі гүл төсеген оңай жол болады деген ойдан мен аулақпын. Өкінішіме қарай, естеріңізде ме, Ассамблеяның алғашқы сессиясында соғыс пен ұлтаралық қақтығысқа халық емес — жауапсыз саясаткерлер кінәлі, адамдар емес — әпербақандық, адамдардың ұлттық мүддесі емес — қылмысты және басқа сыбайлас топтардың мүддесі деген едім, сол сөзім шындыққа айналып отыр.

Бұған дейін шекарамыздың маңында мұндайлық мазасыз күй болған емес. Шешенстан, Дағыстан, Тәжікстан, Өзбекстан, енді міне, Қырғызстанның түстігі. Жуырда ғана біз соғыс, сойқандық пен терроризм осылайша Отанымыздың дәл іргесіне келеді-ау деп ойламаған едік.

Өкінішке қарай, ғаламдану дегеніміз өндіріс пен капиталдың интернационалдануы ғана емес екен. Халықаралық терроризм мен діни фундаментализм күллі әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіре бастады.

Кейбір экстремистердің қанқұйлы жоспарына біздің еліміздің енгізілуі де әбден мүмкін екенін біз білеміз.

Мұндай оқиғалардың орын алғаны да өздеріңізге мәлім. Әзірге ол “атың шықпаса жер өртенің” кебі шығар, алайда ертеңгі күні ортақ үйіміздегі бейбіт өмір мен тыныштықты бұзғысы келетін ұлтаралық алауыздыққа арандатушының шықпасына кім кепіл.

Сондықтан да қырағы болуымыз керек, сергектігімізді сақтауымыз керек, шара қолдануымыз керек, осы бағыттағы кез келген әрекетті қатаң тыйып тастап отыруымыз керек.

Мен қаскөйсымақтардың тіміскілігін үзілді-кесілді батыл айыптаған қазақстандықтардың, барлық қоғамдық саяси ұйымдардың ауызбірлігі мен ұстамдылығын жоғары бағалаймын.

Мен біздің жерімізге діни экстремизм мен фундаментализм ұрығын сеппек болған заңсыз діни ұйымдар мен шетелдік эмиссарлардың қызметін анықтау мен тыйып тастау жөніндегі жұмысқа қанағаттанып отырмын.

Біз барлық діни қауымдастықтардың теңдігін танимыз. Біз мұсылмандардың, христиандардың және басқа діндегі адамдардың көптеген ғибадатханаларын қайтарып бердік, бізде жаңадан ғибадатханалар тұрғызылып жатыр, барлық діндер тату-тәтті, қатар өмір сүріп жатыр. Бұл қауымдастықтар біздің жақындасуымызға, достығымызға жәрдемдеседі, дегенмен Конституциямызға сәйкес біз Қазақстанда саяси экстремистік сипаттағы қандай да бір діни ұйымның болуына жол бере алмаймыз.

Мен осы орайда діни қауымдастықтар бізге белсене көмектесуге тиіс деп ойлаймын.

Біз Қазақстанда мақсаты мен ниеті дүдәмөл күмәнді “туристердің” заңсыз болуы мен жеріміз арқылы өтуіне жол бермеу жөніндегі шараларымыздың арқасында көршілеріміздің тұрақтылығын сақтауға да жәрдемдесеміз. Жуырда заңымызда осындай барлық туристік ұйымдардың мемлекеттен рұқсат пен лицензия алу керек екені

бекітілді. Қазақстан өзінің аумағында кертартпалық ниеттегі қандай да бір заңсыз қоғамдық діни немесе кез келген басқа бірлестіктердің қызметіне ешқашан жол бермек емес.

Мен осы мінбеден Конституция бұзылған кезде ешқандай нұсқауды, ешқандай ақыл-кеңесті тоспай қатаң шаралар қолдану керек екенін өзіміздің барлық құқық қорғау органдарының есіне тағы да салғым келеді.

Қазақстандық интернационализм сан ғасырлардың өн бойында өзіміздің тарихи тағдырымызға ортақтас болған халықтармен тату көршілік қатынастар орнатудан көрініс береді.

Өйткені еліміздегі бейбіт өмір мен тыныштық, сайып келгенде, көрші мемлекеттердің дамуындағы саяси және әлеуметтік экономикалық ахуалға байланысты.

Қазақстан туысқан елдердің өзінің саяси жолын таңдауына әрқашан құрметпен қарайтын болады.

Осы оқиғаны пайдаланып, өз атымнан және сіздердің аттарыңыздан бауырлас Ресей халқына алдағы Парламент пен Президент сайлауын ойдағыдай өткізуге тілектестік білдіргім келеді. Өзбек халқын елдің Ұлы Мәжілісі — Парламентінің өткен сайлауымен құттықтап, ал алдағы Президент сайлауында Ислам Әбдіғаниұлы Кәрімовке табысқа жетуіне тілектестік білдіргім келеді.

Ол өз халқын әлемге танытып, елін өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарынан аман алып шығып, Өзбекстанның мемлекеттігін қалыптастыру жолында көп іс тындырды деп білемін. Өзбек халқының сайлауда оны қолдайтынына сенімім нық.

Қадірлі достар!

Біз бірлесіп, осы ауыр жылдарды абыроймен бастан кешірдік.

Біз бірлесіп, жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа, жаңа дәуірге қадам басқалы отырмыз.

Сонымен қатар бірлесіп, өткенде нені қалдыратынымызды, болашаққа немен баратынымызды анықтап алуға тиіспіз.

Жамандық атаулыны — өзара өкпе мен тайталасты өткен ғасырда, өткен мыңжылдықта қалдырайық.

Біз реніш пен өзара дау-дамайды да өткенге қалдырамыз. Бұл тарихи зердені жоғалтқандық емес. Бұл — болашаққа ұмтылу, өзіңді жаңа дәуірдің адамы сезіну. Өткендегі реніш пен ескі дауды қуысу жарқын болашақ үшін жақсы алғы шарт қаламасы анық.

Келешекте халықтарды бір-біріне телуге де, сіңістіріп жіберуге де, бір халықтың екінші халыққа қысым жасауына да, құнарлы топырағында ұзақ ғасырлар бойы ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлық өніп, өркен жайған ұлттық құндылықтар мен тілдерді құрметтемеуге де орын жоқ.

Біз өткендегі тарихи әділетсіздікке деген наلامызды да қалдырып, терезесі тең халықтардың күшін біріктіріп, өзіміздің ортақ Отанымыз — Қазақстан Республикасының лайықты болашағын сомдау үшін жұмылуға уағдаласамыз.

Көпшілігіміздің бойымызға өз күшімізге сенімсіздік сіңірген, бір-бірімізге сенбеушілік туғызған өткеннің барлық қасандықтарын, ұлттық соқыр сенім мен тар өрістілікті өткенде қалдырамыз. Келешекте ұлттық астамшылыққа да, ұлттық телушілікке де орын жоқ.

Біз ұлттық төлтумалықты және адамның жеке басының еркіндігін тұншықтырып келген тоталитарлық даму жолының қателіктері мен кемшіндерін де өткенде қалдырамыз.

Біз экономикалық тоқырау мен әлеуметтік бой-күйездікті, масылдық пен немқұрайдылықты өткенге қалдырамыз.

Біз болашаққа өзіміз күш-жігерімізді сарқа жұмсап, қолымызды жеткізген ұлтаралық татулығымыз бен бірлігімізді, отанымыздың ортақтығын сезіну мен қазақстандық патриотизм сезімін апарамыз.

Құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігі. Барлық ұлттардың елді басқаруға, оның тағдырын айқындауға қатысу құқығы.

Біз болашаққа саяси тұрақтылықты, әлеуметтік татулықты, жаңғыру саясатына деген ортақ ықыласымызды апарамыз.

Біз жүгенсіздіктің, реваншизмнің, экстремизм мен терроризмнің кез келген нысандарына төзімсіздігімізді сақтауға міндеттіміз.

Біз жаңа ғасырға Қазақстанның болашағы — өз балаларымыздың тағдыры үшін ортақ қамқоршылығымыз бен жауапкершілігімізді бірлесе аркалап қадам басамыз.

Біз болашаққа өзіміздің ұлттық төлғума қасиетімізді сақтап, басқа халықтармен бірге бір-бірімізді ұлттық-мәдени құндылықтарымызбен, жетістіктерімізбен өзара байыта отырып, қайталанбас бітімімізбен жалпы адамзат өркеннетінің біте қайнасқан бөлігіндей болып өнетін боламыз.

Біз болашаққа өзіміздің әлемге ашықтығымызды, Қазақстан мен қазақстандықтардың бейбітшіл табиғатын апарамыз.

Саяси және экономикалық тұрақтылықты, әлеуметтік татулық пен ұлтаралық келісімді, жүзеге асырылып жатқан жаңғырулар бағытына ықыласымызды, либералдық құндылықтарды, іскерлік пен алғырлығымызды, тандап алған жолымыздағы өз күшімізге деген сенімімізді апарамыз.

Балаларымызға деген махаббатымыз бен аға ұрпаққа деген құрметімізді, мейірбандығымыз бен әлеуметтік өзара көмекке өзірлігімізді, бабаларымыз, аталарымыз бен әкелеріміз жасап кеткен жақсылық атаулыны апарамыз.

Өзіміздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді, енді туындап келе жатқан, әрі бұларсыз қоғамымыздың бұдан былайғы ілгерілеуін қамтамасыз ету мүмкін болмайтын демократиялық құндылықтар мен бостандығымызды қорғауға деген нық байламымызды, ерік-жігеріміз бен күш-қуатымызды апарамыз.

Барлық азаматтарымыздың өмірі, тағдыры мен қауіпсіздігі үшін өзіміздің ортақ жауапкершілігімізді апарамыз.

.. Ең бастысы біз болашаққа өзіміздің ортақ Отанымыз — Қазақстан Республикасының болашағына деген мызғымас сенімімізді ала барамыз.

Өткенге тағзым етейік, болашаққа білек сыбана қадам басайық! Назарларыңызға рақмет.

ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ ДАМУЫ — ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының жетінші сессиясындағы баяндамасы

2000 жылғы 15 желтоқсан

Адамзат тарихындағы әр күннің өзіне тән бітімі бар. Ендеше, тұтас ғасыр туралы не деуге болады? Әсіресе, “ғасырым менің, қасқырым менің” деп текке аталмаған ғасыр туралы не айтар едік? Бұл сәуегейліктің Қазақстан топырағында толығымен көрініс бергенін мойындамасқа лаж жоқ.

Әкелген қайғысы да қуанышы да шексіз осы алапат ғасырдың арқауын біздің бабаларымыз бен әкелеріміз өздерінің қанымен өрді. Ұлттық тарихтың осынау бетбұрыс кезеңінде қазақ халқының үштен бірі ғайыпқа кетіп, біздің миллиондаған орыс, украин, неміс, корей, шешен, кавказдық отандастарымыздың тағдыры зорлық пен зомбылықтың төзіне түсті.

Алайда, өткен ғасырдың ғарышқа самғатқан небір жасампаздық істер мен жетістіктер ғасыры болғанын да ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан да ұлы жүзжылдықты тек қара бояумен әдіптеу де қисынсыз, орасан зор өзгерістердің мәні мен мазмұнын мұқату да қисынсыз. Тұтас халықтың үшінші мыңжылдықтың катпарлы тарихына өз шежіресін жазуына мүмкіндік берген көктің сыйы, әлдебір құдіреттің күші емес, оның тәуелсіздік жолындағы күресінің заңды жемісі, ақ тілеуінің өтеуі еді.

Ендеше, жиырмасыншы ғасырдың соңында, жиырма бірінші ғасырдың басында осы шаңырақтың астына жиналған еліміздегі барлық халықтар мен барша қауымдастықтардың өкілдері орнымыздан тұрып, бір минөтімізде өткен ғасырға салауат айтып, келер ғасырдан ізгі тілек тілеуге, діндарларымыз ішімізден Жаратқанға дұғамызды оқуға арнайық.

I. Азаматтық тұтастықтан мәдени ортақтастыққа қадам басайық

2000 жылдың ең айшықты оқиғасы — адамзат тарихында тұңғыш рет әлемнің барлық елдерінің басшыларының басын қосқан Нью-Йорктегі Мыңжылдық Жиыны қауіпсіздік пен ауқымды қатерлердің алдын алуға ғана емес, сонымен қатар мәдени, діни өркениеттік тақылеттестік мәселелеріне де арналды.

Соңдықтан да, Қазақстандағы Мәдениетті қолдау жылы жайында айтқанда, біздің жекелеген міндеттерге ғана тоқталып қоймай, қазіргі дүниеде өзінің мәдениетінсіз кез келген ұлт пен кез келген мемлекеттің “Ізім-ғайым жоқ болып кетуі мүмкін” екенін түсінуіміз қажет.

Егер осыдан он жыл бұрын біздің басты саяси міндетіміз азаматтық тұтастыққа, азаматтық тақылеттестікке жету болса, бүгінгі күні мұның өзі жеткіліксіз. 1990 жылдардың бас кезіндегі тіл туралы, қос азаматтық туралы, азаматтық өзіндік анықталу туралы аты шулы дау-дамайдың куәлері осы шаңырақтың астында отыр. Өмір біздің стратегиялық бағытымыздың дұрыстығын қуаттап берді. Қазір ел жұртының 99 пайызы дерлік, тіпті келешекте елімізден қоныс аудармақ болып жүргендер де, өздерін Қазақстанның азаматтары деп біледі.

Бұл біздің ортақ ұлы жеңісіміз, қамсыз келмесе де, қансыз келген жеңісіміз.

Ал мемлекет — ортақ аумақ пен азаматтық немесе ортақ экономика ғана емес, сонымен қатар халықтың ортақ мәдениеті деген сөз.

Мемлекетімізді нығайту міндеті көбінесе барша халықты, қоғамды ортақ низамдар мен құндылықтар төңірегіне топтастырумен астасып жатыр. Өзінің ұлттық тағдырынды айқындаудың еркіндігі мен бостандығы сайып келгенде мәдени құндылықтар мен низамдардың ортақ болып қана қоймай, әркімнің еркін дамуына мүмкіндік беретіндей болуын талап етеді.

* * *

Мен Қазақстанның мемлекеттік құрылысының іргесіне мәдени тақылеттестікті ұлтының негізінде емес, азаматтығының негізінде қалыптастыру принципі қаланғанын бұдан бұрын да айтқан едім.

Міне, нақ осы жағдаят бізді берекесіздік пен бетжыртысудан сақтады, міне, нақ осы принцип жаңа, жиырма бірінші ғасыр мемлекеттік құрылыстың, ұлттық мәдениеттер ықпалдастығының аса бір күрделі де нәзік саласында алдымызға қойып отырған талаптарға барынша сай келеді.

Бүгінгі таңда бұл принципке неғұрлым нақтылы мазмұн-мағына беруіміз қажет.

Осы онжылдықтың басында біз Қазақстан аумағын мекен етіп жатқан барлық жұрттардың рухани төлтума мәдениетін түлетуге бағыт алдық. Сөйтіп, Қазақстандағы мәдениеттердің қоғамдасуы нақтылы шындыққа айналды. Келесі кезең — біртұтас мәдени ортақтастықты қалыптастыру, мұның кейбір сарыуайымшылдар ойлайтындай, бір мәдениетті екіншісінің сіңіріп алуы, төл бейнесін жоғалтуы сияқты құбылысқа ешбір жанасымы жоқ.

Алайда, бұл ретте осы біртұтас мәдени ортақтастықты қалай құру, қандай негіздерде құру керек деген мәселе бой көрсетеді. Әлбетте мұның дайын уәспісі жоқ және болмайды да, дегенмен мұндай құрылыс үшін берік объективті негіздер бар. Әңгіме төрт негіз туралы болып отыр.

Біріншіден, Қазақстанның және тұтас Еуразияның аумағында жұрттардың қатар өмір сүруінің ежелгі берік мәдени дәстүрі бар. Бүгінгі таңда бұл дәстүр әр түрлі бояма алыпсатарлықтан арылып, мүлде басқа қалыпта көрініс береді. Бізде ірі-ірі мәдени дәстүрлер үндесуінің тарих сынына өткен тамаша үлгісі бар.

Осы заманғы дүниеде сырттай аңызға айналдырудан бастап, діни радикализмге дейін, ұлттық тарихты әлемдік оқиғалардың кіндігіне айналдырмақ болатын балаң әуейіліктен бастап, мәңгүрттікке дейін өзінің мәдени тауашанды қапылып іздеудің ешқандай қажеттігі жоқ. Ақиқат мәнісі, тегінде, осы екі аралықта жатыр. Тек мәдени тосқауылдар қоюды тежеп, дәстүрлі мәдени араласушылық әлеуетін молықтыра беру керек.

Біз мәдениеттердің үндесуіне дәйім ашықпыз. Соңғы он жылдың оябында Қазақстанның бірегей аралық ерекшеліктері жайлы көп айтылып жүр. Мұны Ұлы Жібек жолының дәуірінде біздің бабаларымыз ескеріп отырған. Осы Жолдың мархабаттылық сабақтарын біздің естен шығармағанымыз абзал. Біздің мәдениетіміз төлтума аймақтық құбылыс қана емес, ол ұлан-ғайыр Шығыс-Батыс мәдениет көпірінің құрамдас қуатты бөлігі.

Сондықтан да мен еуразиялық ықпалдастық идеясын жүзеге асыруға күш салдым. Бұл еңбегім биыл Еуразия экономикалық қоғамдастығын құрудан өз дәйегіне жетіп отыр.

Мұның өзі бізге мәдени саясатта белгілі бір таңдау жасау қажеттігін ұсынады.

Қазақ мәдениеті, ең алдымен, халықтың барлық қиындықтарды еңсеріп, осы заманғы дүниеде дербес мәдени құбылыс ретінде сақталып қалуына мүмкіндік берген ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлердің жиынтығы.

Халықтың жанын, тілі мен дәстүрлерін сақтап қалудан маңызды міндет, сірә, болмаса керек.

Әсіресе, соңғы жүздеген жылдардың ішінде тарих талқысы аяусыз қатыгездікпен езгілеп, жаныштаған халықтың мәдениеті хақында солай болса керек. Қазақ мәдениеті объективтік тұрғыдан күллі Қазақстан халқының мәдени ортақтастығын бойына сіңіріп әкетпейтің, қайта төңірегіне топтастыратын ұйытқы болуға тиіс.

Біз орасан зор ислам өркениеті құрлығының бір бөлігіміз. Мұны өсте естен шығаруға болмайды. Біздің бұл бағыттағы өсіп келе жатқан мәдени ықпалдастығымыз объективтік заңдылық. Біздің бабаларымыздың сан буыны осы таза тұмадан имандылықты бойына сіңірген, осы таусылмас кәусар қайнардан рухани сусын тапқан.

Біз, сонымен қатар, тарихы ортақ, жаны мен қаны туыс, тілі мен ділі тұтас ұлан-ғайыр түркі әлемінің де бір бөлігіміз.

Ал түрлі әлемнің келер ғасырдың ең бір серпінді саяси және мәдени сілемі екені де ешқандай дау туғызбаса керек. Біздің күшіміздің, біздің рухымыздың бір қайнары да, міне, осында жатыр.

Орталық Азияның, біздің көршілеріміздің, негізінен өзіміз жаңа ғасырға бірге қадам басатын түркі халықтары екенінің де маңызы ерекше.

Біздің отандастарымыздың едәуір бөлігі орыс мәдениетімен етене байланысып жатыр, жалпы алғанда қазақстандықтар орыс тілі мен орыс мәдениетін тұтас әлемдік мәдениеттің аса маңызды құрамының бірі деп біледі. Мұнда ешқандай асыра айтушылық жоқ. Бұл жайында әрі турасын, әрі бүкпесіз шындықты айту керек. Әйтпесе, бүгінгі таңда қай халық болсын, егер оның санасын саясатшысымақтар уламаған болса, орыс мәдениетінің мұрасы сияқты бай мәдени мұрадан өз еркімен бас тартар еді?

Бұл мәселе хақындағы өз тұғырымды мен әрқашан ашық мәлімдеп келдім, ол — ол ма, Ресей басшылығына орыс тілін қолдау жөніндегі халықаралық қор құру жайында ұсыныс та жасаған едім.

Дегенмен, мәдениеттің төрт тегершігін қиямет-қайымға айналдырмас үшін оны іске асыру бағытында тынбай жұмыс істеу қажет. Осы орайда Қазақстан халықтарының Ассамблеясына жүктелетін жауапкершілік аса зор. Бұл тұста түркі бірлігін нығайтам деп, иә болмаса, діни бұра тартушылыққа салынып немесе осыдан он жыл бұрын тарихтың өзі мансұқ еткен мәдени ахуалды көксеріп, көрпені өз жағына тарту қаупіне жол бермеу аса қат.

Біз осы заманғы Қазақстанның мәдени ахуалының күрделілігін айқын бағамдауға, дегенмен одан қаймықпауға, қайта жақындасу мен жанасу нүктелерін іздестіріп табуға тиістіміз.

Тарих пен дәстүр бізге мұндай мүмкіндік беріп те отыр. Қазақстан астанасындағы әлемдегі Лев Гумилев атындағы бірден-бір университет тегіннен-тегін Еуразиялық аталып отырған жоқ.

Бұл бүгінгі сұраныстың қарызы емес, бұл тарих пен болашаққа деген ізет. Бізде мәдениеттердің бірін-бірі толықтыратын ұлы дәстүрлерінің негізінде мәдени тұтастық орнататын мүмкіндік бар.

* * *

Екіншіден, біздің Қазақстанның жағдайында мәдениеттердің үндесуі, сонымен бірге діндердің үндесуі деген сөз. Біз мұны ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Алайда, мұнда үлкен кереғарлық жатыр, адамзат тарихында діни наным үшін шахит болған адамдар алапат әлемдік соғыстарда опат болған адамдардан бір кем емес. Дегенмен, Еуразияның біз жақ бөлігі ұзақ уақыттың өн бойында мұсылман мен христиан қауымдастықтарының қақтығыссыз қатар өмір сүруінің жақсы айғағы. Әрі мұның өзі екі ұлы әлемдік діндер тайталасы мәдениеттің қақ жарылған орасан зор сілемдерге бөлінуі жағдайында болып отыр.

Осы жылдардың ішінде діндердің бейбіт үндесуі тұрғысында жинақтаған тәжірибеміз — Қазақстанда мәдени

құндылықтар мен низамдардың біртұтас жүйесін қалыптастырудың берік негізі.

Біздің осы мәселеге қатысты бірқатар маңызды тақырыптарды байыпты талқылап алғанмыз жөн. Нақ осы арада, Қазақстан халықтарының Ассамблеясында талқылап алуымыз керек, өйткені оның баршамызға қатысы бар, өйткені нақ осында біздің барлық халықтарымыз өкілдік танытып отыр.

* * *

Үшіншіден, егер жабық қоғам қалпында қалған жағдайда мәдени ортақтастықтың ешқандай болашағы болмас еді.

Қазақстанның мәдени өрісін ұдайы нәрлендіріп отырмайынша, біртұтас етіп қалыптастыру мүмкін болмас еді. Жиырма бірінші ғасыр біздің алдымызға қоятын талаптарға біз өз қоғамымыздың жаңа әлеуметтік және мәдени технологияларды бойына сіңіруге деген өзіндік қарсы қоя білуіміз керек.

Күмәншілдер осы заманның ашықтығына қанша налығанымен, мұның өзі, негізінен алғанда, үлкен игілік.

Жиырма бірінші ғасырдың мәдени низамдарын, білімді игеру қалыптары мен ақпараттық дағдыларын, өзінің ана тіліне қоса міндетті түрде бір, екі немесе үш, кейде тіпті төрт тілді меңгерген Қазақстан жастары бейнелейді. Бұл әлемдік мәдени кеңістікке еркін бойлаған жастар, болашақ та солардікі. Қазірдің өзінде жарты мыңнан аса қазақстандықтар, қазақтар мен орыстар, корейлер мен ұйғырлар, татарлар мен украиндер “Болашақ” бағдарламасы ғана бойынша әлемнің айтулы жоғары оқу орындарында білім алды. Осы бағдарламаның сыртында мыңдаған жастардың түрлі гранттар арқылы, жеке меншік қорлар мен өз қаражаттарының есебінен әлемнің таңдаулы университеттері мен колледждерінде оқып қайтқанын еске салу да артық емес.

Мәселе сырт жерлерде оқып жатқандарға ғана тіреліп тұрған жоқ. Еліміздегі білім беру жүйесінің өзі де сапалық

жағынан қайта құрылды. Студенттер ауқымын жасақтаудың жаңа үлгісі енгізілді. Биыл еліміздегі 20-дан аса ұлттардың өкілдері 12437 білім гранты мен 9854 кредит алды.

Біз мектептерді компьютерлендіруді іс жүзінде аяқтадық. Біз білім беруді мәдениетті дамытудың әлібі деп білеміз.

Ал білімділер таяу уақыттың ішінде Қазақстандағы мәдени ортақтастықты қалыптастырудың маңызды тұтқасына айналуға тиіс жаңа тұрпатты адамдар. Ал мәдениет дегеніміз кәсіби өнер ғана емес, ол, ең алдымен, әр келер ұрпақ өзімен бірге әкелетін низамдар мен құндылықтар жүйесі. Бізде қазір еліміз тарихының өн бойындағы ең білімді де білікті ұрпақ өсіп жетіліп келеді. Сірә, мәдениетіміздің дамуына жұмсалған осыдан келелі кепілдік бар ма екен?

* * *

Төртіншіден, Қазақстан халықтарының мәдени ортақтастығы демократиялық негізде ғана, әрі мәдениеттер мен халықтар арасында жатсынбаушылық болған жағдайда ғана мүмкін екенін айтқан ләзім.

Демократиялық емес қоғамдарда ұлттық мәселені шешу тәсілдері тарихтан ғана емес, осы заманғы үрдістерден де мөлім.

Соңғы он жылдың ішінде ұлтаралық қақтығыстарда бірнеше миллион адамдардың опат болғанын естеріңізге сала кетейін. Негізінен алғанда, бұлар — демократиялық емес қоғамдардағы этносаралық жанжалдардың құрбандары.

Сонымен, бір мезгілде дамыған демократиялық елдерде оқшаулыққа бейімдіктің болуына қарамастан, соғыстар болған емес. Сондықтан да біз демократияландыру мәселесіне ұлтаралық және мәдени қатынастар тұрғысынан да қарауымыз керек.

Осы өзара байланысқа екі түрлі көзқарас бар. Бұл ретте көптеген адамдар демократияландырудың бірталай ТМД елдерінде толып жатқан құрбандықтарға ұшыратқанын тілге тиек етіп, біздің жуырдағы тарихымызды еске салуға әуес.

Бір карағанға мұның шындыққа сәйкес көрінуі де ықтимал, дегенмен “кейінгі дегеннің өзі салдары дегенді” әсте білдірмейді. Мұның өзі бір адамның өлімі дүниежүзілік соғыстың себебі болды деумен барабар. Демократияландырудың ұлттық араздықтың ескі дерттерін қаузағаны рас. Иә, қаузауын қаузады, бірақ қоздатқан жоқ, тек дауасын табуды ұсынды.

Бір халықтың келесі бір халықтарға деген реніші мен наласының ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы қордаланып келгені де жасырын емес.

Бәз біреулердің пікірінше, барлық ұлттық дерттердің дауасы демократияландыруда жатқан сияқты, демократиялық қоғам орнаса жетіп жатыр, ешқандай ұлтаралық жанжалдар болмайтын секілді. Өкінішке қарай, бұл да қателік.

Линкольн айтқандай, “еркіндікті қой өзінше, қасқыр өзінше түсінеді”.

Өйткені, Еуропаның кейбір демократиялық елдерінде ұлтшылдардың миллиондаған дауысқа ие болып отырғаны да ешкімге құпия емес, сол сияқты сан ғасырлық демократиялық дәстүрлері бар елдерде адуын радикализмнің дамушы елдерден келіп жатқан ұлттық азшылыққа қарсы азуын билей бастағаны да құпия емес, сондай-ақ мақтаулы демократиялық елдерде аймақтық ұлтшылдық пен сепаратизмнің бар екені де ешкімге құпия емес.

Сондықтан да, бір жағынан демократияландыру ұлттық мәселелерді ушықтырады деп санау да, екінші жағынан бұл мәселелерді ол өзінен-өзі шешіп береді деп санау да қате.

Ендеше, бұл күрделі мәселенің жауабын белгілі бір мәдени және тарихи жағдайды нақтылы бір елдегі мемлекеттік құрылыстың нақтылы іс-тәжірибесі ғана бере алады. Ал Қазақстан жағдайында біздің өзімізге өзіміз қайтаратын жауабымыз барлық сауалдың шешуі болады деуге келмес, дегенмен оның уақыт сынынан өткен тетіктер мен екшеулі пайымға негізделетіні анық.

Бұл жауаптың тұжырымы мынадай: “Демократияландыру дегеніміз Қазақстандағы ұлтаралық татулықтың шарты, әлбетте кепілдігі емес, тек шарт қана”.

Демократияны “халықтың халықты халық үшін басқару” принципі ретінде ғана пайымдау таза күйінде еш жерде жүзеге асқан емес, әсіресе мұның өзі түрлі топтардың мүддесі тайталасқа түскен қазіргі жағдайда неғайбыл.

Вольтер: “Еркіндіктің мәнісі тек заңдарға ғана тәуелді болуда жатыр” деген екен. Біздің қоғамымыз адамдар заң бойынша өмір сүруді үйренген кезде ғана, біздің сот жүйеміз кім де болсын өз проблемаларының әділетті шешімін мемлекет басшылығынан, өкімдерден және басқалардан іздемейтіндей дәрежеге көтерілген кезде ғана шын мәнінде еркін бола алады.

Осы заманғы демократияның адам құқығына, ерік-ниетті еркін білдіру мен саяси және ұлттық азшылықтың мүддесін қорғауға қатысты ірге қалаушы принципі ұлттық қатынастарды үйлестірудің бірден-бір дәйекті тәсілі болып табылады. Бұған балама жоқ. Дәлірек айтсақ, мұның басқадай бейбіт баламасы жоқ.

Мәселенің түйіні осы нәзіралық тұжырымдарды іске асыруға саяды. Нақ Қазақстанның істегі тәжірибесі біздің ұлтаралық қатынастар мен мәдениет аралық үндесуге деген көзқарасымыздың ең сенімді көрсеткіші болып табылады.

Бірінші. Заңнама саласындағы қызметімізді алайық. Біз Қазақстанның егемендігі жекелеген ұлттардың емес, күллі халықтың тұтастығы мен бірлігіне негізделетіні жөніндегі принципті конституциялық тұрғыда бекіттік. Мұның өзі ұлтына қарамастан, барлық азаматтардың құқылары мен бостандығын қамтамасыз етеді. Қазақстанда кімнің болсын, ұлттық құқығына қысым жасайды деп бағалауға болатын бірде-бір заң жоқ. Ал жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бәріне бірдей осындай көзқарас тән деп айтуға болмайды.

Екінші. Елдегі тіл саясатын алайық. Бұл саладағы сандар баршаға мәлім, сондықтан оларды қайталап жатпайық.

Бір ғана жайтты айтайын, кеңестен кейінгі кеңістікте тек Қазақстанда ғана ресми түрде де, тұрмыс саласында да екі тіл бірдей қатар өмір сүріп жатыр. Бұл салықалы заңнама-

ның ғана жемісі емес, сондай-ақ заңды сындарлы да салмақты қолдана білудің нәтижесі.

Үшінші. Ұлтаралық қатынастар мәдениетті тұрғысынан алғанда, Қазақстандағы ақпараттық орта адамды қорлап, шамына тиетін таптауын қағидалардан таза. Сол үшін де ұлтаралық мәселелерге келгенде әрдайым әдептен аспайтын өзіміздің бұқаралық ақпарат құралдарына, реті келгенде, мың да бір алғыс айтқан орынды. 130 ұлттың және 40 қауымдас-тық пен конгрегацияның өкілдері тұрып жатқан елде басқа-ша болуы мүмкін емес.

Төртінші. Қазақстандағы мәдениет саласы — мемлекеттің сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де барлық ұлттық мәдениеттердің төлтумалығын түлету мен дамыту арқылы біздің мемлекетіміздің сан жұрттық бірегей келбетін сақтап қалуға деген ыстық ықыласының тамаша айғағы. Бұл — ұлттық театрлар мен мектептер, ұлттық фольклор мен діни түлеу мүмкіндігі.

Бесінші. Мемлекеттік басқару жүйесін, ең алдымен, кадрларды іріктеу жүйесін демократияландыруды алайық. Егер бұрынырақта бізге белгілі бір ұлттың кадрларын қолдаудың жасырын тетіктері бар дейтін мін тағылып келсе, ендеше біз бүгін ТМД-да тұңғыш рет мемлекеттік қызметке кадрларды конкурс негізінде іріктеудің объективтік жүйесін жасап отырмыз. Қазірдің өзінде қатаң бәсекелі конкурстық негізде 9 мыңнан аса адам қызметке қабылданды, жоғары оқу орындарына компьютерлік сынақтан өткен жастардың ғана студент бола алатыны да сіздерге белгілі, ал оның “өзірге” адамдардың ұлтын ажырата алмай-тыны да өздеріңізге жақсы мәлім.

Сайып келгенде, мұның бәрі де барлық ұлттық топтардың көңіл-хошы үшін өте мәнді факторлар.

Алтыншы. Осы айтылған тұжырымдардың бәрінің материалдық қолдауды қажетсінгені де аян. Мәселен, 2000 жылы ұлттық мәдениеттерді дамыту үшін мемлекеттік бюджеттен 9 миллиард 100 миллион теңгеден аса қаржы бөлінді, демеушілік және меценаттық қаражаттан тартылған

сома да 4 миллиард 800 миллион теңгеден асып жығылады. Білсеңіздер айтыңыздаршы, ТМД-ның басқа қай мемлекеті биыл мәдениетке он төрт миллиард теңгеге тең келетін қаржы бөлген екен? Мәселенің ұшығы бірегей санаткерлік театрлар немесе консерваториялар сияқты объектілерге де тіреліп қалған жоқ. Біз бір жылдың ішінде бір мыңға жуық кітапханалар мен клубтар ашып, жұмыс істеп тұрған екі жарым мыңдай мәдениет мекемелерін жөндеуден өткіздік.

Ұлтаралық қатынастар мен ұлттық мәдениеттер ықпалдас-тығының қандай да бір үлгісі хақында дауыс қарлыққанша дауласып, нақ сол сәтте бір орында тұралап тұра беруге болатыны да аян. Алайда, біз сөзбен шектеліп қалмай, іс тындырып та жатырмыз. Демек, мәдениет дегеніміз сөз ғана емес, сонымен бірге нақтылы іс екен.

Сайып келгенде, Қазақстанда этностық шығайлар тұрғысында нәзира ғана емес, іс жүзінде “Өзімнің ұлттық “Менімді” және өзіме азаматтық берген ел хақында патриотизмді сақтау” қағидасы түзілген екен. Мен бұл жайында осыдан бұрын өзімнің “Тарих толқынында” кітабымда да баяндаған едім. Бұл қағиданың келер ғасырда да сақталып қалатынына сенімдімін. Біздің мемлекеттік құрылысымыздың іс тәжірибесінде мұның өзі 90-жылдардың басында ұлттық-мәдени орталықтар, ал кейіннен Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құрудан айқын көрініс берді.

Бүгінгі сессиямыздың бір ерекшелігі оның біздің Ассамблеямыздың құрылғанына 5 жыл толған уақытта өтіп отырғанында.

Бүгін өткенімізді ой елегінен өткізе отырып, біз осынау жаңа қоғамдық институт дүниеге келген 1995 жылғы наурызды еске алмай тұра алмаймыз. Ассамблеяға күдік келтірген қаншама күмәншілдердің болғанын еске түсіріңіздерші. Дегенмен, өткен жылдар сонда қабылданған шешімнің дұрыстығын қуаттап берді.

Ассамблея арқылы біздің қолымызға ұлттық саясатты жүзеге асырудың қуатты құралы берілгенін, азаматтық

қоғамның іргелі институты шаңырақ көтергенін өмірдің өзі көрсетіп берді. Ассамблеяның қызметі халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ сияқты ұйымның жоғары бағасын алып, кеңінен танылды.

Бүгінгі таңда 25 республикалық және аймақтық, 185 облыстық және қалалық ұлттық мәдени орталықтар түрлі ұлттар адамдарының мүддесін білдіріп, өкімет орындары мен жұрттар арасындағы сындарлы үндесуді қамтамасыз етеді, сол арқылы біздің ортақ ұлттық шаңырағымызды нығайтуға жәрдемдеседі.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Мәдениетті қолдау жылы жүзеге асырылған іс-шаралары оның жұмысының жалпы мәдени және жалпы ұлттық сипат ала бастағанына айғақ.

Қазақстан халықтары достығының 1-інші фестивалін, Қазақстан халықтары тілдерінің Екінші фестивалін, “Оқжетпес” лагерінде “Қазақстан халықтары балалар Ассамблеясының” екінші маусымын өткізу ұлттық орталықтардың біртұтас мәдени кеңістіктегі жұмысын қалыптастыратын мәдени мәні үлкен оқиғаларға айналды.

Ассамблеяның дүниеге келген сәтінде оның басықасында болған, оның нығаюына жеке үлес қосқан, оның сапында бүгінгі күні де жұмыс істеп жатқан барша жандарға шын жүректен ақ алғысымды арнаймын.

II. Қазақстан халықтары Ассамблеясының осы заманғы жағдайдағы рөлі туралы

Бейнелі мәні бар сөттердің өзіндік бір ерекшелігі бар, адамдар сонымен өзінің келешекке деген ең бір жарқын үміттерін байланыстырады. Жаңа жыл, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық енді жарты айдан кейін табалдырық аттайды. Әлбетте, біздің әрқайсысымыз болашақ алдында жауаптымыз. Ал Қазақстан халықтарының Ассамблеясына жүктелетін жауапкершіліктің жөні мүлдем бөлек.

Біз, әсіресе, еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөнінде жиі айтамыз. Тегінде бұл сіңісті болып кеткен сөздер, дегенмен оны басымыздан өткеріп отырған сәттің ерекшеліктеріне сай келетін мазмұнмен ұдайы толықтырып отыру қажет.

Бүгінгі таңда бірінші кезекке төрт басты міндет қойылып отыр.

* * *

Келесі 2001 жыл — біздің тәуелсіздігімізге он жыл толатын жыл. Әлбетте, мемлекет өмірінің алғашқы он жыл іс жүзінде оның келешегін айқындайтын, оның тарихи желбуаздыққа ұрынар-ұрынбасын немесе тарихи үдерістің нағыз қатысушысына айналар-айналмасын айқындайтын жылдар. Біз бүгін егемен Қазақстанды өзінің айқын даму стратегиясы бар, әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің анық көрініп тұрған көкжиегі бар нағыз өміршең мемлекет деп нық сеніммен айта аламыз. Экономикамыздан бастап мәдениетімізге дейінгі кез келген саланы алыңыз, бізбен бірдей жағдайда бастаған ТМД-ның түрлі елдеріндегі объективтік жағдаймен салыстырып көріңіз. Сонда қиындықтар мен күрделіліктерге қарамастан біздің өсу серпініміздің барынша сындарлы сипатта екеніне көзіңіз айқын жетеді.

Осы жылдардың ішінде біз Қазақстанның ел болмайтыны, ұлттық белгісі жөнінен күйрейтіні жайында қаншама “сәуегейліктерді” естідік. Біресе қазақтардың, біресе орыстардың мүдделерін қорғаған қаншама жалған патриоттарды көзімізбен көрдік. Солардың бірде-біріне халықтардың мүддесі қажет емес екеніне енді көз жеткізіп отырмыз.

Олардың көксегені өздерінің іске аспай қалған мақсатын күйттеу екен.

Осы он жылдың ауыртпалығын бүгін осы шаңырақтың астында отырған қазақстандықтардың ұрпағы арқалап шықты. Алдағы уақытта жүгіміз жеңілдей түсер деген үміттемін. Демек, Қазақстан халықтары Ассамблеясының басты міндеті — біздің тәуелсіздігіміздің мерейлі мерекелі жылы адамдар санасындағы терең бетбұрыс жылы болуына қол жеткізу.

Иә, проблемалар көп, көп ретте бізді әділ сынға салып та жатады. Дегенмен, тарихтың қас қағым сәтінде мемлекет іске асырған орасан зор жұмысты көзге ілмеу де қиянат.

Қазақстан патриотизмі сезімін тәрбиелеу халқында ашықтан ашық айтатын да, осы бағытта жұмыс істейтін де сәт туды. “Бейбітшілік пен достықтың он жылы” — келесі жылдың ұраны, міне, осы болуға тиіс.

Өзіміз 90 жылдығын атағалы отырған Б. Момышұлы айтқан: “Отан үшін отқа түс — күймейсің”, “Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмыла қызмет ет”, “Ана тілін білмеген — ана сүтін татпаған” деген сөздер жадымызда жаңғырсын. Нағыз отансүйгіштік арқауы осы сөздерде жатқан жоқ па!

Нақ біздің Ассамблеямыз өзінің мүмкіндіктері мен барлық ұлттық топтармен тіке қатынастары арқылы алдағы жылды лепірме сөздер мен жаппай мерекеге айналдырып жібермей, осы ширыққан жылдардың ішінде жүргізілген нақты жұмыстың мәнісі мен ауқымын түсіндіру жөніндегі күнбе-күнгі жүйелі жұмыс жылына айналдырса, нұр үстіне нұр.

Ассамблеяның 2001 жылғы іс-қимылының айқын бағдарламасы болуға тиіс. Оны біздің таяу күндері талқылап алғанымыз жөн. Бұл міндетті іске асыру үшін Ассамблеяның өзіне не қажет екенін айқын анықтап алу да қажет.

* * *

Екіншіден, Ассамблея ұлтаралық қатынастарды сессияландырып жібермеуде шешуші рөл атқаруға тиіс.

Біз соңғы бір жарым жылдың ішінде Оджаланға үкім шығаруға байланысты мәселені саясиландыруға, Шығыс Қазақстандағы ашықтан-ашық экстремистердің әрекетін ұлт-азаттық күресі ретінде көрсетуге, Алматыдағы қылмысты топты қолға түсіруді тұтас бір халыққа айып тағуға айналдыруға тырысқан пиғылдың куәсі болдық.

Біздің ортақ үйіміздегі тұрақтылықты қорғау қажет екеніне өздеріңіз де келісесіздер. Баршамыздың тыныштығымыз үшін қажет кезінде өзіме берілген конституциялық өкілеттіктерді пайдаланып, керек кезінде билікті пайдалануым үшін де халық мені Президент етіп сайлап отыр емес пе!

Біз ұлттық орталықтардың басшыларына ұстамды мінез танытқаны, осы оқиғаларға саяси байсалды баға бергені үшін ризалығымызды білдіреміз.

Алайда, турасын айту керек, Қазақстан халықтары Ассамблеясының өзі де мұндай мәселелерде неғұрлым белсенді әрі қатаң болуға тиіс. Ассамблеяның негізгі міндетінің өзі де оқиғаларға кезекші ретінде қарап қалмай, ұлтаралық қатынастардың саяси проблемаға айналып кетпеуі үшін, алдын алу шаралары мен ұсыныстар жүйесін жасап алу саясатын есте ұстаған дұрыс.

Ұлттық мәселелердің тоталитарлық қоғамдарда ғана үзілді-кесілді түп тамырымен “шешілетінін” талай мәрте қайталауыма тура келіп отыр. Әрі шешілгенде де жеке мемлекеттердің ғана емес, тұтас құрлықтардың астанкестенін шығарып шешіліп жүргені мәлім. Біздің ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлардың барын да естен шығармауымыз керек. Кейбір проблемалардың тамыры жаңжал туған жерден мыңдаған километр қашықта жататынын да ұмытпағанымыз жөн. Саясаттағы алаңсыздық әдетте ақымақшылыққа барабар.

Сондықтан да Ассамблея тарапынан еліміздегі ұлттық қатынастардың дамуының барлық проблемалық үрдістеріне уақтылы байсалды баға беріліп отыруға тиіс.

Бізде ел Президентінің жанында арнаулы стратегиялық зерттеулер институты бар.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Кеңесімен бірлесіп, ұлтаралық қатынастардағы ахуалдың үздік-создық емес, нақтылы жүйелі мониторингін жасау қамына кірісу керек, әрі небір өткір мәселелерді бұқпантайламай, ашықтан-ашық бұқпесіз қоюымыз керек. Ұлтаралық қатынастар кәсіби ғылымдық тұрғыдан саралауды талап етеді.

Әңгімеміз мереке қарсаңында өтіп отырғанына қарамастан, бәріміз де жұмыс бабындамыз. Әлбетте бәріміз де “неғұрлым аз білсек, күмән-күдігіміз де солғұрлым аз” деген пікірге қосыламыз. Сондықтан да ешкімнің бойында өкпе мен күдік қалмас үшін Ассамблеяның қолында ұлтаралық қатынастардың ағымдағы және келешектегі проблемалары хақында барынша толымды ақпарат болуға тиіс.

Дегенмен, мәселенің ұшығы жалғыз ғана хабардар болуға да тіреліп тұрған жоқ.

Мәселе бұл ретте Қазақстан халықтары Ассамблеясы тұғырының принципіне саяды. Егер біз ұлттық мәдени орталық басшыларының бәз біреуі ашықтан-ашық келеңсіз пиғылда екеніне көз жеткізетін болсақ, онда Ассамблеяның міндеті үгіттеу мен бастан сипап қоюға ғана саймаса керек. Ассамблеяның міндеті мұндай мінез көрсетуге айқын саяси баға беруде жатыр.

Ассамблеяның Кеңесінде ізерлеп талқылайтын тақырып көптен бері пісіп жетілді деген ойдамын. Ассамблеяның іс-қимылының 2-3 жылға арналған орта мерзімді жоспары болуға тиіс, онда ұлтаралық қатынастарды саясиландырудың алдын алу мен сақтандыру мәселелері жөніндегі саяси, ақпараттық, зерттеушілік іс-шаралар атап көрсетілуге тиіс. Осындай тұрғыда өзірленгеннен кейін оны ел Үкіметі қарап, тиісті шаралар қабылдауы керек.

Үшіншіден, Ассамблеяның өзінің мәртебесін көтеру керек. Біз азаматтық қоғам туралы, үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын рөлін арттыру жайында жиі ауызға алып жүрміз. Ұлттық мәдени орталықтар мен Ассамблея мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы үндесуде шешуші рөл орындауы керек. Бұл үшін жекелеген шешімдер қабылдау қажет.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы хақында арнаулы заң қабылдап, Ассамблея қызметінің айқын құқықтық негізін қалау керек.

Бұған дейін көтеріліп келген бір мәселені шешіп алу қажет. Әңгіме еліміздің аса маңызды заң жобаларын Үкіметтің қатысуымен Ассамблеяның сессияларында талқылау жайында болып отыр.

Ассамблеяның еліміздегі түрлі ұлттық топтардың мүдделерін ескеретін ұсыныстары атқарушы өкімет үшін әрі пайдалы, әрі қажет.

Патриотизм туралы, ортақтастық сезімі жайында әңгіме қозғалған кезде сол патриотизмнің өзін де, мәдени ортақтастықты да нақтылы адамдардың туындататыны ескеріле бермейді. Ең алдымен, бұл сезім өзіміз жұрттардың көш иесі санайтын адамдардан арна тартады. Ендеше біз “Тамаша адамдар өмірінің” қазақстандық дестесін шығаруды неге қолға алмаймыз, сөйтіп тәуелсіздігіміздің он жылдығына сабақтастырып, 2001 жылдың өзінде ұлтаралық татулыққа айтулы үлес қосқан адамдардың, әлбетте біздің барлық ұлттық мәдени орталықтар басшыларының деректі өмірбаянын жарияласақ, нұр үстіне нұр емес пе? Сонда, жеке ұлттық топ қана емес, бүкіл қазақстандықтар кімнің күш-жігерімен біздің бірлігіміздің орнап жатқанын білетін болады.

Ақпараттық кеңістікте игерілмей жатқан бос алаңдар баршылық.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Интернетте өзінің сайты болуға тиіс. Әр жылдың 1 мамыры, әсіресе 2001 жылдың 1 мамыры Қазақстан халықтарының бірлігіне арналған телемарафон күніне айналуы керек.

Сөз жоқ, Ассамблеяның өз ішіндегі сайланбалылық тетіктері туралы мәселені де ойластырғанмыз жөн.

Әлбетте, тұтас бір ұсыныстардың шоғыры Ассамблеяның Кеңесінде де қаралып жүр. Әйткенмен беталысымызды осы ұйымның мәртебесін нығайта түсу жағына қарай бағытталған дұрыс.

* * *

Төртіншіден, Қазақстан мұхиттағы арал емес, әлемнің ең бір күрделі аймағының кіндігінде жатқан ел.

Діни экстремизм мен халықаралық терроризмнің аймаққа төндіріп отырған қатерінің күшейе түскені айқын біліне бастады.

Әлемдік руханияттың асқар шыңдарының бірі — ислам дінін ешкімнің де ғайбаттауына жол берілмейді. Кімнің де болса, Қазақстанды және қазақстандықтарды діни соғыстар лаңына тартпақ болған әрекеттерінен ештеңе де өнбейді.

Біздің дінді экстремизмнен айқын ажыратып алуымыз, адамдардың өзінің түпкі нанымына ұмтылған табиғи ниетін халықаралық терроризмнен үзілді-кесілді бөліп алып қарауымыз керек. Бұл міндеттің маңызы террористерге қарсы күрестің күш қолданылатын тәсілдерінен бір де кем емес.

Тегінде діни фундаментализм терминінің өзі исламнан емес, протестанттықтан енгенін мамандар ғана білетін болуы керек. Сондықтан да, көрбілте көкірекпен жөн-жосықсыз исламды кінәлаудың орнына қарапайым сөздер мен ұғымдардың басын ашып алайық. Ендеше экстремизм мен фундаментализмді шатыстырмайық, қасиетті Құранның

қағидаларын қатаң ұстанудың не саяси, не діни экстремизмге үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын парықтап алайық.

Әлбетте, өзінің жат пиғылына жету үшін ашықтан-ашық күш қолдану мен діни уағыздарды пайдаланатын заңсыз қарулы құрамдар төбе көрсеткен жерлерде түйінді проблемалар туындайтыны белгілі.

Дінге ешқандай қатысы жоқ күш қолдану дауды шешудің басты құралына айналған тұста ғана экстремизм жайында өңгіме қозғаудың жөні мүлде басқа.

Яғни әлемдік ислам діні мен өздерін мұсылманбыз деп жүрген экстремистердің әрекеттерінің ара жігін айқын ажыратып алған пайдалы. Егер біз мұны анық пайымдап ала алмасак, онда қоғамымызды ислам үрейінің жайлап алуы мүмкін, ал бұған ешқашан да жол беруге болмайды, онда мұның өзі халқының басым көпшілігі болмысынан мұсылман болып табылатын елді қорлағанымыз болып шығады. Бұған жол бермеудің екінші бір себебі де бар, өйткені біздің еліміздегі дін әлемі мәдени үндесудің маңызды шарты әрі қажетті, әрі салмақты шарты.

Үстіміздегі жылдың қазанында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, осы тақырыпқа халықаралық конференция өткізгенін мен білемін.

Бұл, сөз жоқ, осы проблемаға қоғамдық, соның ішінде халықаралық пікірді тартатын маңызды шара. Дегенмен, тек ғылыми нәзіралық шаралар өткізумен шектеліп қалуға болмайды. Іске көшетін уақыт жетті. Сондықтан да, осы бағыттағы біздің ең әуелгі міндетіміз — барлық жұрттар өкілдерінің арасында түсінік жұмыстарын тынбай жүргізе беру.

Діни экстремизмнің ықтимал таралуына қарсы қимыл жасау Ассамблея қызметінің басты бағыттарының біріне айналуы керек.

Ассамблеяның діннің біздің қоғамымыздың әлеуметтік саяси өміріндегі рөлі мен орны туралы түсінік жұмысын ұйымдастыруға қабілеті әбден жетеді деп білемін. Бұл

жұмысты үкіметтік емес бірлестіктермен, ғылыми орталықтармен, ғалымдармен бірлесе жүргізген дұрыс.

Менің пікірімше, біздің бәріміздің Ассамблея жанынан дін басыларының кеңесін ұйымдастыру мәселесін ойластыруымыздың артықтығы жоқ.

Оның басты нысанасы діндарлардың бойында заңға құрметпен қарау сезімін тәрбилеу, діни қауымдастықтар арасындағы үндесу мен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі жұмысты күшейту, татулық пен келісімге қол жеткізуге, қоғамдағы азаматтық бітімшілікті нығайтуға белсене қатысу болуы керек.

Бұл арада мен бүгінгі таңда өзіміз қауіпсіздігімізге сырттан төнетін бірталай қатердің барын сезініп отырған кезеңде, біздің қоғамымыздағы мәдени сан алуандық қандай сипаттағы болсын діни немесе идеологиялық экстремизм мен радикализм кейпіндегі бірегейлендірмек пиғылдарға қарсы қуатты тосқауыл бола алады.

* * *

Біздің жаңа ғасырға жарты ай ғана қалған уақытта бейбіт аспан астында кездесіп отыруымыздың терең мәні мен нышаны бар. Біздің жолдарымызда мина жарылып, оқ атылып жатқан жоқ, біздің қалаларымызда ондаған мың босқындар жоқ.

Экономикамыз бабында деуге әбден болады, келер жылға деген үмітіміз де зор. Мәдениет пен білім мәселелерін талқылап отыруымыздың өзі мемлекетіміздің беталысының жақсылығына айғақ. Қазақстан тарихына 2000 жыл әлемдегі аса ірі мұнай көздерінің ашылған жылы ретінде енгелі отыр, яғни мұның өзі халқымыздың кемел келешегі бар екенін көрсетсе керек.

Ертең егемен Қазақстан өз тәуелсіздігінің 9 жылдығын атап өтеді. Осындай күндері еріксіз өткенді, бастан кешкенді

еске аласың. Дегенмен, ертеңіміз туралы көбірек ойланайықшы.

Өйткені, болашақтың іргесі бүгін, белгілі бір дәрежеде осында отырған өзіміздің ақыл-ойымызбен, қайрат-жігерімізбен қаланады. Өткен ғасырдағы итальян саясатшысы Кавурдың сөздерін өзімізге бейімдеп айтып, “Біз Қазақстанды сомдадық, енді қазақстандықтарды сомдайықшы!” дегім келеді.

Бұл біздің еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің іргесіне айналатын мәдени қауымдастық болса, қандай абзал.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ОН ЖЫЛЫ: БЕЙБІТШІЛІК, ПРОГРЕСС ЖӘНЕ КЕЛІСІМ

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының сегізінші сессиясындағы баяндамасы**

2001 жылғы 24 қазан

Құрметті достар!

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!

Құрметті меймандар!

Біз биыл еліміз Тәуелсіздігінің он жылдығын атап өткелі отырмыз. Біздердің осындай салтанатты сәтке дамудың тосын да тың сұрлеуіне түсуімізге қарамай, кездескен кедергілерге, қиындықтарға кідірмей жетуімізде Қазақстан халықтары Ассамблеясының атқарған рөлі орасан зор.

Өздеріңіз ойланып көріңіздерші. “Қызыл империя” ыдырағаннан соң кейбір сәуегей саясатшысымақтардың болжауынша, Қазақстан түрлі сілкіністерге ұшырауы тиіс еді.

Кейбір республикалардың қантөгіске дейін ұласқан қақтығыстарға барғаны да белгілі. Олардың бәрін бүгін қайталап естеріңізге салып жатудың қажеті жоқ, бәрі де өздеріңізге мөлім.

Бақытымызға орай, біз мұндай тауқыметті сәттерді бақытымыздан кешіргеміз жоқ. Елімізде тұрақтылықты, тыныштықты, халықтарымыздың бірлігін сақтай білдік. Алғашқы жылдардың ауыртпалықтарына қарамастан, еліміздің демократиялық бағыттағы экономикалық-әлеуметтік дамуын қамтамасыз ете білдік.

Сондықтан да біз халықтарды топтастыратын, біріктіретін күштерді таба білдік. Біз ешқашан ұлтына,

нәсіліне, діни сеніміне қарай халықтарды алаламадық, еркін дамуға жол ашатын ашық саясат жүргіздік. Мұның бәрін де біз өзіміздің Негізгі Заңымыз — Конституциямызда баянды еттік.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы осындай сындарлы саясат жүргізуіміздегі негізгі тетіктердің бірі болды.

Сол себепті біз Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті VIII сессиясын өзіміздің ортақ мерейлі мерекеміз — тәуелсіздігіміздің бастауы болған, Мемлекеттік егемендігіміз туралы Декларация қабылданған күн — Республика Күні қарсаңында өткізуді ұйғардық.

Осыған байланысты мен дәл бүгінгі күні қоғамымызды толғандырып отырған, еліміздің бейбіт демократиялық жолмен ілгері дамуының бағыттарын бекемдейтін маңызды мәселелер жайындағы ойларымды ортаға салмақпын.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар мен қонақтар! Онжылдық меже еліміздің дамуында маңызды орын алады, ол біздің жүргізген реформаларды ой елегінен өткізіп, алғашқы нәтижелерді шығаруға мүмкіндік береді. Олардың ең бастысы — біз экономикалық құлдыраудан, ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан шыға білдік, өтпелі экономиканың “ауыр табалдырығынан” аттап өттік.

Осы жылдардағы барлық күш-жігердің арқасында елімізде экономикалық өсу басталды. Егер 2000 жылы ішкі өнімнің жалпы көлемі 9,8 пайыз құраған болса, осы жылдың тоғыз айы ішінде өнеркәсіптің өсуі 13 пайызға жетті. Сыртқы сауда айналымы 18 пайызға жуық өсті. Негізгі капиталға келетін инвестициялар сегіз ай ішінде 26 пайызға артты.

Бүгінгі күні мындаған адамдардың өз бизнесі, өз ісі бар. Мындаған кәсіпорындар жұмыс істей бастады, адамдар өндіріске оралып, жұмыссыздық қысқарды, еңбекақы едәуір өсті. Экономикалық өсу қарқынының жоғарылығы бізге әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін, қауіпсіздігіміздің стратегиялық міндеттерін шешуге мүмкіндік жасауда. Мұнда бірінші кезекте адамдардың әл-ауқатының жақсаруына баса көңіл бөлінуде.

2000 жылдан бастап біз ең төменгі зейнетақыны көтеруге бағыт алдық. 2002 жылы ол 1999 жылдың деңгейімен салыстырғанда 45 пайызға өседі. 1994 жылға дейін тағайындалған зейнетақылар 1000 теңгеден астамға өсетін болады.

Биылғы жылдың өзінде мемлекет 1995 жылдан жинақталып қалған берешектің негізгі бөлігін халыққа қайтарады: олар — Семей полигонынан зардап шеккендер, жұмыссыздық және өзге де төлемдер бойынша, барлығы бірнеше миллиард теңгені құрайды.

Келер жылы бюджеттік мекеме қызметкерлерінің — дәрігерлер, мұғалімдер және өзге де қызметкерлердің еңбекақысы орта есеппен 25 пайызға өседі.

Біз соңғы жылдары мемлекеттің, жұмыс берушінің және жұмыскердің өзінін қатысуымен жинақтаушы зейнетақы қорын құрдық. Осы тектес жүйе келесі жылы денсаулық сақтау саласында енгізілетін болады. Сондықтан болашақ зейнеткерлер өздерінің зейнетақыларын жинақтай отырып, бүгінгі зейнеткерлер кездесіп отырған проблемаларды ұшырастырмайтын болады.

Экономикалық өсудің нәтижесінде мемлекеттің сақтандыру салымдары жүйесін енгізуге және банктік жинақтардың кепілдіктерін күшейтуге қол жетуге.

Біз білім беруді, оның ішінде бірінші кезекте бастауыш және орта білімді тұрақты қолдап келеміз.

Биылғы жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып барлығы 8 мыңнан астам мектепті, оның 6 мыңы ауыл мектебі, компьютерлендіруді аяқтады. Мектептерді қалпына келтіру және жөндеу басталды. Жаңа құрылыстар салу жүргізілуде. Тек қана биылғы жылы 92 жаңа мектеп іске қосылып, мектептердің 80 пайызы жөндеуден өтті.

Жоғары білім жүйесі бойынша 24 мың білім беру гранттары қаржыландырылды. Бұл өткен жылдан едәуір көп. Яғни, осы 24 мың бала мемлекеттің есебінен жоғары білім алатын болады. Біз бұған он жыл жүргізген реформалардың арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Қарулы күштерді, шекарашыларды және біздің қауіпсіздігіміздің өзге де маңызды құрылымдарын қаржыландыру кемінде екі есеге өсті.

Жинақталып қалған берешектерді өтеу, қоныс аудару мен инфрақұрылымды нығайту проблемалары шешіле бастады.

Биылғы жылы Армия соңғы жылдардан бері тұңғыш рет жаңа қару-жарақтар мен әскери техникалар сатып алуға кіріседі. Біз әскери қызметшілердің әлеуметтік мәселелерін де шеше бастадық. Биылғы жылы әскерилердің лауазымдық жалақылары 30 және одан да жоғары пайыздарға өсті, олардың көбі тұрғын үй алды.

Сіздер мен біздердің басымыздан өткерген дағдарыстар бізді прагматик болуға және барынша сақтыққа үйретті. Біз енді жалақы мен зейнетақының дер кезінде төленбей қалуына жол бермеуіміз керек. Осы мақсатта Ұлттық қор құрылды. Оған қиналған сәтте көмек ететін едәуір ақша жинақталып отыр.

Мемлекеттік даму банкіні құра отырып, біз шикізат ақшаларын қайта өңдеу өнеркәсібінің дамуына бағытталған әртараптандыру саясатын іске асыра бастадық. Онда жылдың аяғына дейін екінші дәрежелі банктер қаржыландыра алмайтын ұзақ мерзімді әлеуметтік жобаларды іске асыруға жұмсалатын 150 миллионға жуық доллар шоғырландыратын болады.

Халықаралық сараптаушылар мен қаржы институттарының бағалауынша Қазақстан ТМД елдері арасында әлеуметтік-экономикалық деңгейі және реформаларды жүргізу жөнінде топ бастаса, бір тұрғынға шет ел инвестицияларын тартуда Қазақстан Шығыс Еуропаның көптеген елдерін басып озған.

Ұстанған стратегиялық бағыт біздің мемлекетіміздің экономикалық бостандық пен саяси таңдау бостандығын нақты мазмұндармен өрнектеуге мүмкіндік берді.

Мен мемлекеттің тәуелсіздігі мен реформаның табысты болуы ең алдымен ұлтаралық келісім, саясатының, қоғам

мен мемлекеттің табанды және мақсатты жұмыстарының нәтижелері екенін ерекше атап өткім келеді.

Сондықтан да мен Тәуелсіздіктің 10 жылдығы құрметіне арнайы тағайындалған медальдармен Қазақстан халықтары Ассамблеясының барлық мүшелерін марапаттау жөнінде шешім қабылдадым. Сіздер алғашқылардың қатарында марапатталып отырсыздар. Бұл — ұлтаралық және рухани келісім біздің негізгі стратегиялық ресурсымыз, қоғамымыз бен мемлекетіміздің алға жылжуының негізгі фактісі екенін мойындау деген сөз.

Міне, неліктен мен бүгін біздің ұлтаралық саясатымыздың негізгі қортындыларына арнайы тоқталмақшымын. Оның үстіне, Қазақстанның азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім жөніндегі тәжірибесі әлемдік қауымдастықта бағалы деп танылып отыр.

Біздің ұлтаралық келісім саясатындағы негізгі қорытындыларымыз қандай? Тәуелсіздіктің табылдырығын аттар кезде, ТМД-ның өзге де елдері сияқты, Қазақстанда да ұлтаралық қиындықтардың туындауының мүмкіндігі жоғары еді.

КСРО ыдыраған соң бізге мұрагерлікке қалған “халықтар достығының” көбесі сөгіле бастады. Оны сіздер барлықтарыңыз да өте жақсы көріп-біліп отырдыңыздар. Тоталитарлық режимнің қысымға алуы әлсірей салысымен кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте барлық республикаларда ұлттық проблемалар туралы барынша ашық, әрі жан-жақты айтыла бастады. Солай бола тұрса да біз өз елімізде ірі қақтығысқа жол бермедік. Өйткені біз этникааралық келісімді мемлекеттік саясаттың басым бағыты деп айқындадық.

Бүгін біз сіздермен бірлесе отырып өткен жұмыстың кейбір дау тудырмайтын қорытындыларын шығаруымызға болады.

Бірінші түйін. Олардың этникалық және діни көзқарастарына қарамай барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық

база әзірледік. Осы принциптер мемлекеттің этникааралық саясатының негізін құрады.

Біздің заңдарда әлемдік тәжірибелер ескеріледі. Ол қазіргі іргелі демократиялық принциптер — адамның құқы, ерік-жігер бостандығы және топтың мүдделерін қорғаудан тұрады.

Біздің мемлекеттің құрылымына барлық азаматтардың азаматтық және саяси қауымдастығы негізделген.

120-дан астам этностан тұратын Қазақстан сияқты мемлекетте барлық этностық топтардың теңдігін қамтамасыз етудің ең сенімді жолы осы таңдау болып табылады.

Екінші қорытынды: халықтар Ассамблеясының арқасында ұлттық саясат пен ұлтаралық мәселені іске асырудың қажеті, әрі тиімді тетігі жасалып отыр. Бұл азаматтық қоғамның толыққанды институты 300-ден астам республикалық, аймақтық, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктердің басын біріктіріп отыр. Егер естеріңізде болса Ассамблея енді ғана құрылған 1995 жылдың өзінде біздің елімізде 120-ға тарта ұлттық-мәдени орталық бар болатын. Аталған цифрларға қарап, этностардың жан-жақты өсіп отырғанын, сол өсуде Ассамблеяның зор үлесі бар екенін білеміз. Бүгінде біздің тәжірибемізді кейбір көрші елдер өздеріне қабылдап алуда.

Үшінші қорытынды. Біз түрлі мәдениеттердің өзара пікірталасын тезге келтіре отырып, Қазақстанды жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтайтын елге айналдырдық. Қазақ халқының мәдениетінің жанаруы қол жеткен табыстарымыздың өзегі болуда.

Рухани тұтастық біздің отандастарымыздың азаматтық және саяси бірлігін толықтыра түсіп, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, қауымдастықты ХХІ ғасырда топтастыра түсудің алтын дінгегіне айналып отыр.

Қазақстан халықтарының Бірлігі күні болып жарияланған ұлттық мереке — 1 мамыр сол ынтымақтастық пен достықтың символына айналуда.

Бұрынғы абстрактілі “пролетарлық халықаралық интернационализмге” Булгаковтың “... бір мезгілде трамвайдың жолын сыпырып және қайдағы бір испандық кезбелердің тағдырын ойластырғандай” деп айтқанындай, одан өзгешелігі мен айтып өткендей біз ортақ үйіміз — Қазақстан Республикасында шынайы достықты қамтамасыз етуге күш біріктірудеміз.

Біз — қазақстандықтар және әрбіріміз жалпы ортақ үйдің бір-бір бөлшегіміз. Біз ортақ үйімізді жайластырып, Қазақстанды қуатты және гүлденген мемлекет дәрежесіне жеткізу жолында мақсатымыз бен ерік-жігерімізді біріктіреміз.

Төртінші. Біз жан-жақты өлшеп-шешілген тіл саясатын жүргізуге қол жеткіздік.

Қазақстан бұл проблеманы кеңестік дәуірден кейінгі аумақта дау-жанжалсыз және қоғамдық сілкініс тудырмай шешкен аздаған елдің бірі. Сіздер бұрынғы Кеңестер Одағы кеңістігінде олардың болғанын білесіздер. Қазіргі кезде еліміздің азаматтары арасында, әсіресе, жастардың арасында, мемлекеттік тілді игерудің табиғи процесі жүріп жатыр.

Тілді күштеп оқытып жатқан ешкім жоқ. Мемлекеттік тілдің қажеттілігіне қарай өз еріктерімен оқып-білуде. Тіл білуге деген талпыныс жылдан жылға өсе беретініне мен сенемін.

Екінші жағынан, біз ұлттық-мәдени бірлестіктердің жанынан жексенбілік мектептер мен курстар аштық. Олар Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін, керек десеңіз өте сирек кездесетін ассирилердің тілін де қамтып отыр.

Республиканың барлық аймақтарында Қазақстан халықтары тілдерінің фестивалін өткізу жылдағы дәстүрге айналды. Біз бүгінгі күні Қазақстанның лингвистикалық байлығы жалпықазақстандық мәдениетті байытып, көпұлтты халықтардың бірлігін нығайтудың маңызды факторы болып отырғанын мақтанышпен айта аламыз.

Бесінші қорытынды. Сіздермен бірлесе отырып еліміздің рухани қайта жаңғыруын және ең маңызды ұлтаралық келісім

мен шыдамдылықты қамтамасыз ете білдік. Ар-ождан бостандығына кепілдік беретін заңдық база қалыптастырылды. Қазақстанда 46 конфессиялар мен діни ағымдарды құрайтын бірлестіктер бар.

Мен қазіргі қазақстандық ұрпақтардың тарихи мұра ретінде қалған рухани салаға деген шыдамдылықтары болашақта азаматтық және конфессияаралық бейбітшілікті сақтаудың жақсы негізі болады деп сенемін.

Бір сөзбен айтқанда, біздің көпұлтты болуымыз кемшілік емес, қоғамның басым мүмкіндігі екенін іс жүзінде көрсете білдік. Папа Иоан Павел II-нің біздің елімізге келуі және оның біздің қоғамның дамуына берген жоғары бағасы біздің мәдениеттер арасындағы және конфессияаралық саладағы ұстанып отырған бағытымыздың дұрыстығының жарқын дәлелі.

Енді соңғы және ең басты мәселеге тоқталайын. Біз тәуелсіздік жылдары көпшіліктің санасына бетбұрыс жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық қоғамның сана әлеміндегі бағыттарды күйретуге және жаңа демократиялық құндылықтарды, жаңа саяси және құқықтық мәдениеттерді әзірлеуге байланысты ақыл-ойдағы зор революция негізінен болып өтті. Қазақстандық қоғам либералдық құндылықтарды өздеріне дұрыс көрді және демократия мен нарықтың баламасы жоқ екенін мойындады. Біздің адамдар қайта жаңғырту процесіне белсене кірісті, өздері біз жүргізіп жатқан реформалардың қозғаушы күші болуда. Алайда біздің саясаттың оң қорытындылары бәрімізді де бей-жай қалдырмауы керек.

Көз алдымызда өзгеріп жатқан әлем жаңа қауіп-қатер әкелуде. Бұрын бар проблемалардың астарын ашып, оларға жаңаша бейін, бағыт беруде. Біз әлемдік қауымдастықтың бір мүшесіміз. Әлемде болып жатқан оқиғалардың бәрі де бізді айналып өтпейді.

Біз үшін де жаңа сынақ сәті келе жатыр. Мен мыналарды айтқым келеді.

Бүгінгі таңда біздің аймақта қиын жағдай қалыптасып отыр. Ол ең алдымен Ауғанстанға байланысты.

Кейінгі кезде:

— аймақта біртіндеп әскери-саяси тұрақсыздықтарға ұласатын қақтығыстар ушыға түсу;

— ұрыс қимылдары жүріп жатқан жерлерден жаппай босқындардың ауып кетуі нәтижесіндегі гуманитарлық апаттар;

— трансұлттық қылмыстың, есірткі тасымалдау, заңсыз қару сатудың қаупі өршіп тұр.

Қазір Ауғанстанда болып жатқан оқиғалар — сол елде жиырма жыл бойы жүріп жатқан азамат соғысының салдары. Бұл соғыс ауған халқын халықаралық терроризмнің құрбанына айналдырды.

Халықаралық террористік ұйымдар өздерінің тірек базаларын әлеуметтік-саяси жағдайы қолайлы жерлерде орналастыратынын көріп, байқамау мүмкін емес. Мұндай бейберекеттік пен ретсіздік жағдайлар Ауғанстанда бар.

Билікті қолына алған клерикалдар өзінің халқына қарсы діни террор жасап, ішкі жанжалмен жан-жаққа тартып жатқан Ауғанстандағы жағдай халықаралық террористер мен олардың сүйеушілеріне ауған халқын осы күнгі жағдайларға араластырмау үшін мүмкіндік те жасалған болатын.

Халықаралық терроршылардың басшылары осы азиялық елдің халқының қорғансыздығын, ең алдымен соғыс қимылдарынан шаршаған ауғандықтарды пайдаланып отыр. Мұндай жағдайда ауған халқын халықаралық терроршылардан айырып алудың маңызы зор.

Біздің бүгінгі жағдайымызды қоя тұрып, әлі де алыста қала қоймаған тарихымызға көңіл аударып көрейікші. Біздің халқымыз өзінің бұрынғы кеңестік халқымен бірге большевиктер билікті қолға алған кезде мемлекеттік

терроризмді басынан өткізген. Большевиктердің режимінің террорлық әрекеттерінен айна-қатесіз куәсіндей болған құжаттар күні бүгін сақталған.

Москвада көп жылдардан бері кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия жұмыс істеп келеді. Комиссия анықтап, көпшілікке ұсынған кейбір құжаттардан үзінділерді, бүгін сіздерге жеткізгім келіп отыр.

1918 жылдың 18 қыркүйегінде Григорий Зиновьев: “Біз Ресейдің 100 миллион халқының 90 миллионын өз жағымызға, Кеңес өкіметінің қол астынан шығарып алуымыз керек. Қалғандарына келетін болсақ, біздің оларға айтар сөзіміз жоқ, олардың бәрінің көзі жойылуы тиіс” деп жазады. 10 миллион адамның көзін жоя салулары әбден мүмкін екен.

1919 жылы 24 қаңтарда коммунистік партияның ОК жер-жерге: “бай қазақтарға жаппай террор жүргізіліп, олардың бәрін қыру керек”, — деген мазмұнда жеделхат жолдайды.

Қазақтар қоныстанған өлкеде жаппай көмпескелеу жүргізіліп, қазақ шаруаларының түгін қалдырмай, бір сабақ жібіне дейін тартып алады. Мыңдаған қазақтар атылады.

Лениннің ұсынысы бойынша 1923 жылдың ақпанында жарияланған ОГПУ-дың құпия циркулярында көзі жойылатын адамдардың аты-жөндері келтіріледі:

1) Революцияға дейінгі саяси партиялардың бұрынғы мүшелері;

2) монархтық одақтар мен ұйымдардың барлық бұрынғы мүшелері;

3) тәуелсіз жер өңдеушілер одақтарының барлық бұрынғы мүшелері;

4) ескі ақсүйектер мен дворяндықтың барлық өкілдері;

5) жастар ұйымдарының барлық бұрынғы мүшелері және т.б.

Мұны еркін саяси қызметке риза болмай жүрген, жаңа бой көрсеткен большевиктердің назарында ұстасын деп айтамыз.

1918 жылдан бастап дінге қарсы террор басталды. Жан түршіктіретін құжаттар бар. Сол құжаттар шіркеу қызметшілерін, монахтар мен монах әйелдердің айуандықпен жазаланғанын айғақтайды.

Тек 1918 жылдың өзінде ғана 3 мың шіркеу қызметшісі атылды.

Осы жыл бірінші рет 1 мамыр “еңбекшілердің мерекесі” болып жарияланды және барлығы демонстрацияға қатысуға міндетті болды. Бірақ бұл күн аптаның сәрсенбісіне дәл келіп, дінге сенушілер бұл шеруге қатыса алмады. Соған жауап ретінде барлық иерархияларда тұтқындау мен ату басталды.

1923 жылы 19 наурызда Ленин Саяси бюроға жазған хатында “Бағалы заттарды, әсіресе, монастырлар мен шіркеулердің бай лаврларын алу аяусыз баса-көктей, ешкімнің алдында тоқтамай және қысқа мерзімде жүргізілуі керек. Реакциялық дін өкілдерін барынша көбірек атсақ, соғұрлым жақсы”, — деп жазған.

Барлық соборлар, шіркеулер мен мешіттер тоналды, тартып алынған құндылықтар 2,5 миллиард алтын сомды құраған, ал көпшілік алынған сома одан үш есе көп болған дейді. Бұл қаражаттарды аштықты бастан өткеріп жатқан халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеміз деген сылтаумен жинаған, ал шетелден бар болғаны 1 миллион алтын сомға ғана астық сатып алынған.

“Правда” газеті 1918 жылы 31 тамызда Дзержинскийдің “Жұмысшы табының” әнұраны — бұдан былай жек көру және кек алу әні болады”, — деген бағдарламалық сөздерін жариялады. “Жек көру”, “кек алу”, “халық жауы” — бұл большевиктердің төртіп орнату үшін халыққа ұсынған бағдарламалары. Бұл ұрандар бүгінгі терроршылардың ұрандарына да ұқсай ма?

“Дін — халық үшін апиын”, “отбасы буржуазиялық қоғамның сарқыншағы”, “отбасында балалар тәрбиелеу

теріс” деп ұрандатты. Сонда туған әкесін сатқан Павлик Морозовтарды тәрбиелеу жақсы болғаны ма? Міне, біз осындай мұраларға ие болдық және оны ешқашан ұмытуға қақымыз жоқ. Өзінше шаралар деп аталған бұл істер 37-ші жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін мен халықтардың қоныс аударуын айтпағанның өзінде, Қазақстанда да қолданылды. Мұндай “большевизм” мен идеяның өзі Қазақстанға қайтып келмес үшін барлық күшімізбен қарсы күресетін боламыз.

Біз осы жайлардың бәрін біле отырып, терроризм оның қандайда бір түрінде болмасын жолы кесілуі керек деп ойлаймыз. Біз сондықтан да терроризмге қарсы күресіп жатқан халықаралық коалицияны қолдаймыз.

Большевиктердің “қызыл қырғыны” коммунистер, күреске толы атеистік идеялар үшін жасалды. Ал бүгін біз терроризмнің екінші бір түрі, діни ұрандарды жалаулатқан терактпен бетпе-бет келіп отырмыз.

Қазіргі жағдайда ислам дінін терроризмнен бөліп қараудың маңызы зор.

Терроршылар қандай ұранды жалаулатса да, исламның оның негізгі мұраттары — күш қолдануға қарсылық, әділетті болу, шыдамдылық пен тең құқықты сақтау сияқты ізгіліктермен ешқандай ортақ мүддесі жоқ. Исламның “терроршыларға қарсы” күшті ұстанулары бар.

Құран хадистерінің бірінде “Бір адамды өлтірудің өзі барлық адамзатты өлтірумен тең саналады”, — деп келтірілген. Енді бірінде Мұхаммед пайғамбардың “зорлық-зомбылық бар жерде ислам жоқ”, — деген сөздері келтіріледі. Сондықтан да ислам туымен экстремизмді қорғаштау шын мәнінде дінге қарсы іс-әрекет деп саналады.

Терроризмді бір дінмен немесе бір халықпен байланыстырып қоюға болмайды. Өйткені, мұндай көзқарас бүкіл әлемде қырғи-қабақ ушықтыруға әкеліп соғады. Халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы бағыт ұстанған кезде осы ойлардың үдесінен шығуымыз керек.

Жағдай күрделеніп тұрған кезде елімізде және Орталық Азия аймағында саяси тұрақтылықты сақтауымыз қажет.

Орталық Азияның халықтары Ауғанстан айналасында қалыптасып отырған жағдайға байланысты ашу-ызаға берілмей, тыныштық пен парасаттылықты сақтай отырып проблемаларды шешеді деп есептеймін. Біз халықаралық терроршыларға біздің елдердің алдында тұрған проблемаларды пайдалана отырып, араздықтың дәнін сеуіп, аймақты кезекті “ыстық нүктеге” айналдыруына жол бермеуіміз керек.

Сондықтан қазақстандықтар қалыптасып отырған жағдайға қырағы болуы керек.

Әлеуметтік экономика, өкінішке орай, бүгінгі болып жатқан жағдайларға қарай өзгеріп отырады. Америка мен Еуропаның рыногында сатудың төмендеуі байқалады. Шикізатқа әлемдік бағаның тұрақты болуы біз үшін өте маңызды.

Сондықтан Үкімет, барлық әкімдер болып жатқан жағдайдың бәріне жауап берулері қажет. Біздің халықтың тұрмысына күйзелген жағдайлар әсер етпес үшін келер жылдың бюджетін қараған кезде төтенше оқиғалар үшін қаражат қарастыруымыз қажет.

Осыған байланысты бірқатар мәселелерге көңіл аудармай өте алмаймыз. Ия, бізде экономика мен реформалардың табысты жұмыс істеуінің арқасында жинақтау мүмкіндігі пайда болды. Біз халықтардың барлық буындарының тұрмысын жақсартта бастадық. Мен қандай әлеуметтік мәселелерді шешіп, қандай ақшаларды халыққа зейнетақы мен еңбекақыға беріп отырғанымызды атап өттім. Алайда, біз бұдан әрі де қаражаттарды жинақтай отырып, халқымызға қолдау көрсететін боламыз. Бірақ қаражат жинақтала бастағандықтан зейнеткерлік жасты бұрынғы деңгейде қалдыру жөнінде мәселе көтеріліп қалуда.

Мен сіздерге мынаны айтқым келеді. Қазақстанда жүргізіліп жатқан зейнеткерлік реформамен біздің барлық көршілеріміз танысып-білуде, оның ішінде Ресей мен Шығыс Еуропа да бар. Олар да осы жүйеге өткілері келеді.

Зейнеткерлік жасты төмендететін болсақ ол бүгінгі зейнетақының төмендеуіне, зейнеткерлердің тұрмыс-тіршілігінің төмендеуіне әкеліп соғады. Егер зейнеткерлік жасты төмендететін болсақ бес-жеті жылдан кейін Қазақстандағы бір жұмыс істеушіге бір зейнеткерден келетін болады. Мұндай шығындарды жабу үшін Қазақстанға 30-50 миллиард теңге қажет болады. Мұндай қаражат бюджетте жоқ. Нәтижесінде біз зейнетақы жөнінен тағы да берешек бола бастаймыз.

Кейбір жекелеген саясаткерлер Қазақстанда ерлердің орташа өмір сүру жасы — 62, әйелдердің орташа жасы — 59 деп жабайы долбар жасауда. Ал статистикаға сүйенетін болсақ, зейнеткерлікке шыққаннан кейін ерлер — 12-13 жыл, ал әйелдер — 19 жыл өмір сүреді екен. Егер статистикаға сүйенетін болсақ онда осылайша зейнеткерлікке шығу жасымыз көңілге қонатын сияқты.

Бізде әдеттегідей большевиктер сияқты ойлайтын саясаткерлер бар: егер артық ақша бола қалса оны тез арада бөліп алу қажет. Қандай мемлекет бұлай өмір сүреді? Отбасының өзі бұлай тіршілік жасамайтын болар. Сондықтан да бұл мәселе бойынша пікірталасқа бармаймыз. Мемлекеттің міндеті — зейнетақыны уақытында төлеу және оны біртіндеп өсіріп отыру. Мұны мен дұрыс деп санаймын.

Келесі мәселе — Семей полигоны, Арал, т.б. қасіреттерден зардап шеккен тұрғындарға жәрдемақы төлеу туралы. Біз бұл төлемдерді қиын жылдары 2003 жылға дейін қалдырған болатынбыз және биыл сол төлемдердің жартысын (2,5 млрд.) мерзімнен бұрын төлеуге шешім қабылдап отырмыз. Мен сіздерден сұрағым келеді, жалпы біз сол қаражаттарды

кімге беріп отырмыз. Біреулер Үкімет ақшаны газеттен қырып алып жасап жатыр деп ойлауы мүмкін ғой?

Дұрысына келетін болсақ біз төлеп отырған бұл қаражат Қазақстанның батысынан шығысына дейінгі салық төлеушілердің ақшалары ғой. Бұл ақшаға кімдер аса мұқтаж екенін нақты айқындап алу қажет. Егер адам сәуле ауруымен ауырған болса оны есепке алып, тегін емдеу қажет. Мұндай адамдар үшін тегін емделіп, сауығу үшін құрал-жабдықтар, дәрі-дәрмектер сатып алу керек.

Осы аймақта тұрады екен деп бәріне бірдей жәрдемақы төлей берудің керегі жоқ. Бұл мемлекеттің қаражаттарын үнемді пайдалануға жатпайтын шығар. Болмаса, Арал маңындағы халық азап шегуде. Ал біз көмекті кімге беріп жатырмыз? Егер онда ыңғайлы өмір сүруге жағдай жоқ болса, біз ол кісілерді басқа қолайлы жаққа көшіріп, жақсы жерлерден тұрғын үй беріп, бұл проблеманы түбегейлі шешпейміз бе?

Үкімет мұқтаж адамдарға және көп балалы отбасыларға арнайы көмектер беруді жөндеп қолға алулары қажет. Біз мұндай мол шығындар қайда кетіп жатқанын білуіміз керек. Ешқандай да жаңа жеңілдіктерді ойлап табудың керегі жоқ. Ол уақыт өтті, енді оған қайтып оралмаймыз.

Біздің басты міндетіміз — жеңілдіктер есебінен кейбір азаматтар санатының құқын шектемей, қайта жыл сайын енбекақы мен зейнетақының мөлшерін көтеру.

Қазіргі кезде біздің алдымызда қоғамның ішкі тұрақтылықты, ең алдымен этникааралық және діниаралық байланыстардың тұрақтылығын сақтау сияқты ерекше проблемалар тұр. Мемлекеттік құрылымдардың алдында қазақ халқының бірлігін ыдырату пайылы бар кез келген экстремистік идеяларды насихаттауға жол бермеу міндеті тұр.

Осыған байланысты біз заңдарымызға бірқатар өзгерістер енгізуіміз керек. Оны сақтауға жауаптыларға

қойылатын заңдардың талабын барынша күшейту қажет. Бірақ, біз, қоғамның тәуелсіздіктің 10 жылдығы ішінде қол жеткен басты табысы болып саналатын, адамдардың құқы мен бостандығын мүлтіксіз сақтауға тиістіміз. Экстремизм және терроризммен күреске байланысты біздің ұстанымымыз айқын.

Біздер мен сіздер адам билеген, құқықтық мемлекет болмаған қоғамда жүз жыл бойы өмір сүрдік. Кез келген құқықтық қоғамда адамдардың бостандығы мен құқына негізделген заңдар билігі орнығуы қажет.

Заңға құлықтылық әрбір азаматтың мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Бұл әрбір адамның өз мүддесі үшін қажет. Егер біреудің заңды құқын бұзған болсақ, онда сенің де құқынның бұзылатынын күте бер. Осы заңдарды қабылдау қажет. Содан кейін барлық деңгейдегі шенеуніктің күш көрсетуіне қарсы тұра алатын және соңғы шешімді қабылдайтын тәуелсіз сот жүйесін құру керек. Судья біздің азаматтардың құқы мен мүдделерін қорғау жолында тұрған беделді лауазым және қоғамдық тұлға болуы тиіс. Сонда ғана даурықпалық пен саяси шалағайлықтан ада, шынайы демократияға кең жол ашылады. Біз осы жолмен жүріп келеміз.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар! Қазақстан халықтарының Ассамблеясы іскерлік танытса біздің алдымызда тұрған проблемалар өз шешімін табар еді.

Алайда, Ассамблея жұмысының бүгінгі реформасы мен мазмұны бұл міндеттерді шешуге толық сай келе бермейді.

Сондықтан да мен сіздер мен біздер алдымызда тұрған азаматтық қоғамдардың мүмкіндігі мен ресурстарын пайдалана отырып, сіздердің қолдауларыңыздың арқасында шешу керек болатын стратегиялық міндеттердің тұжырымдамаларымен бөліспекпін.

Біріншіден, біздің барлық күш-қуатымыз бен қызметіміз қазақстандық қоғамды терроризм мен экстремизмге қарсы

топтастыра білуге бағытталуы қажет. Бұл біздің қоғамның басты міндеті болуы тиіс. Ассамблеяның мүшелері оған түсіністікпен қарайтынына сенемін.

Терроризм және экстремизммен күресте жеңіске жету үшін тек қана әскери шаралар ғана емес, осы дертті тудырып отырған себептерді де жүйелі түрде жою қажет. Сондықтан да біздің стратегияның маңызды буыны Қазақстандағы қазіргі кездесіп отырған әлеуметтік проблемаларды шешу болып табылады. Ол проблемалардың дені кедейшілік пен жұмыссыздық, орта буынды қалыптастыру, қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін, білімі мен денсаулық сапасын көтеруге байланысты. Әлеуметтік жетіспеушілік, сауатсыздық экстремизмнің, түрлі бейнедегі терроризмнің туындауына себеп болатын қайнар көздері.

Сондықтан да, екінші негізгі міндеттің бірі — экономика және әлеуметтік мазмұндағы біздің этникааралық саясатты кеңейту болып табылады. Мен жоғарыда айтқандай Үкіметке бюджеттік салада еңбек ететін дәрігерлердің, мұғалімдердің және өзге де қызметкерлердің еңбекақысын және зейнетақыны 25 пайызға өсіруге тапсырма бердім. Осы жолы зейнеткерлерді қоса есептегенде үш миллион адамның ақшасы көбеймек. Бюджетті айқындай отырып, мемлекет халық алдындағы қарызының негізгі бөлігін өтейді.

Біз бюджеттің мүмкіндігіне қарай экономиканы тұрмыс деңгейін көтеруге бағынышты ете отырып дамыту саясатын жүйелі түрде жүргізетін боламыз.

Азаматтардың байығаны — мемлекеттің де қуаттана түсуінің белгісі екенін барлық қазақстандықтар түсінеді деп ойлаймын.

Үшіншіден, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуді күшейтуге өз үлесін қосуы керек. Білім мекемелерінің, әсіресе, орта мектептер деңгейінде, тиісті мамандандыру функцияларын күшейте түсу қажет. Бұл жұмысты жергілікті деңгейде мемлекетті құруға

катысу және азаматтықты сезінуді күшейту үшін мемлекеттік-патриоттық платформада құру керек.

Төртіншіден, біз барлығымыз жалпы қазақстандық мәдениеттің одан әрі дамуына ықпал етуіміз керек. Бүгінгі таңдағы этностардың тіршілік етуі мен дамуы проблемаларын ғаламдастыру, кенттендіру ауқымдары, ұлттық экономиканы интернационализациялауда — мұның бәрі Қазақстанның әрбір этносы мәдениетінің дамуы мен оны сақтаудың дәстүрлі жаңа формаларының қалыпты тепе-теңдігін ұстауды керек етеді.

Қазақстанда тұратын этностардың мәдени дәстүрлерін сақтау мен дамытудың интеграциялық процесін дамытуды екінші жағынан қамтамасыз ету қажет.

Елімізде бір-біріне этникааралық, этномәдени және конфессияаралық қатынастарды нығайту, қазақстандық қоғамның рухани келісіміндегі дәстүрлі жалғастықты сақтау және нығайту — біздің негізгі міндетіміз.

Қазіргі кезде біздің елімізде үстірт діни оқулардың атын жамылып экстремистік идеялардың таратуына ұмтылушыларға тосқауыл, оның ішінде заңды тосқауыл қою мақсаты тұр. Қазіргі кезде елімізде жұмыс істеп жатқан барлық діни қауымдастықтардың өкілдерімен ауқымды әңгіме жүргізіп, бүгінгі таңда кеңінен талқыланып жатқан дін туралы заңды тиімді әзірлеу мәселелері жөніндегі ортақ пікірге келуге қол жеткізудің маңызы зор.

Қоғамдағы рухани келісімді сақтау туралы әңгіме қозғаған кезде Ассамблея мүшелерінің, әсіресе, конфессия басшыларының назарын дінді теріс мақсатқа қолданудың алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігіне аударғым келеді.

Біз өзінің тиімділігін көрсете білген мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру тетіктерін өзгеріске түскен шындықтарға орай нығайтып, бейімді бастауымыз керек.

Ең алғашқы әңгіме Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, біздер туралы. Менің ойымша мемлекеттік

ұлттық саясатты іске асырудың негізгі тетігі саналатын Ассамблеяның жұмысының тиімділігін арттыру оның қызметін жетілдіретін кез келді.

Белгіленген стратегиялық міндеттерге сәйкес жұмыстың басым бағыттарын қайта қарау, барлық ұлттық-мәдени бірлестіктерге ортақ іске асырудың, алдын ала ескерту механизмдерін дамыту қажет.

Ассамблея кеңесі, Атқарушы хатшылық реформаның бағыттары туралы ұсыныстарды әзірлеу барлық таңдаулы күштерді қосуы, оларды дайындап, менің қарауыма ұсынулары қажет. Осы бағытта бүгінгі күннің ерекшеліктерін ескере отырып, орта мерзімге арналған Қазақстан халықтары Ассамблеясы жұмысының стратегиясын әзірлеуді де ойластыруды ұсынар едім.

Таяу уақытта біз аймақтарда жұмыс істеп жатқан кіші ассамблеялардың рөлі мен маңызын көтеруіміз қажет. Осы мәселені тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып нақты істерді әзірлеп, ұсынуды атқарушы хатшылыққа тапсырамын. Мен кіші ассамблеялар өздеріңіздің жұмыстарыңызды жандандыруларыңызды сұраймын. Олар үкіметтік емес ұйымдар сияқты өздері зерттеулер өткізіп, мемлекетке жанжақты көмек бере алады. Біз сол үшін оларға шағын гранттар бөле аламыз. Бұл қаражаттар оларға өздерінің проблемаларын шешуге көмектеседі. Оны құрылып, жұмыстарын бастап жатқан арнайы қорлар істейтін болады.

Қадірлі отандастар! Сөзімнің соңында айтарым өзгеріске толы өлемнің жаңа талаптарына қарай біздің бірлігіміз одан өрі нығая, топтаса түсуі керек. Біздің алдымызда еліміздің болашағына деген зор жауапкершілік тұр. Болашақта шыдамдылық пен ұстамдылықты қажет ететін қиын жұмыстар күтеді. Бірақ біздің күшіміз оған жетеді.

Бізде ол үшін қажетті саяси ерік-жігер, дамып келе жатқан қоғам, қазақстандықтардың жасампаз мүмкіндігі,

бейбітшілік пен келісімнің орныққан дәстүрлі, рухани бай мәдениетіміз бар.

Қазақстандық мемлекеттіліктің қайта жандануының бастауы болған Республика күні қарсаңында Сіздерді, барлық қазақстандықтарды біздің үлкен мерекемен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Барлықтарыңызға бақыт, береке-бірлік тілеймін!

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ, ҚАУІПСІЗДІК, АЗАМАТТЫҚ БІТІМ

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының тоғызыншы сессиясындағы
баяндамасы

2002 жылғы 15 қараша

Қадірлі отандастар!
Қымбатты бауырлар!

Біз тағы да басқосуға жиналып отырмыз. Жарқын жүзбен кездесіп, өзімізге ортақ мәселелерді талқылап, келер күндерге жоспар жасаймыз. Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысы жаңа кезеңге шықты. Алда атқарылар істер ауқымы ұлғая түсті.

Әдетте, ағайын-туғандар, ниеттес бауырлар қажет кезінде бас қосып, көкейде жүрген көп сауалдарына ортақ жауап тапқан. Бұл ортақ сауалды бізге заман, уақыт қойып отыр. Болашақтың жоспарын бірге, бірлесе отырып жасап алсақ, жүрер жолымыз бен барар жерімізден адаспаймыз.

Keң залды толтырып, сан ұлттың басын қосқан осыншама ажарлы көпшілікті көру — мен үшін қуанышты жағдай. Көп ұлтты байтақ еліміздің өкілдері жиналған бұл кездесу — өзіміз қадірлейтін достық пен ынтымақтың көрінісі.

Ұлттық бітімгершілік, қауіпсіздік және азаматтық қоғамның көкейкесті сұрақтары қазір бөрімізді толғанды-

рып отыр. Бүгін осы мәселелер кеңінен әңгіме болады деп сенемін.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының әрбір сессиясы елдің қоғамдық-саяси өмірінде таңбаланып қалатын құбылысқа айналып келеді. Бұл орайда бүгін біз уақыт алға тартқан сауалдарға жауап қайтаруға, Ассамблеяның таяу болашақтағы қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттерін дәлелдей түсуге тиіспіз.

Сессиялар жұмысының Ассамблея мүшелерімен қатар мемлекеттік биліктің барлық буындарының басшылары, министрлер мен әкімдер, діни және қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері, көрнекті ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері ұдайы қатысып келеді. Мұның өзі біздің Ассамблеямыз дамып келе жатқан қазақстандық демократияның басты институттарының біріне айналғанын көрсетеді. Осынау қоғамдық институтқа ең маңызды міндет — елдегі халықтар достығының, келісім мен азаматтық бітімнің сақтаушысы болу міндеті жүктелген. Мұның өзінде де ол өзі өмір сүрген жеті жылдың ішінде, өу баста кейбіреулердің болжағанындай, парламенттік институттарды алмастырып кеткен жоқ. Сонымен қатар, этностық топтарға бақылау жасайтын төрешілдік тетікке де айналу аман қалды.

Халықтар Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бір арнаға тоғыстырады, ұлттық тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметінде қуатты оңды тәжірибе жинақталған, бұл тәжірибені этносаралық мәселелерді шешудің әлемдік тәжірибесіне бірлесе қосып келеміз және алдағы кезде де қоса беретін боламыз. Біздің үлесіміз ең жоғарғы деңгейде лайықты баға алды: Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды “әлемнің өзге мемлекеттері үшін ұлтаралық келісімнің, тұрлаулы әрі тұрақты дамудың үлгісі” деп атады.

Халықтар Ассамблеясы өз дамуының Стратегиясын айқындады.

Ассамблеяның даму Стратегиясының негізгі мақсаттары жинақталған күйде қандай ұлттың өкілі болғанына, қандай дінді ұстанатынына қарамастан әрбір адамға, Қазақстанның әрбір азаматына түсінікті ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық бітім деген қарапайым сөздермен тиянақталды.

Біздің қоғамымыз жаңа жүзжылдыққа қандай сынақтарға түсуі, бекемдігімізді байқап көретін қандай жағдаяттарға душар болуы мүмкін екенін ескерсек, бұл мақсатқа қол жеткізу әрі игілікті, әрі ауыр міндет екеніне көзіміз жетеді.

I. Қазақстандағы ұлттық келісімнің негізі — конфессияаралық үн қатысу

Біздің бекемдігімізді байқап көретін жақтардың бірі — бүгінгі саяси сөздік қорымызда сонау орта ғасырларда пайда болған “джихад”, “крест жорығы” деген сияқты ұғымдардың қайтадан бой көтеріп, өзінің “тажалды тіршілігін” жалғастыра бастағаны.

Бұл орайда бүгінгі әлемде не болып, не қойып жатқанын түсіну өте маңызды.

Ғасырлар тоғысында қоғамдық дамудың бір үрдісі адамдардың руханият пен мәдениеттің, халықтардың төлтумалылығының бастау көзі ретінде дінге жаппай бет бұра бастауы болды. Бұл процесс, ең алдымен, әлемнің тоталитарлық “ұйқыдан” ояна салып, рухани бағыт-бағдарынан айырылып қалған, сөйтіп не істеп не қоярын білмеуге айналған бөлігін қамтыды. Ондаған жылдар бойы миға шегемен қандай сіңірілген идеологиялық қасаң қалыптар тарихтың күресініне лақтырылып тасталды.

Қазақстанда соңғы он жыл ішінде діни бірлестіктерінің жалпы саны төрт еседен артық өсті.

Бір кездегі жиырма бес мешіттің саны қазір бір жарым мыңға жететін, Православие приходтарының саны

төрт есе, ал католиктік ғибадатханалардың саны үштен бір бөлікке артты. Мыңға жуық протестанттар бірлестіктерінің миссиялары мен мінәжат үйлері, иудейлердің жиырма бір қауымы жұмыс істей бастады. Басқа діни сенім-нанымдарды қолдаушылар да шықты.

Мұның өзі Қазақстанда тоталитарлық кезеңдегі ақырып тұрған атеизм саясатынан кейін Конституцияда белгіленген ар-ождан бостандығы іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанының дәлелі болып табылады. Біздің азаматтарымыз өздері қалап алған дінді еркін, еш қорқынышсыз ұстана береді, өзінің ана тілінде сөйлейді, өздерінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтайды. Жеке тұлғаның шын еркіндігі дегеніміз міне осы. Біз мұны мақтаныш етуге тиіспіз. Біз мұны сақтауға тиіспіз.

* * *

XX ғасырдың аяқталар тұсында діннің орны мен маңызының арта түсуі жаһандану үдерісімен тұспа-тұс келді.

Біріншіден, ашық ақпараттық қоғам кез келген конфессияның көзқарасын таратуға мүмкіндік жасады, сөйтіп, XXI ғасырды тек діннің ғана емес, діннің атын жамылған көзқарастардың да “экспортқа шығарылатын” ғасырына айналдырды. “Темір шымылдық” құлап біткен кезде сан түрлі “миссиялар” атынан сөз алатын уағыз жүргізушілердің, солардың сөзін сөйлейтін түрліше әдебиет пен бейнеөнімдердің қаптап кеткені, стадиондарда “емдеудің кереметін” көрсетіп, тек солардың ілімдері мен көзқарастарының дұрыстығын айтып сендіріп баққан “пайғамбарлардың” көптеп шыққаны естеріңізде болар.

Екіншіден, жаһанданудың көптеген елдер мен халықтарға мәдениет пен тыныс-тіршіліктің олар үшін — дағдыдан тыс қалыптарын таңататын сипат бар екенін көру қажет. Мұндай жағдайда дінге бас ұру адамдардың өзінше бір қорғаныс құралы сияқты болып шықты.

Фундаментализм — ислам дінінің ғана маңдайына жазылған сипат емес. XX ғасырдың басында бұл ұғым Америка

Құрама Штаттарындағы кейбір христиандық топтардың сипаттасы ретінде пайда болған еді. Бұл термин тек ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемде әрекет етіп, өз сенім-нанымының әу бастағы қағидаларына қайтып оралуды уағыздайтын христиандық, буддалық, нудалық бағыттағы түрлі діни топтардың теологиялық және іс жүзіндегі қимыл-әрекетіне қатысты қолданылған.

Тек исламда ғана емес, басқа діндерде де, фундаментализмнің ұстанымдары мен қағидаларының негізінде саяси партиялар мен қозғалыстардың тұжырымдамалары мен доктриналары өріле бастады. Оларды кейбір экстремистік саяси күштер, сондай-ақ лаңкестер кез келген діннің шынайы канондарының ешқандай қатысы жоқ қылмыстарын бүркемелеу үшін ту ретінде жалаулатып ұстайды. Қазіргі жағдай халықаралық лаңкестік пен экстремизмнің қауіптілігі қандайда бір нақты дінмен етене деп қарастырылмайтындығына мен сенімдімін.

Сонымен бірге көптеген елдер мен қоғамдарда бой көрсетіп отырған конфессияаралық шиеленісті көзге ілмеуге де болмайды.

Осы орайда мынандай күрделі сұрақтар алға тартылады. Жаһандық конфессияаралық қақтығыстың қатері қандай? Әлдеқалай дегенде де “өркениетердің бетпе-бет келуін” болдырмай кететіндей басқа жол бар ма?

Бұл сұрақтарға жауап іздеу біздегі конфессиялардың өзара әрекет ету тәжірибесіне қайта-қайта зер салуға мәжбүр етеді.

Қазақстанда өте ерекше діни ахуал қалыптасқан.

Біз мұндайлық конфессиялық сан түрлілігімен ерекшеленетін әлемдегі азын-аулақ елдердің қатарына кіреміз.

Бізде қырықтан астам конфессияны қамтитын үш мыңға жуық діни бірлестіктер бар. Бұл факторды “бүлік алмасы” емес, жасампаздыққа алып баратын сан түрлілік деп санайтын адам онша көп бола қоймас.

Қазақстанның үлгісі конфессиялардың өз арасындағы мемлекет тарапынан бастамашылдыққа ие болып, қолдау та-

уып отыратын ұдайы үн қатысудың негізінде ың-шыңсыз, қатар өмір сүрудің мүмкін екенін айқын көрсетеді.

Діни фактордың саясаттануына жол бермеу біздің аса маңызды жетістігіміз болды.

Бұл идея діни бірлестіктер туралы заңның арқауы етіп алынды, 1992 жылдың басында қабылданған бұл құжат тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы заңнамалық актілерінің бірі еді.

Біздің заңнамамыз қазіргі таңда да халықаралық сарапшылар тарапынан кеңестен кейінгі елдердің арасындағы ең ырықтысы, көкейге қонымдысы деп бағаланады.

Қазақстандағы дін өзін этностық немесе саяси қауымдас-тықтарға қарама-қарсы қоятын бәсекелестік біртектілік сипатында емес, қазақстандықтардың рухани мәдениетінің қоғамға қайталанбас сан түрлілік және сонымен қатар өзгеше бөлек бітім беріп тұратын қосымша сипаты ретінде бой көрсетеді.

Қазақстан халықтарының өткендегі ортақ тарихы мен этномәдени дәстүрлері діни дәстүрлердің сипаты мен ерекшелігіне шешуші ықпал жасайды. Олардың аса маңызды даралық белгісі бір-біріне өзара ұмтылысы болып табылады. Біздің елімізде Ислам мен Православиенің, басқа діндердің арасында жарасымды қарым-қатынас қалыптасқан.

Христос дініндегі шіркеулердің сан түрлілігі Қазақстанға тән конфессияаралық толеранттықты ашып көрсетіп тұр.

Бізде басқа діндер мен сенім-нанымдарды ұстанушылардың өкілдері арасында бітіспес дау көріністері болған емес.

Осынау фактордың ықпалымен ең көп адамдық конфессиялардың қызметі қайталанбас бірегей қасиеттерге ие болуда.

Мұны, ең әуелі, сопышылықтың ұлы діни оқымыстысы Қожа Ахмет Яссауидің іліміне негізделген қазақстандық ислам туралы айтуға болады.

Қазақстан жетекші әлемдік діндердің орталықтарымен тығыз байланыс жасап отыр.

Оған мысал — қазақстандықтардың Мекке мен Мәдинедегі қасиетті орындарға қажылық сапары.

Сауд Арабиясына 1994 жылғы менің сапарым кезімде осы елдің королі — мұсылманның басты киелі орындарының қызметшісі Қазақстанға айрықша құрмет белгісін көрсетіп, менің қасиетті Қағбаның ішіне кіруіме рұқсат етті.

Қазақстан православие қастер тұтатын — Мәскеудегі Құтқарушы Христос храмын қалпына келтіруге үлес қосып, әрлеу жұмыстары үшін керемет қазақстандық гранит пен мәрмәрді тегін берді.

1999 жылы біз Нью-Йорктің еврей қауымдастығына Любавич реббесінің қасиетті жазбаларын сыйға тарттық.

Жуырда Еуразия континентіндегі бірқатар елдердің иудаистік қауымдастықтарының раввиндерімен кездесуім болды. Мен олардың Қазақстанда Ислам мен Иудаизм лидерлерінің халықаралық кездесуін өткізу жөніндегі идеяларына қолдау білдірдім.

Біздің елімізге 2001 жылғы қыркүйекте Рим Папасы Иоанн Павел Екіншінің сапары Қазақстанның діндер арасындағы тұрақтылықты сақтауға қосқан үлесін тануының көрінісі болды, Рим Папасы бейбітшілік пен рухани келісімді сақтап отырғаны үшін қазақстандықтарға шынайы алғыс сезімін білдірді.

Нақ Қазақстанда осыдан он жыл бұрын көптеген конфессиялардың өкілдерін, ғалымдарды, мәдениет қайраткерлерін жинаған Бірінші Дүниежүзілік рухани келісім конгресі өткізілді.

Тұтастай алғанда, біздің қоғамның мысалы дінаралық жанжалдарға қазір де, болашақта да жол бермеуге болатынын көрсетеді.

Ол үшін қоғамда конфессияаралық үн қатысуды жалғастырып, рухани келісім қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырағысыз сипатына айналуына қол жеткізу керек.

Оның үстіне қазақстандық көптеген конфессиялардың жетекшілері Ассамблея мүшелері болып табылады.

Бұл Қазақстан халықтары Ассамблеясының таяу болашақтағы басты міндеттерінің бірі.

Сіздер — өз этностық топтарыңыздың рухани көшбасшыларысыздар. Көп мәселе сіздердің пікірлеріңізге байланысты.

Осынау жылдардың бәрінде біз Қазақстан бейбітшілік пен халықтар келісімі еліне айналуы үшін бірлесе жұмыс істедік.

Қазақстанды рухани келісім еліне айналдыру, осынау күрделі кезеңде де, болашақта да бірлік біздің ісімізде ғана емес, сонымен бірге біздің жүрегімізде және жанымызда болуына қол жеткізу біздің ортақ күш-қуатымыз арқылы мүмкін екеніне сенімдімін.

Бұл — қоғамдағы ұлттық келісімнің басты міндеттерінің бірі.

Қазақстан өз тәжірибесін негізге ала отырып, Еуразия субконтинентіндегі барлық конфессияларға “Конфессия-аралық бітім мен келісімнің Еуразиялық хартиясын” қабылдау ұсынысымен қайырылады. Біздің еліміз барлық діни қайраткерлердің кездесу орны болуға әзір.

II. Елдің қауіпсіздігі — оның азаматтарының қауіпсіздігі

Осы заманғы дүниенің күрделілігі мен болжап болмастығы бізді жағдайды өне бойы ой елегінен өткізіп отыруға, мемлекеттің басты міндетін шешуге — ел мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарастарды үнемі іздестіруге мәжбүр етеді.

Осыған байланысты Ассамблея мүшелерімен бүгінде Қазақстан үшін қандай сынақтар мен қатерлер барынша қауіп төндіретіні туралы өз ойларыммен бөліссем деп едім.

Біріншіден, бүкіл әлем бүгінде “лаңкесшілдік интернационалы” жариялаған соғыс жағдайында болып отыр.

Лаңкесшілдік пен экстремизм адам өміріне қол сұғушылықты мойындамайтыны секілді шекараны да мойындамайды.

Өткен жылдың 11 қыркүйегіндегі АҚШ-тағы қайғылы оқиғалар, Таяу Шығыстағы, Бали аралындағы лаңкестік

әрекеттер, Мәскеуде адамдарды кепілдікке қамап ұстау ешқандай кінәсі жоқ адамдар олардың ұлтына, этностық және діни қатыстылығына карамастан, лаңкестік құрбаны болатынын көрсетіп берді.

Лаңкестерде иман жоқ, өйткені бірде-бір дін адамдарды өлтіруді ақтамайды.

Олар тек қылмыстық мақсаттарды көздейді, соларға қол жеткізу үшін олар кез келген идеология мен кез келген құралды пайдаланатын болады.

Осындай жағдайда “олай істей қоймас” деушілікке үміт артып, біздің еліміз лаңкестердің нысанасы бола қоймас деп ойлау — мұның бәрі әсіре қамсыздық.

Екіншіден, осы заманғы дүние жағдайында кез келген мемлекет шекарасынан өтіп кету мүмкіндігі айқындыққа айналып отыр. Шекара қаншалықты мұқият күзетілмесін, онда қандайлық тосқауылдар тұрғызылмасын, трансұлттық қылмыс, есірткі трафигі және нашақорлықтың өсуі, жасырын көші-қон секілді қатерлер үшін қоғам айтарлықтай әлсіз болып қалуда.

Халықаралық сарапшылардың мәліметтері бойынша, биылғы жылы Ауғанстанда апиынның рекордты өнімі жиналған. Бұл ретте халықаралық қауымдастық әзірге есірткі таралымының жолына тиімді тосқауыл құра қойған жоқ.

Бұл дегеніңіз солтүстік бағыттағы есірткі трафигінің ағыны нашақорлық мерезін оның жолының бойына, соның ішінде Қазақстанға да тарата отырып, өсетін болады деген сөз.

Аландатарлықтай проблема жасырын көші-қон ауқымының артуымен байланысты болып отыр. Ол тек әлеуметтік сипатта болып отырған жоқ. Сонымен бірге сол жаңағы лаңкестердің адамдарды заңсыз алып өту арналарын пайдаланумен байланысты болып отыр.

Үшіншіден, Орталық Азияға таяу аймақтардағы ахуал күрделі күйінде қалуда. Бірқатар мемлекеттердегі тұрақсыздық біздің қауіпсіздігімізге елеулі қатер төндіреді. Ауғанстандағы саяси ахуал тіпті де оңай болып отырған жоқ.

Лаңкестікке қарсы операция халықаралық лаңкестердің инфрақұрылымына жойқын соққы жасады, бірақ олардың барлық күштерін жоя алған жоқ.

Ирак төңірегіндегі ахуал біздің аландаушылығымызды туғызуда.

Үндістан мен Пәкістанның Кашмирдегі тұрақты шиеленіс жағдайындағы қарама-қайшылығы бүкіл Азия құрлығы үшін айтып болмайтындай салдарға соқтыруы мүмкін.

Осыған байланысты халықтар Ассамблеясы мүшелерінің міндеті — уақыт жүрісін сезініп, осынау қатерлер мен сынақтар туралы қоғамды үнемі ескертіп отыру. Лаңкестер мен экстремистердің, есірткі пайдакүнемдерінің, трансұлттық қылмыстық синдикаттардың, жасырын көші-қон жандайшаптарының әрекеттері мемлекет институттарына ғана қарсы бағытталмаған.

Олар, ең әуелі, азаматтардың жеке қауіпсіздігін бұзуға бағытталған, олардың денсаулығына, жеке меншігіне, балаларының өсіп-өркендеуіне қатер төндіреді.

Мұны бүгінде әр адамның ой-санасына дейін жеткізе білу маңызды. Қауіптің қайдан төнетінін білу — бұл, демек, ешкімге өзіңді қиын жағдайда қалдыруға мүмкіндік бермеу.

Сонымен бірге біз ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа жолдары мен көзқарастарын қажымай-талмай іздестіруге тиіспіз.

Және бұл жұмысқа қоғамның, соның ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының, оның барша буындарының да бүкіл интеллектуалдық күштері тартылатын болуы керек.

* * *

Бүгінде біз қауіпсіздік ұғымымен нені білдіреміз?

Ең әуелі, қауіпсіздік — бұл көріне бастаған сыртқы қатерлер, сыртқы айналамыздағы тұрақсыздықтың артуы оябында Қазақстанда ұлттық келісім мен ішкі тұрақтылықты сақтау.

Бүгінде жана қатерлер мен сынақтар алдында “ядролық қолшатырлар” әлсіз, қалыптасып келе жатқан қауіпсіздіктің жаһандық және аймақтық жүйелері тым шартты екенін түсіну маңызды.

Ел тәуелсіздігі оның институттарын, азаматтарын тұрақты қорғауды көздейді. Мемлекет пен қоғамның бүкіл күш-жігері осыған бағытталады болуы керек.

Ел қауіпсіздігінің мәнісі — азаматтарды экстремизм мен лаңкестіктен қорғау. Ешкімге және ешқандай да желеумен біздің ортақ үйіміздегі, бейбіт тірлікті бұзуға, қазақстандықтардың өмірі мен өсіп-өркендеуіне қатер төндіруге жол бермеуге тиіспіз.

Осыған орай Қазақстан әлем мемлекеттерінің лаңкестікке қарсы коалициясына белсенді қатысушы болып қалады.

Мемлекеттік органдар елдің ішінде лаңкестік пен экстремизмнен қорғаудың сенімді жүйесін жасау үшін қажетті барлық шараларды қолданатын болады.

Бұл істе мемлекет бүкіл қоғамнан қажетті қолдау табатынына мен сенімдімін.

Қауіпсіздік — бұл бизнесті, әсіресе шағын және орташа кәсіпкерлікті оның құқығына, меншігіне заңсыз кез келген қол сұғушылықтан қорғау.

Қоғамда кәсіпкерлік бастауларды нығайту және дамыту жөніндегі жұмысты біз нақ осы тұрғыдан түзуге тиіспіз. Үкіметтің қызметі осыған бағытталады болуы керек.

Ел қауіпсіздігі — бұл Қазақстанның әрбір азаматының конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін толық іске асыруы.

Алайда, сонымен бізге күрделі дилемманы шешуге — азаматтар қауіпсіздігі мен олардың өз құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруы арақатынасының қажетті тепе-теңдігін табуға тура келеді.

Бір адамның еркіндігі келесі адамның еркіндігіне нұқсан келтірмеуі керек. Еркіндікті шектеуге тек ел заңдарымен ғана

жол берілуі тиіс. Заңға құқықтылық, Заңға бағыну елдегі саяси тұрақтылықтың басты шарты болып табылады.

Мен тағы да бір рет сіздердің барлығыңызға және біздің еліміздің барлық азаматтарына былай дегім келеді: Заңға құқықтылық, Парламент бүкіл Қазақстан халқының атынан қабылдайтын заңдарды құрметтеу елдегі тұрақтылықтың басты шарты болып табылады.

Ал тұрақсыздық барша қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі мен қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Мұны әркім есте ұстауы керек.

Кез келген нақты оқиғада, кез келген ахуалда не маңызды — мәселен, адамның өмір сүру құқығы ма, әлде оның қару-жарақ сатып алу құқығы ма — екенін шеше отырып, “алтын аралықты” ұстанған жөн.

Бұл шешім оңай бола алмайды, бірақ таңдау жасамаушылық — көлгірсуді және сонымен қатар, қоғамның және әрбір жеке адамның қауіпсіздігіне қатер төндіруді танытады.

Халық билікті ол, егер қажет болса, елде қабылданған заңдарды орындауға мәжбүрлеу де жолымен осынау қатерлерден азаматтарды қорғауы үшін сайлайды. Бұл ретте көңілі толмайтындар әрдайым болады. Бірақ елдің және қоғамның мүддесі бәрінен де жоғары тұруы керек.

Ел қауіпсіздігі — бұл Қазақстанда тұратын әрбір этностың қауіпсіздігі де.

Біз демократияны нығайту, біздің азаматтық қоғамды дамыту жолымен одан әрі алға жүруге тиіс екенімізді түсінеміз.

Осынау қиын жұмысты жеңілдету үшін мен бүгін мынадай шешімдер қабылдадым.

Демократияны тереңдетудің стратегиялық бағытына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Бірінші. Бір айлық мерзімде азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту тұрғысындағы ұсыныстарды талдап жасау жөнінде Қазақстан Республикасының тұрақты әрекет ететін Кеңесін, оның құрамына Парламент депутаттарын, Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігінің және басқа мемлекеттік органдардың өкілдерін, кез келген

саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен өкілдерін кіргізе отырып, құратын болсын.

Екінші. Осы Кеңес қызметінің кең жариялылығын қамтамасыз етсін, Кеңесті ұйымдық және техникалық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, Кеңес жұмысы туралы Мемлекет басшысына жүйелі түрде ақпарат беріп тұрсын.

Мен бұл дұрыс болады деп ойлаймын. Бұл іске тек саясатшылар ғана емес, біздің халықтың барлық жіктері қатысатын болсын. Қоғамды, экономиканы бұдан әрі қалай дамытатынымызды біз бірлесіп шешуге тиіспіз.

Бұл тыныштыққа және өзара түсіністікке қол жеткізу үшін арнайы жасалып отыр. Осы заманғы буырқанған беймаза дүниеде саяси тұрақтылық біздің бәрімізге қажет. Халық пен қоғам үшін жаны ауыратындардың бәрі бір үстелдің басына отырсын, әр қилы пікірлерді тындап, консенсусқа келетін болсын.

Бұл қадам кімнің қоғам өмірін шын мәнінде жақсартқысы келетінін, ал кімнің жай айқайға салып, жақсаттанушылық әрекетке басатынын көрсетіп береді.

Қазақстандықтардың қазіргі толқыны біздің еліміздің әрбір этносының және бүкіл Қазақстан халқының төлтума мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін сақтау үшін ұрпақтар алдында жауапты.

Ұлтішілік жік түсіру, халықтарды жіктеу әрекеттеріне біз еліміздің өсіп-өркендеуі мен болашағы жолындағы бірлігімізді сақтауға деген ортақ ұмтылысымызды қарсы қоюға тиіспіз.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының тағы бір стратегиялық міндетінің мәні осында.

Ал тұтастай алғанда, ел қауіпсіздігі — бұл оның азаматтарының қауіпсіздігі.

Бұл көзқарас Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет пен қоғам қызметінің негізі етіп алынуы тиіс.

Шынында да, біз қауіпсіздік, тыныштық халқымыздың әлауқаты жақсаруының маңызды факторларының бірі болып табылатынын түсінуге тиіспіз.

Біз 2000-2002 жылдарғы ІЖӨ-нің жалпы өсімі 45% құрайды деп отырмыз. Экономикалық дамудың осындай қарқыны туралы айта алатындар әлемде кемде-кем.

Соңғы жылдары біздің азаматтардың табыстары өсуде. Келесі жылы біз зейнетақыны ұлғайтамыз, КСРО Жинақ банкі кезіндегі салымдарды қайтара бастаймыз.

Мемлекеттің әлеуметтік салаға, денсаулық сақтау мен білім беруге жұмсайтын шығындары 30-40%-ға өседі.

Тұтастай алғанда, біздің еліміз үстіміздегі жылды жақсы экономикалық көрсеткіштермен аяқтайды.

Осыны негізге ала отырып, мен Үкіметке зейнетақының ең төменгі көлемі мен жалақының ең төменгі мөлшері 5 мың теңгеге дейін жететіндей, жаңадан туған әр сәбиге 15 есептік көрсеткіш көлемінде, ал бұл 13 мың теңгеден астам, бір мерзімдік жәрдемақы төлейтіндей етіп, қосымша мүмкіндіктер табуға және жаңа бюджетті соған сай түзетуге тапсырма бердім. Парламент депутаттары мұндай ұсынысты қолдайтынына мен сенімдімін.

Келесі үш жылды ауылға қолдау көрсету жылдары деп жариялау да біздің халқымыздың табысы барынша төмен бөлігіне мемлекет қамқорлығының нақты көрінісі болып табылады.

III. Ұлтаралық қатынастарды Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып құруы керек

Қазіргі кезеңде адамзат тап болған жаһандық сынақтардың бірі ұлтаралық қақтығыстар қатері болып қалуда.

Бүкіл дүние жүзі бойынша біз діни негіздегі өткір қарама-қайшылықтар тереңдете түскен этносаралық шиеленістің өсуін көріп отырмыз.

Біріншіден, мұны мойындау керек, XX ғасырдың қанқұйлы ұлтаралық қақтығыстарының бірде-бірі өзінің түпкілікті шешімін тапқан жоқ — Таяу Шығыс және Индонезия, Балкан және Орталық Африка, Кавказ аймақтары және басқалары — осының бәрі зор қопарылыс әлеуеті бар шоқтанып жатқан ошақтар.

Екіншіден, қазіргі таңда планетада ұлтаралық саладағы проблемалармен бетпе-бет келмеген елді табу қиын.

Жаһандық еңбек ресурстары рыногының қалыптасуы әлемнің түрлі аймақтарының экономикалық дамуындағы орасан айырмашылықтар жағдайында адамдар көші-қоны ағынының күшейе түскенін туғызуда. Бейнелеп айтқанда, дүние “халықтардың ұлы қоныстануының” жаңа кезеңіне қадам басты.

Осыған байланысты бүгінде тіпті бір ұлттан тұратын мемлекеттердің алдына өз қоғамдарына басқа ұлттың еңбек мигранттарының интеграциялану проблемасына байланысты көптеген мәселелер қойылып отыр.

Мұның өзі ксенофобияның өсуіне әсер етіп, жергілікті халық пен басқа елдерден шыққандар арасындағы өзара қатынастарды шиеленістіреді.

Осылайша, ұлттық мәселені шешпейінше, қоғамды тепе-теңдік және тұрақтылық жағдайында ұстау күрделі екендігі, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін еместігі айқын бола түсуде.

Сонымен бірге бұл істің өзі және қолайлы формулалары жоқ.

Біздің жуырдағы тарихымыздан бұрынғы Кеңес Одағында ұлттық мәселенің шешілгені туралы салтанатты түрде қалай рапорт берілгенін еске түсіруге болады.

Ұлттардың өзін-өзі билеуінің марксистік айқындамасы іс жүзінде “халық жоқ болса — проблема да жоқ” дейтін қатаң сталиндік тұжырыммен бейнеленіп шыға келді.

Содан күзет қойылып, аузы-мұрнынан шыға толтырылған мыңдаған вагондар бүкіл ұлаң-ғайыр еліміз бойынша — Карпаттан, Қырым мен Кавказдан Тянь-Шаньға дейін, Владивостоктан Сарыарқа мен Оралға дейін әрлі-берлі ағылумен болды.

Несін айтамыз, өзінің ауқымы жағынан сұмдық депортациялар ондаған халықтың тарихи және мәдени тамырларын үзді.

Олардың көпшілігі құрып кетудің шегіне жетіп, өзінің төлтумалығын жоғалтты.

“Кеңес халқын” құру стратегиясы алдымен Алматыдағы оқиғалармен, ал одан кейін Сумгаит пен Таулы Қарабақтағы, басқа қалалар мен республикалардағы ұрып-соғулармен аяқталды.

Содан кейін-ақ қуатты көп ұлтты ел қағаз үйшік секілді шашылып қалды.

“Нәсілдік тазалық теориясы” және герман фашизмінің, мәселен, еврей мәселесін “түпкілікті шешуі” Холокосттың сұмдықтарына, миллиондаған “арий еместерді” қырып-жоюға және сол “арий империясының” өзінің заңды әскери-саяси күйреуіне соқтырды.

Жетекші державалардың отаршылдық саясатының шеңберінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында ұлт мәселесін шешу әрекеті іс жүзінде өз тәуелсіздігін қиын күресте жеңіп алған көптеген елдердің экономикалық мешеулігіне жеткізді.

Алайда, сол кезде қойылған кешігіп әрекет ету минасы бұрынғы бірқатар отар елдерін ұлтшылдықтың қопарылыстарымен, жаппай этникалық тазалаулармен, тағылық адам өлтірулермен шайқалтпай, енді XXI ғасырда әрекетке келіп жатыр.

Ұлт мәселесін шешудің бір елдегі титулдық халықтың сонда тұратын шағын этностық топтарды біртіндеп жұтып қоюына негізделген формасы да бар.

Бірақ мұндай тәжірибе тіпті шағын деген халықтардың барған сайын күшейе түскен қарсылығына ұшырап, ондай әрекеттің болашағы жоқ және қауіпті екендігін дәлелдей түсуде.

Тіпті демократиялық құқықтар мен еркіндіктерді жақтайтын либералдық Еуропада этностық экстремизм мен лаңкестіктің өсуі жекелеген этностық топтарға жіті назар аударуды талап ететін ұлтшыл партиялар позициясының күшеюіне жеткізуде.

Онда шетелдіктердің ағылуын шектейтін қатаң көші-қон заңдары қабылдануда.

Бұл жайттардың бәрі нені білдіреді? Ең алдымен, ұлтаралық қатынастарды құраудың мүлдем даусыз, барлық елдер үшін қолайлы тәжірибесі жоқ екенін көрсетеді.

Демек, бүгінде ешкім де басқа елдерге ұлттық саясаттын өз моделін таңа алмайды.

Әр елде оның этностық және тарихи-мәдени бірегейлігі тұрғысынан ұлтаралық проблемаларды шешуге деген өз көзқарасы болуы керек.

* * *

Тәуелсіздігінің он жылында Қазақстан дүние жүзіне ұлтаралық келісімге қол жеткізудің ықпалды өз стратегиясы бар екенін көрсетіп берді.

Біз “көп қырлылықтың бірлігі” принципін басшылыққа алдық. Біздің іс-әрекетіміз Қазақстан халықтарының мәдениетін жай ғана қайта түлетуге емес, біздің еліміздің барлық этностық және конфессиялық топтарының арасында қажымай-талмай үн қатысу жүргізуге, ізгі қатынастар түзуге бағытталды.

Және бізге, тұтастай алғанда, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, оны уақыттың күрделі сынақтары арқылы алып өту мүмкін болды.

Қазақстандағы азаматтық бітім мен келісім — бұл мемлекеттің де, қоғамның да тиянақты жұмысының нәтижесі. Мұндағы Ассамблеяның үлесі де орасан.

Сондықтан да азаматтық бітімді сақтау — бұл Қазақстан халықтары Ассамблеясының, барлық мемлекеттік органдардың, партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, әрбір жеке қазақстандықтың стратегиялық міндеті.

Нақтылық мынада, “ұлттардың өшуі” туралы пікірлер, сайып келгенде, теоретиктердің утопиясы күйінде ғана қалатын болар. Демек, белгілі бір этносаралық қарама-қайшылықтар таяудағы ғана емес, сонымен бірге одаң әлдеқайда алыстағы болашақта да болады.

Олар қазіргі Қазақстанда да бар.

Бүркемеленген шиеленіс бізде де төбе көрсетіп қалады. Біз бұған парасаттылықпен және объективті түрде қарауға тиіспіз, туындайтын барлық мәселелерді шешіп, оқиғаның алдын алуымыз керек.

Сонымен бірге туындаған проблемаларды барлық деңгейде дер кезінде және сындарлылықпен шешу керек.

Осынау күрделі кезеңде бізге қоғамда ұлтаралық және конфессияаралық тартыстарға жол бермеу, Қазақстанның барлық халықтарының дәстүрлері мен мәдениеттерін сақтау, олардың дамуына жаңа мүмкіндіктер туғызу мүмкін болатынына мен сенімдімін.

Азаматтық бітім мен ұлттық келісімге деген біздің ортақ құлықтылығымыздың, Қазақстанның болашағы үшін ортақ жауапкершілігіміздің негізінде ғана біз қауіпсіздігімізге төнетін кез келген қатер мен сынақтарға қарсы тұра аламыз.

Бүгінде бізден — Қазақстан халықтары Ассамблеясының әрбір мүшесінен осынау зор жауапкершілікті түйсіну, бастамашылдық, азаматтық және біздің ең басты байлығымыз — адамдар арасындағы достық пен сенімді сақтайық деген осынау ойды, осынау өткір қажеттілікті еліміздің әрбір азаматына жеткізу жөніндегі нақты іс-әрекет талап етіледі.

Ардақты отандастарым!

Біз биылғы жылды жақсы табыстармен қорытындылау қарсаңындамыз. Бұл жылда қол жеткізген жарқын жаңалықтарымыз аз болған жоқ. Алдағы күндерде ол табыстарымыз әлі де еселене түседі деп ойлаймын.

Алайда, шешімін таппаған, орайын күтіп жатқан мәселелер де баршылық. Және де ол мәселелер бәрімізге ортақ.

Достық пен бауырмалдықтың, өзара сыйластық пен ынтымақтастықтың негізінде ғана біз ол проблемаларды шеше аламыз.

Ол үшін бірлігіміз күшейе түсуі керек. Бірлік бар жерде — береке бар. Біз осы ретте мақсат-мүдденің бірлігін әрқашан жоғары қоямыз.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың бүгіні мен болашағы бұдан да нұрлы бола беруі үшін бәріміз барынша атсалысайық.

Сіздерге және сіздердің отбастарыңызға бақыт және табыстар тілеймін!

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АССАМБЛЕЯСЫ — ЭТНОСАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары
Ассамблеясының оныншы сессиясындағы баяндамасы**

2003 жылғы 23 желтоқсан

Біздің еліміздің ең басты жетістігі — ортақ Отанымыздағы ұлтаралық келісім, бейбітшілік және тұрақтылық дейтін болсақ, бұл уақыт шындығы. Бұған осынау беймаза әлемдегі қол жеткен елеулі табысымыз деп қарауымыз керек.

Ал бұл табыста Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлі мен үлесі өте зор.

Уақыт — бәріне төреші. Өткен кезең біздің халықтар Ассамблеясының қазіргі замандағы сирек кездесетін этностық келісім құралы екендігіне Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі жұрттың көздерін жеткізді деп ойлаймын.

Сол үшін мен осы залда отырғаны бар, мұнда келе алмағандары бар — осынау айрықша институттың іргесін қалаушыларға шын жүрегімнен алғысымды айтқым келеді.

Фасырлар тоғысында әлемдік процестердің дамуы адамзатқа әкелген қауіп пен алаңдаушылық аз болған жоқ. Солардың бірі — ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі.

Еуропаның бірқатар елдерінде дамушы елдерден жаппай көшіп келушілер және осыған байланысты туындайтын мәдени-ұлттық шиеленіс елеулі проблемаға айналууда. Ұлттық тұрғыдағы өткір қарсылықтар Азияның кейбір мемлекеттерінде де жүріп жатыр.

Діни-этностық себептер бойынша Таяу және Орта Шығыстың, Оңтүстік Азияның мемлекеттері арасындағы көп жылдарға созылған қарсы тұрушылық жалғасуда. Африкада этностық қақтығыстар кейде тұтас халықтардың ағайындас-тарды өлтіру соғыстарының түріне ұласуда. Ұлтаралық проблемалардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірқатар өңірлерінде де шиеленісе түсу үрдісі бар.

Біз қарама-қайшылықты дейтіндей құбылысты байқап отырмыз.

Адамзат өмірінің барған сайын жаңа қырларын қамтып, дүниені біріздендіріп отырған жаһандану процесінде ұлттық мәселе шиеленісіп келеді. Өткен ғасырдың ұлы антиутопияларын қалыптастырушы Олдос Хаксли “Технология процесі бізге кері кетудің барған сайын жетіле түскен құралдарын сыйлауда” дегенді дұрыс айтса керек.

Неге бұлай болып жатыр?

Планетадағы этностық қақтығыстардың себептері сан алуан. Алайда, олардың көпшілігінің негізінде үш басты проблема жатыр.

Біріншіден, жаһандану халықтардың өзара ықпалдасуын кеңейтеді. Ол барлық қоғамдардың технологиялар жетістігін білуіне мүмкіндік береді, экономикалық құрылымдарды түбегейлі өзгертеді, дүниені біртұтас коммуникациялық жүйеге айналдырады.

Бірақ сонымен бірге ол көптеген адамдардың бойында өздерінің тарихи негіздерінен — ұлттық біртектілігінен, тілінен, мәдени және діни дәстүрлерінен айырылудың табиғи қаупін туындатады.

Бұл сезімдер кейде басқа этностық және діни құндылықтарды өкелушілерге деген жеккөрушілікті туғызады.

Екіншіден, жаһандану салдарынан кейбір ұлттық мемлекеттерде ішкі қарама-қайшылықтар өршуде.

Мемлекеттік шекаралар барған сайын мөлдір бола түсуде. Олар арқылы қоғамға өркениеттердің игіліктері ғана емес, сонымен бірге жалпыәлемдік көптеген қатерлер енуде. Елдің сыртқы шептерін тікелей күзетуге, әскери ауыздықтауға

негізделген қауіпсіздіктің бұрынғы тетіктері ендігі жерде халықаралық лаңкестік және діни экстремизм, есірткі тасымалы және адам саудасы секілді құбылыстармен күресте жеткілікті дәрежеде тиімді болмай қалды.

Жаңа “халықтар қоныстануының” ауқымды процесі, бір жағынан, жасырын көші-қон проблемасын өршітеді.

Екінші жағынан, ол әлемдегі көптеген мемлекеттердің бұрынғы моноұлттық негіздерін шаюға соқтырады.

Осы заманғы сан алуан этностық қоғамдарда ұлттық мемлекеттердің құрылуына негіз болған принциптерден бас тартпастан, мемлекет пен қоғамды топтастыратын өзекті табу әлдеқайда қиын болып барады.

Әлемнің көптеген елдерінде этностық тақырыпта “ойнайтын” әр қилы ұлттық қозғалыстар мен партиялар белсенді бола түсуде. Ұлттық азшылықтарға, көшіп келушілерге қатысты шектеу шараларын қабылдауға шақыратын саясатшылар кей жерлерде қоғамдағы ұлтаралық шиеленісті күшейте отырып, сайлауларда дауыстардың едәуір бөлігін жинауда. “Оппоненттің дәлелдері түгесілгенде ол қай ұлттан екенін анықтай бастайды” деген сөз бекер айтылма-са керек.

Бұған сондай-ақ осы заманғы бірқатар мемлекеттер ішкі этносаралық шиеленістерге байланысты ұзақ уақыттан бері жартылай ыдыраған күйде екенін қосқан жөн.

Үшіншіден, ұлтаралық қақтығыстардың көпшілігіне әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шешілмегендігі себеп болуда.

Әлемнің түрлі өңірлерінің дамуындағы тепе-теңдіктің бұзылуы, тіпті бір қоғамның ішіндегі адамдардың әлеуметтік жағдайының бірдей еместігі айқын бола түсуде.

Кедейлік, жұмыссыздық, ресурстарға қол жеткізудің шектеулілігі, әлеуметтік орнықтылықтың жоқтығы, сауаттылықтың төмен деңгейі қатал жауаптарды туындатуда. “Жек көрушілік — бұл кедейлердің ашу-ызасы” екендігі дұрыс айтылған. Планетада сегіз жүз миллионға жуық аш адамдар бар, миллиардтан астамы — бестен бір бөлігі — күніне бір

доллардан кем жағдайда өмір сүреді. Ал орасан зор байлықтар халықтың бар болғаны жиырма пайызының қолында. Міне, бұл ашу-ыза осындайдан туындайды.

Қазіргі дүниеде ол басқа халықтардың өкілдеріне қатысты экстремистік әрекеттерден лаңкестік актілерге дейін өткір қақтығыстық формаға көшуде.

Осылайша, ғасырлар тоғысында дүние этносаралық қатынастар шиеленісінің өткір кезеңін бастан кешіп отыр.

XXI ғасырдың басты проблемаларының бірі — адамзаттың ұлтаралық келісімнің әмбебап формуласын талдап жасамағанында болып отыр деуге болады. Бұл проблеманың орасан зор қиратушылық әлеуеті бар, ол бейбітшілікке төнген көптеген жаһандық қатерлер мен сынақтардың негізінде жатыр.

Тәуелсіздіктің бүкіл он екі жылындағы Қазақстанның дамуы осынау қауіпті үрдіске қарамастан жүріп отырды.

Қазақстан қоғамындағы ұлтаралық келісім — бұл қандай да бір халықтардың айрықша болмысының нәтижесі емес. Өкінішке орай, Қазақстанның ұлттық тарихында, кез келген елдің өткендегі тарихы секілді, қанды ұлтаралық қақтығыстардың осындай мысалдары толып жатыр.

Біздің ұлттық келісім — бүкіл осынау жылдардың бойында азаматтық қоғам институттарының қолдауы жағдайындағы мемлекеттің тынымсыз жүргізген жұмысының нәтижесі.

Күрделі жағдайларда біз ел халқының барлық этностық топтарының арасындағы өзара қатынастардың оңтайлы моделін жасай алдық.

Ол қазақтардың көне жерінде тұратын барлық этностар өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділікке, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікке негізделген.

Қазақстанда қоғамның барлық саласында ел азаматтарының этностық тең құқылығы заңнамада бекітіліп, тәжірибе жүзінде іске асырылған. Ең бастысы, бізде этносаралық өзара ықпалдастықтың басты тетігі ретіндегі бірегей қоғамдық-сая-

си институт — Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылған.

Облыстар деңгейінде халықтардың өңірлік ассамблеялары жұмыс істейді. Биылғы жылы үлкен және шағын ассамблеялар атқарушы жұмысшы құрылымдарының тіктемесі қалыптастырылды.

Қазір Қазақстанда үш жүз елуден астам республикалық және жергілікті ұлттық-мәдени орталықтар әрекет етеді.

Олар өз этносы тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің сақталып, дамытылуына мүдделі жүз мыңдаған адамдарды біріктіреді. Мемлекет бұл процестерге қолдау білдіреді.

Біздің тәжірибеміз ең жоғары халықаралық деңгейлерде мойындалып отыр. Оны Бес Бас хатшысы және ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар істері жөніндегі жоғарғы комиссары, Еуропа Одағы, саяси және рухани лидерлер, әлемнің көптеген елдерінің қоғамдық қайраткерлері атап өтті.

Біздің этносаралық келісім моделі көпұлтты қоғамда іске асқан азаматтық келісім формуласы ретінде планетаның мемлекеттеріне ұсынылды. Мұның өзі бізді көп нәрсеге міндеттейді.

Сарапшылардың есептеуі бойынша, 2003 жылы әлемде он төрт жергілікті соғыс және ондаған қарулы қақтығыс белгілі болыпты. Негізінен ұлттық-діни себептер бойынша. Агрессия және ұлттық төзбеушілік көп ретте өз ұлтының немесе дінінің артықшылығын қалай да атап көрсету ниетінен туындайды. Көп адам діни мұраттардың өз түсінігі үшін өлуге бар. Ал енді кез келген ұлы дін, ең әуелі, нұр құйып, тыныштық ұрығын себеді емес пе.

Құдай адамдардың бәрін бірдей етіп жаратады, тек біз өзіміз ғана тілі, түр-түсі немесе көзінің қиығы бойынша ерекшеліктерге сондайлық мән беріп жатамыз.

Бірде шетелдік белгілі бір саясатшы маған мынадай әпсана айтып еді. Үш адамнан “Таң рауаны дегеніміз не?” деп сұрапты. Біреуі: “Бұл күн мен түннің арасындағы кезең” деп жауап беріпті. Екіншісі: “Бұл қараңғылық пен жарықтың ара-

сындағы уақыт” депті. Ал үшіншісі ақын екен, сондықтан да оның жауабы мынадай болыпты: “Бұл түр-түсі әр қилы екі әйел, алайда, екеуі де шын мәнінде ғажап сұлу”. Кейде ақынның қарапайым даналығы ең күрделі саяси теориялардан асып түсіп жатады.

Ата-аналар мен мектеп баланың бойында “Өзіңе тілемейтінді өзгеге жасама” деген қарапайым қағиданы тәрбиелеуі тиіс. Осы заманғы дүниеде өмір сүру дегеніміз — ашық болу және басқа халықтарға, мәдениеттер мен діндерге төзімді болу. Ата-аналар кішкентай кезден-ақ балаларды адамға деген сүйіспеншілікке баулуы керек. Бұл көзқарас Қазақстанның саясатына толық сай келеді. Біздің балаларымыз жаһандық дүниеде өмір сүретін болады, олар кейін түрлі елдерде болғанда ол қандай күйде болса, сол күйінде көреді. Олар оны ұлттар мен нәсілдерге, дінге бөліп жатпайды. Бұл ойдағыдай бейбіт өмірдің кепілі. Міне, сондықтан да балаларды интернационализм рухында тәрбиелеу қажет. Мен мұғалімдер мен тәрбиешілерді, барша қазақстандықтарды осыған шақырамын.

Бізге әлемдік дамудың жалпы барысымен үнемі “сағатты тексеріп отыру”, ел алдында тұрған нақты міндеттерді шешу кезінде біздің көпұлтты қоғамның ерекшеліктерін ескеру керек.

Басқаша айтқанда, қоғамға біздің алға қарай қозғалысымыздың айқындаушы факторы ретінде ұлтаралық келісім тәжірибесін үнемі қайта қарап, ой елегінен өткізіп отыру керек.

Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықтың ажырағысыз бөлігіне айналып отыр. Біз әлемдік экономикадан өз орнымызды алуға ұмтылып келеміз.

Бұл объективті процесс. Алайда, бұл ретте біздің қатал бәсекелестік дүниесіне килігетінімізді ұмытпаған жөн.

Біздің алға ұмтылысымыз “Қазақстан—2030” Стратегиясында жария етілген. Оны орындауға мемлекеттің ауылды өркендеу жөніндегі, 2015 жылға дейінгі елдің Индустрия-

лық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметі бағытталған.

Осы қисынға мен жуырда ғана бекіткен “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттері де бағындырылған.

Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін қамтамасыз ету біз үшін өткеннің және қазіргі кездің жетістіктері ғана емес, сонымен бірге болашақтың міндеті де.

Егер қандайда бір әрекеттің салдарынан біз қалыптасқан ұлтаралық келісімді бұзуға жол беретін болсақ, Тәуелсіздіктің 12 жылында орасан күш-жігердің арқасында қол жеткізген бүкіл әлеуметтік-экономикалық табыстарды жоғалтатынымыз сөзсіз.

Мұны қазақ ұлты да, қазіргі Қазақстанның барша этностық диаспоралары да айқын түсінуі керек. Ұлтаралық қатынастар саласы — тәжірибе алаңы емес. Қатынастардың барынша шетін және маңызды саласы, ол үшін мемлекеттік органдар да, азаматтық қоғам институттары да тең дәрежеде жауапты болады.

Сондықтан да, ең алдымен, бүгін және таяудағы болашақта Қазақстандағы этносаралық қатынастар үшін қауіп төндіретін қандай қатерлер бар екендігі туралы бізде толық түсінік болуы маңызды.

Бірінші сынақ — бұл дінді халықаралық лаңкестік пен экстремизм құралы ретінде пайдалану әрекеттері.

Адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады.

Сондықтан да бүгінде дін халықтың моральдық, мәдени және рухани негіздерін жоғалту қаупінен қорғанудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

